

Л 2007
91 к



КАЗІРГІ
АЙТЫС

УШІНШІ КІТАП

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТТЕК МӘДЕНИЕТ ОРТАЛЫҒЫ

КАЗІРГІ АЙТЫС

ҮШІНШІ КІТАП



«КҮЛТЕГІН»
АСТАНА
2006

*Мәдениет және ақпарат министрлігі.
Ақпарат және мұрагат комитетінің бағдарламасы бойынша
шығарылды.*

**Жалпы редакциясын басқарған
Мырзатай Жолдаасбеков**

Редакция алқасы:
*Қойшығара Салғараұлы, Рымғали Нұргали, Ақселеу Сейдімбек,
Несіпбек Айтұлы, Жүрсін Ерман, Аманжол Әлтаев*

Қ 22 Қазіргі айтыс. 3 - кітап. Құрастыруыш Несіпбек Айтұлы,
Астана: «Құлтегін» баспасы, 2006. – 320 бет.
ISBN 9965 - 642 - 10 - 9

Айтыстың үшінші кітабына да Республикалық және Халықаралық деңгейде
өткен айтыстар енгізілді. Тәуелсіздік жылдарындағы ел тынысын еркін жырлаған
бұл айтыстар сөз өнері қазынасын байыта түсері сөзсіз.

Қ 4702250201 - 05 - 06
00(05) - 06

ББК 84 (5 Каз.) 7 - 5

ISBN 9965 - 642 - 10 - 9

@ «Құлтегін» баспасы 2006



ҚАРЛЫГАШ ӘУБӘКІРОВА МЕН МҰХТАР ҚУАНДЫҚОВТЫҢ АЙТЫСЫ

МҰХТАР:

Аман ба, Қарлығаштай қарындасты?!
Тіліңен бал сорғалап тамшыласын.
Айналдым, Қарлығаштай есіміңнен,
Бақыттан басың сенің арылмасын.
Семейден арқаланып келгеннен соң,
Шама жетсе майлап кетсін қанжығасын.
Көп күттірмей бірден берем кезегінді,
Шарқ ұрган толқындардан жар құласын.
Үядағы сары ауыз балапандай,
Ал, енді, шықылдай бер, Қарлығашым.

ҚАРЛЫГАШ:

Шырағын жалын жырдың жандырасын,
Жандырып ел айызын қандырасын.
Сырдағы сүлейлердің сарқыты едің,
Сінірген тал бойына бар мұрасын.
Алдыма көлденендереп келіп қапсын,
Дейді ғой ата алмаса аңшыға сын.
Егер қазір семсерің сай болмаса,
Қарлығаш майлайды рас қанжығасын.
Сондықтан сауысқандай сақ болғайсын,
Анды да алмай қоймас аңдығасын.

Ақ басты абыздардың алғысындай,
Жарамды сөз шыға ма жан қысылмай.
Ақын боп туғаннан соң жүрт алдында,

Қарыздан құтылмаймыз барды ұсынбай.
Алансыз ақтарылып көрейінші,
Әппак нұрдан жаралған ар құсындай.
Армысың, Алматылық ағайын-жүрт,
Қай заманда тұратын наркы сынбай.
Алатау келбетінің сұлулығы,
Көктегі алып қүннің жартысындей.
Талғаммен тебірентсем тексті өлеңді,
Ағайын қабыл алсын олқысынбай.
Бұлақтай сыңғыр қағып мен де келдім,
Торжан мен Әйгерімнің шолпысындей.

Тұмасақ текстілерге тартып ерен,
Жүректен туар қайтіп артық өлең.
Найзагер өлеңімді намысымның,
Қып-қызыл жалынына шарпып өлем.
Мұхтардай аман ба екен Сыр елінің
Нар тұлғалы жігіті наркы берен.
Айтыстың жекпе-жегін қыздырайық,
Жаужүрек бабалардың салтыменен.

МҰХТАР:

Нар халқым құлак түріп қалса маған,
Ұлыңмын жыр тәкпеуді ар санаған.
Алатаудың қар жамылған ақ шындарын,
Жан бар ма бір көрсем деп аңсамаған.
Сыр самалын әкелдім аңқылдатып,
Ағайын, аманбысың, алқалаған.
Нартай менен Манаптың ізін құдым,
Ақындығы өшпейтін әр санадан.
Жанқожа, Жаназардай батыр ұлдар,
Аттан түспей дүшпан жолын балталаган.
Ыбырай ақ күріштен тау тұрғызып,
Дәмменен берекеміз тарқамаған.
Коркыттай бабам жатқан жерден келдім,
Атағына құлақ түрген барша ғалам.
Осындай тексті жердің ұланымын,

Ағылыш көмейінен ән тараған.
Тарыдай болсам дағы тәуекел деп,
Елдің таудай аманатын арқалаган.

Ірімшік қатық болмас мәйегінсіз,
Өлең болмас тұжырым дәйегінсіз.
Қазыларсыз айтыса алғанменен,
Қара өлеңнің мәні жоқ нар елімсіз.
Қазыларсыз айтысқан қандай рахат,
Курортқа барғандай әйеліңсіз.

Қазақтың ару қыз бен текті ұлдары -
Көркінді көз қуаныш еттім талай.
Айналым дауыс берген ағайыннан,
Тоқсан жеті теңгесін көп бұлдамай.
Телефонмен звондал жатқандарға,
Аямай ақша бергім кеп тұрғаны-ай.

Тыңдаушыға теренді бойлататын,
Ақынбыз жыр жебесін айға ататын.
Айтысқа шыққан сайын аруақтанам,
Баладай іліндірген тайға тақым.
Алла жомарт аямайды жақсылығын,
Ерлерге ерте тұрып жай жататын.
Нұртай мен Амангелді Атымтайлар,
Жүйріктердің бәйгесін сыйлататын.
Мырза байлар көбейсе екен қазағымда,
Долларменен самауырын қайнататын.

Топырағыңнан айналым, сыршы далам,
Титімдей тасыннан да сыр шығарам.
Тіл жарықтық жүректің хабаршысы,
Біреуден пұл, біреуден гүл сұраган.
Асылдан жаратылған жан болмаса,
Айтыстың майданына кім шыдаған.
«Дуэльге» шығатүғын ақындардың,
«Секунданты» секілді Жүрсін ағам.

Әрқашан тірегім боп қалышы, ағайын,
Алдында жыр төгуден шаршамайын.
Айтыс десе қанбайтұғын халықпаз ғой,
Ән-жырдың ішсек-дағы қанша майын.
Қарлығаштай ару қыздың сахнада,
Сұлулығын айтып бір жар салайын.
Көркіңе ақылың сай болып тұрса,
Мен қалай сендей қызды аңсамайын.
Тіліңе құт, таңдайыңа құсың қонса,
Үнінді тыңдай беріп тамсанайын.
Ақ самайда соғылсын тамырларың,
Ақсарайда ән салған ханшадайын.
Кел, екеуіміз кетейік қол ұстасып,
Өзім бастап бақытқа жол салайын.
Жүргінді жолықтұрсаң менікімен,
Төбем көкке жеткендей қарсы алайын.
Ниетінді білдіріп қойшы сен де,
Қалсынышы тынышталып жан-сарайым.

ҚАРЛЫГАШ:

Шықса егер ұл мен қызың құмарыңдан,
Сурып семсер сөзді қынабынан.
Дұлығалы батырдың наизасы бар,
Домбыралы ақынның жыр әні бар.
Алла деп шықтым бүгін алдарыңа,
Куат ап мұсылманның құранынан.
Сыр бойынан келдім деп сырнайлаттың,
Қоятын тосқауыл бар, сірә, бұған.
Қайдан келсең онан кел, айналайын,
Ертістің толқынымен бір-ақ ұрам.

Өлеңді айтпай қалар ер емессін,
Талабынды Мұхтаржан жебемес кім.
Сырдағы сүлейлердің ұрпағы боп,
Айтыста ақ жауындей себелепсін.
Өлеңнің асқақ шынын алып жүрген,
Демеймін биіктермен тең емессін.
Сахнаға шыға сап Қарлығашқа,

Сұлусың дедің және кереметсін.
Сөз сұлулы жарықса түскен кезде,
Мақта деп сұраған жоқ сенен ешкім.
Бірақ мұнша еңбекпен келгеннен соң,
Қалайша ықыласынды елемеспін.
Мас болып қалар бірақ мақтағанға,
Мұқажан, аңқау қызың мен емеспін.

Нұр жауған қадамына талаптыдай,
Алаңсыз сейлейінші ағат қылмай.
Жебеуші пайғамбарын дәуіт қыльып,
Ақындарды ерекше жаратты ұдай.
Айтыстың қасиетті сахнасында,
Ағажан, тыныш отыр алақтамай.
Алды-артыңа қарамай бас салдың-ау,
Құм кезіп қыз көрмеген қарақшыдай.

МҰХТАР:

Қарлығаш-ау, айтсайшы орынды ән,
Мен саған салтанаттың жолын қылам.
Ертістің толқынымен ұрам дейді,
Бірақ та қайнай қоймас сорым бұдан.
Ал, мен сені Қарлығаш Сырға апарып,
Сырдарияның суымен шомылдырам.

Осылай ойым менің гүлдей қалад,
Демессің ойы бөтен жүрмей қалад.
Аңқау қызың мен емеспін деп қояды,
Оныңды Мұхтар қалай ілмей қалад.
Әүселеңін көргенмін талай қыздың,
Маган қалай түскенін білмей қалад.

Білмеймін кінәрат пен айып неден,
Өрге бассам аяғым тайып төмен.
Қыз-жігіт бол шыққасын сахнаға,
Айтайын қызықты ғып лайықты өлең.

Мен әлі түк көрмеген бозбала ем,
Мың бір тұнді білмейтін байыппенен.
Жан дунием толқындаі аласұрды,
Кешіп келе жатқандай қайықпенен.
Көпті көріп, көп білетін ағаларым,
Айтындаршы осы ма, кайф деген?

Мен ұқсасам биік таудың арқарына,
Сен ұқсайсың кең даланың тарпаңына.
Семейде туып-өскен, Қарлығаш қызы
Сұрапылдан ат басын тартады ма?
Жекпе-жекке шыққанда батырдаймыз,
Сүйенген найзасы мен қалқанына.
Атом бомба дұрсілін есіткен қызы,
Жүрсіннің айттысынан қорқады ма?!

ҚАРЛЫҒАШ:

Назар сап тұңғибықтың тұнығына,
Сімірсем ізгілікті ұғымыма.
Қазанаттай шабыстан жаңылмаспыш,
Шашылса бізге Алланың нұры мына.
Өлең жырдың көгінде қалықтайық,
Қырандай қонатұғын тұғырына.

Мән берсем ән-жырының қанығына,
Жанғандай ағамыздың бағы мына.
Ертістей ағыл-тегіл буырқансам,
Қалмағын шыдай алмай ағыныма.
Аға сен, абайлашы, мен күн едім,
Қайтесің күйіп кетсең жалыныма?

Болмайды бізге бүгін талаптанбай,
Қыран бүркіт секілді қанаттанбай.
Ағайынның алқасын көрген кезде,
Көңілден кәусар ойды мол ақтармай.
Ажарсыз арзымайтын сөзге денде,

Ойсыз өлең айтпайық, алақтамай.
Екеуміз жарыссөзге түскен кездे,
Болсыншы көкжиектен таң атқандай.
Жырымыз жарқырасын алтын құсап,
Сол таңынц сәулесіне жалатқандай.
Ел айызын бүгін де қандырайық,
Тамсантып барша жүртты қаратқандай.
Саумал жырмен ел сусынын қандырайық,
Сабадан сары қымыз таратқандай.

Тереннен жыр маржанын жинағасын,
Қамалын қазір, аға, қирамасын.
Ағайын, бір қызық жай байқап қалдым,
Қарлығаш кескінді ой қидаласын.
Мысалға, Ринаттың шашы бүйра,
Құдайым сұлулықты сыйлағасын.
Ақанов Мақсаттын да шашы бүйра,
Ешқашан тасытпайтын мейманасын.
Міне отыр, Рұстем де бүйра басты,
Сөзімнің жалғаны жоқ иланасын.
Құдайдың құдіретіне не айтарсың,
Сенің де қарап тұрсам бүйра басың.
Барлығы бір зауыттан шыққан ба деп,
Әрі ойланып, бері ойланып ұйғарасың.
Жоқ әлде әкелері бір ме деген,
Сұраққа жауап таппай қиналасың.
Мұны неге сөз қылды деп өкпелеме,
Ішіме айтып тұрмын сыймағасын.

МҰХТАР:

Мен емес сауалыңнан қирап жатқан,
Бүйрабас деп Қарлығаш қыз қинап жатқан.
Бүйра шаш құдай берген несібе ғой,
Мен едім табиғаттан сыйға батқан.
Кейбіреу бүйра шашқа жете алмай жур,
Ақша беріп өз шашын бүйралатқан.

Құлпырған қыз аумайды қыр гүлінен,
Талай өлең төгіліп тұр тілінен.
Жұлдыздай боп жанары жалт еткенде,
Құндыздай нұр шашырайды кірпігінен.
Асылдың тамырынан жаралыпсың,
Қыз Жібек, Баяндардың піріменен.
Айдай қылып туғызған ақын қызды,
Айналдым әкесінің кіндігінен.

Қыздарда құлық пенен айла күшті,
Жігіт бермейд қолындағы бар намысты.
Қарлығаштай айдай сұлу кезіккесін,
Мұхтар да тірлігімен айналысты.
Махаббаттың мұхитына батырам деп,
Бастағым келіп тұр ғой сойқан істі.
Сені құдай Семейден айдал келді,
Ал, енді, бере көрме тойтарысты.
Ал, мені Сыр елінен алыш келді,
Өзіме көрсетейін сай шабысты.

ҚАРЛЫҒАШ:

Мұхтаржан, түсіп бүгін жан әлекке,
Бұл жігіт атаулыда бар әдет пе?
Аспандағы айды да алатындей,
Шынымен мына бізден дәмелі ме?
Сылдыр сөзбен суреттеп мақтап-мақтап,
Бос сөзді ақиқатқа дәлел етпе!
Жұп қылам деп өзінді әлек етпе!
Көнгім келсе де, бәрібір, көне алмаймын,
Қайтейін толғам жоқ ем кәмелетке.

Пырақша өрен жүйрік желдей есіп,
Көңілінді кеп қалдың ба көлдей етіп.
Қасына келіп алыш Қарлығаштың,
Біраз өлең айттың термелетіп.

Енді бүгін саҳнада Қарлығашты,
Отырмақ ойың бар ма ермек етіп.
Байбатша құсап қасыма келсең-дағы,
Қаңбақша әкетермін дөнгелетіп.

МҰХТАР:

Кәмелетке толғам жоқ деп айтады,
Қарлығаш өзін-өзі шатастырған.
Қазақтың білесің ғой ұл мен қызын,
Бесігінде жатқанда атастырған.

Мен отырсам бүгін сенен қалмаспын деп,
Өзімше тағы бекем қандастым деп.
Айнұрменен Анарды жеңешелеп,
Кінәлайды, оларға жармастын деп.
Тоқсандағы тоқырайған шалдың өзі,
Өмірі айтпайды еken қызға бармаспын деп.
Сексендегі төсек тартып жатқан шал да,
Қызды көрсе қыр көрсетеді жап-жаспын деп.
Жетпістегі шал кемпірін менсінбейді,
Кемпіріне мін тағады шаң бастың деп.
Елудегі ер кіci сұлу көрсе,
Сөз айтады махаббатым, алғашқым деп.
Қырқында қырық қыздан беті қайтпай,
Біздің қазақ тұрады естен танбаспын деп.
Отызында одан жаман біле-білсен,
Бермесінді тартып алады арбастың деп.

Жиырманың оты барда мен өзімше,
Қалай айтам қызға көз салмаспын деп.
Сұтулардың кіріп алып бақшасына,
Келіп тұрады ақыл-ойдан алжасқым кеп.

ҚАРЛЫҒАШ:

Қайтеміз көніл болса қаламаған,
Бұл Мұхтар қолқа салды бағанадан.
Ескі заңмен ештеңе қыла алмайсың,

Бұл күнде жаңа өмір, жаңа заман.
Сен өзі Ата заңды оқымаң па ең,
Бұл не деген саспайтын сабаз адам.
Ендігәрі бұл жайында сөз козғасан,
Қазір барып, заң орнына жала жабам.
Сол кезде сен сұлкиңп тұрып жүрме,
Адамдай келе жатқан жаназадан.

МҰХТАР:

Ойларың болмаса екен құрак-құрак,
Жырларың кетпесе екен ұбал-шұбап,
Арулар өкпелемес қатты айттың деп,
Оларды кетсем қазір сынап-сынап.

Қалайша жамандыққа қия аласың,
Кей кезде олардан да сый аласың.
Женілtek арулар да жетіп жатыр,
Женіл жүріп тоздырған ел арасын.
Жартылай жалаңаш қыз көргенінде,
Жақсылап қарауға да үяласын.

ҚАРЛЫГАШ:

Несіне ағам жырын созбалайды,
Қыз жайлы әнгімесін қозғамасын.
Тектінің тегі биік тұяғы едің,
Бағамдап, түсінетін сөз бағасын.

Ортаға салып бүгін бар жырынды,
Өлеңмен өрнектегін тағдырынды.
Сырдағы сүлейлердің ұрпағы бол,
Жырыңмен жаңғыртып көр жарлығынды.
Асан мен Корқыт бабан жерүйікты,
Табам деп сарқып еді бар ғұмырын.
Жанқожа мен Жалантөс баҳадүрлер,
Корғаған Хиуадан хандығынды.
Абыл жырау, сыпыра Балқы Базар,
Елітіп тербейтіндей жан гүлінді.

Сатираның сардары Асқар ағаң,
Ойлайды дүйім елді таң қылуды.
Қалтай Мұхамеджанов әдебиеттен,
Байланысты зерттеген әр ғылымды.
Осындай даналардан қуат алсан,
Алаңсыз актаршы сыр сандығынды.
Нартай ақын үрпағы болсаң рас,
Танытар кезің келді нарлығынды.

МҰХТАР:

Жүргіме жырларың тұр қаптағалы,
Жырларың төккен сайын от болады.
Сырдың елін әніне қосып кетті,
Мына менің ойларымды ақтағалы.
Семей де текті елдің тұғыры ғой,
Талай қыран сол жақта та бапталады.
Құнанбай екі жүзге келе жатыр,
Ол той да өз орнын хақ табады.
Ұлы Абайды тудырған Құнанбай ғой,
Онымен барлық казақ мақтанады.
Туган жерінде ескерткіш, көше де жоқ,
Осы тұр намысымды таптағалы.
Көшени бермесен де Құнанбайға,
Құнанбай асыл тұлға боп қалады.

ҚАРЛЫҒАШ:

Болмайды бізге бүгін дара тұрмай,
Қазтуған, Ақтанберді, Шал ақындей.
Ертіс жырды есейін ескеқпенен,
Естіген таң-тамаша қалатындей.
Ақ ниетпен айттысын аппақ өлең,
Құранның арайы мол аятындей.
Өйткені өлең деген құдірет күш,
Жайнаған ұжымақтың жәннатындей.
Айттысып біраз қызық біз жасайық,
Қырық құн ханың құрган саятындей.

Таба алсам бүтін жырдың жарасымын,
Жырымнан ұға алсандар баба сырын.
Тауды тескен жебедей сөзім барда,
Көзіңнің ағы менен қарасымын.
Тасты тіліп түсірер тілім барда,
Көкке өрлең ұшатұғын қанатыңмын.
Ұлы Абай, Шәкәрімдер, Мұхтарменен,
Қақ жарған ұлы өнердің қара қылын.
Сен айтпақшы Құнанбай атамыз да,
Өмірде таба білген дара шынын.
Мен-дағы осылардан қуат алам,
Қазақтай қайсар елдің баласымын.
Семейім алтын орда - құт-мекенім,
Рухани астанасы Алашымның.

МҰХТАР:

Бабалар біздің жыршы-жырау болған,
Сөздерінде мағына, түрлау болған.
Келтелігін ғұмырдың сезінесің,
Көкжиекке еңкейіп күн ауғаннан.
Тірлік добын балаға ұсынады,
Ақсақалдар самайын қырау шалған.
Допты алған ары қарай жүгіретін,
Эстафета секілді мынау жалған.

Көркінді көзі барлар көріп қалсын,
Көрмегендер арманда өліп-талсын.
Бәлиғат жастан асқан Қарлығаш қызы,
Мінезімен елітіп ерікті алсын.
Діңгегі жетілгенмен түйін салып,
Жеміс беріп көрмеген өрік талсың.
Ал, мен болсам кәдімгі қара агашпын,
Жақсыға ық, жаманға дар агашпын.
Түйін салмақ түгілі гүлдемеймін,
Суымен суғарсан да «Сарыагаштың».

ҚАРЛЫГАШ:

Көніліңнен ерке бұлақ сылдырлайды,
Қызығып оған кімдер ұмтылмайды.
Қарлығашты көргенде Мұхтар сынды,
Жігіттердің жанары бұлдырлайды.
Тоғжанның толықсыған сіңілісіне,
Құмартып көз жанарын кім бұрмайды.
Табам деп көнілімнің терезесін,
Мұхтар да жанымызды тындырмайды.
Ешкі байғұс қанша тулағанмен,
Ешкімнің терезесін сындырмайды.

Білімнің жайын айтсаң мол ағыла,
Азырақ көніл-күйің соғады ма?
Білімнің жүйесіне бір жаңалық,
Енгіземіз деп жатыр жоғарыда.
Жаңа мектеп бітірген сары ауызды,
Түсірмек тестілеудің сорабына.
«Әйгерім қандай көйлек киіп шығыш,
Шай құйып берді», - дейді қонағына?
«Шыңғысханның итінің аты кім»? - деп
Осындай да сұрақтар болады ма?
Жаңа мектеп бітірген жас түлектер,
Жақсы ғой түсіп кетсе орамына.
Ал егер түспей жатса мудірмейік,
Ұстаз жауап беред, - дейді о жағына.
Биыл бір түспей қалса келер жылы,
Білімің жарамайд,- дейді ол араға.
Келер жыл егерде ол түсіп жатса,
Қызмет қылмаушы ма еді қоғамына.
Үш сағатта жүз жиырма сұрақ шешпек,
Талапкердің көнілі бұған толады ма?
Қаншама қабілетті болса-дағы,
Ол бірден Ньютондай болады ма?
Реформа жасаймыз деп жас түлектің
Бекерге қап жүрмейік обалына.

МҰХТАР:

Жүргенде ғылымға үлес қосамын деп,
Ойлай ма өзін-өзі осалмын деп.
Күлекеев министр күпініп жүр,
Білімге реформа жасаймын деп.

Қостай ма, мұнысын жұрт қостамай ма?
Үміттеніп үлкен-кіші, жас қарай ма?
Ел білімін арттырғысы келіп тұрса,
Көңілге қонатын іс бастамай ма?
Бояушы бояушы деп мақтағанға,
Сақалын жап-жасыл ғып тастамай ма?
Реформа жасауды ұстаздардың
Айлығын көбейтуден бастамай ма?!

Қарлығаштың ойлары шабан шығар,
Бірақ та өз еліне адал шығар.
Семейінді жана ғана жырлап кеттің,
Жырымызбен байлайтын орам шығар.
Керосиннің қалдығымен Семей жері,
Уланып жатқаны елге аян шығар.
Атом бомбасы сынағы аз болғандай,
Бұл сүмдүк елге бөлек залал шығар.
Ертіспенен қосылып ағып жатса,
Ол жағына елдің бәрі алаң шығар.
Жеті жылда жеті әкімің ауысыпты,
Өңкей қиқым би болған заман шығар.
Бір әкім жесе мейлі, жеті әкім,
Жеті жақтан жегені жаман шығар.
Тұрақты басшысы жоқ Семейіңнің,
Бұлініп жатқаны да содан шығар.

ҚАРЛЫҒАШ:

Әр істің байыбына барад болса,
Шың-құзбен асуладарды алар болса,
Жақсы әкімді біз қалай қолдамаймыз,
Алатыны шынымен қамал болса.

Елбасы да әкімдерге сенбес еді,
Елге берген сертінен танаң болса.
Ел үшін жаңын қияд деп сенеміз,
Ел басына күн туған заман болса.
Елге жаман болар деп ойламаймын,
Ел үшін туған ерлер аман болса.

Мұхтаржан, сен емессің тарылатын,
Жұлдызы басқалардан жарық ақын.
Сен студент болғанда мен студент,
Кітапхана көп іздеп сабылатын.
Жастықтың әлегімен сауық қуып,
Жаңына махаббаттың бағынатын.
Сауық іздеп жүргендеге сессия кеп,
Кейбіреу мұғалімге жалынатын.
Сессия – қыл көпірден өткеннен соң,
Көңілдің кіrbіңінен арылатын.
Стипендия келеді деп естісе,
Жүргі куаныштан жарылатын.
Студент деген біздер ауыл жақтың
Құрт, майын, бауырсағын сағынатын.

Жандырып жүректегі отты басым,
Қиянға қанат қақсын текті лашын.
Жағдайсыз жастар жүрсө білім қуып,
Ішіңнен әттеген-ай деп тұрасың.
Қазақтың қарынбайы қайдасындар,
Шет елдік әртістерден шеп құратын.
Қоғамның осал тұсын сөз қылғанда,
Қазіргі жастар жаман деп тынасың.
Заң орнының еселеп жалақысын,
Назардан жастарынды шет қыласың.
Стипендияна қостық деп тиын-тебен,
Әйттеуір әйтіп-бұйтіп шек қыласың.

Ашқарын студенттер білім қуса,
Қалайша от-жалын боп өрши алсын.
Әйтеуір жалтақ қағып ауыл жаққа,
Киналғанда аңсайды текті ұясын.
Стипендия мардымсыз болғаннан соң,
Құтеді кемпір-шалдың пенсиясын.

МҰХТАР:

Қарлығаштың қадамы оң бол түр ма,
Тағы да түсетүғын тор бол түр ма.
Жеті жылда жеті әкімің ауысыпты,
Әкімді қолдағаның сол бол түр ма.

Кеше түнде түс көрдім,
Түсімде қызық іс көрдім.
Ақтамақ қызыл мойынды,
Қара қанат құс көрдім.
Қауырсыны қаламдай,
Үстінде жатқан столдың.
Алла берген аянға,
Қандай айла істермін.
Қонақтап алақаныма,
Жем сұрап аузын ашыпты.
Оң иығыма ұя сап,
Жұмыртқасын басыпты.
Балапандары шиқылдал,
Қанат қағуға асықты.
Жорышы осы түсімді,
Көріпкел құсап машықты.

ҚАРЛЫГАШ:

Қыз десе шырқырайды-ау шыбын жаның,
Жарылқап тастайтындай бүгін бәрін.
Қомданып қоясың-ау мені көріп,
Қырандай қонатұғын тұғырға мың.
Ағасы, байқап сөйле ел алдында,

Қырандай жерге келіп жығылмағын.
Сұғанақ көз секілді сұғынбағын,
Қыздардың қыбын тауып қырындағын.
Мен шамдансан шаңынды шығарамын,
Бәлеге өзің келіп ұрынбағын.

МҰХТАР:

Бұл қызды дана десем, бала екен,
Ойлары піскен емес шала екен.
Түсімді жори қойшы деген едім,
Ақын қызыым адасып барад екен.
Түсімде көрген құсым Қарлығаш қызы,
Біздің үйге келін бол барады екен.
Жем сұрап маған ауыз ашқандығы,
Мен оны бұдан кейін бағады екем.
Ұяда балапанын басқандығы,
Інгелатып талай бөле табады екен.
Қарлығаштар, қырандар жаратылып,
Киянға қанаттарын қағады екен.
Киуюн құдай өзі қыстырса,
Әлемде талай қызық болады екен.

Қырындадың деп қайта кінәлайды,
Қырындамай бұл Мұхтар тұра алмайды.
Ешкімнен Мұхтар ақыл сұрамайды.
Мін таққыш болсан, кінәлап көр,
Үш әйелмен отау құрган Ұлы Абайды.
Нартай бабам бес қызға сөзін салып,
Өзі біледі қай жағынан туар айды.
Әбілқайыр ағам да ілмиіп ап,
Сұлулардың артынан қуалайды.
Осылардан тәлім алған бұл Мұхтарды
Ешкім пәлен-түген деп сынамайды.
Өйткені білесің ғой, алма ағаштың
Алмасы өзінен алыс құламайды.

ҚАРЛЫҒАШ:

Жарағын өлең-жырдың сайлап бәрін,
Тұнықтың тереңіне бойлап қалғын.
Қырындауды сен өзі қоймадың-ау,
Бір түрлі қызық жайды ойлап қалдым.
Салиқалы, сүбелі ой айтсаншы,
Тереңнен ақтарғайсың ой қатпарын.
Қыз көрсе есі шығып кететүғын,
Осы ғой көрген күні бойдақтардың.

МҰХТАР:

Қарлығаш міне түр ғой ойды ақтара,
Дедің ғой мына мені бойдақ бала.
Бойдақтардың есі жоқ деп қоясын,
Бірақ та миы жоқ деп ойлап қалма?

АРМАН БЕРДАЛИН МЕН САРА ТОҚТАМЫСОВАНЫҢ АЙТЫСЫ

АРМАН:

Бауырға басқан бәрін баласындай,
Алматым, бар қазақтың анасындай.
Ақмола Астана бол аталса да,
Алматы азиялық қағбасындай.
Алматым, біздер үшін сен ұстазсың,
Эрмитажда сақталған хан басындай.
Асқақ арман бол түрған бір көруге,
Таста қалған Тонықек таңбасындай.
Балаңмын ақ жүзінді аңсап келген,
Аралдың су тілеген жағасындай.
Ұрпағы сал-серінің мен боламын.
Тұлпардың тұяғының тағасындай.
Қос құлының мінеки, шыға келді,
Әсет пен Ырысжанның жалғасындай.
Асылдың қос сынығы шықты алдыңа,

Ғасырдың Біржаны мен Сарасындей.
Пері мен перштеден жаратылған,
Сипатты перизаттың баласындей.
Құдай деп, құрық салып көрейінші,
Бақытқа тұра бастар жол ашылғай.

Ағайын, салсаң егер назарынды,
Қайнатайын деп келдім қазанынды.
Көкшеден төкпей-шашпай әкеліп ем,
Біржаннан бізге қалған ғажап үнді.
Жылытып жүргегімді отырындар,
Ұмытып уайым мен азабынды.
Сол үшін келген едім алыш-ұшып,
Әнменен ашайын деп ажарынды.
Әйтпесе алыс жақтан ат терлетіп,
Келгем жоқ аралауға базарынды.

Тимесін Сара саған көптің көзі,
Жылуын бермес сендей оттың өзі.
Қасыма хордың қызы жайғасыпты,
Жұмаққа кіріп кеткен жоқпын ба өзі?

Армысын, Сара сұлу балдырғандай,
Жанарың жас жанымды жандырғандай.
Сұлулық деген осы болады екен,
Көргенде құмарынды қандырғандай.
Хордың қызы секілді сұлусың ғой,
Есінен талайларды тандырғандай.

Мың шүкір жеткеніме таңға мына,
Мойымай бес күндіктің жалғанына.
Көктемде көп күттірген жыл құсындей,
Қарыштап келіп қалдым алдарыңа.
Баламыз бір құттықтау айта ма деп,
Аналар жиналышты залға мына.
Ақ самай, абыз кеуде әжелерім,
Тірек боп келе жатқан шалдарына.
Сұлулар, сырға сынды сыңғырлаған,

Жұрсің бе дақ түсірмей арларыңа?
Қыылған қарындастар-қарлығаштар,
Жастықтың қонақтаған бал бағына.
Ертеңгі мейрамдарың құтты болсын,
Жаратқан медет берсін жандарыңа!
Әмина анамыз да туылышты,
Бүршігін тал-қарағай жарғанында.
Айбергенов ақынның туған күні,
Айналған алты Алаштың ардағына.
Бір күнде екі-үш тойың қатар келді,
Сыйғызсам өлеңімнің тармағына.
Саражан мен сені де құттықтаймын,
Тіленшіңмін бікте самғарыңа.
Гүл қылыш жүргегімді үзіп берсем,
Жетермін аңсап тұрған арманыма?

Қалайша Сара сені арқандайын,
Сәті келсе омартаңнан бал татайын.
Сабырлы Сарыарқаның самалындай,
Баппенен бұрымынды тарқатайын.
Омыртқамды омырып жүрмегейсің,
Қабыргамнан жаралған қалқатайым.

САРА:

Кез бүгін жыр тұлпарға қамшы ұратын,
Кез бүгін қара жерден шаң шығатын.
Кез бүгін тұлпарлардың тұяғынан,
Қара жер қамырдай боп жаншылатын.
Сыпты да томағанды, ұшыр қане,
Шарқ ұрған шабытыңың қаршығасын.
Алымыңа қарымың сай болмаса,
Сараның наизасына шаншыласың.
Қайтам десен, қарсылас тоқ көңілмен,
Қандап қайтқан аңшыдай қанжығасын.
Ал енді барынды сал, нарынды сал,
Қапыда қалыш жүрме, қарсыласым.
Біссімилла сөздің бастап бүгін басын,

Текті жыр қондырайын тұғырға шын.
Армысың, әппақ адап көрерменім,
Деп, бүгін исін балаң жұмыр басын.
Елімде ерекше бір демеу барда,
Менің де анық болар жығылмасым.
Ойларын дөп жеткісін қос өренің,
Бойларың балғын жырдан шымырласын.
Бабалар салып кеткен сара жолдың,
Балалар сырын қалай ұбынбасын.
Белдесіп біз көрейік бетпе-бет кеп,
Жекпе-жекке бел бекем буылғасын.
Дүлдүліне дем берген думаншыл жұрт,
Дүниені дүр сілкінтіп дуылдасын.
Қасыма қарсылас боп келген жігіт,
Абайсыз бір бәлеге ұрынбасын.
Тілегім тіл ұшынан тарту болыш,
Жүрегім боз торғайдай шырылдасын.
Азатпын деп мен қалай жар салмаймын,
Қазақтың баласы боп туылғасын.
Қамал боп алынбасқа бекінген қызы,
Самал боп құлагыңа сыйырласын.

Жарамас бұл айттыста құр сыналған,
Биік болсын жарланған жыршы нардан.
Армысың, паң мінезді сері жігіт,
Көкеннің көзі болып жүрсің, Арман.
Өлеңмен тебіреніп бастағанда,
Сөйлемейтін домыбарадан үн шығарған.

АРМАН:

Саражан, айтқаныңды ангардың ба,
Әзінде ғашық болсам бар ма кінә.
Жолында сендей қыздың құрбан болып,
Алтыны таусылған ғой хандардың да.
Пайдасын сендей қыздың көремін деп,
Айласы таусылардай алды-артында.
Айтты деп айыптамашы, Сара мені,

Сен дегенде шықпаған жан қалды ма?
Себебі көктем келсе адам түгіл
Мазасы кетеді екен аңдардың да.
Екі шал сақал сипап «намек» берді,
Саражан, сен осыны аңғардың ба?
Сендей қызды көргенде бізді қойши,
Сілекейі шұбырады шалдардың да.
Саражан, ерем десең алып кетіп,
Мен сені жеткізейін арманыңда.

Жетпей тұр сөз бастауға батылым да,
Таусылды ойлап-ойлап ақылым да.
Бір кезде ақ сатпаған ел болсақ та,
Сатылды айраның да, қатығың да.
Көл сатқан, жер сатқанға көніп болдық,
Қаналып қарашибаның хақы мұнда.
Бетінде баспасөздің дау басталды,
Қисыны келіспей тұр жат ұғымға.
Ақыны жоқ актөбелік бір ағамыз,
Айттысты меншігім деп бақыруда.
Айттысты ағайындар сатып қойсан,
Қор болар батырың да, ақының да.
Халықтың жалғыз ғана алданышын,
Ойыншық қыльып алдық ақырында.

Жүрген кім қара таппай ұрынарға,
Мұндайдың ділі құзғын, түбі қарға.
Айттысты меншігім деп жариялад,
Бір ағам оп таппай жүр жығыларға.
Ағайын, осы айттысты сатып қойсан,
Кіяметте не дейміз ұлыларға?
Жетпей ме мұнай, бидай, мыс пен мырыш,
Айттыста әкесінің құны бар ма?

Сен десе, Арман қалай тік тұрады,
Әйтеуір, жай отырмай еп қылады.
Неге екенін білмеймін, Сара сені,
Көргенде сүйіп алғым кеп тұрады.

САРА:

Ұлылыққа көш озық,
Үйлесі бар еселі.
Ұран қылсам ұлыны,
Сөзімнің болмас бекері.
Тілімнен менің тамсыншы,
Өлеңдің бол мен шекері.
Айтысты сатады дегеннің
Беріледі ғой есебі.
Сүйінбайы бар ел едік,
Маңдайда бағы бес елі.
Мұқағалидай өр тұлға,
Өлең мен жырдың көсемі.
Теңдесі жоқ нар Жамбыл,
Айтыстың нағыз шешені.
Шапалак ұрсаң жатсынбай,
Осы да маған жетеді.
Айтысты сатам дегендер,
Қандай сөз айтып бөседі.
Аяулы ару Алматым,
Айтыстың құтты мекені.

Құлагердей көсілмей еліңе кен,
Байқаймын қарсыласым керім еken.
Өмірде де біртоға жігіт еді,
Өнерде де буылған белі бекем.
Жақында отау құрды деп естідік,
Жарыңыз Алуадай келін еken.
Сіз тездеп үй болуға асығыпсыз,
Деп жүрсем, сал мінезді берік еken.
Иә болмаса үйдегі жас жеңгеміз,
Ұстайын деп ойлады ма сені бекем.
Айтыста басқа қыздар жаулап алып,
Айрылым қап жүрермін деді ме еken?

АРМАН:

Соңынан көп сұлудың сүйрендедім,
Бірақ та біреуінен именбедім.

Өзіндей сұлу қызды көрген кезде,
Есімнен шығып кетеді үйленгенім.

Саражан, әдемісің, сүйкімдісің,
Балқытып тал бойымды ұйыттып жүрсін.
Екі оттың ортасында қалғандаймын,
Басқалар не дейтінін итім білсін.
Ашыққан тумай жатып арыстандай,
Асыққан үйленуге сиқым құрысын.

Саражан, үйлендің деп бізді алдайды,
Жанымыз одан бірақ мұздамайды.
Іә рас, бір ай бұрын үйленген ем,
Жас жүрегім бірақ та сызданбайды.
Ертерек есім барда отау құрдым,
Әйтеуір мен сүймеген қыз қалмайды.
Қорықпа мен ежелден епті едім,
Артымыздан іс қозғар із қалмайды.
Айтпақшы әйелімді шартпен алғам,
Сондықтан мені сенен қызғанбайды.

Әрине көп сұлумен араластым,
Бірақ та біреуін де алдамаспын.
Саған деген сезімім өзгермейді,
Алдында тұрсам-дағы дар ағаштың.
Сұлу қызды көргенде кеп тұрады,
Неге екенін білмеймін ала қашқым.
Екеуміз семья жағын талқыласақ,
Қайғысын кім айтады нар Алаштың.
Елді де бір ескеріп қоймаймыз ба,
Қайғысын ойлай бермей қара бастың.

Түйіп ап орамалға жанды мықты,
Заманның зарын айтсақ занғылықты.
Ақсақ Темір Яссаяиге күмбез қойып,
Көргенді тамсандырып, таң қылышты.
Құнанбай да Меккеде үй салдырып,
Танытқан имандылық пен нар қылышты.

Зайсандағы әкімің қалыспайын деп,
Қырымнан қырық шебер алдырыпты.
Мешіттің қаражатын тартып алып,
Православие шіркеуін салдырыпты.
Порошокпен жуса да кетпейтіндей,
Сүйекке қара таңба қалдырыпты.

Ақының бүгін енді неге шыдар,
Осылай оймен ұшып елге шығар.
Әкімің елден асқан ерек шығар,
Шығыста жаннан асқан шебер шығар.
Шіркеуге деп бөлінген қаражатты,
Әкімің «замыменен» жеген шығар.
Садақаға шіркеуді салдырардай,
Артындағы тірегіне сенген шығар.
Семейлік мұсылмандар шіркеу барыш,
Арақпен дәрет алсын деген шығар.

САРА:

Әзілмен отырмысың бойды барлай,
Назымен кеттің және ойды толғай.
Сараның қылығына қарай-қарай,
Неге ерте үйлендім деп қайғырардай.
Панарап көңілімнің көлеңкесін,
Әсем сөзбен тәтті жыр ойға ұрадай.
Сараға отырмысың, Арман аға,
Жәутендереген көзінді тойдыра алмай.
Менімен айттысканда діріл басып,
Биледі аға, сезім ойды қандай?
Қайтқаннан соң женгеміз дал болмасын,
Бойындағы сол дірілді қойдыра алмай.

Сөйлесем тандайдан жыр себелетем,
Мен бүгін Бурабайды өлең етем.
Абылайға тұғыр болған құтты мекен,
Тасы биік сулары терен екен.
Сол жерде қасиет пен кие бар деп,

Барша жұрт шипалы деп сенеді екен.
Ол жерді пайдалы деп айығуға,
Ағылыш көп адамдар келеді екен?
Келгендердің ішінде кедейі жоқ,
Себебі, соның, аға, неден екен.
Себебі Көкшетаудың басшылары,
Май шелспекті байларға береді екен.
Демалыс науқандағы қызған кезді,
Шенді мен шекпендерділер көреді екен.
Шекпендерділер қайтқан соң, ортан қолды,
Адамдарға біраз назар бөледі екен.
Ал, дертіне дауа жоқ байқұс кедей,
Солардың қалбырларын тереді екен.

Осыған қосылсандар жамырасып,
Кешің қара болғанмен таңың ашық.
Тырнақ асты кір іздеді деп ойлама,
Кедейге жатқаныма жаным ашып.
Қоғамда бай, кедей бол бөлінеді,
Бұрынғы салт жатыр ма тағы ұласып.
Қай кедейдің жыртығы бүтінделді,
Ауруынан сауығуға бәрі де асық.
Бай сауықкан дергтен кедей сауықпайды,
Осының біле алмадым мәнін ашып.

АРМАН:

Керегі жоқ болса да ештеңенің,
Өлеңінді өзіңше кестеледің.
Менсінбей мына мені отырсың ғой,
Бағамды білетіндей беске менің.
Арманмен жұпталғанға қуансаңшы,
Жиенқұлға жолықсан не етер едің?

Өмірден өкінішпен өтер едің,
Жолбарыс жолыменен төтеледің.
Жиенқұлға жолықсан бұл айтыста,
Білмес ең биіктігін бетегенің.

Бұкпесіз ойларыңды айта алмай,
Бұқірге бәктеріліп кетер едін.

Келеді үмітпенен шапағатпен,
Бір үміт, бір күдікке батам әттең.
Жан қалқам, біз екеуміз айтыспайық,
Айтыссын екі жүрек махаббатпен.

САРА:

Сөздері Арманжанның тұйық келмес,
Сараның да жырлары сұйық келмес.
Тәуелсіздік алғанда асыл елім,
Қайдағы Жиенқұлға қызып бермес.

Қамшыласам өлең атты қаракерді,
Дүбіріме дүр сілкінсін далам енді.
Тасырқасақ алдында күнә болар,
Ақын деп халық бізге баға берді.
Мың мәрте шүкір деймін жаратқанға,
Кез қылған Армансынды саналы ерді.
Тұяғымен тас илеген тұлпар едін,
Таймасын тартысқанда тағаң енді.
Сөз көкпарын суырып ал тақымынан
Жетсе, Арман, Сара қызға шамаң енді.

АРМАН:

Сендей қыз жас кезінде жасымайды,
Жанарыннан жалын от шашырайды.
Желіндегі уызсың ғой суалмаған,
Желіндегі ақ уыз ашымайды.
Бойдақсың ғой айтыстан айтыс барып,
Ақындар енді сөйтіп асырайды.
Үйімнен қырық қадам ұзартпас ем,
Менікі болсаң егер басыбайлы.
Сен не ғып жez киіктей желіп жүрсің,
Секілді ішкен-жеген асың майлы.
Семейден мені іздең келіпсің ғой,

Саражан айтып берші осы жайды?
Құлыншақ қышынбаса тектен-текке,
Құба талға маңдайын қасымайды.

САРА:

Көмейден көрікті сөз төккем келіп,
Халықтың кикуымен өктемдедік.
Байыппенен қабылдап әр айтқанын,
Өзіндей ақындарды жек көрмедік.
Алматының төріне шығып алып,
Айланың алдаспанын дәп сермедік.
Періштедей алтын көрсе жолдан таяр,
Сен маған сөз саласың шеттен келіп.
Қызы көріп ең қутындал қоқандадың,
Бойындағы, Арман-ау, неткен желік?
Бойдак қызыға ұмсынып отырғанда,
Жүрмесін екі аяғың көктен келіп.

АРМАН:

Сара қызы саған аздап еркеледім,
Серілік салтыменен ентеледім.
Соға берсе борсық та семіреді деп,
Келеді осы сөзді бекер дегім.
Соққанға семіретін болса егер,
Мен онда домалақ боп кетер едім.

Жастарың тілін білмей жетіледі,
Тойғанын көтере алмай кекіреді.
Бағытын батыс жаққа бұрған жастар,
Дүрсілдеп әуеніне секіреді.
Жастарың ана тілін ардақтар ед,
Егерде орындалса ел тілегі.
Ағылшынша, орысша шүлпілдесіп,
Ұлтының берекесін кетіреді.
Сөйлеген өз тілінде дұрыс шығар,
Өгізде өз тілінде өкіреді.

Не түрлі масқаралар шығып жатыр,
Жастарың сұымызды сыйып жатыр.
Ең басты мәселе боп тұрған қазір,
Ана тіл – қазақ тілі құрып жатыр.
Өз тілін діліменен білмес жастар,
Бағытын батыс жаққа бұрып жатыр.
Шоқынса да біз қазір таң қалмаймыз,
Осылай тығырыққа тығып жатыр.
Көкбөрінің ұрпағы емес пе едің,
Етектен ши бәрілер алып жатыр.
Бұл күні көкбөрінің бөлтірігі,
Батыстың әуенімен ұлып жатыр.

САРА:

Келген соң ел үмітін актағалы,
Айтыстан қызың қалай жасқанады.
Арманжан, келе сала көзін сүзіп,
Отыр екен не сүмдықты бастағалы.
Өткен жолы қос жеңгесін айналдырып,
Шылдатып кетіп еді Астананы.
Махаббаттың жөні осы екен ғой деп,
Қыз болсын, келіншек болсын бас салады.
Қысық көзі одан сайын сыйырайып,
Сүйем-күйем дейді де бас салады.
Көрінгенге көзінді сүзе берме,
Азамат болсақ егер нақ саналы.
Жапанды жалпақ басқан құлжа-дағы,
Әр таудың шөбін аңсан құр қалады.

АРМАН:

Осылай Сара сезін арнайды да,
Жүректі жүргімен жалғайды да.
Қазақтың саны кеміп бара жатқаны,
Шөгір боп қадалады мандайыма.
Жер бетінен мұлдем құрып кетпес үшін,
Ертеңін елім ерте қамдайды ма?
Бір ерек төрт әйелді алсын деген,

Депутаттар заң шығарса болмайды ма?!
Құнанбайдың болған ғой төрг әйелі,
Үш әйелі болған ғой Абайдың да.
Қазақ санын көбейтіп тоқал алыш,
Бабалардың жолдарын жалғайын ба?
Саражан, сен де студент мен де студент,
Стипендия жамау бола ма бар қайғыға?
Одан да он балаға әке болыш,
Тып-тыныш «пособиямды» алмаймын ба?

САРА:

Шабыт ап Тарбағатай әр тасынан,
Қыз едім жүргегінен ән тасыған
Айттырып сен үйіме барам дейсін,
Көрініп Сара қыздың қалқасынан.
Құлагердей көрінсең еліңе егер,
Сақтасын Батыраштың балтасынан.
Әйелі бар еркекті ертіп барсам,
Түспей ме анам байғұс шалқасынан.

АМАНЖОЛ ӘЛТАЕВ ПЕН ЕРМЕК ЖҰМАТАЕВТІҢ АЙТЫСЫ

АМАНЖОЛ:

Жер-ана алыш күннің алды нұрын,
Наурызда бай түсінер жарлы мұнын.
Телегей куанышқа кенелемін,
Жұртымның көрген сайын арлы жүзін.
Халық деген бір сөзден биік емес,
Бір Алладан кейінгі барлық ұғым.
Қазақ деген ұлтыма сәлем бердім.
Ақыннан биік көрмес жалғыз ұлын.

Тандарға үміт арттым күліп атқан,
Түспеспіз шабыт барда бүгін аттан.
Ақжолтайлап алдыңа келіп тұрмын,
Бата алып Ұлытаудай ұлы қарттан.
Бетті жуып, сусындал жолға шықтым,
Есілдей өзенімнен тұнық аққан.
Сәукелелі сұлудай Қарқаралым,
Басыма бақ тіледі күліп арттан.
Жанаарқамнан басталған ұлы жолда,
Аталы сөз арнасам құным артқан.
Жекпе-жекте желлініп сөз бастайын,
Бақ тілел, қазағыма ұлы хақтан.

Жалғадым баба жүрген алтын ізді,
Бір Алла биіктетсін нарқымызды.
Наурызда дәмі кетпес сөз айтайық,
Сапырып ұсынғандай бал қымызды.
Ұлыстың ұлы күні қандай ғажап,
Ұлт болып ардақтасақ салтымызды,
Бүгін түнде қазакқа Қызыр келер,
Куанышқа кенелтіп жалпымызды.
Ұлыс оң бол, ескі жыл есіркесін,
Жаңа жыл жарылқасын халқымызды.
Әз наурыз қазақ үшін бағалы екен,
Әр үйден Қызыр орын табады екен.
Әжелер сүрдің исін бұрқыратып,
Қазанға қазы-қарта салады екен.

Наурыз көже әзірлеп женешелер,
Ошақ отын маздатып жағады екен.
Бар дүние жаңарып табиғатта,
Жер бусанып, бұлақтар ағады екен.
Түйе боздап, қой қоздап азан-қазан,
Еңілік гүл бүршігін жарады екен.
Ойдағы ел қырдағы елмен араласып,
Қауышып, қауқылдасып қалады екен.
Атан жүрек жігіттер көкпар тартып.

Шабандоз аламанға шабады екен.
Палуандары белдесіп, күш сынасып,
Ақындар шалқып қанат қағады екен.
Ренжіскен көнілде кірбің болса,
Есіркөр ескі жылда қалады екен.
Жаңа күн, Жаңа жылға атам қазак,
Періштедей тазарып барады екен.

Көсілген ақын едің ақтабандай,
Тыңдаушың өнерінді мақтағандай.
Айтысқа Аманжолмен шығасың деп,
Қырық күн женешеміз баптағандай.
Ермек аға, айтарың асыл болсын,
Алтынмен іші-сыртын аптағандай.
Ұлт тыңдайтын аяулы, дәмді ойлар айт,
Жалынға құстың етін қақтағандай,
Алатай атамыздың халі қалай,
Ел тілеуін тілеген қарт бабамдай?
Алматым мерейтойын тойлаймын деп,
Әкімің бекер қарап жатпағандай.
Осылардан сыр тартып сөз басташы,
Ұл едің ел сенімін ақтағандай.

ЕРМЕК:

Жаңа жылда болар деп бір жаңалық,
Жиналыш қалыпсың-ау мұнда, халық.
Ол рас, Алматыға наурыз келді,
Құлағы тал-қайыңның сырғаланып.
Көктем келсе тулайды ақын жүрек,
Болармыз деп өлең мен жырға қарық.
Аманжолмен шығам деп жекпе-жекке,
Келгем жоқ сойылымды суға малыш.
Ел алдында жарасып, айтыс жасап,
Құшағымыз қайтармыз гүлге оранып.

Алладан бүгін айтыс бүйірған күн,
Ақындар өнеріне сыйынған күн.

Бұғін бір әзіл айтыс болады деп,
Көптен күткен мына жұрт жиылған күн.
Таласып екі сағат звондасып,
Көрермен, телефоның қылған күн.
Жамағатқа жақсы айтыс біз жасайық,
Орнына сізден шыққан тындардың.

Бидай мен сүт қосып жейтін тарымызға,
Осы мейрам бұйырыпты бағымызға.
Ішкен-жеген көрініп отыргасын,
Несіне шоқ түседі шабымызға?
Осылай бәрін айтып көрсететін,
Мың рахмет айтамыз Наурызға.

Наурыз тұрсын енді өкпелемей,
Шашады жырдан шашу көпке көмей.
Амандастып алайын Аманжолмен,
Жапырып жан-жағымды төкпелемей.
Мына жұрт та риза болып қайтсын,
Уақытым өтті ғой текке демей.

Біздің ауыл сұрасаң
Ұзынағаштың бойында.
Мен ауылдан шыққанда,
Сен бар едің ойымда.
Іні емессің арқалап,
Жүретүғын мойынға.
Қыз емессің қолқалап,
Тартатүғын қойынға.

Ұры емессің, зәнталақ,
Екі көзің қанталап,
Жығып кетер сойылға.
Бір мінің жоқ бойында,
Не бар екен ойында?
Не болса да көрейік,
Наурыздың мынау тойында.

АМАНЖОЛ:

Айтыстың жарқыраған шырағы едің,
Тұмарлап топқа қосар пырағы едің.
Сенің де арқаң қозып отқан шығар,
Көргенде күба белдің құлагерін.
Ермек-ау, бірде жауап айтпадың ғой,
Алатаудың жағдайын сұрап едім.

Келгенде Әзірейіл жанды алғалы,
Пенденің кеш болады танқалғаны.
Шалбайың Италияда жүрген екен,
Зілзала болған кезде Талғардағы.
Қыдырам десе бастық кете берер,
Рахатты жалғыз көріп жалғандағы.
Ел үшін Меккеге де бармай қалған,
Битемір кешегінің тарландары.
Бүгінгі әкімдер де қызықтау ғой,
Курортпен шектелген армандары.

Адамзат десе-дағы күнге жетем,
Табиғат бізден гөрі іргелі екен.
Осынау лай-көшкіні болатынын,
Талғардағы ағайын білген екен.
Қауіптен сактанбаса болмайды деп,
Кеңсеге неше мәрте кірген екен.
«Жұрт тынышта жамандық шақырма», - деп,
Бастықтар миығынан күлген екен.
Топан су қантаса да қозғалмайтын,
Әкімдерің бір түрлі күрделі екен.

Ермек-ау, әшейінде санлақсындар,
Бойына мін жүқтыврас ардақсындар.
Кеше барып жағдайын біліп келдім,
Біреуің халін сұрап бармапсындар.

Зілзала ел жүрегін жаралады,
Талай қазақ мерт болды-ау жағадағы.
Шатыры лай астында кеткеннен соң,
Әрине, қарқ болмас қағанағы.
Тұғанбай ағамыздың арқасында,
«Ақ бұлак» шипажайын паналады.
Тезірек Алматының әкімдері,
Қандастарға үй берсін даладағы.

Бұлдірмей бұрып алыш, жұлыш алыш,
Табиғатпен сырласар ұлы халық.
Дөңгелек жер долданып буырқанса,
Болмай ма адамзаттың күні ғаріп.
Көктөбе де тұр екен құлайын деп,
Бастықтар байқамаған бұны нағып?
Бір күні Көктөбеміз қақ бөлініп,
Жүрмейік елді тағы қырып алыш.

Етеміз ақиқатты тілге тиек,
Жүрейік асыл елді бірге жебеп.
Осындайда жағдайын сұрамасаң,
Ақын Ермек болғаның кімге керек?

ЕРМЕК:

Аманжол, ақын едің сенім артар,
Сенім артқан жігіттің жөнін айтар.
Бұл Талғардың тауын сен сынамай-ақ,
Жөнің бар еді, Аманжол, көңіл айтар.

Аулақпыз мықтыймыз деп мақтанудан,
Аулақпыз сізден тағы жасқанудан.
Құдайдың ісі солай болып тұрса,
Не келіп, не кетпейді бастарына.
Талғардағы шейіт болғандар туысына,
Көңіл айтам бар әкімнің аттарынан.

Алматыны сұрапсың,
Ал, айтайын, бауырым.
Бұл да сенің қалаңғой,
Бұл да сенің ауылың.
Ел біледі әрине,
Астананың тәуірін.
Аспандағы ай құсап,
Жарытпайсың көреміз,
Астананың жарығын.
Тым болмаса облыс
Орталығы бодырмай,
Түсірді ғой қадірін.
Астанаға соны айтшы,
Айналайын, жарығым.
Алматы деген бар қазақ,
Анасы ғой бәрінің.

Батыстағы Атырау,
Ортадағы Астана,
Оңтүстікте Таразың
Жадыrap, жайнап тұр әне!
Алматы да жайнаса,
Осы төртеуі болар ед,
Дүниенің төрт бұлағы.
Астанаға соны айтшы,
Айналайын, Аманжол,
Арқаның жүйрік бұланы.

АМАНЖОЛ:

Ыңжықтың бірі емессің халық айтқан,
Ақынсың ақиқатты танып айтқан.
Сахнада көп сайрап не қыласың,
Көнілді атам қазақ барып айтқан.

Сол сыңды артқанменен нарға бекем,
Соғылар байқамасан жарға шекен.

Аққайың шипажайы тұрған жерді,
Көршілес Қытай сатып алған еken.
Талғардан Кіші Пекин жасаймыз деп,
Бөгетін құрылышының салған еken.
Лай-көшкіні болудың себебі сол,
Демессін бұл сөзімді жалған еken.
Ақырын Жетісуды жайлай беру,
Болашақ бар қытайдың арманы еken.
Талапайға түспесе еken деймін,
Сүйінбай, Жамбыл туған арда мекен.

Алматы ақордасы сан дананың,
Жүзіне үрей кіrmесін паң қаланың,
Сындырып үй тұрғызып жатырсындар,
Аяулы Алматының алмаларын.
Ағашты кескен кезде ойлай ма еken,
Сақалын Алатаудың қан жабарын.
Бір жұз елу жыл депті әкім жезден,
Тарихын Алматыдай нар қаланың.
Казактар бекінісімен тұйықталып,
Көненің ескермейді-ау арман әнін.
Желіккен мерейтойды тойлаймын деп,
Ойында не бар еken Сары баланың?

Әзірге біздің қазақ саспай келед,
Күндестік бөлінуден аспай келед.
Ет жүрегі елжіrep Абай айтқан,
Баяғы бес дүшпеннан қашпай келед.
Базарға барған сайын үрейленем,
Күні ертең қара Қытай қаптай ма деп.
Жылқы бакқан жайлауға бұрыш егіп,
Қайынды кетпеніне саптай ма деп.
Қара көз қыздарынды әйел қылышпай,
Түркілік рухынды таптай ма деп.
Атаң Бұхар, Шортанбай айтқанындаі,
Көрімізді қопарып жатпай ма деп.

Саясатпен басқалар будандасып,
Балтасын тамырыма шаптай ма деп.
Қазақтың қызын алып Алматыға
Бір қытай әкім болып жатпай ма деп.

Түркінің оғланы едік тауға шығар,
Ұсақ мінез танытпас сауға сұрап.
Батырлардың ұрпағы емес пе едік,
Жеті жаста найза ұстап жауға шабар.
Үмітпен өсірген ұл ынжық болса,
Туырлықты тілгілеп жау басынар.
Сусынды шыңыраудан тартып ішкен,
Көп шенді су татырмас қауғасы бар.
Мысалы, Храпунов салған үйдің,
Бес гектар қыдыратын «ауласы» бар.
Баспанасыз қазақ көп Алматыда,
Қолында ала дорба, арбасы бар.
Жерді сатып, тіліне қарсы шығыш,
Қазақ қайда баراسың, Алласы бар.
Рухыңың ордасы Алматыға,
Ұлтжанды әкім керек, тәубесі бар.

ЕРМЕК:

Ол рас, Алматы еді жапырақты,
Апорты таң қалдырған атырапты.
Бүгін сол алмалардың орындарын
Мықтылардың коттеджі басып апты.
Екі жаңа қазаққа бір казино,
Екі көне қазаққа бір заправка.
«Храпунов, это дело храмает,
Когда будет этому поправка?»
Бүгін енді Алматыға қарап тұрсам,
Бұрын апорт есті деген аты қапты.

Ал, Аманжол, бауырым,
Алматыға кеп алып,

«Дом отдыха» демалып,
Араладың қalamды.
Асанқайғы секілді,
Көрдің жақсы-жаманды.
Екі аптаның ішінде.
Сен көрмеген не қалды?
Алматыдан облыс
Орталығы көшкен соң,
Мен көрмеген не қалды?

АМАНЖОЛ:

Бұл сөзің ойландырап әр адамды,
Ақынды, елі үмітке балағанды.
Сүйінбай, Жамбылдардай текті ақын,
Болашаққа шындықпен қараған-ды.
Әрине, ұлт рухы оянбайды,
Оқыса жалғыз ғана «Караванды».
Ұлттық баспасөзбенен сузындастын,
Шығару үшін ертеңгі нар адамды.

Отырғың келсе дұрыс қатарыма,
Қол салма берік тұрған бақаныма.
Алматыда қаптаған тұнгі клуб,
Айналған нашақордың апанына.
Казино, тұнгі клубтың иелері,
Тығылар бастықтардың шапанына.
Храпунов тұнгі клубты жаптырса егер,
Жара шықпас еді ғой сақалына.

Біріміз толықтырып бірімізді,
Сыйлайық мынау азат күнімізді.
Ұлыстың ұлы күні, Ермек ақын,
Айтпасаң айып болар тілімізді.

Аспаннан айды әперем – десін мейлі,
Алдыма басын иіп келсін мейлі.
Депутат қып сайласаң жамандарды,

Бәрібір ел мерейін өсірмейді.
Тіліме қарсы шыққан Парламентті,
Күні өртең ата тарих кешірмейді.
Үкіметің қазақша сөйлемесе,
Ана тілдің тағдыры шешілмейді.

Ана тіл қасиетті жаралысын,
Қазақ менсінбеген соң қаралысын.
Біздердей қарапайым халық үшін,
Ананың ақ сүтіндей бағалысын.
Биліктегі шенділер шеттеткесін,
Әр күн сайын төмендеп барады ісін.
Тіліме қарсы шыққан депутаттың,
Бағасы бір-ақ тының қазақ үшін.

Соларға сенім арттың сен де талай,
Соларға үміт арттым мен де талай.
Сайласандар құлың боп өтейік деп,
Өтініп келмеп пе еді елге талай.
Ұн таратқан суайтты сайлап алып,
Отырмыз бармақ тістеп, жерге қарай.
Өңкей нәлден ештеңе шықпайды деп,
Ондайлардың бағасын берген Абай.
Ұлтын сүйген ерлерді сайлар болсаң,
Тасымыз домалар еді өрге қарай.
Таңқалам тілді сатқан депутаттар,
Ұялмай қарайды еken елге қалай?
Өз ұлың өз тілінді қолдамады,
Баласына қолайлыш жол қарады.
Тілге қарсы шыққан Парламенттің,
Ұлтымның ар-намысын қорлағаны.
Түбінде жақсылыққа апармайды,
Ерлердің тілге қамқор болмағаны.
Өз қазағы табанға таптаған соң,
Ана тілдің көз жасы сорғалады.
Жалаң саясатшылар көбеюде,
Өз пайдасын ойлаған дорбадағы.

Талайлар саясатқа араласты,
Көбі бірақ кәдеге жарамас-ты.
Ауыл патриясының көсемі де
Елді алдаң теріс жаққа ала қашты.
Тілге қарсы шыққаны ағалардың,
Тырналап жүректегі жараны ашты.
Сенген депутаттарым осы болса,
Апыр-ау, кім қорғайды нар Алашты?

Ұлт едік ар-намысы жығылмаған,
Өлеңсіз өмір сырын ұғынбаған.
Айталының баласы Амангелді,
Алатаудай асқақсың бүгін маған.
«Жас қазақ» газетіне мың рахмет,
Тілім деп, бозторғайдай шырылдаған.
Ең соңғы Парламенттің осы болсын,
Ұлтына тоңмойыны бұрылмаған.

ЕРМЕҚ:

Әңгімені әр жолы тың ғып айттық,
Дейсің бе, әй Аманжол, тілді қайттік?
Біз осы егеменді ел болғанда,
Тіл жайлы бір адамдай сүмдық айттық.
Біреуге осы тілді мұң ғып айттық,
Біреуге осы тілді сыр ғып айттық.
Тұрып айттық, отырып ырғып айттық,
Ымыртта айттық, тұнде айттық, күндіз айттық.
Жеке айттық, бәріміз бірігіп айттық,
Бірігіп ап бұл тілді жүгіріп айттық.
Тілімізді бұлдірген жынды да айттық.
Су тасып Талғар жылжып жатса-дағы
Біздің тіл бір орнынан жылжымайды.

Ай, Аманжол, Аманжол,
Мықтыларға ұнайтын,
Ақын болып қалыпсың,
Ел жағдайын сұрайтын.

Осы жолы Аманжол,
Шындықты айтсан үнайсын.

Баяғыша айтқанда,
Қаракерей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгенбай,
Шапырашты Наурызбай,
Ту астында тұр еді.
Оның рас сол қазақ,
Әрқайсысы әр түрлі,
Партияда жүреді.

Бірін-бірі өсектеп,
Бір-біріне күледі.
Бірін-бірі мінеді,
Бірін-бірін іреді.
Бұл қазақтың жері үшін,
Осының бәрі сын енді.

Бұл партия бәрі емес,
Біреулерге жағады.
Біреулерді бағады.
Үәдені жаудырып,
Депутат болып алады.
Қалаулыны белгілі
Қайдан іздең табады.
Қалаулылар қамалып,
Мәжілісте қалады.

Аманжол, бұғін сенің атан шағын,
Халыққа кең тараған мақам-сазын.
Айтысқан жас қыздарға жол бересін,
Сенің де боп қалған ба батар шағын.
Ризамын бір қалыпты ән-жырыңа
Ризамын бір қалыпты тағдырыңа.
Запорожец айдаған шалдар құсап,
Жол бересін қыздардың барлығына.

Тоқсанында топ бастап, топқа түскен,
Мен өзім ризамын Жамбылым.
Отыздың ортасынан жана асқанда,
Бола ма енді осындаш шалдығыңа.

Ал, сөзімді тында енді,
Алматының қазағы.
Жекпе-жек деген бұл айтыс,
Айтыстардың гажабы.
Жан-жағымға қарасам,
Қаптаң кеткен секілді,
Машинаның базары.
Аманжолға бәрібір,
Озам десе озады,
Алам десе алады.
Бата беріп байыппен,
Жолын да бере салады.

АМАНЖОЛ:

Әлемнен абыройым асып тұрса,
Қазақ ұлты несібең тасып тұрса,
Қазақтың кәрі-жасы, ұл-қызына,
Ғаламның адамзатын ғашық қылса.
Ана тіл қалай ғана жылжи берер,
Басқалар табанымен басып тұрса.

Көтердік ана тілді ұран қылыш,
Тізесін көрген емес Тұран бүтіп.
Арқадан кеп отырған Аманжолды,
Жібердің өлеңменен құлан қылыш,
Құсбегі бастық керек бұл қазаққа,
Тілімді ұшыратын қыран қылыш.

Замандас, дос па десем қолын берген,
Жан ба едің Бекежанның оғын көрген.
Серттескен кешегінің жігіттері,
Қасындағы досына жолын берген.

Қалқытып ұшырайын ар құсымды,
Жетісуда шығармаспын жалғыз үнді.
Алаштың қоңыраулы сұңқарындей,
Астыма тұғыр тұттым қарлы шыңды.
Қалайша батар шағың деп айтасың,
Бүтінгі нұрын төккен талтұсімді.

Қазақтың ақын сүйген халқы емес пе?
Дөп сөйлеу жақсы ақынның шарты емес пе?!
Күлімдеген сұлуға жолды беру -
Баяғы Біржандардың салты емес пе!

Бұл Ермек қалай ғана басынады,
Басынса да Аманжол тасынады.
Жағына жара шыққан сендей жігіт,
Өзі келіп қасыма қасынады.
Жолымды сұлуларға берген сайын,
Ақжолым қарсы алдыннан ашылады.

ЕРМЕК:

Сынаған ана құсан, сұық қарап,
Аманжол, танытпаши сұық қабақ.
«Дежурный» жымиысың болушы еді,
Осылай отырсаңшы қуліп қарап.
Осы бір түсіп жүрсің кеше есіме,
Алматының алмасыз көшесіне,
Аманжол, кетпейсің бе шыбық қадап.

Баладай байқамаған басын жарып,
Аманжол қалдың білем, ашуланыш,
Көңіліңмен бір шыбық қадап кетсең,
Алматы кетер, бәлкім, жасылданып.
Осы рас, Алматы да кең сарайым,
Жетісу жер жаннаты жан сарайым.
Өзінің жиеніндей қарсы алады,
Арқадан ат терлетіп келсе ағайын.

Айтыстың жұпар иісі аңқылдасын,
Алатауда өсетін аршадайын.
Аманжолға әзілім ұнап отырса,
Тағы да қорамсаққа қол салайын.

Атыңдан айналайын, Қарқаралы,
Сенен бұлт менен қайғы тарқамады.
Сол Арқа сал-серінің отаны еді,
Жаңғырып қалып қойған Арқада әні.
Сал-сері сол арқада қалмапты ғой,
Сал-серінің отаны болса-дағы.
Артта құмай, қолында қыраны жоқ,
Серілік деп біліп жүрсің қай саланы?
Қыздар күліп қарағанмен тәмәм болса,
Серілік елге басқа ой салады.

Арқада сал-сері жоқ еркелеткен,
Артына аш тазысын ерте кеткен.
Қасқырдан қашқан киік осында жүр,
Жасырган бай малындай сельсоветтен.
Біреудің малын біреу аясын ба,
Біреулер қарқ боп жүр вертолетпен.
Аманжол, айта берсем жыртығың көп,
Қыран тұрмақ қолында шымшығың жоқ.
Сал-серінің ұрпағымын деп айтасын,
Артта тазы, алдында тұлқіңіз жоқ.
Сал-серінің елінен келдім десен,
Біздің соған келеді күлкіміз кеп.

Қаршыға болмағасын, құмай тазы,
Аманжолды сері деп кім айтады.
Шапаны жылтыраққа батып қалған,
Басында бір тал үкі қатып қалған,
Сал-сері ұрпағы ем деп жыр айтады.
Бұл Аманжол өз мінін көрмей тұрып,

Ұялмай енді маған сын айтады.

Бұл ағаң сүрінгенге құледі деп,

Баяғы біздің қазақ шын айтады.

АМАНЖОЛ:

Тулатып толқын жырды арнасында,

Қадап-қадап айтайын қамбасына.

Оң құлақты түргейсің, Ермек ақын,

Өзің айтқан сөздердің жалғасына.

Сарыарқаның киігін айтамын деп,

Өзің келіп түстің ғой жамбасыма.

Кезген киіктерімді сөз қылдың-ау,

Алатау ие болмай алмасына.

Ермек те осы жерден ұрынады,

Мойыны маған қарай бұрылады.

Сөз атасын түсінер менің ұлтым,

Ақиқат әділ сөзді ұғынады.

Арқаның алтын кеуде киіктері,

Қытайдың даласында қырылады.

Ермек-ау, жылтыраған шырайың бар,

Бұл шақта күмбірлеген нұр айың бар.

Серіліктің белгісі емес пе еken,

Үйімде жүйрік тұлпар, құмайым бар.

Басында үкі таққан бөрік дедің,

Алла ризық берген соң көрікті едім.

Сырттан келіп сен маған тон пішесің,

Сен бе едің осындағы көріпкелім.

Серілік белгісі жоқ деп айтасың,

Арқаға барып, Ермек, көріп пе едің?

Қашан да ұлтым үшін алаңдашы,

Халқымның қадірлі ғой маған басы.

Өзінді жекпе-жекке шығарғанда,
Демеген шығар мені жамандашы.
Бөріктің қасиетін қайдан білсін,
Алатаудың Ермектей жалаңбасы.
Жөн еді бұл сөзінді бастамаған,
Жан едім тұнық ойды ластамаған.
Серіліктің қадірін түсінеді,
Біржандай ғұмыр кешкен асқақ адам.
Тоқсан жасқа келсе де Жамбыл бабаң,
Басынан құндыз бөркін тастамаған.

Сөйлейін мен осылай еркіменен,
Серттескен жігіт едім сертіменен.
Кешегі Шашубайдай атан құсан,
Айтайын толғап-толғап еркін өлең.
Осындай сегіз қырлы сымбаты бар,
Темендетпек ойың бар ерді неден?
Осы сөзді құйып ал құлағыңа,
Жігіт сұлу көрінер бөркіменен.

Кезім жоқ сол жағыңдан теріс келер,
Ғылым, білім ақынға жеміс берер.
Басында құндыз бөрік болмаса егер,
Тебене тұрақтамас періштелер.

ЕРМЕК:

Мақсатың баста үкің орнағасын,
Әсіре әңгімені қолданасың.
Жалаңбастар алдыға шыққан кездे,
Бөріктілер шаң қауып жолда қалсын.
Үш теңгеде Сүйінбайдың суреті бар,
Соны көріп, Аманжол ойланарсың.
Мен де мынау қалпақты кимей шықтыйм,
Сүйінбай атам әуес болмағасын.

Қол соғып отырған ел бүгін залда,
Шал мен кемпір күнде өстіп жиылмайды.
Зейнеткермен сөйлесе қалсаң бүгін,
Айтады пенсия мен тиын жайлы.
Тиынына келмейтін пүйым жайлы.
Қарағұсова зейнетке шықпайынша,
Зейнеткердің көз жасы тиылмайды.

Аманжол, сен не деген көріпкел ең,
Айтыссам деп Ермекке сеніп келген.
Үкінді үлбіреткен, айналайын,
Шаршамай Астанадан желіп келген.
Мен де сол шын жүйріктің біреуі едім,
Екі күн айтысса да демікпеген.
Шалбайды айта-айта қоймадың ғой,
Аманжол кімге осы еліктеген.
Еңбегін оның-дағы сыйлау керек,
Шет елден демалысын бөліп келген.

Әкімді мақтау білмес жігіт едім,
Сондықтан қызыл тілім байланып тұр.
Еңбегін ескерейік, Талдықорған,
Оңтүстік Астанаға айналып тұр.
Осылай қызықтыра айналасын.
Құмайды, жүйрігі бар бай баласың.
Үйімде осы менің жүйрік бар деп,
Маңғазданып отырып жайланасың.
Арқада қанша жүйрік болғанменен,
Алматы көріп жүрсің бәйге алатын.
Орынтайдың аты ылғи бәйге алады,
Аманжолдың жүйрігі қайда жүрсің?

АМАНЖОЛ:

Шың басын көріп беріп жатқан шынар,
Дулығалы ер астында шапқан шұбар.
Кешегі Тезек төре ақынына,

Құндыз бөрік, шапанын жапқан шығар.
Бөрігіне шоқ үкі таққан шығар.
Жалаң бас бейнелеген суретшіге,
Сүйінбай да өкпелеп жатқан шығар.

Болғанда Жамбылдардың сен сынығы,
Бөрік кисең болмайды ерсілігі.
Сүйінбайды жалаңбас бейнелесе,
Ол-дағы суретшінің кемшілігі.

Саңылақ Сарыарқадай алаптанмын,
Алатауға келгенде қанаттандым.
Аламанда бәйгеден озып жүрген,
Ермек-ау, жүйрігі ғой арабтардың.

Шыққанда арыстандай айға атыла,
Ерлердің ұлт сүйсінген айбатына.
Қазақтың ат өнерін өркендеткен,
Мың алғыс Сатыпалды Қайратына.

Мұң кешіп жүрсе-дағы жұрт қаңғырып,
Без бүйрек тұра берер мұрттан күліп.
Жанартай боп атылар төзім бітсе,
Қазақтың қанындағы ұстамдылық.
Жемқорлық, сыйайластық жоғалмайды,
Шенділерде болмаса ұлтжандылық.

Тұрасын айта білсем тіліп тұрып,
Жібермес уақыт оны ұмыттырып.
Көк бөрілі түркінің тұқымымыз,
Керілген ай астында ұлып тұрып.
Қарақұс балапаны тұлқі алмайды,
Тұғырдан ұшырсан да шынықтырып.
Батысша білімділер көп болғанмен,
Болмай тұр көбісінде біліктілік.
Саусақпен санарлықтай асылдар бар,

Сақтаған ар-намысын тұнық қылыш.
Ұлттыменен мақтана білген ұлды,
Қазағым топқа қосқан күлік қылыш.
Ұлтжанды ерлер көбейсін елім үшін,
Беретін бір бүйрекін жұлып тұрыш.
Иманғали секілді халқын сүйген,
Қазаққа керек боп тұр қырық жігіт.

Заманда мандағынан жиі тепкен,
Тарихқа көз салайық сыйы жеткен.
Хан Кене мен Махамбет халқы үшін,
Бас тігіп ғазиз жанын қызып өткен.
«Қалың елім, қазағым», - деп жырлаған,
Ұлт үшін ұлы Абайдың түйіні өктем.
Алаштың көсемдері ұлтты ойлаған,
Заманда алмағайып құйыны өктем.
Қайран абыз қарттар-ай ел қасиетін,
Баланың құлагына құйып өткен
Өткеннің өнегесін үйренсеңші,
Шенділер елдің құнын тиын еткен.
Ұлтын сую арқылы ата-бабам,
Бес күндік бұл өмірден биік өткен.

ЕРМЕК:

Ақын едің талмай сен шабатұғын,
Айтып жүрген талайға сан ақылын.
Шалбай мен Талғарды айтып қоймадың ғой,
Болмады ма басқаша табатының.
Көршінің үйі өртеніп жатқан кезде,
Көршідей бас үйітіп алатұғын.
Аманжол не күтесің осы менен,
Жігітсің Арқадағы қосы берен.
Екеуміз бір қазақтың баласымыз,
Айтысайық көңілдің қошыменен.
Қарасай атам жатыр Сарыарқада,

Ағынтай серт байласқан досыменен.
Мен де отырмын өзіме сенетіндей,
Сен де отырсың өзіңе сенетіндей.
«Жекпе-жек» деп атапты бұл айтысты,
Жекпе жекте біреуіміз өлетіндей.
Сыйласып сен екеуміз елді айтайық,
Біздің ел ел біткеннің төресіндей.
Топан су қантаса да тоқтамайтын,
Кәдімгі Нұх пайғамбар кемесіндей.
Соны біліп жан сақтау үшін бізге,
Барлық әлем жиналыш келетіндей.

Бұл елде талай нәсіл жамырап жүр,
Көмектес деп қазаққа аңырап жүр
Басқаны бір-біріне айдал салыш,
Ақылшы айла құйрық Абрам жүр.
Талайлар заңсыз келіп жырбындаш деп жүр,
Үзім деп тұз бермейтін өзбек те жүр,
Суың көп деп су бермес қырғыз да жүр.

АМАНЖОЛ:

Жан едім бұрын жеткен ұзап басып,
Сөйледім кеудемдегі бұлақты ашып.
Жақын кеп жөнін айтқан азаматпен,
Жақсы жігіт жатпайды тұзақтасып.
Бар қазақ бірге жүрсін бұл өмірде,
Қарасай Ағынтайдай құшақтасып.

Ел едік күн астында көшіп өткен,
Билері даналықпен кесім еткен.
Жетім менен жесірлердің мәселесін,
Бабалар мейіріммен шешіп өткен.
Тек біздің әділетсіз қоғам ғана,
Шет елге бала сатып есі кеткен.
Апыр-ау түйе құрлы болмадық па,
Ботасы үшін теңізді кешіп өткен.

МЭЛС ҚОСЫМБАЕВТЫң ШЫРЫНБЕК ҚОЙЛЫБАЕВ ПЕН АЙТЫСЫ

МЭЛС:

Сөз бағып, жастайынан ой жастаған,
Ақынның сыры бар ма елге аспаған.
Байдан бәйге, батырдан сауға алатын,
Жорғаның даңқы шықпас жолды аспаған.
Тұндігінді түрткілеп жатқызбаса,
Жігіт пе бес қаруын белге аспаған.
Аруаққа сыйынған аталарым,
Шаншылып аталарым қол бастаған.
Ұрпактарын жеңіске жетелеген,
Көк бөрім көкке атылып жол бастаған.
Ерлігіне өрлігі сай келгесін,
Қол бастаса әуелден мол бастаған.
Ассалаумағалейкум, Қазақстан,
Қабағын қар, шашасын шаң баспаған.
Ағайын, аман-есен өрдіңдер ме,
Өргізіп осы айтысқа мал-басты аман?
Сыйындым атам Бекет аруағына,
Қолдай көр қазағынды қандас бабам.
Алтынды көргенменен айнымайтын,
Халқымды аман қылғай хан бастаған.
Шырынбек, амансың ба, айналайын,
Болыпсың бір жыл бұрын жекжат маған..
Сенің өзің үйлендім биыл дейсің,
Өзінің ойың еді ол баптаған.
Астана, Таразың аман шығар,
Қалың ел қай кезде де сол жаққа алаң.
Жігіттің үш жұрты бар білесің ғой,
Тұғаның бірдене айтпай тек жатпаған.
Ал, енді қайын жұртқа мін тақтырма,
Олар да айтысқанда сен жаққа алаң.
Нағашың нағыз жиен осы ғой деп,
Жылқысын жетектесіп ол баптаған.
Телефоннан: «жекпе-жек», - деп,
Сөздің басын әуелі сен бастаған.

Шырынбекті ширатып алайын деп,
Айтысудан ақынмын мен қашпаған.
Айтыс біткен соң кетесің бе,
Астанам қайдасың деп ардақтаған.
Сені алысқа жібергім келмей отыр,
Демалысқа келгендей солдат балам.
Екі сағат шыдайық енді екеуміз,
Уақыт тоқтатқандай болмас саған.
Омыраулы ағана, ал, не дейсің,
Қоныраулы серкедей қой бастаған.

ШЫРЫНБЕК:

Біссіміллә, сөз бастайын арапшалап,
Қонсын деп алашқа құт, қазаққа бақ.
Еліме езуімнен енші беріп,
Жыр-сыбаға тартайын табақ-табақ.
Ақ қанат періштерелер біздер жайлы,
Жеткізсін жаратқанға тез ақпарат.
Наурызың құтты болсын деп айтайын,
Осылай ойларымды сабақтап ап.
Баршамызға Алланың нұры жаусын,
Сіздерге сәлем берем қазақшалап.

Ағайын құтты болсын түскі жиын,
Арнайы аста міне пісті дейін.
Жеті түрлі дәм қосып жасап қойған,
Қазанды оттан енді түскізейін.
Жұртышылыққа жұғымды болу үшін,
Жырдан наурыз көжені ішкізейін.

Алматым ару қала, арман қала,
Талайдыбастан кешкен тарлан қала.
Жұз елу жыл дегенді кім шығарды,
Тарихы сан ғасырға барған қала.
Верныйдан бергі жағын жіпке тізіп,
Жаппайық тарихымызға жалған жала.
Алқызыл хош иісті апортымен,

Атағы жердің жүзін жарған қала.
Қолтаңбасын қалдырып қазагыма,
Қонаев сыңғырлатып салған қала.
Желтоқсанда дүниені дүр сілкінтіп,
Азап пен азаттықты алған қала.
Кияға қанат қаққан қиялы бар,
Зиялыштар тұратын заңғар қала.
Әдебиет, мәдениеті қатар жанып,
Жарқырап бак жүлдізы жанған қала.
Билігін Астанаға бергенменен,
Өзінде жан байлығы қалған қала.

Соғылған бекіредей тасқа басы,
Қасиет, дағдынды, елім, тастамашы.
Жан дүниенде байытып жатыр бүгін,
Ер Жүрсін Ермановтың бастамасы.
Республика сарайы расында да,
Өнердің басыбайлы баспанасы.
Апта сайын келеді айтисуға,
Қазақтың өнер қонған қос баласы.
Алматым, айналайын өзің ғана,
Айтыстың айнымайтын астанасы.

Ақындар сөз моншагын көрсін сүзіп,
Жемісін жүргегінің берсін үзіп.
Аман-есен жүрмісің, Мэлс ақын,
Жайықтың жайынындай еркін жүзіп.
Сіз Оралдан болғанда, біз Жамбылдан,
Жеріміздің намысы жер түргізіп.
Айтыстың аспанында самғайықшы,
Көрермен көзін тіккен көрсін қызық.
Самұрықтай келдің бе сапар шегіп,
Қаққанда қанатынан жел түрғызып.

Ашқандай интернеттен жаңа сайт,
Халықты аузымызға қаратайық.

Өлеңмен аударыспақ ойнамаққа,
Қамшы тістеп біз енді жанасайық.
Саңырық, Тайлақ сынды батырлардай,
Екеуміз алты қырдан әрі асайық.
Аса мен Таластайын қатар ағыш,
Еділ мен Жайықтайын жарысайық.

МЭЛС:

Көрерменге толғасын,
Осы отырған маңайым.
Алдарында қалықтап,
Қырандай қанат қағайын.
Шырынбектің сөзіне,
Тілеквестік білдіріп,
Оң ниетпен қарайын.
Айналайынғ, ағайын,
Құтты болсын наурызын.
Ырыс алды ынтымақ,
Наурыз көжөн бұрқырап,
Құлын-тайын шүркырап,
Жарқылдасын сарайын.
Құттықтауды аяқтап,
Әрі қарай шабайын.

Ислам қап дінінің сорабы екен,
Болмайды қазақ үшін ол да бөтен.
Иман менен Иванды шатастырған,
Дін-апиын деп келген қоғам екен.
Құран шын, құдай жалғыз, пайғамбар хақ,
Хақтығының актығы содан екен.
Төрт шадияр досы екен Мұхамбеттің,
Әбубәкір Сыдықтай дана ма екен?
Ғұмардың әділдігі өз алдына,
Ғұсыманың ғалымдығы ала бөтен.
Кербаланың шөлінде шахит болған,
Құсайын дінге берік адам екен.

Ерлігі Әлилерден басталатын,
Ол жағы дін-мұсылман заманы екен.
Сен өзің арапшалап бастағасын,
Мен-дағы сол жағынан хабар етем.
Төрт жүз жыл тағат еткен бар сисаның,
Ғалымдығы нәпсіге ауады екен.
Етегін жел түретін сол әйелмен,
Тозаққа шырылдатып салады екен.
Аяғын ағат басқан Насуханың,
Тәубесін құдай қабыл алады екен.
Шырынбек, қайта-қайта қарайсың ғой,
Жайықтай бола ма деп жағаға тең.
Пайғамбар әuletіне қол көтерген,
Язитті хакір соғып қалады екен.
Пинзир Якки доныздың суретіне,
Жер сүзіп, шыр айналып барады екен.
Мыңғырған малдан зекет бермегесін,
Қарынбайды жер жұтып алады екен.
Құдайға шүкір, бізде де жомарттар бар,
Санасы сан тарапқа салады екен.
Шайыңды ұрттап қойып отырсаншы,
Боласың мына біздей ағаға тең.
Айтысып арқырайық, енді екеуміз,
Болғасын екеумізге дала мекен.
Жұрсін ағам қолымен ымдал отыр,
Қыырдан қырандарын шола ма екен?
Қара өленде мысалы айтатындей,
Адамдар бір-біріне қонақ екен.
Ал, айтыстың қонағы ақындар ғой,
Пейілі жазиралы далаға тең.
Көктемгі уақытына көшіп алған,
Бұрынырақ ойлайтын азамат ең.
Уақытта бір сағатқа өзгеріпті,
Сен айтыссаң бірдеме болады екен.

ШЫРЫНБЕК:

Бекетті аузыңа алғу сертін еді,
Батысым байтақ жұртқа төркін еді.
Жүрсін ағам қолымен бір көрсетсе,
Исламның шежіресін келтіресін.
Сен-дағы Шырынбекке оралсаңшы,
Ішімді жарып менің өлтірерсін.
Айтыстың жайлауына шатыр тіккен,
Ақын ем қолайлы бір сәтін құткен.
Жалбыздай иісі аңқыған жырларымды,
Әлеуметке себейін әтір ғып мен.
Айтысқа Мэлс келді десе болды,
Атынан ұркуші еді ақын біткен.
Бір Аллаға сыйынып шығып тұрмын,
Бахадұр Бауыржандай батырлықпен.
Алтынға балап елім мысты алмайды,
Назардан нар тұлғалар тыс қалмайды.
Атасы Ақтанберді жырау болса,
Ата жолын қай ұрпак ұстанбайды.
Майкөттің жырларына мән бермесем,
Өлеңімнің астары тысталмайды.
Ұлбикедей апамды ұлгі тұтсам,
Өнерім өсіп қалай ұшталмайды.
Айтысқанда Жамбылдай жарқылдасам,
Қай адам тандай қағып, сұқтанбайды.
Кенекемді қозғайын Қордайдағы,
Сайраған бұлбұл еді құс таңдайлы.
Төре, қожа, ақындықпен жалғастырсам,
Қарсыластың жүзінде сұс қалмайды.
Солардың сонындағы сарқыт едім,
Деменіз мынау мені тұспалдайды.
Бабасы құлан атып құлатпаса,
Баласы ит жүгіртіп, құс салмайды.
Ағайын төреші жоқ сізден занғар,
Ойдағы орындалсын ізгі армандар.
Теледидар алдындағы көрерменім,

Ыстық пейілдерінді бізге арнаңдар.
Арқасы айтыс көріп қозған жандар,
Мәлс пен екеумізге «звондандар».
Аяулы ақындардан екі «пачка»,
Темекінің ақшасын қызғанбандар.

Айрылып тоқсан жеті теңгесінен,
Айтысайық тандыртып елді есінен.
Бай-байға, сай-сайға күяды деп,
Әркім өзі сыйласады теңдесімен.
Қосымбай шалдың ұлы айтыспақшы,
Қойлыбай қарияның кенжесімен.

Жан едің жырға елді қандыргандай,
Алыстан ат жібертіп алдыргандай.
Қаршығадай қағілез інің едім,
Ілген құсы ат белін талдыргандай.
Кезекпен сез қуалап айтысайық,
Кешегі Құлмамбет пен Жамбылдардай.
Жүйкене ши жүгіртіп байқайыншы,
Самауыр түбін шұқып жандыргандай.
Домбыранды қолға алып толғаншы енді,
Тілмен қашап Тәж-Махал салдыргандай.
Азырақ мен шамалы аялдайын,
Атымды ажырыққа шалдыргандай.

МӘЛС:

Отырсың сен зиялы пішіндегі,
Шырынбек, айналайын, түсін мені.
Арқырап, сарқыраған сені көріп,
Бұл ағаң әлі де сол күшінде еді.
Ішімді жарып мені өлтірер деп,
Шырынбек не нәрсені мұсіндейді.
Айтыстың жарқылдаған алмасымын,
Өленді жарып алам ішіндегі.
Осылай мақтана ма, мақтанғанда,

Болады айтысқанда аттандауға.
Даланың билері бар билік айтқан,
Мысалы өрттей өршіп жатқан дауға.
Бұрынғы аталардың дәстүрі деп,
Тартасың аңшылықпен салттарды алға.
Құс жүгіртіп құмайын салған дейсің.
Оларды баяғыдай баптау да олжа,
Шырынбек, құс салуды қояр едің.
Салған итің қасқырға тап болғанда.

Байыптаң көрмейсің бе, байқай шауып,
Өзіңнен тұрган жоқ қой жантай салып.
Айрандай ұйытамын деп отырсың,
Әйтеуір шалабыңды шайқай салып.
Жабыны жауға салма, жалды екен деп,
Қазығында алжиды қартайса анық.
Жігітпен жолдас болма малды екен деп,
Есіңе ата сөзін алсайшы анық.
Қырымнан қырық батыр аттандырған,
Мұрын жырау шақырған алты ай шабыт.
Жарты сағат болғанда жалт беретін,
Өлеңшіге тигізген шайтан шалық.
Ақынның аты озады ғасырлардан,
Халықтық қазынасын қайтарса анық.
Жас жүйріктің шамасы белгілі ғой,
Тайдан құнан шығатын ойнақ салып.

Алты алаштың үмітін арқалаған,
Хас жүйріктің баласы қайтар шауып.
Шырынбек, сен бұрынғы айтыстарда,
Отыра алмайтынсың байсал тауып.
Ал қазір қорғасыннан құйылғандай,
Басыңды бір күлесің шайқай салып.
Сенің ақын болғаның жақсы болған,
Жапырып кетпесең де жайпай шауып.
Тарихтың тағылым алар тұстарына,
Інім-ау, қиялышы барсаңшы алып.

Ақындың өнеріндегі белгісі ғой,
Айтыссақ келетіндей пай-пай шабыт.
Болмаса көшелерде жүрер ме едің,
Амантай қажы құсап айқай салып.

ШЫРЫНБЕК:

Ақын боп Жамбыл жақта бар шығармын,
Халыққа кен, Мәлске тар шығармын.
Көктемгі нөсерлеткен жаңбырдайын,
Халықты көгертіп бір тамшылармын.
Құмай қосып, құс салсам не дейсіз сіз,
Дәстүрді қазағымнан аршып алдым.
Тайыншадай тарланнан тайынбастан,
Түсетін ат басындақ қаршығамын.

Қауіпті женге тыққан шоқпардайын,
Шой желке езің едің шот мандайым.
Сахнада кетуші ең сойқан жасап,
Саңылаудан самал жел соққандайын.
Соқтығып отырсың-ау шекесі ылғи,
Шодырайып жүретін сотқардайын.
Ит көйлекті бұрынырақ тоздырған деп,
Бар еді тілді тістеп отқан жайым.
Мен де енді сұға берсөң, бұға бермей,
Халқымды арқа тұтып жол тандайын.
Сақа жігіт болсан да соқталдайын,
Кетесің тақымымда көкпардайын.
Айтыста еш ақыннан кем емеспін,
Әзірге қорықпай жүр менен ешкім.
Бұқа мойныңа бұғалық салайын деп,
Қыл шылбырдай ширатып өлең естім.

Ел қамын жеген батыр Ер Тарғындей,
Жолықкан жауап көзге елемеспін.
Қасқайып Қарт Қожақтай сен тұрғанда,
Қайқайып үйге қайтар мен емеспін.

Айтыстың аттап кірдім босағасын,
Буыным осы жолы босамасын.
Әйтеуір мен бірдеме десем болды,
Дарылдал трактордай оталасың.
Жыраулардың жырларын жаттап алыш,
Төбеме қазанымен қотарасың.
Қамыстан шыға келген қабандай боп,
Бекерге қара жерді қопарасың.
Мен мектепке барғанда Мэлс едің,
Халқыңа ашып айтшы осы арасын.
Соныңа ерген бірде шәкіртің жоқ,
Сопайып әлі жүрсің соқа басың.

МЭЛС:

Бел ме еді алдыңдағы, белес пе еді,
Жақсы ғой ақындардың телескені?
Біресе қабан дейсің, адам дейсің,
Ақтарыш өңезінді өңештегі.
Жалғыздың жары құдай деген бар ғой,
Ол жағы саған бірақ көмескі еді.
Айтысқанда өзімдей арқырайтын,
Дәүлеткерей шәкіртім емес пе еді.
Жақсының қай кездे де жаны көпір,
Сондықтан ел мықтыны танып отыр.
Мен залға көз жіберіп қарағанда,
Аталар, ақсақалды толып отыр.
Қара бешпет үстіне зер төккендей,
Қара шалдың қасында сары кемпір.
Брежневке бетінен сүйгізбеген,
Сол кездегі қыздардың бәрі кемпір.
Кірпігін көтеруге ерінетін,
Біреудің әлпештеген ханымы отыр.
Қайда еken менің қайран құрдастарым,
Звондал телефонды шалып отыр.
Ұрыста тұрыс бар ма деген сөз бар,
Қанатын Шырынбек те қағып отыр.

Ортамызда жанған бір от сияқты,
Сондағы сөздің отын жағып отыр.
Ал, енді анықтап айт айтарынды,
Халайық, бізге қарап бағып отыр.
Тамсанбайтын сөз айтпа қалың елге,
Алдында хан сайлайтын халық отыр.
Ешкімге қосылмайтын бала ғой деп,
Сыртыңдан сені елің танып отыр.
Звондайтын жері жоқ болғандықтан,
Біздерге «алақайлап» ауыл отыр.
Шіркін-ай, нағыз қазақ осылар ғой,
Қанатын ұшайын деп қағып отыр.
Қасында қызыңыз бар еріп келген,
Моншағын мөлдіретіп тағып отыр.
Айтыстан «аллергия» болғандайсын,
Тіліңнің сау жері жоқ, бәрі қотыр.
Мен Шөкенді көргенде тан қалғанмын,
Демессің айтқанымды айып отыр.
Қайта-қайта қол созып кесеңізге,
Сондықтан таңдайынды шайып отыр.
Інімнің терезесі тең келген соң,
Менің көңілдерім байып отыр.
Нөкерінді шұбыртып келіпсің ғой,
Ішінде ақсақалды шалың отыр.
Артыңан келетүғын жау жоқ еді,
Шорабек те шошайып неғып отыр?

ШЫРЫНБЕК:

Ақындар атадан сөз асырмай ма,
Әйтпесе сөздің нәрін қашырмай ма?
Дәuletкереj, мінеки, залда отыр,
Айтыста ол секілді батыр қайда
Дәuletкереj шығыстан күн шығарса,
Оны барып бұл Мэлс батырмай ма?
Шынымен Дәulet саған шәкірт болса,
Артында нөкер болып отырмай ма?

Сөт туған сөйлейінші шақта мына,
Асанқайғы бабамдай ақтарыла.
Шалқиіз, қарға бойлы Қазтуғандар
Ешкімді келтірмеген қапталына.
Жиембет, Доспамбеттер жыраулардың,
Жаратқан сөз салыпты жақтарына.
Абыз ақын аузынан жыр төгіліп,
Талайлардың шандарын қақпады ма?
Арманда кеткен еді Махамбет те,
Азаттықтың жете алмай ақ таңына.
Үш қиянды жырлаған Мұрат ақын
Қазақтың намысына шаппады ма?
Нұрым жырау Қашаған атамыз да
Солардың барып тұрар саптарына.
Маңдайын жарқыратып батыс өлкем,
Нар қасқаның талайын таппады ма.
Сол өлкеден сен жалғыз шығып жүрсің,
Мән берші мына менің айтқаныма.
Алты ғасыр тасыған дарияның
Алты-ақ күнде апырм-ай қайтқаны ма?

Сөзімнің сары қымыздай нарқы болса,
Сабамнан құйып берем сарқылғанша.
Тақымымыда басып алған көқпарым бар,
Көрерміз бұл ағамды тартып алса.
Малдас құрып отырысың мынау екен,
Малыңың саны айтшы жалпы қанша?
Жыраулардың жырларын жаңбырдай ғып,
Төгесің елдің бойы балқығанша.
Қазтуғанның ар жағын қопарып айт,
Қашағанның бер жағын қалқығанша?

Айналайын ағайын,
Әжетіңе жарайын.
Жырдан жылқы мінгізіп,
Сөзден шапан жабайын.

Айналайын, ағайын,
Бабыңды қалай табайын.
Менменсіген Мәлстің
Шаңын біраз қағайын.

Айналайын, ағайын,
Намысыңа шабайын,
Мәселесін Мәлстің
Майшамменен қарайын.

Айналайын, ағайын,
Намысыңа шабайын.
Асқабақтай ағамды,
Шемішкедей шағайын.

МЭЛС:

Дегендей ағамызды шошытамын,
Сен айтқан қызық болды-ау осы тәлім.
Біресе батысты айттың, біресе шығысты айттың,
Бұныменен болмайды дос ұтарың.
Күнді мені батысқа батырад деп,
Бір өзің алғандайсың Жошы тағын.
Алты айда қайтатын дария деп,
Аталардың аруағын шошытарың.
Алты күнде қайтатын дарияны,
Алты күнде қайтадан тасытамын.

Айтыста ақын сыналар, ат белесте,
Белеспен белдерді аттаң, шаптың төске.
Ат пенен азаматтың тағдыры бір,
Сапары екеуінің сәтті емес пе?!

Мысалы, ат жүйрігі айырады,
Ас пен той шабатұғын күнге жетсе.
Талайды тіл жүйрігі қайырады,
Түбіне ақиқаттың анық жетсе.
Көк түріктер көтерген төбесіне,

Жебесі батырлардың тастан өтсе.
Қорамсаққа қол созып қайтесініз,
Атқан оқ айдалаға босқа кетсе.
Шырынбек, кейін мені түсінерсін,
Айтқаны ағаңыздың бастан өтсе.
Сақалы елден бұын ағармайды,
Аталы сөзге ақындар тоқтап өтсе.
Айтыстың адырнасын кере тартып,
Сондықтан сыбағанды сақтап, екше.
Жұсіп Баласағұнның айтқанындай,
Халыққа құт қонады хатпен өссе.
Қазтуғаннның барайын ар жағына.
Шырынбек енді құлақ салып өтсе,
Диуани Лұғаттай түрік деген.
Осыдан тауып берші ақпар өтсе.
Махмұт Қашқаридай атаң жазған,
Тарихын Таразыңның тастан екше.
Қарахан дәуірінен бұрын болған,
Бұлағын баяғыдан бастау етсе.
Жетісу, Қашқария қалаларын
Оңай ма бүгін інім жаттау етсе.
Қашқари қалаларды қалдырмаған,
Халқын түркі тілінде мақтан етсе.
Табылған Тұрпандағы құжаттардан,
Ұйғырдың жазуындай нақты емес пе?!

Таразда манихей қаумының,
Діни кітаптарынан алтап ессе.
Оны түркі тіліне аударад деп,
Еңбектер жазатының айтты емес пе.
Бұл өзі исламға дейін болған,
Шарифаттан басқасы шартты емес пе.
Кәлласін тау-тасқа ұрған қауымдарда,
Алласын айналғанда тапты емес пе?!

Ал, енді Астанаға оралайық,
Жайқалып өсіп жатқан жас терекше.

Айбыны мен айдыны астасқандай,
Дәuletі мен сәулеті асты ерекше.
Дәuletті ұстайтығын әулет керек,
Ұрпағы қазағымның қаптап өссе.
Астана Бәйтеректей аспандаған,
Дәл сондай ұлтымыздың жастары өссе.
Орталық көшесінде күзетің бар,
Тәртіп пен тәрбиені бастау етсе.
Полиция деп жазып маңдайына,
Ерекше беріп қойған ақпар етсе.
Ал біреу интервью беріп тұрып,
Қазақшасы жоқ дейді қазсандағы.
Біздіңше жаңағы айтқан сол терминнің,
Баламасы, шындығы сақшы емес пе?
Бәрін де бір мысалмен білдірейін,
Менің тілім балдан да тәтті емес пе?
Сапырып қызыл сөзді көбейтетін,
Шақырып жатқаным жоқ тәбелеске.
Шырынбек, мыңнан біреу айтып тұрмын,
Демессің жақсы сөзді тапшы емес пе.
Астана қазақ тілі болғаннан соң,
Қазақша жазып қоіған жақсы емес пе?!

ШЫРЫНБЕК:

Сұраққа жауап алғып жас баладан,
Шапанының етегін басқан ағам.
Тілге келіп тиістің Астанада,
Қоятын кінә таппай басқа маған.

Тараздан Астанаға орағытып,
Жоқ жерден Америка ашқан ағам.
Фараби парсы жақта оқығанмен,
Аузынан Отырарын тастанаған.
Қазақ тілі жөнделер Астананың,
Әзірге кем болмай тұр еш қаладан.
Мен мына ақын болып шығып тұрмын,
Қазақта ең ежелгі астанадан.

Өрілген өзгеше бір өрнекпенен,
Қазақы қара өлеңге шөлдеп келем.
Ағайын, тіл жетпейтін түкпір бар ма,
Алысқа құлашымды сермеп көрем.
Таразым тарих пенен құрдас қала,
Ежелден маңайынан ел кетпеген.
Ғұндардан талай бергі ғұмырында,
Кімдерді тал бесік бол тербетпеген.
Тарқатып Таразымды жырлайын деп,
Төменгі Талас жақтан өрлеп келем.
Тарихын тереңірек танылмаса,
Баратын болашаққа жол жоқ деген.
Таразым жау, дұшпаным көз қылған жер,
Көпті көріп, көнені тоздырған жер.
Алып ер Тоқа баба тұлпарының
Тұяғы тасын илеп саз қылған жер.
Тасына Кек түркілер тіл бітіріп,
Руна-ойма жазуын жаздырған жер.
Жібек жолдың кезінде кемелденіп,
Ұрым, Қытай арасы сөз қылған жер.
Қара қытай қырылып қынадайын,
Иісі мұсылманды мәз қылған жер.
Қасиетті Қарақан бабамызды
Ай мұсін Айша аруга кез қылған жер.
Бабалар мұрасының мұртын бұзбай,
Ғасырдан ғасырларға оздырған жер.
Шайырларды мінгізіп шабытына,
Ақындардың арқасын қоздырған жер.
Айналайын, Таразым,
Иісі қазаққа мактан жер.
Керей мен Өз Жәнібек
Қазығын алғаш қақкан жер.
Азаматтары ақтаңгер,
Қазанаттары қақпан бел.
Таяқ ұстап келгендер,
Тұлпар мініп шапқан жер.

Айналайын, Таразым,
Арайлап таңы атқан жер.
Табиғатына тамсанып,
Күн де қимай батқан жер.

Бал тілді, шырын сөзді Шырынбекпін,
Шерткелі шығып тұрмын сырын көптің.
Аллаға құл, адам қол болсам деген,
Пайғамбар жолындағы бір үмбетпін.

Талай тарлан ақынды жолға тастап,
Тараздың тойында бір дүрілдеттім.
Байшұбар аттай келген бой жасырып,
Ілгеріде назарға ілінбелпін.
Қаракұрт шағып алған түйедей қып,
Өзінді бір келеді дірілдеткім.
Өнерге оң иығын беріп тұрған,
Оралым ордасы еді бұрын көптің.
Көшербаев көшкелі Мәскеу асып,
Тыңдайтын жан қалды ма жырын көптің?
Көктегі күн бетін бұлт торлағандай,
Кеткені қыын болды Қырымбектің.

МЭЛС:

Дейсің ғой Таразымда дүрілдеттім,
Алдына шықпағам деп бұрын көптің.
Сол айтыстан тағы бір үзінді алып,
Ақтандай алдымыздан сібірлеттің.
Шырынбек, запастарың көп екен ғой,
Тағы да Алматыда күбірлеттің.

Ақындық жолында сен егіз едің,
Немесе тербетілген теңіз едің.
Сақ едім, скиф едім мен бұрыннан,
Жайлаған Сырдың бойын оғыз едім.
Сол Сырдан Маңғыстауға көшіп барып,

Түрікпенді түре қуған қобыз едім.
Ағанды атан түйе дейсің бе сен,
Білместен тегімізді тегі менің
Өзінді қаракұртқа балап тұрсын,
Белгілі қара жерден көрінерің.
Түйемін деп тапамай-ақ мен сені,
Қаракұрт болсаң қойларға жегіземін.

Жаздағы белгісіндегі жақын күздің,
Шаруаны ерте қамдап жатырмыз мың.
Найзасының ұшы алтын деп айтатын,
Бабамыз болған екен батыр біздің.
Оралға Қадыр ақын көшіп келді,
Жыр болды сонда айтылған шашу біздің.
Қатимолла ағамыз сәлем айтты,
Міндет қой аға сөзін тасу біздің.
Қазақтың театрын салып алдық,
Белгісіндегі тарихқа басулы іздің.
Спорт-мұз сарайы да көз тартады,
Мұнымыз болған екен ақыл біздің.
Жайығым шалқып жатыр көктемдегі,
Өлеңіндегі Ақұштап ақын қыздың.

Таба алмай біздің осал буынды ақыр,
Айғайшыл ағайындар суынды ақыр.
Тұяқ пенен ұяттың ізі қалған,
Нарындей нардай шөгіп құмым жатыр.
Ұл-қызыым жүлдyz болып жарқыраған,
Бесікте бұлқынатын ұлым жатыр.
Құлагер болатұғын өзің айтқан,
Биемнің құрсағында құлын жатыр.
Қырекен ерекше бір жігіт еді,
Болғандай арғы атасы бұрын батыр.
Орында бар оңалар деген сөз бар,
Айтайық тыныштықпен тынымды ақыл.
Оралдың Достық деген даңғылында,

Қайтадан атқа мінді Сырым батыр.
Қылышым жарқылдаған қынымда тұр,
Ырысым әнімменен жырымда тұр.
«Екі айдайды» шырқаса елжіреткен,
Мұхиттың әндерінде мұным жатыр.
Паң көйлекті паршадан тіктіргендей,
Бойжеткенге білдірген сырым жатыр.
Шырынбек, сондай сондай жаңалық бар,
Айтыста менің айтар сырым жатыр.
Байтақ Қазақстанға бақ қонды деп,
Сәбілер бесігінде құліп жатыр.
Сәбілер періште ғой мұның берін,
Кім істегенін біліп жатыр.

Сондықтан жан-жағыңа алақтама,
Дейсің бе мына маған жалақтама?
Артында ұстазыңыз сөйлеп отыр,
Оқышы парасатпен паракта да.
Төрт минут қалды дейді саған Шөкен,
Сенбесең саусақтарын санап қара.

ШЫРЫНБЕК:

Өмірден ақын едің алғаны көп,
Әлі де аты желіп бармағы көп.
Қара құрттай болсам мен қасыңызда,
Сөзімнің, халқым, ешбір жалғаны жоқ.
Түйені шағып бүгін өлтірген соң,
Қарақұртты қой жесе арманы жоқ.

Алматы дуылдады Мэлс келмей,
Шынайы қалпынды еш келіспегей.
Інінің балғын жырын қабылдашы,
Әр жерден тұзак құрып терістемей.
Артымнан Шөкен бүгін сыбырласа,
Ол кісі оң иықта періштедей.

Жүректен шыққан сөзім елге жетіп,
Бос сөзді мен қайтейін ермек етіп.

Дәuletкереңді жеңген Ринат құсап,
Мәлсті кетейінші дөңгелетіп.

Бұл Мәлс заманында бай кісі еken,
Өлеңге төрт түлігі сай кісі еken.
Түре-сүре жұмбағы қайымы бар,
Жекпе-жек айтыстардың қайсысы еken.
Аман шықsam, бозқасқа болмаса да,
Ақсарбас атайдұғын айтыс еken.

Тізгінің қоя беріп күренімнің,
Әжетіне жарайын бір елімнің.
Жетпіс жыл желкемізге отырғызып,
Айтқанын істеп келдік Кремльдің.
Көзіңнен нұр, жүзіңнен иман тайып,
Қазағым, қашқаны-ай реңінің.
Алтын күрек желімен азаттықтың,
Мұзы қайта еріді жүргегінің.
Сәждеде жатып дұға тілегейсің,
Алладан үзілмеуін күдерінің.
Шынайы мұсылмандық жолға түссек,
Шырайы кіреді еken шын өмірдің.
Сұңгідей қызыл тілім сүйірленіп,
Сөйлейін тұрған шақта күйім келіп.
Кешегі көк түркілер кезеңінде,
Бір тәнірден басқаға иілмедік.
Ислам дінін Алла нәсіп етті,
Бабалар ниетіне пейілденіп.

Намазben, сабырменен тілегеннің,
Жаратушы жарылқар сыйын беріп.
Іісі қазақ тапса еken құбыласын,
Иманға бетін бұрып, белін иіп.
Бір Алланы шынайы сүйген пенде,
Мың адамға қарайды мейірленіп.

Қайнаған қара судай сақырлайсын,
Сөзінің балы болса татыргайсын.
Тұрпатыңа қарасам тобық жұтып,
Толқыған жілік сындырар батырдайсын.
Сөзінің сексеуілдей қызыу жоқ,
Әнишейін шөп-шалаңдай лапылдайсын.
Естуімше ұстаз боп ұлағатты,
Жұмысты да істеп бір жапырмайсын.
Күндіз беташар, түнде той қуалап,
Сабағында сабыр сақтап отырмайсын.
Бекет ата ұрпағы болып тұрсан,
Иманға елді неге шақырмайсын.
Бес уақыт намазды айтып не қылайын,
Бір мезгіл жұмысты да қатырмайсын.

МЭЛС:

Ағайын арқалатса аманат шым,
Ақының жыр тұлпарын тағалатысын.
Қатты айтам, тәтті айтам деп неғылайын,
Шырынбек, сен өзімдей азаматсын.
Тараздың тарихы бар мың ғасырлық,
Сен содан шыққан қазан атсын.
Ағанды дөңгелетем деп отырсын,
Келесің маған қарай жағалап шын.
Халықтың дауысына қарағанда,
Сенің өзің дөңгелеп бара жатсын.

Шырынбек, айтыс деген майдан көрдің,
Тұлпардың тұқиянын тайдан көргін.
Тараздың айтысында бас жүлде алыш,
Талайға айтысқанда майдан салдың.
Шөкенді ұстазым деп айтпайсын ба?
Құшағына кіретін жайғанда елдің.
Періштені көретін киен бар ма?
Немесе кеседегі шайдан көрдің.
Айдаров Шорабегін ақын еді,
Сақалды періштені қайдан көрдің?

Жыр теңізі алдында,
Сапырайын деп келдім.
Арыстандай айтиссам,
Атылайын деп келдім.
Өзініздей інімді,
Қасыңызда отырып,
Бақылайын деп келдім.
Ізімнен менің ергесін,
Кетпейді сені жек көргім.
Қайта-қайта тиісіп,
Бос сөзбенен шектелдің.

Сабағымды беремін,
Сабақ түгіл шәкіртке
Қабағымды беремін.
Дейсің бе сен дәл сондай,
Оқытайын деп келдім.
Сен біреуді кекетіп,
Қалың елдің алдында
Тұқыртайын деп пе едің.
Қатырмасам жұмысты,
Сеніменен айтисып,
Қатырайын деп келдім.
Айтыстың алтын сандығын,
Ашатұғын кілтін-ай,
Мына отырған қол соғып,
Жұлдыздайын жылтылдайт.
Әр нәрсені бір айтып,
Інім неге сылпылдайт.
Тұзден қашқан тұлкідей,
Бұлақ қағып қалтылдайт.
Қара құрт боп бастадың,
Сен айтыстың басында.
Мұндай сөзді кім тыңдайд?
Енді намаз дейсің ғой,
Оны Мэлс шын тыңдайд.
Қара құрт деп қақсамай,
Құрты құрысын Шырынбек,

Заманымен алысқан,
Ауыздықпен алысқан,
Құртыңды айтпа,
Ұлтыңды айт!

Тұлпарлардың дүбірлеп,
Шапқан кезде түяғы,
Ақындардың алысқа,
Кететіндегі қиялы.
Алақаныңызға түскесін,
Айылын қалай жияды?
Өзіңе барлап қарасаң,
Көзге алыпсың қияны.
Қияға бірақ қонғанмен,
Өзінді баста өсірген,
Қателігін кешірген,
Ұмытпассың ұяны,

Періштеніз артында,
Тағы келіп отыр ғой,
Елендейді өзіңе,
Бір сөз айтып құлағы.
Шырынбек айта ғой,
Тарқасын жүрттың құмары.
Бай деген байға құяды,
Сай деген сайға құяды.
Кедей қайда құяды?

ШЫРЫНБЕК:

Ініңіз аламанға жарап қалса,
Жарамас осы жерде қарап қалса.
Шөкеңнің жайын елге айтайыншы,
Ағамыз шежіресін таратқанша.
Шүкшиып Шөкемізге қоймадыңыз,
Қайтейік бұл Мәлсті жарактанса,
Шөкеңнің сақалына тілің тиіп.
Тырайып қалып жүрме таң атқанша?

Шырынбек ойларына қосылады.
Айтары халықтікі, осы маңы.
Кедей қайда құяды деп сұрайсыз,
Шырынбек сырын неге жасырады.
Бұл заман қасқыр ауыз, тұлқі құйрық,
Тұлқідегі ізін қайта жасырады.
Кедей деген кішкене бұлақ сынды,
Теңізге жете алмай тосылады.

Байқасам сіз жақтағы жағдай бөтен,
Сонда да отырысың сондай бекем.
Бейнамаз сен айтпай-ақ Оралдағы,
Бас имамың мешітке бармайды екен.
Мешітке күнде-күнде баар едім,
Машинам жок деп елді алдайды екен.
Терезесін қараңғылап алған бірак,
Көлігі қара жолда заулайды екен.
Имамың қандай болса Мэлс ақын,
Иманың мына сенің сондай ма екен?

Ұрпақпаз ұлылықтың ұғар мәнін,
Қашанда жақсылыққа құмар жаным,
Алланың разылығын мұрат тұтқан.
Мұсылман қауымына жыр арнадым,
Адамзатқа сыйлығы бір Алланың.
Кітаптардың ұлығы Құран Кәрім,

Исламда даналық көп қайран қылар,
Жұмсартып жүргегінді жайландыра.
Иманға келіп ізгі іс істегендер,
Амалсыз айналасын ойландыра.
Асықпай байитұғын мұсылмандай,
Байыппен ақылды адам байлам қылар.
Пешенеңе намазды жазсын Алла,
Пендені періштеге айналдыра.

МЭЛС:

Айтыскер ақындардың күні бір ғой,
Күні бір болғандықтан тілі бір ғой.
Тілі бір дегенімде өз алдына,
Сен айтқан мұсылмандық діні бір ғой.
Ағам, - деп мен Шөкене еркелеймін,
Ұлттым үшін айтылған ұлы жыр ғой.
Сен несіне боласың бұлқан-талқан,
Дегендей мұнда сөздің құны жүр ғой.
Сақалының киесі бар деп айттың,
Мұнда да біраз сөздің құны жүр ғой.
Шорабекпен айтысқан ақындардың,
Құдайға шүкір бәрі де тірі жүр ғой.

Шырынбек, әр нәрсеге бағаңыздай,
Демеймін мінейтүғын табаңыздай.
Иманымды имамға сата алмаймын,
Сондықтан шалқи бермей шамаңызды айт.
Орнына оны қойған мен емеспін,
Әбсаттар Дербісалин ағаңызға айт.

Халайық қадірінді білсін десен,
Жоргадай жолға түсіп бұлқілдесен,
Суырып салмалығың білінбеді.
Куырып жер танабын бұлқілдесен,
Және де айтқыштығың білінбей ме?
Бұлқілдеген кезінде іркілмесен,
Ағайынның көңілі пәс қалады,
Қырандай қанат қағып сілкінбесен.
Астанадан келгесін ат арытып,
Жібермеуге тырыстың мүмкінді сен.
Облыстың жағдайын ойламасақ,
Астанада ай қарап жүрсің бе сен!

Ұлы үшін қай кезде де ұлты шындаі,
Жігіті өскен етдің жұрты шымбай.
Өмірдің алуан-алуан қырлары бар,
Көңілдің жазылмаған қыртысындай.

Тойдан жұртый тобықтай сарқыт алар,
Тәберікке таратқан жыртысындей.
Айтысындар деген соң айтамыз фой,
Сенімен келгенім жоқ қырқысуға.
Сезіміңіз лап ете қалады екен,
Сексеуілдің от тиген шырпысындей.
Түрікпеннің төрге ілген кілеміндей,
Түрлі-түсті бояуға түр - түсің бай.
Ағасының айбыны айтыстағы,
Інімізге жолықкан ілкі сындей.
Бүріп алып кетпесен бүркіт құсал,
Жылқы түгіл қимайды тулкісіндей.
Сағынған көрерменнің көңіліне,
Жырларың оралсыншы жыл құсындей.
Сағындырып шыға бер сахнаға,
Тараздың тарлан ашқан жылқысындей.
Қиқулатып жіберші қалың елді,
Өзбек дутар тартқан, түркі сырнай.

ШЫРЫНБЕК:

Ағасы, елге мынау жағып жүрсін,
Әртүрлі әуеніңе салып жүрсін.
Заманның тамырынан басып айтыш,
Қазақтың қас-қабағын бағып жүрсін.
Бір имамға сөзіңіз өтпесе егер,
Бекеттің ұрпағы неғып жүрсіз?

Айтайын Таразымның жаңалығын,
Жасарып жаңғыруда қала бүгін.
Құдайдың жердегі үйі бой көтерді,
Алланың дәріптейтін даналығын.
Жамбылда жаңа мешіт салынбаса,
Жамағат сияр емес қаракұрым.

Жақсылар көрінеді кімге бөтен,
Жамбылдың әкіміне құрмет етем.

Қазақшылық қалпынан бір танбайтын,
Жан еken тілге берік, дінге бекем.
Жағалай киіз үйді тігіп тастап,
Қымызға қанып дәурен сұрмек еken.
Құдайға құлдық ұрган мұсылманға,
Араққа бөгет болу міндеп еken.
Арак деген адамды аздыратын,
Ілгеріден келе жатқан індеп еken.
Ішімдік ішкізбейтін Үмбетовтің,
Істері ұлылармен үндес еken.
Жамағатты шақырса жақсылыққа,
Әр мұсылман әкімге сұннет еken.
Үмбетов Серік әкім шын мәнінде,
Мұхамбет пайғамбардың үмбеті еken.

МЭЛС:

Тарлан ат оза шапса, таңнан шығар,
Ақын болсаң қолдаған Аллам шығар.
Білеміз Үмбетовтей әкімінді,
Демеймін сенің сөзің жалған шығар.
Ел алдында қатырып мақтағанға,
Қалтаңа бес-он тыын салған шығар.
Бүтін бақыт болмаса жарты қайғы,
Ағаңыз әрі қарай арқырайды.
Өнердің жолы біреу білесің ғой,
Сонымен жүрген адам сарқырайды.
Саясат пен өнерді шатастырсақ,
Жігітің қарап тұрып қалтырайды.

ШЫРЫНБЕК:

Айтарынды айт тиер болса елге себі,
Бұл інің өлең жырды селдетеді.
Ағайын, жеке кетсем осы айтыста,
Ағам да орамалын желдетеді.
Кішкене оң мен солын танығанша,
Кішілер үлкендерді терлетеді.

Жұдырықтай баламен жағаласып,
Қоймайтын жан екенсің сен де тегі.
Болғалы тұрған бала екенсің деп,
Жолынды беріп кетсең нең кетеді!

Күрмеуі тілдің бүгін шешілер күн,
Өресін өлең сөздің өсірермін.
Ұлбикенің ұрпағы болғандықтан,
Мен енді ұзағымнан көсілермін.
Шоқты тілді Шорабектің шапанынан,
Шықтым да қара өлеңнің көшіне ердім.
Әзімбектей ағам да әсер еткен,
Айтыста болуына несібемнің.
Еркелеп ел-жұртына жүруші еді,
Ертерек кеткені-ай есіл Ердің!

Өмірден өтсе жайсаң-қасқалары,
Қазақтың жанарынан жас тамады.
Әзімбектің әуені құлақта тұр,
Су аққанмен сонында тас қалады.
Нұртайға бір Алланың нұры жаусын,
Айтыс сайын атаусыз тастамады.
Кешегі өткендерді ұмытпасаң,
Ертенгі ұрпақ біздерді еске алады.

Ағайын, құт боп наурыз ұлысымыз,
Тасысын тайқазаннан ырысымыз.
Ағаларым, аман-есен жүріндерші,
Алтынға толар сонда уысымыз.
Сексенінде секіріп мінген атқа,
Ата жолын сізде аға қуысыңыз.
Немеренің әйелі сәлем салып,
Шөберенің қолынан су ішіңіз.

ОРАЗАЛЫ ДОСБОСЫНОВ ПЕН РИНАТ ЗАЙЫТОВТЫҢ АЙТЫСЫ

ОРАЗАЛЫ:

Қысқарып қыстың қыныр ұзақ таңы,
Сыңғырлап Алатаудың бұлақтары.
Иншалла, 2004 көктемі кеп,
Теңеліп күн менен түн тұрақтады.
Ассалаумагалайкүм, Алты алаштың
Кемпір-шал, жас жеткіншек құрақтары
Алдыңа шықтық бүгін бұл айтыстың,
Аузымен құс тістеген пырақтары.
Ринат меніменен шығып қапсың,
Төртінші рет бағынды сынасқалы.
Депутатпен айтысып аман қап ем,
Бір әртіске көрейін шыдап тағы.
Ағайын, өздеріңіз қолдап отсан,
Бір аттап өтуші едім бір аптаны.
Алла, деп алдыңызға келіп түрмүн,
Өрнекті өлеңімен сыр ашқалы.
Кірпігімді қүйдіріп бара жатыр,
Күндей нұрлы жүзіңнің шуақтары.

Босаңсып қалғанымен буындары,
Отқа түсіп Өзбекстан дуындағы,
Оқ бойы озық келіп, алған бәйген
Құтты болсын, Ринат, жуырдағы.
Өзбекстанға қүйеу болам деп келіпсін,
Арзанға түседі-ау деп шығындары.
Олар саған қалайша қыз беріп жүр,
Қимаушы еді, құдайдың сұын - дағы.
Оңтүстікті науқанда судан қысып,
Өтелмеуші еді халықтың шығындары.
Жақсы болды сені енді жібереміз,
Мақта жақсы шығады биыл-дағы.
Сенің бұл ісіне шын қуанып жүр,
Шымкенттік ағайынның бүгін бәрі.

Ел түгіл, енді шөлім қанады деп,
Мәз болып жүр түйе мен сиырлары.
Неде болса бір істі бітіріпсің,
Балалықпен қоштасып бұрындағы.
Бұл да бірақ шалалық боп жүрмесін,
Тұлкідей ізінде көп шуылдағы.
Әй, бірақ қалды ма еken сен алам деп.
Алдамаған қазактың сұлулары.
Ринат, аттың басын жібере бер,
Сөз кезегі тұр саған бүйірғалы.
Айта білсең аузыңа түсіремін,
Шумақ-шумақ сөзінді ойындағы.

Саңылау болса санада,
Тентек өскенмен бала да,
Алды-артын тең түзулеп,
Теңеледі еken данаға.
Ринат, шақтап шамаңа,
Күш саларсың санаға.
Қас батыр шабар қараға,
Жас батыр шабар далаға.
Далақтап кетпей құр босқа,
Салмақты сөзді сарала.
Менімен жиі тіресіп,
Женілген сайын күресіп,
Тостағандай басың да,
Толып қалышты жараға.

РИНАТ:

Ореке, айтылды ғой тылсым әнің,
Мен де енді бір биікке құлшынамын.
Алам, деп айтқан қызыым қазақ еді,
Несіне оған, аға, қырсығамын.
Айып па, жер ортасы шекарадан,
Ап келсем, қазағымның бір шынарын.

Біссіміллә, сөз бастайтын дәстур еді,
Мен бүгін жекпе-жекте бәс тігемін.

Қоздырсаң қикуыңмен шабытымды,
Түйінін тоқсан сөздің тапсын ерің.
Қалайша тосылайын топта осынау,
Көргенде ағайынның жаксы реңін.
Дәл аштың көnlімнің қақпаларын,
Алаш, деп дүрсілдеген жас жүрегім.
Ешқашан еңкеймесін Егемендік,
Бейнеттің талқандаған тас түнегін.
Көгінде бостандықтың жалын шашып,
Қыраным, қанатынды қақшы керім.
Қазақтың бағы қашан қашады деп,
Көршілер тізіп отыр тәспілерін.
Бір жақта жұз миллион маскунемің,
Бір жақта бір миллиард қаскунемің.
Армысын, алдырмаған екеуіне,
Азы алты қарыс қасқыр елім.

Сахна қанат берген төр тұғырым,
Болмайын өлең десе олқы бүгін.
Тұрғанда бостандықтың байрағы мың,
Шертпейді жанарымның мәлтілі мұн.
Кеудемнен соктырып бір жыр желімді,
Маржанын тербетейін көл түбінің.
Сан дарын өтсе-дағы сүм жалғаннан,
Солардан сарқыт болған мен тірімін.
Қасқыр ел, өзің барда ешқашанда,
Таланбас ешкімге де бөлтірігің.
Жайнатып өлеңменен өмір гүлін,
Жаңбырдай жыр төксінші өңірге ұлың.
Келдің бе аман-есен, Оразалы,
Сақталған санасында өнімді ұғым.
Шашаңа шаң жүктірмай шаба білсең,
Бөгейді бұл айттыста жолынды кім?
Ол рас, мен үш рет шегініп ем,
Ол кезде момын болып көрінді інің.
Ал, енді шын айқасқа дайынсың ба?

Алайық басын ашып соның бүгін.
Тәуірін көрсетпесең тіресіңін ,
Бауырың байқатпайды момындығын.
Ораздың айдауына көне берсен,
Бес тын емес пе екен менің құным.

Тыптыршытып көрейін,
Құлмамбеттің құлынын.
Төкпе жырмен төпелеп,
Алайын біраз тынымын.
Шырылдатып шыбынын,
Шығарайын шығынын.
Бермен қара ағасы,
Осал емес бұл інің.
Ақтанберді жыраудың,
Бүгінге жеткен үнімін.
Таныңдың ба сен, аға,
Ақтайлақ пен Дулаттай
Асылдардың сынығын?
Тұяғы болған мен едім,
Қабанбайдай ірінің,
Абайдайын ұлының.
Ешкімнен қорқар жайым жоқ,
Құдайдың ғана құлымын.

ОРАЗАЛЫ:

Жөнім жоқ бұл сөзіңе үндемейтін,
Ықыласты інім ең тілдемейтін.
Қазақ қызын Өзбекстаннан алыш келсен,
Қосағыңмен қоса ағар, гүлдегейсің.
Оралманды отанға оралтып ап,
Үйсіз-күйсіз қаңғыртып жүрмегейсің.

Сөйлейін сөз кезегі маған келді,
Дәл бүгін жақсы басқан қадам болды.
Елбасы жолдауында қадап айтты,
Тұрғын үйдің бағасы барап жерді.

Енді соған құлақ асып ары қарай,
Компаниялар арзан үй салар ма енді?
Өзіңіз бастап оны қолға алыңыз,
Дінүлі Ермегияев Амангелді.

Байыған сайын қалтырап,
Басшылар жүр пұл санап,
Арзан үйді кім салмақ.
Қарапайым халыққа,
Қайдан келсін мұнша бақ?
Салынғанмен ол үйлер,
Министрмен, әкімдер,
Таныс-тамырын түмшалап,
Соларға бәрі жұмсалмақ.
Қара халыққа тимейді,
Үй түгіл жіп те бір сабак.
Аспаннан киіз жауса да,
Сорлыға тимес ұлтарақ.

РИНАТ:

Ау, мен өзі көруші едім сізді жақын,
Жан едің ғой думанды қыздыратын.
Оралманды үй-күйсіз қаңғыртып ап,
Бұзба деп айтасың ба қыз мұратын.
Адамарға үй бермей қаңғыртатын,
Храпуновтай емес еді біздің әкім.

Ау, сөйлесем кете берер наз ағыла,
Тарлықтың тап келген соң тажалына,
Сіздің әкім неліктен, Оразалы,
Жан адамды жолатпайды қазанына?
Онсызда аз болды ма бұғаулаған,
Басқаның шыдағанды азабына.
Таугүлге мектеп салып беремін деп,
Өтірік сөйлегені мазағы ма?
Жок, әлде мектебі жоқ жас балалар,

Қазақ боп тұғанына жазалы ма?
Алты Алаш ауылының тұрғындарын,
Қанғыртам деген қара, азабына,
Алматының әжім түсіп ажарына,
Ару қала осылай азады ма?
Алматым айбыны асқақ мәңгі астанам,
Қытайдың айналмасын базарына!
Ақынның көкейінде жүрген нәрсе,
Әкіміңнің ілінсін назарына.
Болмаса Димаш атам тіріліп кеп,
Енді Алматы салмайды қазағыма.

Еу, жігіт едің ғой ағасы,
Жаманға сырын ашпаған!
Әдепсіздікке баспаған.
Алматы сенің мекенің,
Әл Фараби бабамның,
Ордасы болды баспанаң.
Ғасырдан ғасыр өткенде,
Тасқа айналған хас бабам,
Еу, үрпағыңды кеше гөр,
Ескерткішінді бұл күні
Үшке бөліп тастаған.

Бұл әңгімені бастасам,
Тереңіне Ораз бойлай ма?
70 жаска толғанда,
Қарт КазГУ-дің шаңырағы,
Өкпесіз тойын тойлай ма?
Әл Фараби бабамның,
Ескерткішін жаңартып,
Қайтадан енді қоймай ма?!
Баба мұсіні құласа
Сүйекке таңба болмай ма?!
Жоқ әлде Сіздің басшылар,
Жаздың қамын асықпай,
Күз келгенде ойлай ма?

Ау, ол рас, ақсандал жүр ауыл-аймақ,
Көмек көтермеген соң әлі байрак.
Малы барлар санаулы малын айдал,
Малы жоқтар қораз бен тауық айдал.
Клуб пен кинотеатр атымен жоқ,
Кезінде тұратұғын бәрі жайнап.
Зан білмейтін ақкөңіл кемпір-шалдар.
Пенсия ала алмайды әлі де айлап.
Баяғы ауылдардың елесі жоқ,
Құрт-ірімшік толатын және қаймақ.
Көң тасыған көңілсіз жастары жүр,
Арақхана сыйлайды сауық-ойнақ.
Өкіметті түсінеміз уақыты жоқ,
Жүргеннен соң қара бас, қамын ойлап.
Соларға арыз айттып маңырайды,
Қорада қошқары жоқ кәрі саулық.
Маңырамай, қайтсін енді ол байқұс та,
Өтірікке жатыр ғой қаны қайнап.

ОРАЗАЛЫ:

Ай, жасамаймын мен эйтсе де тастан қоғам,
Ринат, сөзің сол ма, мақтанба оған.
Ескерткішті жаңарттып салмады деп,
Салғаның дұрыс болды «Аттанды» оған.
Кімге бүгін Ринат кінә артамыз,
Тілден пәле о, баста бастан болған.
Ай, қарасам ойың сенің әсем еді,
Сені де мына халық мәпеледі.
Әл Фарабидің бағыштап аруағына,
Ас бергелі жүр, жоғарғы жақ көкелері.
Құл - Мұхамбеттің айтқан сөзі рас болса,
Жаңа ескерткіш ол жерге әкеледі.

Ау, қарасам басында шын ақыл болмақ,
Тарамыс тастай қатқан тақым болмақ.
Аламанда ат көрпен ауып түспей,
Отырсың тағы бүгін әкім қорғап.
Хрпауновты өтірік айтады дейсің,

Дегенмен әкім біткен асыл болмақ.
Олар тек шындық сөзді айттар болса,
Қалайша ақын болмай әкім болмақ?

Ринат інім біраз білген шығар,
Қанша біз шындық жайлы айтқанменен,
Есептің барған жері “диірмен” шығар.
Крематорий жүрсе ол саламын деп.
Тұсіне жынмен шайтан кірген шығар.
Ленин құсап жексүрын болып қалмай,
Өртеніп кетейін деп жүрген шығар.

Ау, қазағымның көрмеген бейнеті жоқ,
Жер дауы, жесір даумен ержетіп ек.
Шегірткеге таланған қырғауылдай,
Тарихта тар жол, тайғақ жол кешіп ек.
Елім-айлап еніреп, ата-жұрттан,
Адасып айдалаға ел кетіп ед.
Ақтабан, алқа көл боп, бір кездері,
Қайың сауып, қасірет шер кешіп ек.
Дін мен діл тілімізден айрылдық,
70 жыл Ресейдің пендесі боп.
Итпен бірге таласып ит аяққа,
Тышқаннның інін қазып жем жесіп ек.
Осыншама қорлықты артқа тастап,
Ел болып егеменді төрге өтіп ек.
Ерекшелей білеміз Егемендікті,
Сонша көрген бейнеттің зейнеті деп.
Әлі де әттеген-айлар қаптап отыр,
Басшылардың кесірінен зердесі жоқ.
Қазақстан байлығын сатып бітті,
Енді елді сатуға келді очеред.
Құдай өзі молынан бере салған,
Қазақтың байлығының тендесі жоқ.
Көрінген көк ит оны басып жатыр,
Кәдімгі жетім қыздай женгесі көп.

РИНАТ:

Ау, Оразды ағайын-жұрт байқадың ба?
Тоқтадың ғой сәл басынды шайқадың да.
Маған қосыла кетіп жамандадың,
Бұл өзі райынан қайтқаның ба?
Ринаттың келуін күтіп журмей,
Мұның бәрін баяғыдан айтпадың ба?

Бұл заман жай адамды мәпелер ме,
Жұмыссыздығың абырой әперер ме?
Қаншама қазақтарды қаңғыртуда,
Түзету енгізбесе қателерге.
Қыздарың көше кезбе болып алды,
Құнығып салтымызға жат өнерге.
Басқа түгіл сәбиіне уақыт болмас,
Дорба сүйретіп жүрген тәтелер де.
Арба айдағыш “шоферге” айналуда,
Әрең-әрең күн көріп әкелер де.
Біздегі жылы жұмсақ бұйырыпты,
Жан-жақтан келіп жатқан көкелерге.
Еврей, түрік, қытай және кәріс,
Қазаққа құт-береке әкелер ме?
Терлеп-тепшіп диплом алған қазақ жасы,
Официант болып жүр кафелерде.
Нарықтан оза алмадық жарысқанда,
Табыс бар заман болды таныс барда.
Ақыннан шындық үні өшеді деп,
Мәңгілік тіл мен жағы қарысқанда.
Мен елімді ұлтшылдыққа қайрамаймын,
Тек қазақ несібенен қалыс қалма!
Тазы болып, түлкі алам дегеніңмен,
Арманың ұшып жатыр алыстарға.
Егеменді ел болдық десек-дағы,
Жалдандық кәріс, қытай, орыстарға.
Үкімет ел қорғаны десек-дағы,
Елге есеп беріп жатқан арыс бар ма?
Тонап-тонап жеген соң тайып тұrap,

Тығылған шүрегейдей қамыстарға.
2030 деген ертегі айтып,
Ұстанып ап бейкүнә барысты алға.
Мұншама ұсактасын деп тілеп пе еді,
Бабамыз ұрпак үшін алысқанда?
Неге біз үндемейміз осы күні,
Ағайын, осы бізде намыс бар ма?
Мұңсыз мызғи берсек, мысық құсап,
Ши бөріге де таланаρ арыстан да.

Ораздың мынау жаңа әні ме еді,
Келіскең сахнада сәні ме еді?
Бұл қалайша, ағасы соқтықпастан,
Қалбандаپ қашасың ғой ары-бері?

ОРАЗАЛЫ:

Қарасам, бұл баланың есебі ұсак,
Халыққа жай деймісің жеке құшпак?
Тартысып, айтысқың кеп отыр мысық,
Болмашыға тірескен теке құсап.
Жебенді тартпай жатып женем дейсің.
Осы саған жетпей тұр өте нысал.
Бұзуды ғана ойлама, тентек інім,
Сүзуді ғана ойлаған теке құсап.
Абай туған өлкеден,
Аламанға кеп жүрген.
Шәкәрімді туған топырақ,
Саған да дәнін тергізген.
Ұлағатты ұстаз ағаның,
Мұхтардайын дананың,
Даласы емес пе еді сен жүрген?
Сол елден келіп жатқан соң,
Ерекше сыйлар інім ең.
Елдің жайын жырымен,
Едігедей жеп жүрген.
Бас білмес асау інім ең,
Бала күнімді сездірген.

Шығарып терін таңдайдың,
Алыстан бүтін барлаймын.
Өзің біліп отырсың,
Баарар жерін жағдайдың.
Менен бұрын, ей Ораз,
Айтпадың ба деп қалдың?
Ол жағынды да барлаймын.
Елдің жайын айтып мен жүрмін,
Айтқанға тағы қанбаймын.
Келген күнінен бастап айтқанмын,
Храпунов пен Шалбайдың.
Елдің мұнын даулаймын,
Елдің мұнын дауласам,
Жанған оттай қаулаймын,
Атқан оқтай заулаймын.
Көктебені су алып,
Тауы қозғалып Талғардың,
Елден маза кетіп тұр.
Мұнына құлақ тосатын,
Адам жоқ бүтін барлаймын.
Еншісінде қазактың,
Ұланғайыр дала бар.
Хан тәңірден бастайын,
Шындардың шыңы саналар.
Шудасына мұз қатқан,
Өлкесіне мұз артқан.
Алатауым ала нар,
Құншілік жерден мұнартқан.
Қаратаяым қара нар,
Арқаның алып даласы,
Байлықты кені саналар.
Алтайдың таулы сағасы,
Түркінің түбі таралар.
Жер шоқтығы Көкшетау
Шаншылып көкке қадалар.
Сырдарияның саласы,
Оңтүстікке қандай баға бар.

Еділ, Жайық екі өзен,
Каспиді барып паналар.
Батысымның байлығы,
Бар әлем түгел бағалар.
Осынша жерде отырған,
Халқымыздың көлемі
Ұлтарақтай ғана бар.
Байлықты сатып бітірді,
Атқа мінер агалар.
Өз байлығынан қайран ел,
Еншісін қашан ала алар?
Байлығы құрысын уланған,
Қанымыз қашан тазарап?
Деніміз дергтен сауығып,
Жабағым қашан таралар?
Етігім қашан жаңарап?
Қайран да ғана қара нар,
Қасиетті бабалар,
Халқының қамын ойласа,
“Үйқы беріп, қайғы алған,”
Қасиетті даналар.
Солардан қалған тұяқ жоқ,
Тұяқтар кеткен қиял бол.
Сол тұяқтан аман-сау жеткен,
Қираған, сынған таға бар.
Ол тағаның өзін жиып ап,
Қытайға өткізіп жіберген
Еңбегі еш, тұзы сор,
Кедейден туған бала бар.
Елім қайтіп оңалар?
Жерім қайтіп жаңарап?

РИНАТ:

Шабыттанып отырсың,
Мен де біраз айтайын,
Ал, Ораз, енді елесен.
Райымбектің басында,

Арақ сатып жатқанын,
Баяғыдан Оразжан,
Айтпай жүрсің неге сен?
Осы отырған тұлғанды,
Жылпың-жылпың ететін,
Жылпостарға теңесем.
Басында мәңгі бақ бардай,
Болмашыны акпарлай,
Түсініксіз тенеумен,
Сөз сөйлейсің сақтанбай.
Сөзіңе сенің қарасам,
Саңырауға қоңырау қаққандай.
Ұйқасына қарасам,
Құмырскаға таға қаққандай.
Кутың-кутың етесің,
Қалбаң-қалбаң сөйлейсің,
Арқана тақым батқандай.
Айтысқа келсен әйтеуір,
Үйтем-бүйтем, сүйтем деп,
Отыра алмайсың мақтанбай.
Ораз, Ораз дегенге,
Масаттанып масайрап,
Көзінді шел жапқандай.
Маңырай берме тағы да,
Адасып кеткен лақтай.
Тұрғанында осындей,
Табаныма тапталмай,
Абыройың, аман-сау кезде,
Ауылыңа енді аттанғай.

Қиқулап елім дем берсен,
Бұл балаң қалай көсілмес.
Тіл-жақ аман тұрганда,
Отынды ұлың өшірмес.
Бастықтың жайын мен айтсам
Басымнан аспан көшірмес.
Шіренген шенеуніктерің,

Ойламас жетім-жесірді еш.
Басы жоқ бастықтарымыз,
Сүйрете алмады көшімді еш.
Айтпасам бүгін соларды,
Болыш кетеді сосын кеш.
Виллада тұрмай сол байлар,
Пәтерде тұрса мекен ғып,
Еттерінен ет кесілмес
Иномарка мінбей ортаң қол,
«Волганы» тұтса қанағат,
Жамбастары тесілмес.
Ал, содан қалған ақшаны,
Жеп, тықпай берсе ауылға,
Мәселе қалай шешілмес.
Тек оны ұқпайтын ұқімет,
Көзіне мұны еш ілмес.
Ескертіп айтам соларға,
Асқақтап кеткен арсызды,
Алланың көзі кешірмес.
Елдің жайын айтқанда,
Ешкімнен сырды ірікпегем.
Жаңа ұқімет келгелі,
Жағдай кетті күрт төмен.
Депутаттар жүр баяғы,
Ақылдаспайтын жүртпенен.
Еліме керек заңдарды,
Саусағыменен тұртпеген.
Ұқімет пенен бірлесіп,
Бетімнің көркін кетірген.
Сыбайлас сақал-мұртпенен.
Олардың заң деп шығарған,
Қауқарсыз ана қағазға
Қолыңың майын сұрт дер ем.
Жетімдер кетті зар жылап,
Сатылып жатып сыртқа ерен.
Жерінді сатып жатқанда,
Біреу болмады қынқ деген.

Қайта үндесін байғұстар,
Бәрінің аузын кілттеген.
Бірлесіп қазан қайнатқан,
Қалтасы қалың қыртпенен.
Премьер деген көкеме,
Ойыншық болды жұрт деген.
Әй, бірақ ол да қуыршақ,
Басқарылатын пультпенен.

ОРАЗАЛЫ:

Ау, жалғайық, енді Ринат сөзімізді,
Баспасын келімсектер төрімізді.
Қиқу салып отырған ағайын жұрт,
Тапқандаймыз біз бүгін теңімізді.
Ақындардың қоздырып делебесін,
Сөзіміз тілден шыққан өрілулі.
Көптен менің өсірген мерейімді,
Құдай Сіздің көтерсін көңілінді.

Ринат, бізге он минут қосыльшты,
Алсын деп бірін-бірі екі мықты.
Осындай қолпаشتаған елі барда,
Ақын калай тосылар аламанда?
Ринат білемісің, білмеймісің.
Бір кезде мынандай кесім кесіліпті.
Жыланды білмейтүғын байқұс бала,
Ала жіпті арқаннан шошынышты.
Берейін енді саған сөз кезегін,
Бұлкілдегелі отыр-ау өз көмейің.
Өнерінді өсірсең ел алдында,
Қалайша жақсылармен тен демеймін.
Шабытың қозып шіркін отырса бұл,
Ринат, сөзді жалға мен берейін.

РИНАТ:

Ау, байрақ бол көтерілсе айбат алға,
Болмайды бос айтысып, жай жатарға.

Жылан білмес ала жіптен шошынад деп,
Орекең өз қазанын қайнатар ма?
Мықты-мықты деп айтқан сайын,
Жолындағы барлығын жайратар ма?
Жылан түгіл сескенетін түрім жоқ қой,
Айналсаң да алты басты айдаңарға.

Айналайын, Ореке,
Ойларың сенің шұбәлі.
Бұл жекпе-жек біздерді,
Біраз уақыт сынады.
Жекпе-жек заңы қатал ғой,
Біреудің тауы шағылып,
Тұғыры біреудің сынады.
Бағана сен кеткенде,
Қасындағы найзаңыз,
Аяқ асты құлады.
Кім екен бұған кінәлі?
Райымбектей бабаңың,
Наласы шығар бұ-дағы.
Қандай кесел келсе де,
Бөріктінің намысы бір,
Қасында інің тұрады.

Еркіндігімді қол жайып,
Ешкімнен енді сұратпа?
Егемендігім ел күткен,
Еліме мәңгі тұрақта.
Жеріне ие бол дегендей,
Бабалар даусы күнбе-күн,
Естіледі құлаққа.
Көзқұрты болған талайдың,
Асты-үсті жердің ырыс-құт.
Айналмаса екен тулаққа.
Ақтабан қылыш інімді,
Қарындасымды жылатпа?
Жатсам да тұрсам тіледім,

Бақ пенен Қызыр жайлаған
Жеткенде арман мұратқа.
Кір шалдырмай - өтейін
Ақындық арым- ұлы атқа.

ОРАЗАЛЫ:

Құнсыз деп қалай айтайын,
Ринаттай бүгін құндыны.
Сөз таба алмай Ораздың
Құрғамаушы еді ындыны.
Қарап тұрсам Ринаттың,
Теріс екен пиғылы.

Құласа найза құласын,
Кемтарлық деп айтпаймыз,
Құлап жатса біз оны.
Найзаның тәмен құлауы,
Айналайын, Ринат,
Қазақ деген халықтың,
Бейбітшіліктің символы.
Бір алла берген бойыма,
Арқасында өнердің.
Жырын жырлап халқымның,
Алғысына бөлендім.
Тілімнің тізген тіркесі,
Саусақтарындаш шебердің.
Қара түйіршік қарақат,
Қымызыымның майындаш.
Нарынқол мен Кегеннің,
Рауғашындаш сол елдің.
Шырындысын, ағайын,
Сіздерге бүгін төгермін.

Найза құлады екен деп,
Қалайша нардай шөгермін.
Бір кеште білдей бес найза,
Бес жерімнен төнгенде,

Сөгілмеген беренмін.
Ринат, саған көрініп,
Тұрганымен қарасы төбемнің.
Теңізден бетер тереңмін,
Сорғаласаң сорғала,
Қабылдаймын сонда да,
Өзіндей мыңын өзеннің.
Шабысы маған белгілі,
Ринат, сендей дөненнің.
Қазақтай қайсар ер елдің,
Жаушысына жалаумын,
Елшісіне еренмін.
Қаймықпайтұғын ер елдің,
Қасқырды да еметін,
Іске мықты шебермін.

РИНАТ:

Барлығын да білетін,
Мынау не деген мықты адам.
Айналайын, Оразжан,
Кенесары, Наурызбай,
Қабанбай мен Қарасай,
Қанжыгалы Бөгенбай,
Найзаларын жықпаған.
Ақылыңа болайын,
Осыны да үқпаған.
Айналайын қазағым,
Бұзылмасын қаймағың,
Сөгілмесін аймағың.
Құламасын найзамыз,
Жығылмасын байрағым.

Бар еді бұл айтысқа үлесің де,
Бағанадан бір талап қойып едім,
Апарып тастадың ба қүресінге.
Жауғаштының жағдайын айт деп едім,

Сен өзі ол жағдайды білесің бе?
Жок әлде маған тимей жүрсе болды,
«Өлмесе өме қап», деп жүресің бе?

ОРАЗАЛЫ:

Ай, жігітке болады екен салмақ тірек,
Отырысың-ау, Ринат, алдал, тұлеп.
Кенесары, Наурызбай шайқасқанда,
Қазаққа ең шүрайлы аймақ тілеп.
Қырғыздар кеп бас салып Алатаудан,
Жар салыпты әскерлер жау қашты деп.
Тарихта өткен «жау қашты» деген осы,
Отырмын бейбітшілік арнап-тілеп.

Онан соң Жауқаштыдай батыр да бар,
Оны білер өзің де ақыл да бар.
Қайсысын айтарымды ашып айтқын,
Мен саған көкпар емес тақымдалар.
Уақытымды құр босқа ала бермей,
Мәресіне айтыстың жақында, бар.
Сайлаудың жақындауда күні жетіп,
Партиялардың жатыр қызығы өсіп.
«Атымтайлар» аспаннан жауады енді,
Халыққа қант пен шай, ұн таратып.
Қолдары дір-дір етіп кигізеді,
Шалдарға жібек шапан, құрым етік.
Әкімдер де бұл сәтті пайдаланып,
Майдан асап қалғалы жүр, жымың етіп.
Не керек, кандидаттар қаптайды енді,
Ел алдында елпен қағып, қылышы өсіп.
Бала қораз секілді талай мырза,
Қызыл шақа болып жүр жүні түсіп.

Нарықтың жайы бір басқа,
Халықтың жайы бір басқа.
Зат арзанын бай алып,

Кедейге сатар қымбатқа.
Сайласаң да сайланар,
Сайламасаң да сайланар,
Маңдайы майлы кіл қасқа.
Бай баласы бастық болар,
Болса да басы ми ботқа.
Сабаған сайын шаң қонар,
Сабалақ жұнді тулаққа.
Ринат, енді қомданып,
Бір соғып қайтшы ол жаққа.

РИНАТ:

Елеңдеп, елім, отырсың,
Айтар деп ұлым ой қандай?
Сен айт десен, айтайын,
Келе жатқан сайлауды-ай.
Біз сайлаған адамдар,
Тоңмайына тойғандай.
Парламентке жеткен сон,
Ел жайына отырар
Үш минут та толғанбай.
Айналайын жұртым-ау,
Шығатын бұдан жол қандай?
Өзімізге де обал жок,
Алдағанға алданып,
Дауыс бердің ойланбай.
Тасбақаларды құрметтеп,
Тамның басына қойғандай.

Шабытымды қоздырсан,
Кетейін тағы жайнай бір.
Айналайын, агайын,
Депутат керек болса егер,
Еліңің қамын ойлаған,
Айтысың деп сайраған,
Жүрсінінді сайлай біл.

Ойлары бар өтімді,
Ескерген жетім-жесірді,
Осы айтысты көтерген,
Нұртайынды сайлай біл.
Өз қамынды осыдан,
Ағайын, енді ойлай біл.

Ау, бір түрлі сөз естідім ағадан нар,
Қара сөз айтпайды ғой ақ адамдар.
Менің айтқан Жауқаштым жердің аты
Ол жерде жылап жатқан балалар бар.

Ақиқат қалған дәстүр жыраулардан,
Көңілде соларды ойлап қырау қалған.
Жалған-ай жаңа ғасыр сәбиінің,
Жазған ба мандайына жылауды Аллам.
Жазықсыз Жауқаштының түрмесінде.
Талай-талай бала бар бұғауланған.
Бұл жайды құлағына қыстырмайды,
Арсыздар ақша десе құмарланған.
Күлкінді естітін күн туар ма екен,
Шарасыз шырылдаған мынау жалған.

Демеймін елде сұмдық болмай жатыр,
Алдында болған жайды толғайды ақын.
Жауқаштының түрмесінде ауыр екен,
Сәбидің мандайында сор қайнап түр.
Баласын шешесімен бірге соттау,
Бар еді қай атада ондай үкім.
Білеміз бастықтарды, қозғалмайды,
Қарыны қампиганша тоңымайға кіл.
Қамқорлыққа алатын осыларды,
Қазақтан шықпай жатыр нардай батыр.
Елбасы қадағалау жасамаса,
Дорбасы басқалардың толмай жатыр.

Қашанғы біз татамыз сордың дәмін,
Көрдік қой бізге қазған ордың бәрін.
Шет елдіктер де баланы сатып алады,
Қалтаға қампитып кеп долларларын.

Өзім десе өзегі өртенетін,
Мақсаты тек басқаны болдырмауы.
Бұның қалай өз ұянда туған құсты,
Бөтеннің бауларына қондырғаның?
Жат біздің жетімдерді жарылқамас,
Көріп ең қай дүшпанның ондырғанын.
Жалпылда жалпақ шешей боп жүргендер,
Кескілеп сатар ертең органдарын.
Күнәсіз сәбілерің бөлшектенсе,
Ақшамен сүрте алмайсың қолдың қанын.
Жаза алмай жүрген мен едім,
Жан мұнымның жарасын.
Мен сөйлесем енді бір,
Жүртүм бері қарасын.
Жаңағы айтқан парламент,
Осыларды қорғауға,
Бір сәт болсын жарасын.
Ажыратсыншы ағалар,
Ақ пенен қара арасын.
Ақын болып туған соң,
Соған бір назар саласын.
Ауыл менен қаласын,
Барлығын да түгендеп,
Жыртықтарын жамасын.
Өзін сайлаған халықты,
Құдайым деп санасын.
Егер олай болмаса,
Бәтуасыз парламент,
Басты ауыртпай таrasын.

ОРАЗАЛЫ:

Ай, ризамын елге деген көңілің бар,
Әрине болашаққа сенімің бар.
Айтарыңың басын сен ашып айтпай,
Кінәң болып отыр ма мені құндар?
Кандиттарды жағалап жүр деп еді,
Оның тағы да бұл сөзім ымдар.
Сойылын соғып кетіпсің солардың сен,
Деп шіркін мына жұртқа жолығындар.
Халыққа тек соларды сайлаңыз деп,
Жепсің гой күні-түні зарлы мұндар.
Енді кеп парламентке қарсы шығып,
Құлағалы отыр гой көңілің жар.
Ринат, осы бүгін айтшы маған,
Ақша көрсөң жолдан таяр не жының бар?
Жүйрік жүйрік болар ма?
Жүгіртпес бұрын жаратпай.
Көкпарда қызық қалар ма?
Тақымдасып таласпай.
Көлденеңнен кимелеп,
Жақындастып жанаспай.
Оттай өршіп өңмендеп,
Лапылдастып тараспай.
Халқым, сен қолдап бергенде,
Сөйлеуші едім адаспай.
Адырнасының өзінде,
Алпыс бақсының күйі бар.
Сақтардан қалған садақтай,
Деп айтып жаңа кетіп ем.
Сөз сөйлейін мен бүгін,
Ринатқа бет қаратпай.

Көрсетіп отыр, Ринат,
Өнеріңнің өскенін.
Үйреніп қапсың көп-көрім,
Оразалының сен-дағы
Сүйімбайшылап төккенін.

Оқытайын енді теп-тегін,
Жамбыл менен Құлмамбет,
Кенен ақынның кешегі,
Кемелденген мектебін.
Суайт адам секілді,
Сүйық сөз сөйлеп кетпегін.
Тартысам деген өзіңсің,
Көкпарға кәне беттегін.

РИНАТ:

Ағаларыммен ауылға,
Мен екі рет барғанмын.
Түсіндіріп айтайын,
Бойында болса талғамын.
Айналайын Оразжан,
Бірінші рет барғанда,
Жер сатылмасын жұртым, - деп,
Тегін бір ұран салғанмын.
Екінші рет тағы да
Алдында мына отырған,
Нұртай үшін барғанмын.
Тегін беріп концертті,
Ел көңіліне су сеуіп,
Алғыстарын алғанмын.
Ал, енді қараши, Оразжан,
Қане жаман болғаным?
Ал, сен болсан қайдағы,
Өсектерді қармадың.
Сайлауда маған дауыс бер,
Деп еліңе сарнадың.
Сөздерінә қарасам,
Кейде ағасы бекемсің.
Кесекші ақын деп жұрсем,
Өсекші ақын екенсің.
Ау, алғандай бүгін бағымды анық менің,
Ораз біраз шабысын танытты, елім.

Өсек термей жүрсөң етер, Ораз аға,
Сен осы Семей жаққа барып па едің?
Ұлы Абай мен басына қарт Дулаттың,
Құран оқытып, зекет салып па едің?
Жок әлде елдің бәрі барған кезде,
Кейін бара салам деп қалып па едің?
Шын мықты болсаң егер шындал айқас.
Теке тіресінді бір танытты ерім.

ОРАЗАЛЫ:

Ринат, жауап берейін,
Ағанды бүгін күндесең.
Ақыл айтып сен маған,
Болып отырсың күн көсем.
Халық даналығы айтқандай,
Тегіме бүгін жүрмесем.
Көрге де кірмейсің деген,
Көресінді көрмесен.
Мұны да айтайын білмесең.
Қарап тұрсам, Ринат,
Ақылың сенің шамалы.
Сөз тіркесің бүгінде,
Жан-жаққа лағып ағады.
Парламентті таратсан,
Екі қолға бір жұмыс,
Депутаттар табады.
Нұртай ағаң әрине,
Сайланамын деп жүр ғой,
Ол қай жаққа барады?
Осы жайын айтсаңшы,
Ойласан шынымен ағаны.
Жердің дауын сен айтсан,
Ақылыңың толғаны.
Оған кінә артпаймын,
Ісінді құдай қолдады.
Біз қанша айтып жатқанмен,
Басшыларың ол сөзді,
Құлағына да ілмеді

Сатылып жерің кетті ғой,
Енді қайтеді ол халық?

Ай, сұрағың қалды ма екен маған өзге,
Шөп салғым кеп тұрған жоқ қара көзге.
Семей жаққа барып па ең деп айтасын,
Жараспайды ақын жан болса езбе.

Айтысқа ат терлетіп барып едім,
Былтыр сенің ауылың Аяқөзге.

Ол жерден несібемді ап қайтқанмын,
Ел басына қонатын бақты айтқанмын.
Абай менен Шәкәрім, Мұхтардайын,
Ағалар еңбектерін нақты айтқанмын.
Осылайша дәм татып ел ішінде.
Екі күндей, Ринат, боп қайтқанмын.

Бұл емес тығырықтың тақалғаны,
Әр әуенниң болады мақамдары.
Абайдың басы түгіл сонда ағалар,
Қозы Көрпеш басына апармады.
Уақыттың жоқ деп біздің оған шіркін,
Ұйымдастырушылар қақандады.
Қайта-қайта тірессе беруге де,
Бұл Ораз ибалықпен бата алмады.

Ау, қарасам кінәң сенің жүйелі екен,
Жараспас сөз таба алмай жүрелесен.
Исламның дінінде айтқандайын,
Ақиқатты бұл Ринат біле ме екен?
Алты таудың астында отырсанда,
Ақниет тілегенің киелі екен.
Басқа мемлекетте отырып бағыштасаң,
Шынымен құраныңыз тиеді екен.
Ай, Ринат, сен не дейсің?
Шаппасаң бұл бәйгеде терлемейсің.
Оразды айттың өсекшіл ақын ғой деп,
Жөнін білсең жолымен жерлемейсің.

Асқақтап ел алдында, Ринат інім,
Өзінді меніменен тең демейсін.
Дегенменен менің де ойым бар ед,
Арттағы інілерді кем демейтін.

РИНАТ:

Ау, Ореке, неге мұнша майдаландың,
Мен саған деген жоқпын айға барғын.
Аягөзге барғанда апармады деп,
Айтысқа барғаныңды пайдаландың.
Шынымен құрмет тұтсан ұлыларды,
Жаздықұні кеп қайтсан қайда қалдың?

Бүйте берсең алышқа шаба алмайсың,
Айтыс болған соң әйтеу амалдайсың.
Қарт Дулаттың бейіті Акшатауда,
Қыстықұні ол жаққа бара алмайсың.
Козы-Көрпеш кесенесі Таңсықта еді,
Одан да қыста сауап ала алмайсың.
Ал, Абайдың бейіті Қарауылда,
Мен саған дегем жоқпын таба алмайсың.
Жаздықұні келгенде інім-ау деп,
Апарар ем, ниетімді бағамдайсың.
Ниетің болмаған соң мұнда келіп,
Олай-бұлай болды деп неге алдайсың?

Айтайын енді осынау,
Жамағатқа шашып жыр.
Ораз ағамды қарасам,
Шеңберінен асып жүр.
Айналайын, Оразжан,
Депутаттарды сен айттың.
Ауылға барып біз жақта,
Махаббаттарын шашып жүр.
Ал сіздің Серік ағаңыз,
Абдрахманов тегі бір,
Кеген жаққа жоламай,

Басын көрсептей қашып жүр.
Елдің жайын ойламай,
Біраз тиын пайданы,
Қалтасына басып жүр.
Мен сөйлейін осылай,
Бетіңе айтып досындей.
Осыны жырлап көрдің бе,
Ореке, бұдан шошынбай.
Сіздің жақты білмеймін,
Біздің жақта осындей.

ОРАЗАЛЫ:

Ай, сөйлейді қалай-қалай мына бала,
Секілді қылжақтаған құда бала.
Бейіт аралап жүрмедің деп кінә артасың,
Тенегендей өзінді-өзің ғұламаға.
Алламыз нәсіп қылса жолығармыз,
О, дүниеде неше түрлі ғұламаға.
Бұл дүниеде еңбегін ардақтайық,
Кінәнді қайта-қайта сыналама?!

Әрқашан да бас иіп мен жүремін,
Абай, Мұхтар, Шәкәрім ұлы ағаға.

Ау, айтпаймысың сен Ринат,
Жегіштердің нақты ісін.
Абрахмановты айттың ғой,
Деп отыр халық оны да,
Ринат сөзді тапты шын.
Халықты жеп жатыр деп айттың,
Мен жырлап көрген емеспін,
Басшылардың ақ тісін.
Қанша ақша жинапты,
Айтып берші нақтысын?

Жырлаған сайын ұлттымды,
Жолбарыс рухым сілкінді.
Қазағымды сүйемін,
Құдайына адал құл сынды,

Жолыңа құрбан етейін,
Дүние деген шіркінді.
Бір-бірден ұстап мініндер,
Қара өлең дейтін жылқымды.
Қанды жас толы тарихым,
Қасіреттен жана арылды,
Асқақтатуда рухымды.
Шошқалардан тазарып,
Қорамызда ит үрді.
Көзімнен аққан қанды жас,
Егемендікпен сүртілді.
Бабаларымыздың қандары,
Қызғалдақ болып құлпырды.
Аллаға тәубе айтайын,
Кек қошқар түсіп аспаннан,
Ажалдан қалған ұл сынды.
Құлагер аттай шабайын,
Сен басшы, халқым, қиқуды.
Күлдір де күлдір кісінетіп,
Күренді мінер күн туды-ай!
Суырып қызыл қылышымды,
Айтайын бүгін шын сырды.
Ку дуние-ай, сенің қуам деп,
Алтайы қызыл тұлқінді.
Бәйгеге түсіп бес күнде,
Дарылдал жағам жыртылды.
Ақиқат сөзді айтам деп,
Қанатым қанша қырқылды.
Сағым бір емес, мың сынды.
Ана тіл - қазақ тілі деп,
Байтұрсыновтан бері карай,
Қырдық біз қанша қыршынды.
Байқұс тілім саған салдырган,
Байғұздардағы сұнқылды.
Қырып салса обал жок,
Атқа мінерді бұл күнгі.

Жұлқылап жұртым көрейін,
Жұбан аша алмаған үйқынды.
Маңдайы майға шылқулы,
Атқа мінерлер бұл күнгі.
Солардың қисық жеріне,
Аямай салып тұрпінді,
Риза қыл Ринат жұртынды.
Ары қарай сөзді жалғағын,
Пісіріп менің шикімді.

РИНАТ:

Осылай сөйлер ағасы,
Қазақты ойлайтын шын ақын.
Рас айттың бағасын,
Мынау қазақ мұратын.
Мен де шауып көрейін,
Өлеңнің мініп құр атын.
Елім десе өлең бар,
Жүргімнен шығатын.
Іріткінің ағайын,
Дерті келмесін жүғатын.

Көрейін, тағы еліме,
Көрікті өлең ұсыныш.
Шапалағынды ұрмасаң,
Отыр ғой балаң қысылып.
Қайран да менің қазағым,
Тарихы терең өткенің,
Болат білекті бектерің.
Кешегі заман қарасаң,
Тандайда қызыл шоқ қапты.
Аузыңа шенгел бол батты.
Аузынды ашып өпкенің,
Егемендікке жеткенде,
Бөлініп тағы ішінен
Жойылып кетем деп пе едің!?

Байқайтын өзіңе
Ойымның біраз жеткенін.
Айналайын ағайын,
Жаратқан соң адам ғып,
Жанталасып заманды үқ.
Ерекесіп жүрген бар,
Жақсылық пен жаманды
Адамдық пен надандық,
Жомарттық пен сарандық,
Соның бәрін ескермей,
Жұрдай болып тоналдық.
Ал енді бүгін қарасам,
Тағы ұраншыл боп алдық.
Ұрымшыл да боп алдық,
А, күдайшыл боп алдық,
Абылайшыл боп алдық.
Ата тегімізді түгенденеп,
Әр тесікке тықпалап,
Алмаймыз ба обал қып?
Екі дүниеде қазағым,
Бірлігіңен айрылмай,
Тілейтінім өзіңе,
Тек жақсылық, амандық.

ОРАЗАЛЫ:

Бәйгеге жүйрік шабар ма,
Үлпілдемей жүрегі.
Ринаттай інімнің,
Сөздері болды жүйелі.
Ақылға енді келдің-ау,
Жадырап жақсы ренің.
Халыққа тілеп жақсылық,
Жанарың бүгін күледі.
Жолынды құдай ақ қылып,
Талмасын бала білегі.

БАЛҒЫНБЕК ИМАШЕВ ПЕН САРА ТОҚТАМЫСОВАНЫҢ АЙТЫСЫ

БАЛҒЫНБЕК:

Бұл үйде Сара бар ма, шықсын бері,
Біржандай келгенім жоқ тіксінгелі.
Қазаның қыздырайық тамашаның,
Назарың қалың қауым тіксін бері.
Сара қыз Жетісудың дарасы еді,
Сенің де ойың сондай ұшқыр ма еді?
Алтайы қызыл тұлкі сен болғанда,
Саятшы мен боламын құстың бегі.
Біржандай Алатауда асқақтасам,
Бойыма байқалады күш кіргені.
Шалбай мен Храпуновтың ауылында,
Жағдайың Сара сенің мүшкіл ме еді?

Алла жар, Бақтиярлап ұран салдым,
Тарпаңың талайына бұғау салдым.
Болған соң мұз балағы Мұнар таудың,
Көргенде қыз баланы құмартамын.
Әніне салып алып Біржан салдың,
Бәрінді көрерменім куантамын.
Жетісу, қырда жүрген құланыңмын,
Талайың үзіп өткен қыл арқанның.
Жұртымның жоғын жоқтап, мұңын мұңдалап,
Тіліме піл көтермес жүк артармын.
Баласы ем балта тілді Бақтыбайдың,
Сынығы ем Қаблиса жырау шалдың.

Жезде боп жер жаңанға жар саламыз,
Балдызды құшақ жайып қарсы аламыз.
Үнінен бұлбұл құстың даусын естіп,
Тілінен бал тамардай тамсанамыз.
Біршама басқалардан бағаң артық,
Тұрса да сенен өзге қаншама қыз.

Арудан сұрапымыз жалғыз тілек.
Шабудан шаршы топта шаршамаңыз.
Тағатсыз күтіп қалды ел кешеден,
Ендеше кезегінді ал, Сара қыз.

САРА:

Ақыны боп атандың жер-жерлердің,
Бұл жездем айбаттанып өрленген мың.
Алла деп тұзу жолмен мен де келем,
Семсер боп сан ақынға сермелгендін.
Қырамын, жоямын деп келсөң-дағы,
Жездемнен қорғануды меңгергенмін.
Атқан оғын тигізбей жортып кеткем,
Дәл өзіндей қырағы мергендердің.
Алматы өзінді бір көруге,
Ардақты Семей дейтін төрден келдім.
Талай ел бір көрсем деп құмартатын,
Аякөз, Ақсуаттай белден келдім.
Жер шарын кезіп жүріп қызын алған,
Балғымбек күйеу болған жерден келдім.
Әкпелетіп алмайын жан жездемді,
Күйеуін құрметтейтін елден келдім.

Біссімілла, сөз арнадым күллі көпке,
Бәйгеге басым бүгін тігілет те.
Бірінші, біссімілла деп сөз бастамай,
Ақынның кәлимаға тілі кеп пе?
Аузында алла, жүректе иман болмай,
Қудайдың құлақ кесті құлы деп пе?
Жырымның самалына жадырандар,
Арқанды тесегендей жылы лепке.
Бүгін қымыз сөзбенен сыйламасақ,
Бұрымды қыз, ұғымды ұлың епте!
Киқулап қол соғып отқаныңнан,
Қос балаңа құрметтің білінет те!

Ақиқаттың желдрісөң арда өлеңін,
Жалғандықтың ұшар ма құлі көкке.
Балпаңдаған, жездетай, халің қалай?
Бетімді қайтармаған бір рет те!
Ақбас Алтай, Қарт Семей, Қара Ертістен
Көк жұлын қызың келді құлік өкпе.
Алматым құшағыңды айқара ашшы,
Ай аймалап сүйетін, құні көкте.
Армысың, арқалы жұрт, алқалы ел,
Қара түгіл хан саған жүгінет те!
Бас иіп сәлем бердім халық дейтін,
Құдайдан кейін тұрған құдіретке!

Шайқалсам жаздықұнгі құрактай бол,
Сарқырайын таудан аққан бұлақтай бол.
Мейірімің шөліркеп келген кезде,
Жетісуым қарсы алдың жұмақтай бол.
Тарбағатайдан келіп ем қанат қағып,
Ағайын қолдағайсың, құлатпай тек?
Көңіліндегі түнекті сейілтейін,
Жарқырап Семей жаққан шырақтай бол.
Жүргімнен тарасын сәулелі жыр,
Күн нұрынан тараған шуақтай бол.
Ерке қызың сахнада ойнақтасын,
Тас үстінде билеген лақтай бол.

Аманат арқалаған нар қыз едім.
Еркелеген, жездемнің балдызы едім.
Әп-сэтте қыз жарасын емдей салар,
Жезде сен, шипасы бар жалбыз едің.
Мен болсам тіл үйірген тәтті қауын,
Сен болсан домаланған қарбыз едің.
Миллиондардың ішінен таңдал алған,
Үйде қалған апамның жалғызы едің.

БАЛҒЫНБЕК:

Тұнып тұр жанарыңда жұмбак, Сара,
Шуағың шашырайды күн батса да.
Нар қызыбын деген сөзің халыққа аян,
Балдызыбын деген сөзің қымбат, Сара.
Құлақтан кіріп сендей бойымды алмас,
Жұмақтан хор қызы кеп тіл қатса да.

Әуелі жырға қосам тәңірімді,
Парыз деп Раббымызды табынуды.
Одан соң жыр етерім халқым еді,
Білмесем құдай кешпес қадірінді.
Отырған қауымыммен қауышқан соң,
Жырлаймын аулым мен бауырымды.
Жетісу, Талдықорған, Жоламаным,
Таусылмас сенен алдым тағылымды.
Сен менің журегімсің, Алатауым,
Үйреткен сую менен сағынуды.
Сүйген соң, сағынған соң келіп тұрмын,
Жүрекке жүргізе алмай әмірімді.

Семейде менің қайын жұртым қалай,
Сыйлайтын күйеулерді ғұрпың қалай?
Ұлт ертең жайдарлы бола алмайды,
Ананы қыз, әкені ұл тындармай.
Шыңғыстау етегінде отырып-ақ.
Шың басына сүйреген ұлтымды Абай.
Мәндерін бұл өмірдің ұғынбайсың,
Әндерін Әміренің бір тындармай.
Семейдегі балдыздар сиқырлы еді.
Сараның одан бетер құлпырғаны-ай!
Әкенің жақсылығы жездедей деп,
Бағыңды жандырып ем былтыр ғана-ай!
Биыл да қанаттарың қырқылмағай,
Жағасы жезденің де жыртылмағай.
Сенімен Семей барып қайтсам ба екен,
Хабардан айттыс сайын жылтындармай.

Бармысын, Қазақстан менің елім,
Шемшінің іште кеткен шері ме едің?
Жырың бол көңіліңнен төгілемін,
Гүлің бол өңіріңе егілемін.
Балдызыммен шыққан соң жекпе-жекке,
Астымда арғымакты тебінемін.
Жалтыр мұздан табаным таятындай,
Ақын қыздан сескеніп шегінемін.
Мықтылықты әйелге дәлелде деп,
Жұрсін аға, сырынды бөліп едің.
Жігіттермен айқасқан сәттерімде,
Көбінің сыбағасын беріп едім.
Ал бүгін балдызымнан қорқып тұрмын,
Несіне жалған айтып желігемін.
Өйткені жекпе-жекке күнде шығып,
Ылғида апасынан жеңілемін.

САРА:

Айтысқа жездем шақырса,
Семейде қалай жатайын.
Бал жырыңың ал енді.
Балдыз бол дәмін татайын.
Қызынып келсең қасыма,
Сызылып тіл қатайын.
Сіңілісіне қатты айтсан,
Жазанды берер апайым.
Қасымдағы жездемнің,
Ши жүгіртіп сөзбенен,
Жыбырлатайын бақайын.
Жездеме қарай тақайын.
Әзіл сөз айтып мазақтап,
Жыраққа қарай қашайын.
Куалаймын деп балдызы,
Ұшып кетпесін шақайың.

Талапсыз шыға алмайды тауға сірә,
Шешенді дейді қазақ дауда сына

Ал, жезде, әуселенді біз көрейік,
Батырды демеуші ме ед, жауда сына.
Ақынсың атан жілік, арқар мүйіз,
Құнды сөз ілінетін қауғасына.
Өзінді Ринатпен айтысады деп,
Елден естіп жүр едім әу басында.
Сіз сосын шұғыл шешім қабылдапсыз,
Қырық айлаңның бірі ғой ол да сірә.
Жүрсін ағаға Сараменен айтыстыр деп,
Сақина тілеп апсың сау басыңа.
Желп-желп етіп, желіккен бұл жездемді
Түсіріп кетейінші тәубасына.

Жездеміз көкейдегі күйді ашыпты,
Өлеңді жыр маржан ғып жинасыпты.
Касындағы Сарадай балдызыңыз,
Талай-талай адаммен сыйласыпты.
Айтысқанда кей бойдақ ап кетем деп,
Сара қызға құмартьп үйге асықты.
Откенде айтысқанда Арман ақын,
Маған тоқал болшы деп миды ашытты.
Құлпырып жүрген мендей қызды көріп,
Бұлқынып үзіп кепсіз бұйда жіпті.
Сынаптай Сара қызды ұстай алмай,
Құр аттай сан бойдақтан сый қашыпты.
Көнбеймін десем енді өштеседі,
Мен осы түсінбеймін кей ғашықты.
Не көрсөң де осыдан көр дегендей,
Құдайым тап қылды ғой Имашовты.

БАЛҒЫНБЕК:

Жезденіз сахнада қызық қылад,
Қаласаң қамалынды бұзып тұрад.
Сұлу сөзді арнайды балдызына,
Өлеңін саған сыйлар жүзік қылад.
Ринаттан қашыпсың деп сөге көрме,
Ол мені көрген сайын мыжып тұрад.

Ел куә, ұл балдызben айтысқаннан,
Қыз балдызben айттысқан қызықтырақ.

Балдыздың бағын бүгін ашу керек,
Ойына көркем сөзді қосу керек.
Бір сойқанды дайындап келген екен,
Не күтіп тұр алдымнан тосу керек.
Қуалап сен балдызды не қылайын,
Сен секілді дауылдан қашу керек.

Айттысты көреді деп ағайын көп,
Отырмын ойымды айттып қалайын деп.
Алматы әкімінен сөз бастайын,
Тұрғам жоқ оған жала жабайын деп.
Әдейі Сара қызды сұрап алдым,
Балдыздан сыбағамды алайын деп.
Храпунов әкімімді ел біледі,
Бүгінде топты жүрген жарайын деп.
Ел сенген әкімдерің жүр бүгінде,
Белсеніп крематорий салайын деп.
Үнділер өлгендерді өртеуші еді,
Көкке ұшырып сауабын алайын деп.
Храпунов үнді де емес, жынды да емес,
Қой дер қожа, әй дейтін ағайын жоқ,
Күйеу бала сүйеді ет пен майды,
Заправка қаптап кеткен маңайым көп.
Крематорий салудың қажеті жоқ,
Онсыз да әрен тұрмыз жанайын деп.
Жеті жыл әкім болған күйеу бала,
Қонаевтай салдырған Сарайың жоқ.
Бір заправка жарылса жетіп жатыр,
Ұшқыны тұр қалаға тарайын деп.
Отпен ойнап абайсыз күйеу бала,
Жүр ме екен күл астында қалайын деп.

Қара қыз қара аспанды төндірмесін,
Айтасың бар сырымды ел білгесін.

Күйеу бала жағдайын айтып кеттім,
Өзім де құл астында көп жүргесін.

Рух керек болу үшін Отан мықты,
Сахнадан сөз айтайық атан жүкті.
Ринаттай қу пәленің керегі жоқ,
Жездесі Сарасымен қатар шықты.

САРА:

Балдызынды жездетай, дәлірек біл,
Ойланып алдын ала мәлімет құр.
Ринатпен шықпағаның жақсы болты,
Әйткені қарсыластың мәні кеп тұр.
Екеуміз ойда-жоқта кезігіппіз,
Бұйыртқан бір алланың дәмі деп біл.
Әткенде бірінші рет айтысқанда,
Бұл жездем көңілімді бағып ед бір.
Алтын жездем бетімнен қақпайды деп,
Балдызың айтысуға тағы кеп тұр.

«Барында күл де ойна оралыңның»,
Бұл күнде көкейіне толар мұның.
Кеңестік «Балға-орақтан» құтылғанда,
Куаныш келіп еді тоба қылғың.
Жәутенде сатып жатқан жетімдердің,
Күні ертең көтереді обалын кім?
Шырылдан болашағың кетіп жатыр,
Құрбаны боп батыстың «орағының».

Айтатын қоғамдағы болған жайды,
Ақындар бүгін қалай толғанбайды.
Қоғамда теңсіздік тұр әлсіз болыш,
Жанымыз соған қалай қорланбайды.
Қарапайым халықты көзге ілмейтін,
Көріп журміз ел ырысын сорған байды.
Кедейдің желі өзіне қарсы тұrap,

Адал тері маңдайынан сорғалайды.
Казиноға ақшасын шашқан байлар,
Жетімдерді неліктен қолдамайды.
Қыл аяғы мектепте де бай баласы,
Қымбат киім киіп ап щолжандайды.
Мұны көріп бұзылар барлық бала,
Қоғамдағы теңсіздікті ол да андайды.
Жұмыссыздық көбейді ел ішінде,
Үкімет соны неге қолға алмайды.
Сейфуллин көшесіне шыққандарға,
Қоғамда басқа барап жол қалмайды.

БАЛҒЫНБЕК:

Сен неге айта бердің салмағымды,
Байқастап қарап қойып жан-жағынды.
Майлы бол мына жезден бара жатса,
Жайлы қып қосқаны ғой жан жарымды.
Жезденің салмағына тиісем деп,
Балдызжан тістеп қалма бармағынды.
Терещенко секілді қырып салып,
Мен жегем жоқ едім ғой бар малынды.

Апаңдан жезден мұнда аман келді,
Көңілін, балдызымның табам ба енді.
Ол рас Жүкенен мен сұрап алғам,
Туган күнге өзінді маған берді.
Ел жайын сен толғасаң мен де айтайын,
Бастауға бір сұмдықты балаң келді.
Ауылдағы ағайын көріп отыр.
Ауыл жылы шаруага зауал келді.
Төрт түлік мал иесін “құттықтаймын”,
Ауыл жылы бір тықыр саған келді.
Бұрында «бартер» болып кетіп еді,
Үкімет аспандатпақ бағанды енді.
Оралманға қимаған сыйбағаны,
Төрт түлік мал, сыйлық қып саған берді.

Түйеге, сиыр, қоймен жылқыларға,
“Төл күжат” жасалсын деп хабар келді.
Халықтың қазынасын тонағандар,
Тауықтың жұмыртқасын санар ма енді.
Мысыққа мияулатып сырға салып,
Итке де ен салатын заман келді.

Отырған үкіметте атақтылар,
Мен ақын емес ем ғой шатақ құмар.
Және дағы оларға ұқсамаймын,
Зор емеспін халқымды матап тұрап.
Парламент пәренжісін киіп алыш,
Билікке қолайлы заң жасап тұрап.
Голощекин табылды қазақтан да,
Тасада тұрып алыш тас атқылар.
Аша тұяқ қалмасын дейді ме екен,
Асыра сілтеу деген осы-ақ шығар.
Түйені түгіменен жеген байлар,
Биені бүгіменен асап тұрап.
Мұнай, кен, алтын, мырыш таусылған соң,
Тағы да бір айласын жасап тынар.
Майлыш жер деп малға да ауыз салды,
Отырған үкіметте қасапшылар.

Сөзімді балдызыма ұлғі айтайын,
Балдыз деп өзінді айтпай кімді айтайын.
Болыстарға ұқсамай шыбындаған,
Ақын құсап бас шүлғып мұнды айтайын,
Бар бәле Астанадан басталады,
Мен бүгін ел алдында тілді айтайын.

Сенат пен парламентке қайран қалам,
Тіліме қарсы шығып тайрандаған.
Жалғыздың үні шықпай тілім өлді,
Айтса да Айталаңдай қайран ағам.

Болдырды қан майданда қазан аттар,
Қалдырды бізді ұятқа азаматтар.
Дінімнің тамырына балта шауып,
Тіліме жымындаиды тозақ оттар.

Тіл жайы парламентте зор дау болды,
Бас тіл деп қазақ тілін қорғау болды.
Елімнің елеулісі есер екен,
Халқымның қалаулысы қорқау болды.

Ақыл азаматтар атқа қонған,
Намысты беріп қойды-ау жатқа қолдан.
Халыққа қалаулы деп қалай айтам,
Бұлдірді той үстінде мақтаған жан.

Тіліме қарсы шығып майдан күшпен,
Секілді болып отыр айдан түскен.
Парламент халық жиған бір қарын май,
Ішіне құмалактар қайдан түскен?

САРА:

Екі сағат айта алсақ еркімізді,
Халыққа бере алармыз сертімізді.
Елдің жайын толғанып Сіз отырсыз,
Лаулатып жүректегі өртінізді.
Шырайлы шүғылалы шығыс жақтан,
Біз келдік сыңғырлатып шолпымызды.
Қиқулаған мына ел болмағанда,
Жазатын емші бар ма дертімізді?
Елдің жайын сен айтсан, мен де айтайын,
Көрсетуге келгеміз жоқ көркімізді.

Мезгілсіз қызыл тұлкі түлемейді,
Халықтың мұң-мұқтажын кім елейді?
Ауылға үш жыл бөліп жарылқады,
Көреміз кім не дейді, кім не жейді?
Айды да әперем деп әкімдері,

Сайланғанша не айтып шіремейді.
Дауыс жинап алғанша депутаттар,
Жел сөзбен жұн иіріп, құм илейді.
Тақымың басып алыш жайлыш орынға,
Атының басын елге тіремейді.
Сыбайластық, жемқорлық жойылған жок,
Елестетіп құзғын мен шүрегейді.
Қарға тамыр болысып бір-біріне,
Бір өгей туыс қылар, бір өгейді.
Үркіншің қандалаша талап жатса,
Ауылдың жаны қалай жүдемейді?

Ақынның құса-мұнға толғанда іші,
Өлең боп төгіледі шер-қайғысы.
Депутат мырзалардың миы қатпас,
Келсе де келімсектің жерді алғысы.
Жерді сатып бабасының мазарымен,
Келеді миллиондан тенге алғысы.
Парламенттің төрінде толып отыр,
Тілім мен дініме қас енжар кісі.
Тіліме қарсы болған депутаттың,
Сүмдық-ай қазақ екен тең жартысы.
Тілден безген без бүйрек бетпактарды,
Жылаған жібермейді ел қарғысы.

БАЛҒЫНБЕК:

Бақыты ауылдардың жанбай қалды,
Ол рас он бір жылда оңбай қалды.
Ауылда кітапхана жабылғанда,
Газет пен журналды да алмай қалды.
Ауылдың ауруы асқынғанмен,
Аурухана атымен болмай қалды.
Барымта деген пәле тағы шығып,
Еркек біткен үйіне қонбай қалды.
Әкімдер ауыл тонап тауысқан соң,

Халқымның қазаны асқа толмай қалды.
Арақ ішіп азып жүр, барлық жастар,
Барлығы тасқа соғып мандайларды.
Тарихын тасқа жазған бабалар-ай,
Ұрпағының тағдыры қандай зарлы.
Тас жазуды оқымақ түгілі олар,
“Бас жазудан” арыға бармай қалды.
Ауылдың жөні жоқ қой сүрінетін,
Тілімнің жөні жоқ қой бүлінетін.
Бір жаста сәбидің де тілі шығып,
Үш жаста тақпақ айтып жүгіретін.
Біздің тіл он бес жылда оналмады,
Қасірет қой өмірден тұнілетін.
70 жылдан жетіскен ми қалмап па,
Қырық екі әрпті сініретін?
Мисыз адам министр болмайды ғой,
Ақылымен ауызға ілінетін.
Халықпаз ба біз өзі, я болмаса,
Балықпаз ба басынан бүлінетін.
Корлаған адамдарды кешірмеймін,
Ананың ақ сүтінің құдіретін.
Қазақша білмейтүғын әрбір қазак.
Мен үшін анасы жоқ тірі жетім.

Тұған тіл бұтақтарын жаю керек,
Өз тілін білетіндер баю керек.
Он бес жыл қар астында үйықтап жатқан,
Жалқауды тіл үйренбес аю дер ек.
Аюға әліппиді үйреткендей,
Шыбықпен шеттерінен сою керек.
Сөздерін дұрыс құрап айта алмаса,
Көздерін көкшірейтіп ою керек.
Қазақша білмейтүғын қазақтарды,
Үкімет, парламенттен жою керек.
Орнына орыс тілін түсінбейтін,
Оралман қазақтарды қою керек.

САРА:

Кейбіреу сөз бастауға татымапты,
Жырлайын жамылған соң ақын атты.
Астанада Жоламанқұлақ деген ауыл,
Тоз-тоз бол сынған ердей тоқырапты.
Магамет дейтін бір көпес-ингуш,
Бұл ауыл менікі деп тартып апты.
Етжүрек жұмырбасты жүз қазақтың,
Жерлерін жалғыз өзі сатып апты.
Осындай елді кезген келімсекке,
Үкімет үндей алмай жатып апты.
Далалары сол ауылдың қурап қапты,
Балалары мектепті оқымаңты.
Ауылда, ой масқара, бір дүкен жок,
Кешегі коммунизм таты қапты.
Дәрігерлер ауруға дәрі таппай,
Ауданға трактормен қатынаңты.
Астана сол ауылды жөндемей ме,
Ұмытпай көрер көзге атырапты?

БАЛҒЫНБЕК:

Сөзімнен Сара басқа сыр андайды,
Ойыңыз тиісуден бір аумайды.
Жақсы сөз жарым ырыс демеуші ме ед,
Біз ауламай ел көнілін кім аулайды.
Менімше облысың қайта ашылып,
Сөнген от ошақтағы бек лаулайды.
Зереніз қымыз құйса қазан толып,
Қысыр қалған сиырың бұзаулайды.
Қайтадан Семейімнің бағы жанып,
Мен атаған аруақтар бір аунайды.

Сен бірақ осы жағын көп айтпадың,
Және де түсті жорып оң айтпадың.
Жаныма батып отыр кемшілікті,
Сара қызы Алматыға кеп айтқаның.

Өткенде Астанаға барып ең ғой,
Жаңағы ойды сол жерде неге айтпадың.
Дулаттың айтысына келіп алыш,
Екі апта Астананы «гуляйттадың».
“Құтты болсын” дегеннен аспап едін,
Мықты болсаң сол жерде неге айтпадың.

Балдызым жездесімен алысады,
Демеймін бүгін жағым қарысады.
Тұрақты әкім болмаса Семейінде,
Еліңе ырысты шақ алыс әлі.
Іріден болмаған соң әкімдерің.
Бірінен-бірі озам, - деп жарысады.
Бюджетінді орталап қалайын деп,
Ешкімердей емшекке жабысады.
Әкімің үйірімен жегеннен соң,
Бүйірі бюджетінің қабысады.
Алтайдың етегінде тұрган соң ба,
Алты ай сайын әкімің ауысады.
Ел байлығын кеміріп көртүшқандай,
Халықтың қазынасын тауысады.

Өскемен орталықта өкініп тұр,
Қалың ел соны айтсын деп өтініп тұр.
Өткенде көпір деген зор дау болды,
Төрелер тұрғындарға секіріп тұр.
Ақшасын пәтерлереге дұрыс берсе,
Мәселе қисынымен шешіліп тұр.
Ақшасын үйдің толық бермеген соң,
Тұрғындар көшпейміз деп бекініп тұр.
Көпір салсақ көшеміз кеңейер деп,
Әкімдерің тендерден кекіріп тұр.
Көпір салайын деп ем көшпеді деп,
Сот алдында әкімің көпіріп тұр.

САРА:

Семейім қасиетті құт мекенім,
Білемін таланттардың мықты екенін.
Семейдегі дүркіреген облыстан,
Кім білген осылайша құт кетерін.

Сара қыздың шығады мақпап демі,
Жақсылық қара емес ақтан еді.
Сен мені тығырыққа тіреій бердің,
Мақсатың аяғыңа таптау ма еді.
Арайымыз шуақтай шашылғанмен,
Мандайымыз әлі де қатпарлы еді.
Әлі де көркейеді деп сенеміз,
Абай мен Шәкәрімнің жатқан жері.

БАЛҒЫНБЕК:

Бүгінде көп сөйлеуге қорқады ақын,
Әйтсе де шындық сөз бар жол табатын.
Бұл күнде уәзірлерден қарақшы бар,
Тал түсте қолқаңызға қол салатын.
Храпунов кеп казакша амандасса,
Анқау қазақ мәз болып қол соғатын.
Алматы қөшелері қырық жамау,
Ойы жоқ па жақсылап жол салатын.
Алматың Иранбақтың өзі емес пе,
Асыра алмай жүр әлі салтанатын.
Менің жездем кешегі Асан айтқан,
Қарағай басын шалған шортан әкім.

Ел жайын солай айтып зарлай алам,
Кей кезде тасқа тиер мандай одан.
Апаңызға айламыз таусылып еді,
Балдыздарды балмұздакпен алдай алам.
Храпунов менің жездем дәл осылай,
Сара қыз сенің жезден қандай адам?

САРА:

Алматым мамыражай төр екен шын,
Ақындары қонатын жер екен шын.
Жездетай, пейіліңнен айналайын,
Мен дегенде көңілің ер екен шын.
Бар қыздарға қаталдау болғанменен,
Балдыздарға бәрібір кең екенсің.
Өзің әнші, өзің ақын, өзің биши,
Сегіз қырлы, бір сырлы сері екенсің.
Әп-сәтте аласұрган құйын емес,
Тоқтап-тоқтап соғатын жел екенсің.
Сырың жұмбақ болғанда жырың қымбат,
Жезде, сен асу-асу бел екенсің.
Менің жездем, ағайын, осындай ғой,
Осылай деп мақтасам жөн екенсің.
Ау жездетай, мен үшін бұл әлемнің
“Сегізінші кереметі” сен екенсің.

АМАНЖОЛ ӘЛТАЕВ ПЕН МҰХТАР ҚУАНДЫҚОВТЫҢ АЙТЫСЫ

АМАНЖОЛ:

Адамды құдіретімен жаратты Алла,
Жаңанға өркендетіп таратты Алла.
Мұхаммед Ғали Салам болмағанда,
Бақ құсы қонар ма еді арабтарға?
Пайғамбар туған күні құтты болсын.
Басымызды идірген жаратқанға.

Ақынға жырдай тәңір бақ береді,
Сөйле деп қызыл тілмен жақ береді.
Ананың ақ сүтіндей дәмді болар,
Шын дарынды ақынның тәтті өлеңі.

Жыраудың алдаспандай өткір сөзі,
Сілтесе хан жүрегін қақ бөледі.
Бел буып жекпе-жекке шығып тұрган,
Армысын, Ақмешіттің ақ берені?

Ұлтымыз тарих сырын бүгін ұқты,
Көтерген көшпелі елдің жүгі құтты.
Сыр бойынан таралған садақ тартып,
Жұртымның Сақ дейтүғын түбі мықты.
Жердің бетін жаулаған Ескендір де
Ұлы Сырдың бойында кідіріпті.
Қыпшақтың қаймықпаған ұлын көріп,
Өр патшаның тізесі бүгіліпті.
Сейхун Дария бойында Томиристен,
Кир патшаның басы да жұлыныпты.
Корқыт тартқан қобыздан атам қазак,
Пәни жалған екенін ұғыныпты.
Сырдағы Иран бақты жүз шаңардың,
Күмбезі құн астында құбылыпты.
Осындай киелі жер, ел аман ба,
Әлемге мойыннатқан ұлылықты.

Касиетті тегін бар Ер түріктей,
Шабыт келсе көсілген өр күліктей.
Жан-жағыңа жаутандап отырсың гой,
Ақ қарды жаңа басқан бөлтіріктей.
Бұл дәурен көңілді гой таңғы бақтай,
Басылма жігіт болсан жамбыны атпай.
Жанымда қапталдассаң дұрыс болар,
Соңымнан еремін деп шанды қаппай.
Тізгінді босатып бір көрейін,
Ал көсіл, бабы келген арғымақтай.

МҰХТАР:

Көрейін әңгімені желдіріп те,
Сахнада сөздің басын келтіріп те.

Ал ендеше тісіңді батырып көр,
Мықты болсаң жаңағы бөлтірікке.

Ақын келсе кеңге салып арқа - басын,
Қызықпен бойларыңа қан тарасын.
Жаныңың төккен терін садақа деп,
Ұл қызыым деп еңбек етіп нан табасың.
Заманың зәрін шашып зәренді алды-ау,
Күштейтіп жалғандағы жанталасың.
Міне, осыған қарамастан бір құдайға,
Құлышылық етудесің мәрт Алашым.
Жолында кедейшілік бөгет болмай,
Шайтанның жолын құдай балталасын.
Ынтымақ, бірлік тілеп қазағыма,
Қыдыр назар салудан шаршамасын.
Келе жатқан жеңіс күні құтты болсын,
Деп келдім жырдың сыйлап марқабасын.
Ағайын, тойларыңыз тойға ұласып,
Қызығы базарыңың тарқамасын.

Алла деп жекпе-жекке жол бастадым,
Қолдаса қаны қызу қандастарым.
Жыр қазаның қайнатқан қара өлеңнің,
Жолын құдым Нартай, Манап нар қасқаның
Аман ба, Аманжолдай ардақты аға,
Айтыста жарқыраған алдаспаным.
Жіліктеп ұлы өнерге жамбастаның.
Өзінді тұлға тұтқан ағам едін,
Жөн болмас балағыңнан жармасқаным.
Ақынның кездестім ғой қасқырына,
Жараспас ақыл-оидан олжасқаным.
Сіз де бірақ кезіктіңіз оттысына,
Бекініп дұрыс болар қамдасқаның.

АМАНЖОЛ:

Толғанып ақын ағаң сыр айтады,
Інісінің болмысын біле айтады.

Әніңде Қызылорданың иісі жоқ,
Сені Сырдан келді деп кім айтады?!

Сенімін ел-жұртыңың ақтадың ба,
Аллалап алға қадам аттадың ба?
Дүбіріңнен танысын дүйім елдің,
Аламанда көсіліп шапқаныңда.

МҰХТАР:

Бола ма дәл осылай зеріккенің,
Аталы сөз ағасы көріп пе едің?
Сыр бойының иісі жоқ деп айтасың,
Жараспайды дәл осылай желіккенің!
Ағасы сөздеріме құлақ салғай,
Әуенниң жарысына келіп пе едің?

АМАНЖОЛ:

Тұн қараңғы көрінер ай болмаса,
Сөзің жеңіл болады ой болмаса.
Өңіріңнің иісі шыға қоймас,
Сөзіңменен әуенниң сай болмаса.

Көздел келген жігітсің арманыңды,
Көрдің ғой қасындағы арланыңды.
Бабаларша өмірден сен де өтерсің,
Өлеңменен өрнектеп жалғаныңды.

Дүр сүлей шәйірлерің хатқа кірген,
Ұрпағысың мұрасын жатқа білген.
Қорқыт тартқан қобыздың қоңыр үні,
Үндескен көкте биік хақ тәңірмен.
Ел білген, жер таныған елші дейді,
Әкімің құтты болсын атқа мінген.
Елдің бабын тапса екен сол басшыңыз.
Бағбандай барын сайладап баққа кірген.

Әкімің ғаділ жолды тандаса екен,
Өмірін ел-жұртына арнаса екен.
Соңынан командастын ертіп келіп,
Ел ішін қырық бөліп жармаса екен.
Сыр бойына топан су қаптағанда,
Қамсыз болып қойнауға бармаса екен.
Окушылар Сарайын сатамын деп,
Ақша үшін арамза іске бармаса екен.
Әуелбеков секілді халық сүйген,
Ағалардың ақ ісін жалғаса екен.

МҰХТАР:

Әкім келді деп, ағасы,
Алтын жырынды арнадың.
Әуеніңе де саласың,
Сыр жақты да айттың ғой,
Ал, ендеше құлақ сал,
Арқалансам Сырым деп,
Жоқ шығар оған таласың.
Арқаны қалмақ шапқанда,
Ел кеудесін мұң жапқанда,
Сырдан тапқан панасын.

Сырда туын көтеріп,
Бірігіп жауды жеңгенсің.
Содан қайтіп, ағасы,
Жайлаган Арқа даласын.
Білесің бе осыны?
Білмесең егер бұдан соң,
Білетіндей боласың,

Қонақжайлышы жақсы үлгі,
Бұзылмаған дәстүрі,
Сыр жаққа барсан табасың.
Табанынан Аралдың,
Су кеткенмен, халықтың

Жүргінен жыр кетпеген.
Бекұзақ солай жырлаған,
Келтіріп жырдың сабасын.
Қармақшы деген бір ауыл,
Жұз жырау шыққан сол ауыл,
Оған да кайран қаласың.

Ғани туған Қазалы,
Ортаймаған қазаны.
“Сағым жыл” деп ән салған,
Мәдина туған сол жакта.
Оны да костай аласың.
Сырдария мен Жалағаш,
Еңбекпен туын көтерген.
Тұсінші ойдың шамасын.
Жаңақорған Манап ауылы,
Ән кептерін ұшырған,
Бексұлтанның да ауылы.
Балшығыменен емдеген,
Бармаған адам кемде-кем.
Оған да әлі баrasың,
Басына барып қонасың.

Шежірелі Шиелім,
Жанымдай сені сүйемін.
Мың бір тұнді аударған,
Қалмақанға да иемін.
Тұркінің алыш көсемі,
Мұстафаға да иемін.
Шежірелі Шиелім,
Осындай менің Шиелім.

Ерекше маған дарасың,
Ол аз десен, ағасы,
Байқоңыр жердің кіндігін,
Біз жаққа барсаң табасың.

Талғат пенен Тоқтардың,
Абройының алтын тұғыры.
Сырдан ұшып жалғаған,
Жерменен көктің арасын.

Күніренген Қорқыттың,
Қобызын егер тыңдасаң,
Жаныңың жазад жарасын.
Ел біледі дәл осы,
Астана болған алғашқы,
Қазақтың дархан даласын.
Мына мендей танып ал,
Сол дархан елдің баласын.
Нұр ағам барып біз жаққа,
Сыр Алаштың анасы деп,
Беріп кеткен бағасын.

АМАНЖОЛ:

Ойында білім болса гүлденесің,
Жүйрік болсан мәреге бір келесің.
Дұрыс жауап, ағаң бол қайтарайын,
Сол жағынан бауырым үндегесін.
Тарихын жырлағаның неге керек,
Жөн тұзу бір әуенін білмегесін.
Өзімді аламанда даралағам,

Қарсыластың күшінде шамалағам.
Сен де бір өлең төккен ұл екенсін,
Тарихтың әрбір күнін жағалаған.
Сен жалаңаш жүргенде, Мұхтар інім,
Сыр бойын ақын болып аралағам.

Шабатын тынысы бар інім дара,
Дұрыстап он жағыңа бүгін қара.
Алдымызда қол соғып халық отыр,
Болсын деп топқа түскен ұлым дара.

Жатыр ғой Сырды маған таныстырып,
Ағасына үйреткен түрін қара.

Жөн болар өнеріңмен байқалғаның,
Пайғамбар үлегіндей шайқалғаның.
Тоқтар жайлы бір сұрақ беріп едім,
Дұрыстап жауабын да қайтармадың.

Саясатпен сапырып әр істерді,
Даламды жайнатам деп орыс келді.
Кемелері үшса да Байконырдан,
Жалғыз Мәскеу қыруар табыс көрді.
Жер бізден үшатұғын ер өзінен,
Қазақ ұлы ғарыштан қалыс келді.
Тоқсаныншы жылдардың таңы атқанда,
Тоқтардай бір ұл шықты барыс белді.
Бар қазақ абройынды айға асыр деп,
Ұлттымның көкірегін намыс керді.
Бағалай алмай жүрміз бірақ қазір,
Түркіден тұнғыш шыққан ғарышкерді.
Күн туды тұра сөйлеп шын дейтұғын,
Көңілге бұғаулы ойлар түймейтұғын.
Сөзіме сенер ме едің ау, ағайын,
Тоқтар ағам жұмыссыз жүр дейтұғын.
Бұл оның жауларының ісі ме еken,
Балағынан тартқылап күндейтұғын.
Жоқ әлде, қазекемнің мінезі ме,
Тұртқілеп, ши жүгіртпей жүрмейтұғын?
Жау келгенде батырын батырым деп,
Жау кеткен соң бағасын білмейтұғын.

Жеткізіп ұлттымыздың ғарышқа әнін,
Тоқтарым, дара шығып қарыштадың.
Протон құлап, көктен у төгілгенде,
Ашығын айтып едің, Арыстаным.
Белгілі елім-аман болсыншы деп,

Ресейлік мамандармен алысқаның.
Өжеттігің жақпай қап жоғарыға,
Қолбасшылар сабынан аластадың.
Елміз ғой тірісін де тас лактырып,
Өлгеннен соң іздейтін арыстарын.
Тоқтардай батыр ұлың жұмыссыз жүр,
Қазағым қайда кеткен намыстарын.

МҰХТАР:

Тоқтардың қанық болсаң атағына,
Ақын бол мен де келдім қатарыңа.
Өзің айтқан ағасы мен салайын,
Жалындарып Сыр бойының мақамына.

Қаншама түскенімен Алаш отқа,
Жол алым келе жатыр парасатқа.
Жетім құны 25 мың доллар екен,
Десек те үкіметке бала сатпа.
Сыртта жүрген қазақтарды жинаудамыз,
Қалың ел боламыз деп болашақта.
Елімізге оралған қандастарға,
Екі мың доллар береді екен әр ошаққа.
Бірін әкеп, ал біреуін әрі сатқан,
Түсінбедім алжып қалған саясатқа?

Жалғастырып жіберші ойымды алға,
Көргенсіздер кінәсін мойындар ма?
Болашағы жетімдердің қандай болмақ,
Ағасы елге айтатын ойың бар ма?

Жетім жайлы кетсек егер жайды ақтарып,
Дөңбекшіп соны ойлап жай жатпадық.
Ақшаға бағалап ап өз құлышынды,
Жатырмыз өзімізді жайлап шалып.
Қандайлық көнілдері бөтен елде,
Мәпелеп жатқанымен майлап бағып.

Ол жақта өсіп өніп, ұлан болар,
Күш қуаты бойында бар айбаттанып.
Сатқан деп туған жерің сені бізге,
Тынбасын жүргегіне қайрат салып.
Тұбінде дүшпан қылып, қару ұстатаңып,
Өзімізге жүрмесін айдан салып.

АМАНЖОЛ:

Отырың шымылдықты жайлап ашып,
Отырың сандығында ойлап ашып.
Соңына бір түскен соң қуған жетер,
Бауырым, кетсең-дағы айға қашып.
Менің әнім кішкене басқашалау,
Барасың, ақын інім, қайда басып?

Әніммен ұлттымызды емдейсің бе?
Жалған айтқан сөзіме көнбейсің де.
Бойында рух пенен білім болса,
Талай ғасыр жарқырап сөнбейсің де.
Бабалардың салтыменен рұхсат сұрап,
Ағаңа, Сарыарқаға келмейсің бе?
Аманжол оң жағынан толгайды екен,
Сөзінің сұңғыласын сомдайды екен.
Теніздің толқынындай тербелмесен,
Қазағымның арнасы толмайды екен.
Қасымнан алпыс ақын салса-дағы,
Өзімнің айтқанымдай болмайды екен.

Тіл қаттым оң жағынан құлағына,
Үңілдім інім, сенің шырағына.
Тамсанып сусын татар аған едім,
Кәусардай сарқыраған бұлағынан.
Іні болып бір сұрақ қойдың маған,
Ал енді жауап берем сұрағына.

Сәбиді шетке сатсаң жыларатсың,
Жаңа шыққан шыбықты құлатарсың.
Мұхиттың ар жағынан өксігенде,
Ботанды қалай ғана жұбатарсың?
Періште сәбілерді шетке сатсан,
Жаратқанның алдында күнәқарсың.

Түсінер халқым барда сөз бағасын,
Қалайша тереңнен ой қозғамассың.
Періште ұлттымыздың балалары,
Жат жерде ақ ботадай боздамасын,
Бүгінгі шенеуніктер не істер еді,
Егерде сатар болса өз баласын.

МҰХТАР:

Ағасы айтар сөзің өндірілді,
Бабымыз мінеки-ақ енді кірді.
Мақамымды әркім салған деп қоясың,
Мұныңмен жарылқайсың өнді кімді.
Анау салды, мынау салды дегеніңше,
Одан да көрсетсеңі кендігінді.

Мін табу қын сіздің сөзіңізден,
Жас орнына қан ақпасын көзімізден.
Жетім сатқан шенеуніктер арланбайды,
Әңгімені бастайық өзімізден.

Аманжол жүрсің неге құмарланып,
Көзіңнің алды түр ма тұманданып.
Жетім көрсөң жебей жүр деген сөзді.
Ақиқат жазылмап па еді құранда анық.
Жетісіне жеті бәйге алып жүрген,
Сәйгүліксің сыйлаған бір Алла күт.
Серімін деп жар саласың Арқадағы,
Құмай ертіп, тұлпар мініп тұмарланып.
Мұны айтып жүрген, аға, өзіңсің,

Әзірge есімізден шығармадық.
Біr жетімді сіz алсаңыз қамқорлыққа,
Қасында біz жүрер едік сынарланып.
Қос жетімді алсаң егер қамқорлыққа,
Серілігіне тұrmас едім күмәндандып.

АМАНЖОЛ:

Алаулап шабытпенен жанасың ба,
Ағадан жақсы өнеге аласындар?
Кейінгі соңыман ерген інішектер,
Құбылтып қырық әнге саласынцар.
Ақын болмай айттыста әнші болыш,
Бауырым, қайда кетіп барасындар?

Өзіңнің тұғырында қалған жақсы,
Бабаның рухына қонған жақсы.
Құбылтып қырық әнге салғанынша,
Нартайдың мақамына салған жақсы.

Туган жер, ұландарың тек кетеді,
Өмірден Шора менен Бек те өтеді.
Сатылыш батыс жаққа кеткен сәби
Америка солдаты бол кетеді.

Ағаң да айтқаныңа көне қоймас,
Намысын қолдан саған бере қоймас.
Жасынан батыс жаққа кеткен ұлдың,
Ән салуға шамасы келе қоймас.

Бауырым, қадамынды анық қылам,
Парасатты жолынды жарық қылам.
Тағы да біr сұрақты бердің жаңа,
Ойынды сұрағыңа қанықтырам.
Сен айтқан жетімдердің үйлеріне,
Иманымды арқалап барып тұрам.
Бойыма рухымды серік қылам,
Пәниде қамалымды берік құрам.

Күллі мұсылманның салтыменен,
Соларға көмегімді беріп тұрам.
Өзіме інілерді еліктетем,
Демеймін сені бірден жеңіп кетем.
Егер ғаділі мол ақын болсаң,
Сөздегі маржаныңды теріп кетем.
Нұртайдың осы жолғы бергенінде,
Сәбілердің үйіне беріп кетем.

Алты алаш інім сені даралапты,
Бойдағы өнерінді бағалапты.
Ол рас тарихымда ата-бабам,
Киелі Сырдың бойын сағалапты.
Қолында базары бар сенің әкен,
Софан көмек беруге жарамапты.

Адамзат білмеген соң бағанды анық,
Тағдыры табиғаттың мазамды алып.
Жер ананың жарасы үлбірейді,
Кеткендей білегінді қазан қарыш.
Саздан сая таппайтын заман болар,
Қара судың сырбазы сазан балық.
Сұлу көйлек кигенмен Самақова,
Табиғат кетпейді ғой ажарланып.

МҰХТАР:

Сөздерінің болар ма екен шеті мықты,
Бұл Ақаң тағы мықты бекініпті.
«Әкең сенің базарком» деп айтады,
Аманжол, қою керек өтірікті.

Өзіңше бір тірлікті кеделейсің,
Бізден де бір нәрсені дәмелейсің.
Әнші болып кетіпсің деп қоясың,
Ағам болып неге мені жебемейсің?
Ал өзің қыздарменен айтысканда,
Әнші болып кеткенде бәледейсің.

Әзірge есімізден шыгармадық.
Бір жетімді сіз алсаңыз қамкорлыққа,
Қасында біз журер едік сынарланып.
Қос жетімді алсаң егер қамкорлыққа,
Серілігіңе тұрмас едім күмәндандып.

АМАНЖОЛ:

Алаулап шабытпенен жанасың ба,
Ағадан жақсы өнеге аласындар?
Кейінгі соңыман ерген інішектер,
Құбылтып қырық әнге саласындар.
Ақын болмай айтыста әнші болып,
Бауырым, қайда кетіп барасындар?

Өзіңнің тұғырында қалған жақсы,
Бабаның рухына қонған жақсы.
Құбылтып қырық әнге салғанынша,
Нартайдың мақамына салған жақсы.

Туған жер, ұландарың тек кетеді,
Өмірден Шора менен Бек те өтеді.
Сатылып батыс жаққа кеткен сәби
Америка солдаты бол кетеді.

Ағаң да айтқаныңа көне қоймас,
Намысын қолдан саған бере қоймас.
Жасынан батыс жаққа кеткен ұлдың,
Ән салуға шамасы келе қоймас.

Бауырым, қадамынды анық қылам,
Парасатты жолынды жарық қылам.
Тағы да бір сұрақты бердің жана,
Ойынды сұрағыңа қанықтырам.
Сен айтқан жетімдердің үйлеріне,
Иманымды арқалап барып тұрам.
Бойыма рухымды серік қылам,
Пәниде қамалымды берік құрам.

Күллі мұсылманның салтыменен,
Соларға көмегімді беріп тұрам.
Өзіме інілерді еліктемем,
Демеймін сені бірден жеңіп кетем.
Егер ғаділі мол ақын болсаң,
Сөздегі маржаныңды теріп кетем.
Нұртайдың осы жолғы бергенінде,
Сәбілердің үйіне беріп кетем.

Алты алаш інім сені даралапты,
Бойдағы өнерінді бағалапты.
Ол рас тарихымда ата-бабам,
Киелі Сырдың бойын сағалапты.
Қолында базары бар сенің әкен,
Софан көмек беруге жарамапты.

Адамзат білмеген соң бағанды анық,
Тағдыры табиғаттың мазамды алыш.
Жер ананың жарасы үлбірейді,
Кеткендей білегінді қазан қарыш.
Саздан сая таппайтын заман болар,
Қара судың сырбазы сазан балық.
Сұлу көйлек кигенмен Самақова,
Табиғат кетпейді ғой ажарланыш.

МҰХТАР:

Сөздеріңің болар ма екен шеті мықты,
Бұл Ақаң тағы мықты бекініпті.
«Әкең сенің базарком» деп айтады,
Аманжол, қою керек өтірікті.

Өзіңше бір тірлікті кеделейсің,
Бізден де бір нәрсені дәмелейсің.
Өнші болып кетіпсің деп қоясың,
Ағам болып неге мені жебемейсің?
Ал өзің қыздарменен айтысқанда,
Өнші болып кеткенде бәледейсің.

Осындаі кей тірліктер жат қалып жүр,
Кім осындаі орта жолдан тоқталып жүр.
Әлеуметке көмекті көрсеттім деп,
Тақта отырған біреулер мақтанып жүр.
Кедейге таратқандай бұл үкімет,
Қарынын ақ түйенін ақтарып жүр.
Беріп алыш артынан жұз тексеріп,
Халықтың басы дауға көп қалып жүр.
Қорасында үш тауығы бар үйлерде,
Мынадай бір сұмдыққа тап болыш жүр.
Үш тауығың үш жұмыртқа туса егер,
Қырғын пайда түседі екен деп қалып жүр.
Сондықтан да көмекке беріп қойған,
Ақшаны қайтарсын деп оқталып жүр.
Жалған құжатпен алған ірілері
Судан таза, сүттен ақ бол ақталып жүр.
Ал кедей байғұстардың шаңын қағыш,
Қайтара алмағаны сотталып жүр.
Бұл не деген масқара, еліміздің
Абыройы табанда тапталып жүр.
Өз халқын өзі тонап бұл үкімет,
Осылайша тірліктерін атқарып жүр.

АМАНЖОЛ:

Ежелден қазағымның халқы бекем,
Ана тілім аяулы алтын екен.
Өз тілінде сөйлесе менің ұлтым,
Қай кезде де тұлғасы жарқын екен.

Толқынбыз өмір атты ағыстағы,
Жақсы ғой мол бақыттың табысқаны.
Осылай сейлей білсе жөн болар ед,
Қазақтың көш бастаған арыстары.
Қыздардан үйренеді деп ойлаймын,
Бар болса парламенттің намыстары.
Десек те қариялар аталы екен,

Десек те өрендерім баталы екен.
Ыбырай күрішімен даңқы шыққан,
Қасиетті Ақ мешіт ата мекен.
Бауырым, Қызылорданың базарында,
Қытайдың күріштерін сатады екен.
Ал Сыр бойының Ақ маржаны,
Тау-тау болып үйіліп жатады екен.
Осындай сендердегі келеңсіздік,
Қазақтың жүрегіне батады екен.

Киелі Ақ мешіттей көне мекен,
Жаңа Әкімің не істер деп елең етем.
Елші болып оралған жаңа әкімің,
Жат жерде көргеніне сенеді екен.
Сырдағы малын баққан момын елді,
Малайзия жасаймын деген екен.
Ол жақ пен біздің жақтың салты басқа,
Ниетке бұрылады неге бөтен.
Әр күн сайын тартылған Аралыма,
Мұхиттың суын әкеп төге ме екен?
Мысалы Малайзияда бақа жейді,
Елге бақа бақтырып көре ме екен.
Айтып-айтпай не керек жаңа әкімің,
Еліктеуге келгенде шебер екен.

МҰХТАР:

Ағамда бар екен ғой жасқамақ ой,
Көңілдерді дәл осылай ластамақ ой.
Әкімімді жаңа келген жамандайсың,
Ол деген берекеге бастамақ ой.
Айтпақшы, ау ағасы, сол әкімді,
Біз жаққа сайлап кеткен Астана ғой.

Қалатын мықтылардан түяқ болды-ау.
Көрінетін бөтенділеу қияқ болды-ау,
Қазақшалап сөйлеген шетел қыздан
Шенділерден ойпырым-ау ұят болды-ау.

Тұлпар-тұлпар болар ма дубір көрмей,
Ойдағысын өлең қылсын ұлың мендей.
Алаштың ортасы деп Астананы,
Сан қазақ санасына сіңіргендей.
Жаңадан бой көтерген ғимараттар,
Түсініксіз атау алып бүлінгендей.
Синема сити, сити-мити қаптап кеткен,
Жалтақтап жат атауга жүгінгендей.
Ақсарайға Конгресс хол деп ат қойыпты,
Қазақшаға қалды ма тілің келмей?
Мұның бәрі алдымыздан шығады деп,
Жоғарыға неге айтпадың тыным бермей.
Аманжолдың оған тісі батпайды деп.
Айтуы керек пе еді інің мендей.

АМАНЖОЛ:

Тіліме зерек еттім нұрлап айды,
Аламанға көсіліп бір жарайды.
Ақынның сахнада айтқан сөзін,
Мұхтар-ая, көнілінде кім санайды.
Бауырым, бұл күнгінің әкімдері,
Ақынның айтқан сөзін тыңдамайды.
Бұл айтқан әр сөзімнің жалғаны жоқ,
Төрелі жігіт едім талғамы тоқ.
Кезінде талай текті жырау өткен,
Алпауыт заманының заңғары бол.
Жәңгірлер әрбір сөзін тыңдал өткен,
Кешегі Махамбеттің арманы жоқ.

Көңілдің боздағанда жетігені,
Ақынның шерге толар көкірегі.
Тәуелсіздік алғанда ең алғашқы,
Көңілге үлкен үміт бекіп еді.
Түркімен, Азербайжан, Қырғыз, Өзбек,
Бұл күнге бізбен бірге жетіп еді.

Ал солар тілін қазір ту қып ұстап,
Дәстүрдің қамалына бекінеді.
Украина да орысқа қыр көрсетіп,
Келерін өз тілінде етінеді.
Әлемдегі өркенді мемлекетке,
Ана тіл азаттықтың кепілі еді.
Өзге түгіл өзбектер аш журсе де,
Өз елінде өзбекше «гәпіреді».
Ал біздің шұбар тілді чиновниктер,
Бәрінен біз оздық деп көпіреді.

Үлде менен бұлдеге оранса да,
Тілсіз ел кімнен озып кетіп еді?
Қалтасы қампайғанмен ұлдарыңын,
Не пайда қуыс болса көкірегі.
Ана тілін білмейтін дүбәралар,
Осылай ұлт қадірін кетіреді.

МҰХТАР:

Айтып жатқан әр сөзінің болар мәні,
Жақсы ғой ойларына оралғаны.
Мен жаңа тіл жайлы да айтып едім,
 Тағы да кемшілікті қофамдағы.
Есігінен кіргізбейді дегеніңше,
Кіре алмаймын деп айтсаңшы одан-дағы.
Ақындар айтатұғын ой қалдырысын,
Сахнада сауықтағы сайран қылсын.
Салмақтың ең ауыры ауыл жақта,
Осы ой үкіметті ойландырысын.
Креслоға жабыспай ауыл жаққа,
Бір келіп ел көнілін жайландырысын.
Қаламсапты уақытша айырменен,
Айырбастап еңбек көзін сайландырысын.
Оң қолын орақ қылып, сол колымен,
Соқа жегіп, қолын құрал сайман қылсын.
Күн астында жер жыртып, егін егіп,

Диірменге дәнді салып ойландырын.
Сезініп ауылдағы тіршілікті,
Жағдайы тереңінен ойландырын.
Әйтпесе мұның бәрін көзбен көрмей.
Қай тірлікке қандай берік байлам қылсын.
Төбедегі билік қылған ақ саусақтар,
Ауылдағы бейнетті қайдан білсін.

Келеді жас шағымда жалындағым,
Байқадың ба сөздерімде дауыл барын.
Ағасы, білесің бе Астанада,
Жолманқұлактай қирап жатқан ауыл барын?
Жақсылап құлағынды салсаң маған,
Жақсы ғой ойдан алшақ сандалмаған.
Жүз отбасы тұратын Жолманқұлак,
Келешегі қараң қалып жанданбаған.
Әкімдерің сол ауылды инвестордың
Қолына тапсырыпты, жалмандаған.
Елді тонап тақырға отырғызып,
Пайдасын жеп кетуден арланбаған.
Халқы жүр тентіреп, моншасы жоқ,
Моншаға бір тусуді армандаған.

Бір телефон бар еken, оның өзі,
Бірде істемейді, дұрыстап та жалғанбаған.
Үш шақырым жерден тасып ауызсуды,
Берекесі шайқалып қалған далам.
Тозығы шығып кеткен сол ауылдың,
Кім отын жағады еken жанбай қалған.
Төбе жаққа қаншама хат жазса-дағы,
Басшылар тіл қатпапты соры қайнаган.
«Инвесторы» қашып кеткен бәрін сатып,
Жерді басып қалай жүр ондай надан.
Әкімнің жүзін әлі бір көрмепті,
Әкімдерің әкім бе арды ойлаған.

Астананың түбінде жетім кұсап,
Қараусыз қап қойғаны қандай жаман.
Келгем жок көнілдерді қарайтуға,
Ойларды келген кезде жаңартуға.
Бүгінгінің Бұхары сіз деп жүрміз,
Әншейінде данышпансың жөн айтуда.
Жаңағыдай құлазыған ауылдардың,
Үнін жеткіз жоғарыға жөн айтуда.

Аманжол, аға, қайда қарап жүрсің,
Маған мейлі олай тула, бұлай тула!
Немене құдіретің жетпей жүр ме,
Нұрағаның құлағына соны айтуда?!

АМАНЖОЛ:

Бекемдеп бастап едің арды бағым,
Деп едің күрышынды қандырамын.
Денсаулықты сұрап ем оны айтпадың,
Байқалды-ау үнірейіп аргы жағың.
Көнілдің жүйткігенмен кер дөнені,
Ұлғайып бара жатыр шер көлемі.
Жоғарғы жақ жіберген қателіктің,
Зардабын қарапайым ел көреді.
Сырдағы сәбілердің көпшілігін,
Қасірет қой туберкулез мендегені.
Жығылғанға жұдырық болды бүгін,
Сапасыз «вакцинамен» емдегені.
Бір кезде шалқар теңіз кемердегі,
Боз дала аққұлы көл бедердегі.
Баянсыздау болып тұр “Ауыл жылы”
Денсаулықты жақсартам дегендері.
Періште сәбілердің тағдырына,
Сарыарқадан көнілім елеңдеді.
Жаман дәрі, сапасыз вакцинамен,
Министрдің баласын егер ме еді.

Өткендеңі Әкіміне айтпадың деп,
Тек келіп мына мені кінәлайсың.
Бізден кетті Сіздерге жақындау ғой,
Сол жақта оның құлағын бұрағайсың.
Өткендеңі тірлігіңе жауап бер деп,
Дәтің жетсе содан барып сұрағайсың?

АМАНЖОЛ:

Шындықты ақтарсам да тілімменен,
Шендінің құлағына ілінбеген.
Семей полигонының зардабынан,
Шаранаң кемтар болып бүгілген ең.
Полигонның сынағы тоқталғанмен,
Зардабы шектелмейді бүгінменен.
Алтай, Арқа орманы өртенгенде,
Қарағай жоқтау айтыш дірілдеген.
Байқоңырдан ұшырған протондар,
Гептилменен у шашып гүрілдеген.
Тұз басқан Арадағы өлі құмда,
Қаңбақтан басқа ештеңе жүгірмеген.
Экология құлдырап бара жатыр,
Ағайын, неміз қалды бүлінбеген.

Саясат алаңында кең қақпалы,
Белгілі үлкен сайлау келе жатқаны.
Сайлауға дайындалып жатқан шығар,
Белсенді көкелерің сен жақтағы.
Есімізден шықпасын, ау, ағайын,
Қазіргілер тіл менен жер сатқаны.

МҰХТАР:

Аманжолдың бұл жайлы жинағы көп,
Мұхтарды да ойла ма қирады деп.
Жетімге қарайласам деді жаңа,
Ағамның ол жайында қиялы көп.
Жеті тұлпар мінсең де айтыстарда,
Естімеппін дөңгелегін сыйлады деп.

Елдің жайын жырласаң еліме кеп,
Мен де соны айтайын семіре кеп.
Біз білетін Арабия бір мұнаймен,
Өсіп, дамып жетілген мемлекет.
Ал бізде мұнай да бар, басқа да бар,
Жағдайымыз неге сонша кері кетед?

АМАНЖОЛ:

Ел-жүртүм құлак түріп сайратты өктем,
Мәреге белім талмай жайнап жеткем.
Ең құрмаса дөңгелек бермедің деп,
Бауырым, отырсың-ау, қайрап тектен.
Талай темір тұлпарды айтысқанда,
Сый қылып әріптеске байлап кеткем.

МЭЛС ҚОСЫМБАЕВ ПЕН БАЛҒЫНБЕК ИМАШЕВТІҢ АЙТЫСЫ

МЭЛС:

Ерекше болсын деймін бүгінгі өлең,
Саудырап сары алтындей үгілмеген.
Ассалаумағалейкум, Алты Алашым,
Алдында ақын бар ма жүгінбеген?
Армысың, Балғынбектей арыстаным,
Айтысып талай жерге жарыстадым.
Қайысып қабыргасы бүгілмеген,
Жезденің жатқан жері жарық болсын,
Ажалға адам бар ма ілінбеген?
Ағайын бір өліде, бір тіріде,
Дегендей көніл айттым ырымменен.
Жүйріктей озып шыққан ортамыздан,
Сүйріктей жігіт едің сүрінбеген.
Ойласаң қызыл тілде шекара жоқ,

Қытайды ұшастырған Қырымменен.
Оттығы Еділдейін екпіндеген,
Қырымды ұшастырған Ұрымменен.
Білекті бірді жығар білесің ғой,
Сөйлейік мынды жыққан білімменен.
Ұстаздық атымызды ұлықтайық,
Жүргесін айналысып ғылымменен.
Осындай алқа топты көрген кезде,
Жөн болар екеумізге мұдірмеген.
Өмірге келу парыз, кету сұннет,
Болғасын құпиясы білінбекен.
Ірысбай Ғабдиітей қайны атамыз,
Күй болыш ғасырлардан гүлдеген.
Құл-қағаны домбыра ұстағанда,
Пернесінде періште күлімдеген.
Араптың ханзадасы тандай қағып,
Алдында Анталия міңгірлекен.
Динаның оркестрін құрамын деп,
Күн бар ма Атырауда жүгірмген.
Қазақстан қайғынызға ортақпыз ғой,
Бүгінгі айтылғандай мұңымда өлең.
Алды пейіш ал енді, арты кеніш болсын,
Деп тіледім Алладан шыныменен.
Күмбірін домбыраның сағынарсың,
Дұлдулің өтті өмірден дүбірлекен.

БАЛҒЫНБЕК:

Арма, деп сөз бастаса Жүрсін көкем,
Алла деп атқа қонбау мүмкін бе еken?
Ірысбайдай күйшісінен көз жазған ел,
Қайғыдан қарс айрылып жүрсің бе еken?
Жайықтан Мәлс ағам келген кезде,
Файыптан бәрі өзгерген бір түрлі еken.
Қара жер қанша жұтса тоймайтұғын,
Дүние баяны жоқ жылтыр ме еken?
Осындай тұрлауы жоқ тіршілікте,
Дүниеге ие болып кім тұрды еken?

Ырысбай ағам қадірлелейтін кісім еді,
Менің де жанарымда мұң түр екен.
Үйімде қонақ болып кетіп еді,
Алдыңғы жыл ма екен, былтыр ма екен?
Ассалау мағалейкүм, ағайындар,
Көңілің неге бүгін күрсінді екен?
Мен бүгін Ырысбайдың күйі болып,
Жүргін миллиондардың дүрсілдем.

Мұңайып тұрып, қалай шабытты айтам,
От болып осы айтыста жаңып қайтам.
Жездем үшін көңілді маған айтсан,
Мәлс аға, мен көңілді халыққа айтам.
Ал енді Алла жазса құран оқып,
Жайыққа бұйырған күн барып қайтам.

Уағалайкүмассалам, Мәлс қасқа,
Амал жоқ жекпе-жекте соғыспасқа.
Қаншама адудынды болсандағы,
Ізет қылған інінмен сен ұстаспа?!

Көңілі бір қазақтың баласымыз,
Өмір бөлек болса да өріс басқа.
Өкпесіз қабылдайық өктем сөзді,
Қайтадан тағдырымыз тоғыспас па?
Откенде көрсетіп ең мұнай күшін,
Бұл жолы Құдай үшін теріс баспа.

Бола ма бір қыртысты тегістесем,
Бір Алла жар бола ма жеңіс десем.
Ассалау мағалейкүм, Жүрсін аға,
Сағынып қалам сені көріспесем.
Қарағандыда айтысам деп қамсыз жүр ем,
Өзің біл бұл сөзімді теріс десен.
Ринат келіп тұрады, Сара десем,
Айбек келіп тұрады Мәлс десем.
Мейлі Айбек болсын, Ринат болсын,
Бәрібір оңайлықпен беріспес ем.

Тамырдан қан, кеудемнен жан шыққанша,
Сауытты шешінбеймін өліспесем.
Орта жолдан отырсың қазы сайладап,
Әу, баста болар еді соны істесен.
Дәл мұндай ырду-дырду болмас еді,
Жекпе-жектің шарттарын жөн істесен.
Онсыз да айтыс жайлыш айғай-шу көп,
Бірдеме бүлдіресің сен істесен.

МЭЛС:

Балғынбек ұлтым деген ұлмын дейді,
Айтысып арпалысып жүрдім дейді.
Басыңды олай бұлай қисайтасың,
Бір қызық болатыны қырғын дейді.
Жүрсін ағаң ақын ғой сен сиықты,
Жырлары жүргеніде ырғын дейді.
Қазылардың қадамы құтты болсын,
Хиқаяға толы ғой бұл күн дейді.

Ұмсынып қаршығадай қазды алмаққа,
Балғынбек алдыңызда назданбақ па?
Қыздан алғыс, қарғыс ап келіншектен,
Жүруші ең саясы көп саздау жақта.
Айлалы ақындардың біреуісін,
Кетесің айқай-шұы аздау жакқа.
Бұл айтыс болғаннан соң айқай болар,
Көнілін көрерменнің салған жоқ па.
Біреулер мұнай үшін женеді деп,
Біздің де мазамызды алған жоқ па.
Айтылған сөзде сірә талғам жоқ па?
Балғынбек, енді саған бірдеме айтсам,
Ескіні қозгаудан түк шаруаң жоқ па?
Серік Құсанбаевпен айтысқанда,
Өзінді «Жас алашқа» жазған жоқ па?!
Балғынбектің женгенин қалың қауым,
Бал ашып біле ме деп қалған жоқ па?!

Газетте не жазғанын түсіндіріп,

Айтудан басқа сенің шаруаң жоқ па?!
Көзіңе түскендерді тұртпектемей,
Өзіңе қарайтұғын айлаң жоқ па?
Орысша қыстырайын өзің құсап,
Осыларды ойлайтын «мозган» жоқ па?

Жүретін жүрегім жыр, ән кеудем деп,
Ақындар сын айтқанға ар көрген жоқ.
Сәкен ағам қазақтың мықты ақыны,
Өлеңнен қашан ағам ай көрген жоқ.
Інісіне ұрысса айып па екен,
Тағы да осы айтысқа жай келген жоқ.
Жұтқыншағың бүлкілдеп отырсың ғой,
Шай емес алдыңызда май көрген бол.
Халықтың ықыласын көрмейсің бе,
Демессің әр сөзіне мән берген жоқ.
Айтпақшы ұпай жайлы әңгіме бар,
Сен айтқасын бұл жерде таң көргем жоқ.
Телефонның біреуін саған берді,
Қоңырауды, кәнеки, шал бермен деп.
Тағы да қасындағы жәшігің бар,
Демессің оны-дағы аз берген жоқ.
Айбекпенен атақты айтыс болды,
Оны бірақ ағаңыз шам көрген жоқ.
Біздікін шуласа да жұрт көрді ғой,
Сенікін сенен басқа жан көрген жоқ.

БАЛҒЫНБЕК:

Халықтың айтыс деген мұрасы екен,
Қалың ел барлығының қуәсі екен.
Мен саған газет жайлы түк дегем жоқ,
Жалғандық жардан дәйім құласа екен.
Телефонмен дауыс беріп көріп едік,
Тамыр-таныс, аталас, құдасы екен.
Аққа құдай жақ болмай шықты бірак,
Мұнайдың озатыны рас екен.

Жылап қайта көрістік қазылармен,
Сынаса осылар-ақ сынasa екен.
Жасайтынын білдірмей жіберетін,
Жұрттан гөрі «жюрилер» жуас екен.
Деген соң қалың қауым ақын бізді,
Халыққа ой айтайық ақыл-ізгі.
Астананың ақыны алтау едік,
Бастаған Аманжолдай батыр бізді.
Мәлспен жекпе-жекке шығасың деп,
Әуелі Шырынбекті шақырғызды.
Шаққанын шыбын құрлы елеместен,
Тақырға Мәлс оны отырғызды.
Елбасына бата айтқан Айбегімнің,
Сөздері сен секілді көпір бұзды.
Бәйгенің алдын бермес Айбегімді,
Бұл Мәлс тұңғиыққа батырғызды.
Бұл жолы Балғынбекке қарсылас қып,
Өлеңнің бал қымызын сапырғызды.
Күдайға күнәкәр бол Жұрсін ағам,
Мұнайға тұншықтырып жатыр бізді.
Мәлсжан, сен ескен соң есіп тұрмын,
Бұл жерде артық айтсам кешіп тұрғын.
Серікпен айттысымыз бітпей қалды,
Өзім де ол айттыста шошып тұрдым.
Одан кейін Сарамен айттысқанда,
Бір сағатқа эфирді кешіктірдің.
Бұл айттыс болады ма, болмай ма деп,
Артында шымылдықтың тосып тұрдым.
Жұрсін мені қолдайды дейсің бе сен,
Мінеки, Қосымбаевқа қосып тындың.
Жынды қыла берсеніз, Жұрсін аға,
Енді айттысқа келмеймін деп шешіп тұрмын.
Таң қалам Мәлс саған, мың ойланып,
Әр сөзге жабысасың сынай қалып.
Үйінде де, қалтан да телефон жок,
Өзіңе іздеу салсак, сұрай қалып.

Усама Бен Ладендей ұстапайсын,
Із-түзсіз жоғалдың сен бір ай неғып?
Кездесуге бір сағат кешіккенде,
Жұрсін ағам іздеді шыр айналып.
Қалтанда «сымсыз» болса сандалмас ең,
Маметова көшесін мың айналып.
Апта сайын айттыстан жүлде аласың,
Жүрмеші ақшам жоқ деп жылай қалып.
Жылның отырсан да мұнай жағып,
Жарытпай қойған сені құдай неғып?

МЭЛС:

Сен бүтін сахнаны көрікті еттің,
Толғасаң сары майдай еріп кеттің.
Ерініңді отырсың бұлкілдетіп,
Жүргендей сезіміне сеніп көптің.
Балғынбек, сұрап жатса берерсің деп,
Бен Ладенге телефонды беріп кеттім.

Таулар да сілкінгенде тас төгеді,
Мақтанға ерген адам мас келеді.
Жан-жағынан шәуілдеп иттің бәрі,
Қасқырға дәл сондай-ақ қас келеді.
Қазақтан қасқыр міnez ұл тумаса,
Жұртымың жанарына жас келеді.
Мың жылда бір туатын батырлар бар,
Ұлтының қамын ойлап бас береді.
Аталардың аруағын ардақтаған,
Ұрпағы соларға арнап ас береді.
«Хан емессің қасқырсың» деп айтатын,
Махамбет тегі неден аскар еді.
Аталарға ұрпағы ұқсағасын,
Аузына ақындардың дат келеді.
Ұрпағы өте тумай кете туып,
Неліктен көңілдері пәс келеді?
Онсыз да айқай-шуы аз емес қой,
Айдынға шығарғанмен ақ кемені.

Қарайтын қазағыңа дүбірменен,
Біреулер осы сөзді хош көреді.
Ар жағында АҚШ тұр айтқтаған,
Оларға да белгілі тақ керегі.
Орнына дұрыс адам отырмаса,
Тақты да халық өзі қақ бөледі.
Заманың қарап тұрсаң ыңғайына,
Қара болып барады ақ дегені.
Әрине, сөйлемесе қандай тойда,
Мұндайда қызыл тіл мен жақ дегені.
Ақ патша сайлап қойған Жәңгір емес,
Елбасы алты Алаштың асқары еді.
Тәуелсіздік дейтүғын толғауменен,
Абылайға ұласқан дастан еді.
Үш жүздің басын қосып біріктірген,
Тәукедей тұра жолға бастап еді.
Ақынның сөзі өзін көтерді ғой,
Қазақтың жайқалсын деп жас терегі.
Нұрсұлтан емес қазір Жәңгір болса,
Айбектің басын қағып тастар еді.

БАЛҒЫНБЕК:

Жөн болар ел алдында ұрлықты айтқан,
Немесе ел ішінде бірлікті айтқан.
Бір атаның баласымыз деген Балғын,
Бәрімізді тұастырап кіндікті айтқан.
Шырылдаған нәрсені жек көремін,
Бұл Мэлс қалай-қалай сүмдықты айтқан.
Сен бәлкім Айбекті де жек көресін,
Шырылдал ел алдында шындықты айтқан.

Бұл Мэлс не нәрсені ырымдайды,
Ешқашан ақиқатқа бұрылмайды.
Шежіре айтып кетесің айтыс сайын,
Інілер оныңызды ұғынбайды.

Жек көрем деп ағасы қалай айттын,
Періште сәбілер де шырылдайды.
Жайықта жігіт еді Мэлс әйбат,
Кейбіреу сөз айтады кеміс ойлап.
Дауысын берсе, ел береді бұл Мэлстің,
Кінәсі жок, жүрмейік теріс ойлап.
Ғылымның кандидаты атағың бар,
Мұның мойындайды тегіс аймак.
Жинаған даусына қарағанда,
Насихатты жүргізген жеміс әйбат.
Кандидат бол сайлауга түсे қалсан,
Жайығың жібереді сені сайлап.
Мен ақымақ Мэлспен айттысқанша,
Жүргенім жақсы еді ғой теннис ойнап.

Ханды айтасын, Жәңгірдей байды айтасын,
Айтысқа кеп қайдағы жайды айтасын.
Суырып салатының жалғыз шумақ,
Айтысқа келген сайын шайды айтасын.
Отырып шежірені шертіп кетіп,
Саяси астары жоқ ойды айтасын.
Шырылдап Елбасына шындық жайлы,
Айтыста айтпағанда қайда айтасын?
Түсінер жігітсің ғой сөз бағасын,
Шоқ түсіп шабыттансан қозданасын.
Батысынан айналдым дауыс берген,
Кім жаман болсын дейді өз баласын.
Өмірі саясатқа жоламайсын,
Несіне шежірені созбалайсын.
Мен саған енді бүгін бағыт беріп,
Аузыңа салайыншы сөз жаңасын.
Саяси белсенділік өршіп тұр ғой,
Партиядан партия қоздағасын.
Саятты жігітсің ғой сайлау жайлы,
Мэлстің білсін халық көзқарасын.

МЭЛС:

Балғынбек, тілің сенің неге қотыр,
Білмеймін қай әзілдің себебі отыр.
Мен шайды айтсам өзінді ішсін дедім,
Сондықтан әр сөзімді елеп отыр.
Жәнгірге айтқан датты айтып едім,
Мен не дедім, домбырам не деп отыр.
Бұл Бәкен сөйлегендеге тіптен батыл,
Білмеймін қай жағынан күш кеп жатыр?
Аман-есен барған соң ауылыша,
Қайтадан келінжанды қүш деп жатыр.
Сайлау деген саяси ойын болар,
Үміткерлер қарасаң тіптен батыл.
Ақындар да айтыста бәрін айтып,
Әкімдерді шетінен тұс деп жатыр.
Храпунов «жездемізден» бастап тұрып,
Аласы мен құласын түстеп жатыр.
Парламентте отырған депутаттың,
Бір-бірлеп тірсегінен тістеп жатыр.
Бізде сондай депутат боламыз деп,
Пысықтар жүгіріп жүр іскер, батыр.
Сол пысықтар бүгінде жанталасып,
Күзге қарай алмаға піс деп жатыр.
Піссен де піспесен де содан кейін,
Тезірек аузымызға тұс деп жатыр.
Демессің сен сөзімді пайдаландың,
Отырып жайбарақат жай қарапмын.
Осындай қызық науқан келе жатыр,
Дегендей қазығында айналармын.
Ал енді ойымызды сұрап болсан,
Мен қалай намысымды қайрамаймын.
Солардың мен сенбеймін біреуіне,
Сондықтан да ешкімді сайламаймын.

БАЛҒЫНБЕК:

Маңмаңкерім, Мәлсім,
Мен айтпасам білмейсің,

Айтқаным көнбейсің.
Сеніменен айтысқан,
Айбек деген аты бар,
Ханға айтқан даты бар.
Естіп тұрып естімей,
Көріп тұрып көрмейсің.
Әкімге сілтер сойылды,
Ініңе неге сермейсің?
Сөзіңе халқың сенгенмен,
Өзіңе өзің сенбейсің.
Мэлс, Мэлс дегенге,
Мастанып қызып терлейсің.
Өткен жолғы жарыста,
Берлмей жалған намысқа,
Айбек деген арысқа,
Торғайдан шыққан барысқа,
Жолынды неге бермейсің?
Патшага Айбек дат айтты,
Алып-қосқан түгің жок.
Жәнгір ханға Махамбет,
Дат айтты деп айтасың,
Оған да тартқан түгің жок.
Патша түгіл Парламент,
Өкіметке үнің жок.
Парламенттің арқасы,
Батыраштың балтасы,
Жаназасын шығарды,
Менің де енді тілім жок.
Тілімсіз енді күнім жок.
Шендінің бәрі паракор,
Шенсіздің бәрі жалақор.
Ұлттым дейтін ұлым жок,
Ұлт деген тіпті ұғым жок.
Жаңа байлар көбейді,
Шалағайлар көбейді.
Астарында «мерседес»,
Бастарында білім жок.

Ұлтым деген ұлың жоқ,
Қыздарында қылышқ жоқ.
Сен жайбарақат отырсың,
Секілді бір мінің жоқ.
Осылай кесіп айтпасам,
Ақындық менің құным жоқ.
Айтысты көріп отырса,
Сенгені елдің бір құдай,
Жалғыз сенің мінің жоқ.
Үкімет шықты білесің,
Байлықтың бәрін сатам деп.
Сен отырсың мақтанып,
Махамбет менің атам деп.
Жәңгірге дат айтқандай,
Нұрсұлтанға дат айтқан,
Айбек қой нағыз Махамбет.
Қатты айтты деп ренжіме,
Басынды неге шайқайсың?
Балғынбектің шабысын,
Енді бүтін байқайсың.
Інілер келсе алдыңа,
Куып жүріп жайпайсың.
Жайпай бермей інінді,
Дінің менен ділінді,
Осылай неге айтпайсың?

МЭЛС:

Қалайша бұл айтқанға көп шыдарсың,
Агайын енді сөзді естіп алсын.
Ақиқат іздейтүғын тек сен еken ғой,
Белінді сол жолда сен бес буарсың.
Мен саған Махамбетпін деген жоқпын,
Куалап ертедегі көш қуарсың.
Аталардың ақырған орны бөлек,
Аруағын тек өзіңде дос қыларсың.
Басынды шайқай берсең түсінбеген,
Сен қазір Истатаймын деп шыгарсың.

Бері қара, Балғынбек,
Айтысар болсаң Мэлспен.
Табысқандай боларсың,
Өлеңдегі өріспен.
Жерінді сатып жатырса,
Желінді сатып жатырса,
Қайда кеткен азамат,
Әділ сөйлеп келіскен?
Астанада сен жүрсің,
Өлеңнің суын тең ішкен.
Үндемей қалып сол жақта,
Осы жерге келгенде,
Сыбырлай ма періштен.
Шынымен енді сынассан,
Желмен бірге өріліп,
Сырмен айтып кетеміз.
Ойға салып өлеңді,
Шапқылатып әрі-бері,
Қырмен айтып кетеміз.
Жеті-сегіз бұынды,
Атадан қалған нұсқа бар,
Солардан бүгін жаңғырып,
Үнмен айтып кетеміз.
Бастағанды тоқтатпа,
Үзіліске шыққанша,
Сен осыған келіссен,
Жырмен айтып кетеміз.

БАЛҒЫНБЕК:

Тай дей ме, Мэлс мені бесті дей ме,
Ессіз дей ме жоқ әлде есті дей ме?
Балғынбек сахнада шындықты айтса,
Ел алдында өтірік бөсті дей ме?
Елге менің сөздерім жақпай жатса,
Балғынбек ақын болып өсті дей ме?
Мэлс аға, соншалық кешемісің,
Сыбырлағанды құдай естімей ме?

Сылтау айтып, бұл Мэлс,
Жылады ма, ой, дүние-ай.
Жауп берем мен енді,
Сұрағыңа, ой, дүние-ай.
Кел екеуміз қосылып,
Зарланайық, ой, дүние-ай.
Жетер ме екен Патшаның,
Құлағына, ой, дүние-ай,
Қазағым-ай, азабым-ай,
Парламенттен болды сенің
Ажалың-ай, ой, дүние-ай.
Дінім мақау, тілім сақау,
Ақешкінің күнін кештік,
Кенен атау, ой, дүние-ай.
Өгейлігін қарашы,
Үкіметтің, ой, дүние-ай.
Шаранада тілімді,
Шетінтеттің, ой, дүние-ай.
Қарғыс болып тимесін,
Қайта айналып, ой, дүние-ай.
Шетке кеткен көз жасы,
Жетімектің, ой, дүние-ай.
Сенатым-ай, саңғырдым-ай,
Халқымызды жібердің ғой,
Қанғыртып-ай, ой, дүние-ай.
Мәжілісім, мәңгүртім-ай,
Сен болдың ғой тіске түскен,
Қанқұрттым-ай, ой, дүние-ай...
Таппай айтқан сөз жетім,
Жүйесі жоқ, ой, дүние-ай.
Жұғып кетер Балғынның,
Күйесі жоқ, ой, дүние-ай.
Елге айтамын Елбасы,
Сен де тыңда, ой, дүние-ай.
Бізден басқа бұл тілдің,
Иесі жоқ, ой, дүние-ай.
Нұрагам-ай, ірі ағам-ай,

Тірегі жоқ тіліміздің,
Құлағаны-ай, ой, дүниe-ай.
Төрдегі аға, елге қара,
Сорлы еліңнің соңғы үміті,
Сенде гана, ой, дүниe-ай.

МЭЛС:

Балғынбек, қасымыздан қашықтама,
Демессін біздерді де жасық бала.
Неге сен қарап тұрып бұлданасың,
Бұрынғы ескі әдісті машықтама.
Ағанды кеше дейсің, жынды дейсің,
Сен онда тау суындағы тасып қара.
Біреудің ақылында нең бар сенің,
Алдымен өз басынды ашып қара.

Ағайын бізге қарай таман келсе,
Қол соқпас және отырып шабан келсе.
Әр ақын өз тілінде сөйлемей ме,
Қашанда алмағайып заман келсе.
Мен бе екен үкіметке жалпылдайтын,
Қашатын қорқатындағы қабан көрсө.
Ешкімге айтпасын деп жатқан жоқпын,
Жақсы ма, өзі білсін жаман көрсө.
Балғынбек, шыныменен батыр болсан,
Хан ордасын шауып ал шамаң келсе.

Бергендей өзіңізге пысық хабар,
Суырып жаныңыздан ісікті алар.
Артында Айтақындағы ұстазың бар,
Сәлемі саған айтқан ысып барап.
Бірдеме десем маған ренжисің,
Дейсің бе, шәуілдеген күшік қалар.
Одан да ортақ тілмен келісейік,
Басынды шайқай берме, түсіп қалар.

БАЛҒЫНБЕК:

Білуші ең сөз бағасын өзің беске,
Кей кезде көнілдерде көз ілмес пе?
Мен саған қатты сөзді айтпас едім,
Қайтейін жүрегімнен сезім көшсе.
Хан ордасын шауып ал деп айтқаның,
Өзің кеше емессің, сөзің кеше.

Тұспей тұр асығымыз мұлдем алшы,
Аңынан біз адасып жүрген аңшы.
Ініңмен бостан-босқа тайталасып,
Болып отырсың, Мэлс аға, кімге қарсы?
Тілімді таптап кеткен ағаны айттым,
Депутаттар болып жүр кімге қайшы?
Әлемде біз шығармыз сорлы халық,
Мемлекет мемлекеттік тілге қарсы.

Жатыр ғой екеумізді уақыт сынап,
Сен бірақ тұра алмадың жатып-құлап.
Кешегі ана тілді таптағандар,
Түбінде анасын да сатып тынад.
Әрің тар болған соң ұяты жоқ,
Барлығы өзге тілде шатып тұрад.
Қазақтардың орнында шешен болса,
Қарсыны шеттерінен атып шығад.
Немесе сыған деген қаңғыбас ұлт,
Көшеде алақанын жайып тұрад.
Сығанша тіл білмейтін біреуі жоқ,
Жатқан жоқ өз тілінде оқып бірақ.
Олар да бала бақша, мектеп те жоқ,
Тұған тілін көкейде тоқып шығад.
Парламенті жоқ тіліне қарсы шығар,
Дәл бізден сыған халқы бақыттырақ.

МЭЛС:

Көргесін ақындарын мақтан елі,
Сөйлесе ел алдында так-тақ еді.
Парламент дегеніңнен шығарайық,
Ол кеше жұрт алдында атпал еді.
Сырт көзге өтірік дауыс бермеген бол,
Жерді де сол адамдар сатқан еді.
Бір байғұстың атына құжат жасап,
Өзара бөлістерін тапқан еді.
Мына жұрттың ашытып миын тағы,
Әр түрлі қорларын да ашқан еді.
Төле би, Қазыбек пен Әйтекелер,
Ондайға ауызыңды жап дер еді.
Халықтың несібесін жырымдаған,
Ұрлаған дүниені тап дер еді.
Парламентте отырған біздің билер,
Ондайға сауысқандай сақ келеді.
Конверттің ішінен көрінбейтін,
Оларға «доллар» дегенді ап береді.
Қасына «евроны» қосақтатып,
Тағы да бірдемені сап береді.
Халықтан шыққан біздің «қалаулылар»,
Осылай несібесін ап келеді.
«Халықтық театрда» ойнайтығын,
Құдай-ая, бұлар неткен «актер» еді?!

Сондықтан өз Алашым айбаттан да,
Қиялмен жерде жүріп, Айға аттанба?!
Дейміз ғой болашақтан үмітім бар,
Құдай да бермейді ғой жай жатқанға.
Болашақ сайлауыңыз келе жатыр,
Барыңыз, намысыңды қайрап ал да.
Ұрандатқан сөзіне сеніп қалып,
Тағы бір су жүқпасты сайлап қалма.
Саясатқа сенім жоқ, ағайындар,
Қайтадан бармағыңды шайнап қалма!

БАЛҒЫНБЕК:

Жекпе-жек дәстүр болды, шүкір, тәубә,
Түссе де баспасөзде пікір-дауға!
Жүкеннің жекпе-жегі басталғанда,
Ауылда тоқтайды еken бүкіл шаруа.
Жүргімнен шығатын сөз айтайын,
Жаппар ием, тіліме күпір салма?
Қазағым, дауыс беріп дуылдайсын,
Телефонға қарыз боп тұтылсан да.
Жүген ұстар жекпе-жек бітер емес,
«Суперстар» кезектен құтылсан да.
Құраннан қуат алыш бай білімді,
Ел-жүртім, асырайын айбыныңды.
Мен Есіл болған кезде, Мэлс Жайық,
Айтыста толтырармыз айдыныңды.
Біз өзі тұлпар текті халық едік,
Жылқысыз елестетем қай күнімді?
Балғымбекті Байшұбарға баласандар,
Мэлсті білініздер Тайбурыл деп.
Бірақ та хан ордасын шауып ал деп,
Басыма Мэлс үйді қайғы-мұнды.
Үрпаққа үлгі болар сөз айтсаңшы,
Жаңағы жаман сөзің қайбір үлгі?
Арқырап шаба алмасаң неге келдің,
Көрсетіп сәйгүлікке сай дүбірді.

Айналдым ықыласынан, нұр Алашым,
Сөзімді бәлкім менің құп аларсың.
Елімнен айналайын еңсөң биік,
Қыранға тұғыр болып тұра аласың.
Мэлстің жаңағы айтқан ұрыс сөзің,
Қалайша інісі кеп сынамасың.
Тәуелсіз мемлекетке жаман айтпа,
Сайлаған патша қылып Нұрағасын.
Ешқашан Ордамды мен шаппас едім,
Олай етсем батам ғой күнәға шын.
Елімнің шаңырағы аман болып,
Ешқашан уығы да құламасың.

Шапалақ сартылдайды қол боп маған,
Сапарды оң қылса екен қолдан бабам.
Мэлс аға, ол сөзді қалай айттың,
Қазақты заман бар ма сорлатпаған.
Сырттан, іштен шығатын жау болса да,
Мен қайта Хан Ордамды қорғап қалам.

Еңсемді отырмаймын басып төрден,
Сен емес сол жағына сасып келген.
Астафыралла, деп алдында елің отыр,
Жөн болар ойларыңды ашып берген.
Бүгінгі Алла берген азаттықты,
Алашым ғұмыр бойы тосып келген.
Мен саған ұрыс айтпай, дұрыс айтсам,
Кетпейсің Балғынбекті басып белден.
Хан Ордаға қастық қылған сатқын жандар,
Қақпасын Отырадың ашып берген.

МЭЛС:

Жүректен сарқыраған өлең ақсын,
Сол өлең жүйткіп тасып, жедел ақсын.
Балғынбек, түсінісп кетеміз фой,
Қазіргі әңгіменде дереу-ақ шын.
Хан сыртынан жұдырық түймесін деп,
Ойымды айтып едім берен-ақ шын.
Елбасы мен еліміз аман болсын,
Тәубене енді түсіп келе жатсың.

Жігіттер өздеріңше жарқылдарсың,
Бүгінгі заманыңа сай туғансың.
«Ақ жолың» бар, тағы да басқасы бар,
Сайлаудың алдында бір аңқылдарсың.
Тағы да жеті-сегіз партия бар,
Шығарған іштерінен жарқын даусын.
Мен деген көзқарастан айнымаймын,
Балғынбек, құлақты сап сәл тыңдарсың.
Сыртынан сынағанша ел Ордасын,
Өлеңмен осы бүгін алтындарсың.
Ал енді, қалың елге ашып айтшы,

Президент болатұғын қайсың барсың?!
Арқалап келіп қол соқсан,
Алдыңда тұрған ағайын.
Алдарында іркілмей,
Арғымақтай шабайын.
Арқам қызып тұрғанда,
Жарыспай нге қалайын.
Бұл айтыстың қызығы,
Толтырғандай маңайын.
Асқарлы шабыт берсендер,
Сіздерге бір сәт қарайын.
Сүгірге де салайын,
Дүбірге де салайын.

Сөз тыңдал қошеметпен ел қарасын,
Бізге дә мойын бұрып сәл қарасын.
Бүтінде ел ішінде әңгіме көп,
Қалайша әзаттықты саудаларсың.
Елбасымен бастаған ерегесті,
Заманбек біреулерге заңғар-ау шын.
Ал, сонда Президент кім болады,
Дегенді, ағайындар аңғарарсың.
Қажыгелдин АҚШ-тың азаматы,
Бушқа барып сүйенген балдағы алтын.
Жандосовтың жағдайы белгілі ғой,
Қазақша бір ауыз сөз қармамайтын.
Үкіметте Премьер Даниял бар,
Ақындар оны онша қолдмайтын.
Министрдің байқасаң көбі шикі,
Ойланып бір қағазға он қарайтын.
Балғынбек, осы сөзді тыңдағасын,
Сен-дағы сұлу сөздеп сомданарсың.
Алтынның колда барда қадірін біл,
Қашанғы қиқымдарды малданарсың.
Қаптаған партиялар келіп, кетер,
Демеймін оларменен жанданарсың.
«Қазақтың өлісінің жаманы жоқ,

Тірісінің жаманнан аманы жок»,
Дегенін Абай атам аңғарарсың.
Қайғысыз қара суға семіреді,
Демеймін бармағыңнан бал жаларсың.
Елбасыға сыртынан сын айтқасың,
Көңілің мұнаюмен қам боларсың.
Елінді сүм сұлтандар билегенде,
Сен ертең Нұрсұлтанға зар боларсың.
Әлеумет қарағасын шырайлана,
Жүрсінші көңіліңде күн айнала.
Елбасы да адам ғой өзіміздей,
Сүйенген көпшілікпен бір Аллаға.
Ал, айтшы көпке жакқан кісі бар ма,
Ерікті ұнамауға, ұнауға да.
Айтыстарда әр түрлі әнгіме айтып,
Сыртынан қыын емес сынауға да.
Кеше жүрген Әлихан Бәйменовтың,
Жүрмел пе еді, саясат дейтін бір ауылда.
Алтынбек Сәрсенбаев министр бол,
Ұқсаған елші болып жырауға да.
Солардың көзқарасы қызық болды,
Жүргендей жердің бетін күн айнала.
Көзіңе көзілдірік кигеннен соң,
Қазақстан көрінген тұмандана.
Табақтарың жігіттер ортайғасын,
Қабақтарың қалыпты қыраулана.
Бәрімізде адамбыз, Балғынбек-ау,
Жүретін бас қатырып бір айлаға.
Атамыз Адам Ата Сафиолла,
Хауана оған жалғыз сыңар ғана.
Адамдар қателесіп жатады ғой,
Қателік жасамайтын Құдай ғана.
Ақын да болсаң Балғынбек,
Алдында жүрттың өрлеген.
Шындықты айтып шыңғырдың,
Бұрын да естіп көрмеген.

Сөйлейсің бізге сын тағып,
Жарысып жүргін желменен.
Қабағыңды түймеші,
Одан да сен билеші,
Мына отырған елменен.
Ақын болсаң інім-ай,
Жарысарсың желменен.
Жырменен көсіп қостадың,
Көнілің шалқып көлменен.
Көнілің шалқыса көлменен,
Бірге де болар елменен.
Басы аман болғанның,
Өмірде сірә өлмеген.
Жалғастырып айтарсың,
Суырып салып терменен.

БАЛҒЫНБЕК:

Әрине, жалғыз ұлы Хақтағала,
Ау, Мәке, ұқсамайсың ақ табанға.
Баяғы бабалардың салты емес пе,
Осылар бір мақтап, бір даттағанда.
Бірақ та ешбір ақын бара қоймас,
Азаттықтың ақ туын таптағанға.
Менімен көмір қазып не қыласыз,
Не жетсін абырайды сақтағанға.
Бірлігімнің қадірін білер ұлтқа,
Сабақ қой кешегі өткен «Ақтабанда».
Енді хан қайсың барсың деп сұрайсың,
Нені айтасың патшаны айтпағанда?!
Бағанадан не айтып мен отырмын,
Бұл Мәлс ниетінен қайтпаған ба?

Қозгайын ескі ертекті есімдегі,
Айтайын Елордамды Есілдегі.
Тыңның 50 жылдығын атап өттік,
Болған соң үкіметтің шешімдері.

Қанша мактап жүрсек те масаттанып,
Ол той бірақ ызғарды өшірмеді.
Хрущев өсірем деп бір уыс шөп,
Құртыпты құнарымды төсімдегі.
Даламдағы қырыпты дарындарды,
Санамдағы сәулені өшіргелі.
Жерім түгіл діліммен тілді құртты,
Қаптаған келімсекті көшіргені.
Мәлстей теріс сөзді айтқаным жоқ,
Нұраға, артық айтсам кешір мені.

Ақ патша білесің ғой құрық салды,
Ұмыттың әдет, салт-ғұрыптарды.
Қаралардың барлығын құл қылыпты,
Пара мен ауыздықтап ұлықтарды.
Қазақтарды көшіріп шөлейттерге,
Басына әз халқымның бүлік салды.
Ақ патша ештеме емес Советтер кеп,
Ау, Мәке, сағымыз шын сынып қалды.
Үш жүз жыл Ақ патша түк жасамады,
Никита үш-ақ жылда құрық салды.
Никитаның құлығы қазағымды,
Никотиннің уынданай қырып салды.
Сайлауды сен айттың ғой біз білетін,
Кандидаттың білесіз шын ниетін.
Ауылға аттың басын бұрады енді,
Әдеті депутаттың дүрлігетін.
Қасында бата бергіш молдасы бар,
Әртісі бар елді алдап құлдіретін.
Атым озсын деп тілер аталастар,
Бармақ басып көз қысып бір жүретін.
Аталастан асатын рулас бар,
Жиылыш құмға кеме жүргізетін.
Мәселе шай үстінде мәжіліс қып,
Иілместі пұлменен идіретін.
Қатындарға қант-май үлестіріп,

Шалдарға бір-бір шапан кигізетін.
Алтау ала болған соң аузым жырық,
Осы ғой жанымызды күйдіретін.
Сайлау деген сор болды бұл қазакты,
Ел ішін ала тайдай бұлдіретін.
Жекпе-жек сынайды ғой төзімдерді,
Демегін бұл Балғынбек сезімге ерді.
Откен сайлау, ағайын, сабақ болсын,
Суайттар үйіп төгіпп сөзін берді.
Жарлықаймын дегендер жалт бұрылып,
Серттен тайған серкені көзім көрді.
Екінші рет алдандың аталасқа,
Тербеген соң туыстық сезімдерді.
Байқадың бауырдан да безінгенді.
Алла айдал алдыңа қайта келер,
Сайлаушым сергек ұста өзінді енді.
Төрт жылда төрде отырып не тындырдың,
Деп есеп сұрайтұғын кезің келді.
Ұйқыда жата бермей оян, қазак,
Мойынға шығармайық жебірлерді.

Сен десе естіледі сан ыскырық,
Білесің ол айтыста таныс қылық.
Аллаға мен де, Мәке, тәубе айтамын,
Халқыммен жатқан мынау қауыштырып.
Терменізге салайын келер кезек,
Екінші домбырамды ауыстырып.

Сені Мэлс, жаратты,
Айтыстағы серке ғып.
Ел ақыны болған соң,
Елбасына айтқан базына,
Өз басыңа жарасқан еркелік.
Аланда алаң-алаң жүрт,
Ақ ала орда қонған жүрт.
Есілдегі елді айттым,

Жаңа астана қонған жұрт.
Елбасымыз Нұраған,
Жаңа қала салған жұрт.
Балғымбаев бірінші
Премьер болып барған жұрт.
Парасатты Парламент,
Қалаулыға болған жұрт.
Астанам менің осындай,
Бақ жүлдізым жанған жұрт.
Есіл деген елім бар,
Ексе шыбық өнген жұрт.
Сурып сап айтайын,
Мейлі маған сенбендер.
Бес жұз мындаған халқы бар,
Әлемге кеткен даңқы бар.
Бес жүзді таратып айтайын,
Екі жұз мыны кешегі,
Хрущевтің көзін көргендер,
Тың игеріп келгендер.
Далаңда масақ тергендер,
Молаларды қопарып,
Нан өсіріп бергендер.
«Қарлаг» пен «Алжирде»,
Құрыпты ғой өлгендер.
Алматылықтар жұз мыны,
Елбасыға еріп келгендер.
Шымкенттен жұз мыны,
Саудаға ғана сенгендер.
Ал, енді қалған жұз мыны,
Арқалық бүгін мұнды деп,
Қонысбай қоныс қылды деп,
Торғайдан ауып келгендер.
Тірегі болсын елімнің,
Айналайын, Елбасы.
Діңгегі болсын дінімнің,
Төрде отырған Дінбасы.

Суырып салып айтайын,
Күрүшүң қанып тындашы.
Ал, енді осы термелеп,
Торғайдың мұнын, Мәлсжан,
Дәл өзім құсап жырлашы.

МЭЛС:

Жырла десең-ай, Балғынбек,
Қалай да қарап қалайын.
Қол соғып алдымда,
Қаптаған мынау ағайын.
Шайды айтқанға сөкпегін,
Ішіп те жүрсің талайын.
Өзің құсап тағы да,
Жан-жағыма қарайын.
Қолымда жалғыз домбырам,
Ауыстырмай салайын.
Кедейден бүгін қарасан,
Балпаңдал жүрген байлар көп.
Сондайлардың ішінде,
Болып та жатқан майдан көп.
Майданның жөнін сұрасаң,
Келе жатқан сайлау көп.
Біреулер оны ойлайды,
Қарындарын майлау деп.
Біреулер тағы ойнайды,
Төрт жыл сонда отырып,
Несібесін шайнауды.
Әке-ая, бұл кім деп қарасаң,
Сөзінде оның байлау жоқ.
Тағы бір өкінген,
Қолында қазақ қайран деп.
Елбасы мен еліме,
Шығардым өлең ойдан көп.
Бір сөзімде тұрамын,
Мен сен құсап айттыста,
Табаным бұрсіз тайған жоқ.

Қазағым қастерлеген табандыны,
Адалдықпен өрілген адамдығы.
Жаңағы өзің айтқан, өзім айтқан,
Жүйкеге түсіріп тұр ғой заман мұны.
Желден жүйрік заманға тап болғанда,
Жылқының қор қылады шабандығы.
Іңде жын-шайтанға тап боласың,
Жарықта ойламасаң қараңғыны.
Бір-бірімен жауласып жатқандардың,
Интернетке жүгірту мамандығы.
Досқа күлкі, дұшпанға таба болар,
Надандығын жеңе алмай адамдығы,
Бұл іштен ірітудің айласы ғой,
Немесе ол шет елдің қараулығы.
Ағасын інісіне айдан салған,
Жымысқы саясаттың баяулығы.
Балғынбек, саған қарап мен отырсам,
Ағаңың шаршатпасын жаяулығы.
Қазақтың жауы қазақ болмаса екен,
Өтініш қылып айтам саған мұны.
Байлығың мырыш та емес, күріш те емес,
Байлығың басыңыздың амандығы.
Ал, Бәке, қарап тұрсам тарлансың ба,
Немесе асқақтаған занғарсың ба?
Төмен қарап ойланып, кеттіңіз ғой,
Айтылған әңгімені аңдарсың ба?
Сүгірдің термесіне салған кезде,
Әуені әдемі деп тыңдарсың да.
Екінші домбыранды алып едің,
Болмайды мұндай жерде жалғансуға.
Тағы да шайыңды айтсам ренжіме,
Сен шөлдеп шыныменен қалғансың ба?
Бірінші домбыраң қолында тұр,
Жып еткізіп ауыстырып алғансың ба?
Дегендей енді маған қазақ келсін,
Қалайша бұл ағанды шабан дерсін?

Жұрсін ағаң көрсетті қолыменен,
Жаңағы өзің айтқан маман дерсің.
Қолында бір домбыра қазақтардың,
Қазақтың үш найзасы аман болсын.

БАЛҒЫНБЕК:

Ау, Мәке, сенің тегің айдан бе еken,
Домбырам қолымдағы найзам ба еken.
Саған қарсы қос найза алған жоқпын,
Маған деген ниетің қандай бөтен.
Сүйімбай да дат айтқан Тезек төреге,
Немене екі сөйлер айуан ба еken?
Баймағанбетке дат айтқан Шернияздай,
Табаныңың бүрі оның тайған ба еken?
Сен өзі баба салтын білмеймісің,
Әңгімең болмады шайдан бөтен.
Домбырам қаруым емес, аруым ғой,
Ештеңе түсінбейтін, қайран көкем!
Ай, Мәлсті олай-бұлай шымшылайын,
Ағайын көңіліннен бір шығайын.
Термелерді айтшы деп бір сынадың,
Рұқсат етсең мен де оны бір сынайын.
Ақындар жекпе-жекке жең түріпті,
Құлағын екеумізге ел түріпті.
Шындықты айтсақ жақпаймыз шекпендіге,
Кел, екеуміз айтайық өтірікті.
Айтпаймын өлтірсең де өтірікті,
Таппайсың біздің елден кемшілікті.
Шекарада бір қазақ түшкіріп қап,
Отыз екі өзбекті өлтіріпті.
Айтайын шындық сөзді ең көрікті,
Құлакпен естігенді көз көріпті.
Қазақтар жер бетіне сыймайды деп,
Қытайлар шығыс жақтан жер беріпті.
Елімнің байлығын сен байқаймысың,
«Доллар» мен «евродан» теңге мықты.
Қаланы ауыл бүгін асырап тұр,
Себебі керегесін кең керіпті.

Қалалықтар ауылға көшіп жатыр,
Әкімдері болған соң елге құтты.
Келімсекті қызып тастап кеңесінен,
Оралманға билік пен төр беріпті.
Тіл білмесек қызметсіз қаламыз деп,
Барлық ұлт қазақ тілін менгеріпті.
Тіл білмейтін мәңгүрттер сенделіпті.
Қытайдың қызын алып жігіттерім,
Күшік күйеу болудыжөн көріпті.
Таласып тауарыма Қытай біткен,
Жылтыраққа жабысты ең көрікті.
Пекиннің де базарын жаулап алып,
Қазақ осы қоймайды-ау пенделікті,
Бұл менің шындық сөзім ең көрікті.
Қоздырды демегейсің пенделікті,
Осылай өтірікті айтып көрші,
Ел білсін сен бе мықты, мен бе мықты.

МЭЛС:

Балғынбек құманына ой салыпты,
Тыптыратып қалтаға қол салыпты.
Байқасаң екеуміз де мықты емеспіз,
Жәшікке талай адам гол салыпты.
Түсім емес өңімде қарап тұрсаң,
Алматыға Храпунов жол салыпты.
Шенеуніктер қарасам есікте жүр,
Білмеймін теріс кеткен несіп пе бұл?
Ал енді әрі қарай жалғастырын,
Өзінен әңгімені естіген ұл.
Әбсаттар дінбасымыз әңгіме айтып,
Рәтбек қажыменен мешітте жүр.
Бұл-дағы сынайтұғын отың екен,
Емессің бұл ақынның несі бекем?
Балғынбектер арт жаққа кетіп қалып,
Айтақынмен айтысып отыр екем.
Қыс дегенім қарап тұрсаң көктем екен,
Ал енді әрі қарай ептеп өтем.
Менің тілім қарыштап осы бүтін,

Атағы аспандағы айға кеткен екен.
Бірінші бөлімінде бұл айттыстың,
Ақындар шетке сапар шеккен екен.
Еркін ағам елуге толып тұрган,
Дәл қазір жүзге толып кеткен екен.

БАЛҒЫНБЕК:

Ағайын жүйрік екен, шабан десем,
Бұл менің інім екен, ағам десем
Айтақынмен айттыстым деп лағып отыр,
Мен оған іні болып жағам десем.
Қасыма ертіп келген нөкерімді,
Өзің біл бір есебін табам десен.
Бауырыңа баспадың Бауыржанды,
Жақсы қайдан болады жаман десен.
Қанаттың да, ау, Мәке, тауын шақтың,
Жарасады өзінді сараң десем.
Шынарбек айттықа еріп келер еді,
Жекпе-жекке мен кетіп барам десен.
Салауат та сағынды сындырмайды,
Қасыңа нөкер қылыш алам десен.
Жалғыздық бір құдайға жарасады,
Мен сені тәубәсі бар адам десем.
Жапандығы жалғызұй сияқтанып,
Жалпайып отыра бер маған десен.
Өткенде жомарттықты қылмасаң да,
Жол беріп кетсең қайтеді жөніңменен.
Екеумізде қазақтың баласымыз,
Еншісі ешқашан да бөлінбеген.
Ажыраса арамыз ажырайды,
Ажалмен, топырақты өлімменен.
Бірақ біз жұмақта бір боламыз,
Шырқаймыз сол жұмақтың төрінде өлең.
Екеуміз бір атаның баласымыз,
Марқаның бір құлағын бөліп жеген.
Ер болсаң ардақтайды елім деген,

Айттық қой алты Алаштың төрінде өлең.
Дәүлеткерей келмесе біздің елге,
Сен оның ұстазы бол көрінген ең.
Махамбеттің тойында жолды бермей,
Кәдімгі қамал құасп берілмен ең.
Мен сенің жолыңа еш таласпаймын,
Өзімнің кете берем жөнімменен.
Сен маған көңілінді берсең болды,
Мен саған жүргегімнің төрін берем.

МЭЛС:

Көз көріп естігенді құлақ демер,
Балғынбек інім едің су ап келер.
Жалғыз деп неге маған тиісесің,
Мұныңды естіген жұрт уақ көрер.
Студенттер менің шәкіртім ғой,
Сабакта топырлатып сұрақ берер.
Мен себебі өзіндей мұғаліммін,
Жерім жок, жастарымды жырақ көрер.
Бәйгеге қалың жылқы қосылғанда,
Құдайым жүйрігіне қуат берер.
Ей, ағайын, түсінсендер сол сияқты,
Мың аттың ішінен де бір ат келер.
Ақындар қайғыратын күрсінгенде,
Жүрегі мына жұрттың дұрсілдеуде.
Халық бар, қазысы бар өзі шешсін,
Не жетсін жүректерге жыр сіңгенге.
Екеуміз айттысамыз, тартысамыз,
Тұрғанда тыптыршумен тылсым кеуде.
Мен ешкімнен жол сұрап таласқам жок,
Мұны да болады ғой мүмкін деуге.
Айттыс сайын жағадан аласындар,
Немене жолға сыймай жүрсіндер ме?
Отырған қалың қауым ел сияқты,
Бұл-дағы шабыттанған жер сияқты.
Бұйырғаны болады, Балғынбекжан,

Көңілі көрерменнің көл сияқты.
Жылжысын таңдайынан маржан сөзің,
Құйылған маңдайынан тер сияқты.
Бірінші Алла, екінші ел шешеді,
Бауырым, мен де ақынмын сен сияқты.

МЭЛС ҚОСЫМБАЕВ ПЕН АЙБЕК ҚАЛИЕВТІҢ АЙТЫСЫ

МЭЛС:

Бәрі де өлең болса мен көргеннің,
Мен онда бақыттымын деумен келдім.
Алтай бесік, Атырау несіп болған,
Атамдай атанға жүк өңгергенмін.
Маңғыстау майлы қиян жақтан шығып,
Каспийдің толқынында тербелгенмін.
Оралға оқу іздең келгенімде,
Жайықтай жайлы қиян ел көргенмін.
Алақанға қондырып ақын кылыш,
Балапанға бірі еді жем бергеннің.
Тілеужанов Мәтжанның арқасында,
Тіл менен әдебиетті менгергенмін.
Тұрсынбек Кәкішовке шәкірт болып,
Ғылымнан алуан тарау жөн көргенмін.
Махамбет Өтемісов атындағы,
Университетімнен жол көргенмін.
Айтыстың айдынына шыққандардың,
Желкенін көтеруге жел бергенмін.
Студенттер бұртиып жүрмесін деп,
Бағасын қойып беріп дем бергенмін.
Ей, Ассалаумағалайкум, ағайындар,
Көтерген Көк байрағын көргенді елдің.
Елбасының елге айтқан жолдауына,
Сіздерсіз бірі көңіл бөлгендердің.

Айтыс деген мәдени мұрамыз деп,
Алшандап Ақ сарайға енгендердің.
Көңілі тау суындағы тасып қойсын,
Біздерде қалмаймыз деп ергендердің.
Ақындар да аянып қалмайды ғой,
Сенімін ақтау үшін сенгендердің.
Алматым - жаннатым деп келіп тұрмын,
Көмбесін ашайын деп көрген жердің.
Алдына ақ жамбыны тастадындар,
Садағын сайлап жатқан мергендердің.
Айбекжан, бірі едің ғой айтыстағы,
Сөзден алтын айырған зергерлердің.
Астана байтағыңыз аман шығар,
Көңілін тойдыратын көргендердің.
Келінмен қоса ағарып қызығын көр,
Бауырыңнан балпаңдап өргендердің.
Қорғансан, Қазақстан, қалқаныңмын.
Сермесен семсер болып сермелгемін.
Таразыға тартқанда қарамайсын,
Қабағына әрине кем келгеннің.
Ағайын, женіс күні құтты болсын,
Өзіндей жығылмаған өр кеуденің.
Осынау ұлы мейрам ашып берген,
Есігін ендіктер мен белдеулердің.
Үкіметің жағдайын жасаса екен,
Қабырғадан қан кешіп келгендердің.
Ақындардың аузымен дастан болыш,
Тірілу үшін қайта өлгендердің.
Шығыстың қос шынары деп атаған,
Мен батыр қыздарыңды төрден көрдім.
Ақтөбе, Қобда ата мекенің ғой,
Әлия еркелеген елден келдім.
Оралдан орамалы желбіреген,
Мәнсия, Мәншүк туған жерден келдім.
Айбекжан, армысыңыз, айналайын,
Осы ғой шабыт туы желденген күн.

Айтыс деген майданы ақындардың,
Ендеше жолын берсін жеңгендердің.
Әруағы бір аунап жатқан шығар,
Біздерге Берлинді алтып бергендердің.

АЙБЕК:

Ау, Мәке, батыстағы дүр ме екенсің?
Ағам боп құйылатын жыр ма екенсің?
Мәтжандай ағамыздан үлгі алсаң,
Сонына ұстазыңың күрмет ерсін.
Батыстан кеп қалдым деп айтып жатсын.
Бабалардан сақталған сыр ме екенсің?
Махамбет оқу орнынан келдім дедің,
Жарқылдар Махамбеттей жыр ме екенсің?
Өмірбаянынан Мэлс-ау бастадың ғой,
“Отанға” кірейін дер жүр ме екенсің?!

Біссмілла, сөз бастадым Алла қалап,
Арманың азат атқан таңға аманат.
Алдына ақындарың тағы шықты,
Айтыстың шаршы алаңын шаңға қамап.
Ал Мәке, айтысымыз айтыс болсын,
Телефонмен өлшенбей бар қанағат.
Айтыста пұл сөйлемей тіл сөйлесін,
Ақ сөзім алла алдында арға аманат.
Атырау, Алтай, Арқа аманбысың,
Жетісу жер ұйығың жанға жаннат.
Ассалау мағалайкум, Рахматулла,
Алты алаштың ардағы ар ма, қазақ!
Қағбаға тәуіп еткен Мұхамбеттей,
Бас идім құзырыңа арда қазақ,
Алаштың арыс жұртын арға балап.
Ассалау мағалайкум, Мэлс аға,
Сыйлайтын ағам едің арға балап.
Өнерінді өр тұтқан өрен едім,
Сілтеген соныңа еріп, таңға қанат.

Ат-көлігің аман-сау кеп жеттің бе?
Аман ба, батыстағы бар жамағат?
Ақ жүзін қаймақ жағып, сүтпен жуған
Аман ба, ақ жеңешем ғап-ғаламат?
Маңғыстауда алыш ем ақ батасын,
Әжеміз шауып жур ме, сау-саламат?
Ата-анаңың қолынан дәм татып ем,
Аман ба, Нұрлан досым сар домалақ.
Светқали, Сабыр, Қалбай ағам калай,
Бітіретін жырлары жанға қанат.
Өзіңізben айттысу маған бақыт,
Біткендей несібеме барға қанат.
Кейінгі кей ініні түсінбеймін,
Ағаларын кететін жарға қамап.
Ағалықтың ақ жолын көрсете алсан,
Кетпеспін жар жағалап, жан жаралап.

Той-тойлап оңтүстігі, терістігі.
Мамырда мамыражай жер ұсқыны.
Ақсақалды аталар, ақсамайлы,
Апалар құтты болсын “Жеңіс күні!”
Шаңырағың шаттықтан тербелсінші,
Кеңейіп керегенің кеңістігі.
Жеңіс күні Мәлспен жолығыппын,
Көтеріліп жүрмесін тек ыстығы.
Мәлс ұғып жүрмесін теріс мұны,
Жеңіс күні емес қой, Мәлс күні.

Ал аға, айттысқан соң менімен кеп,
Салиқалы сөз айтқын жөнімен дөп.
Менменсіп бұл інінді менсінбесен,
Мәншүк боп пулеметтен төгілем кеп.
Әлия мен Төлеген атқан оқтай,
Автоматтай алдында себілем кеп.
Жау дзотын жабатын қеудесімен,

Сұлтандай кеуде тосып керілем кеп.
Немістің “Тигр” дейтін танкісіндей,
Жер сүзіп жүрмегейсің тебінем деп.
Қасым атам «тілге» алған неміс құсан,
Соңынан салпақтама, желігем деп.
Бойымда Бауыржанның қайраты бар,
Мен бүгін айта алмаймын шегінem деп.
Бақтыораздай кайтпаспын қасарыссам,
Бұл жерге келгенім жоқ жеңілем деп.
Жеңіс туын қадайын Алматыға,
Рахымжан Кошқарбаевтың елінен кеп.

МЭЛС:

Жырменен кызық дәурен сүргіздің бе,
Айбек-ау, тағы тілді тигіздің бе?
Аспаны Алашымның аман болса,
Шықпайды деп кім айтар жұлдыз күнде.

Өлеңге қосып айтсам өмірімді,
Сен оған құлағынды түргіздің де.
Маңғыстаудан бастадың адамдарды,
Сен қадір-қасиетін білгіздің бе?
Мен айтсам өзімді айтып отыр едім,
Бір адамды сен жұртқа күлгіздің бе?
Елу шақты адамның атын айтып,
Оларды да “Отанға” кіргіздің бе?

Жеңіспен тапқаннан соң халқы бақыт,
Ақындар жырлайды екен арқыратып.
Қосымбайдың төрт ұлы болған екен,
Бүркіттей ұшыратын аңсыратып,
Өзенбай, Сазанбай мен Нәрені бар,
Азулы жыр төгетін сарқыратып.
Үш ұлы қан майданның қақ төрінде,
Көрмепті жағаласта жау шыдатып.
Үшеуінен біреуі тірі келіп,

Жүріпті, жанарынан жалын атып.
Бір аяқты Германға бердім дейтін.
Папамыз келгендеге хал сұрасып.
Төртеуінен екеуі тірі қалыш,
Көрмепті бір-біріне артық айтып.
Өзенбай бабам менің Ази әкем,
Үйреткен сез садағын тартып атып.
Көргендерін бабамыз әңгімелеп,
Ордендерін тағатын жарқыратып.
Мен де сол шалдарымның шамасы едім,
Өлеңмен тарқатқандай дала шерін.
Тарихқа жазам сениң есімінді,
Маған да үмітпенен қараши елім.
Алтыға келгенімше арқалаған,
Әжемнің мен бір кетпен қарасы едім.
Отырған үнімді естіп Маңғыстаудан,
Бассыншы сағынышпен ана шөлін.
Мен сондай екі кемпір, екі шалдың
Құдайдан сұрап алған баласы едім.

Сағағы сарқыт туған сана қыспай,
Жыр көшіп, жүректерге ән ауысқай.
Үмітінің жібіндей үзілмейтін,
Тағдырың ширатылды тарамыстай.
Үш ананың баласы басын қосты,
Ақ Арыс, Жан Арыс пен Бек Арыстай.
Жер түгіл аспаның да өзіндікі,
Қанатын құнге малып қазақ үшқай.
Жаңандасу дейтуғын жарғы шықты,
Салғаннан бара жатқан сананы ыстай.
Қазақтық қасиетін сақтаса екен,
Азаттық алған елім аза құшпай.
Айбек, сен ақындардың біреуі едің,
Қаттаса қараймайтын қазан ыстай.
Нөкерлерім бірдеме деп қалар деп,
Отырсың жан-жағына қарағыштай.
Екінші айналымынан өтем бе деп,

Ерініңді бересің жалағыштай.
Құлынында жарысқан құнандармен,
Сен едің бауырынан жарагыштай.
Түйғындағы тұғырыңды теуіп тұрсан,
Мен қалай қасыңызда қалам үшпай.
Шеңгеліңе бірдене ілінсін де,
Әйтеуір далбаландағап далаға үшпай.
Мен сені бала кезден білуші едім,
Жібектен бау тағылған бала құстай.
Көз алдында қанаты қатаюда,
Бала құстай ақынның бәрі алыстай.
Артық кетсең алдыма жалп етесің,
Қанатына оқ тиген қарақұстай.

АЙБЕК:

Мәлс ағам мені ақынға баласа еді,
Жекпе-жек қарсылас деп санаса еді.
Мәлстің шежіресін тындал болсан,
Айбектің жыры айттысын жаңа тегі.
Екі шал, екі кемпір сұрап алған,
Тірлігі бұл Мәлстің тамаша еді.
Аталары Отан соғыс ардагері,
Мәлстер жолын қуса жараса еді.
Үятқа қалдырмай сол аталарды,
Әскерге барып келсе тамаша еді.

Мәлс-аяу, қатты кетсөн жаңыласың,
Мұнайыңмен жеңерсің саны басым.
Дауыссыз-ақ Мәлстің бітірейін,
Мен бүгін жекпе-жекте шаруасың.
Алаштың сөзін сөйлер ақ түйғынды,
Қара құс, мара құс деп не қыласың.

Байқаймын қатты айтатын шырайың бар,
Әрине бұл айттыста сен жеңесің,
Сүйенген артыңызда мұнайың бар.
Жалғыздық жары құдай демейді ме,

Жаратқан бола берсін лайым жар.
Мұнайыңнан қорқатын мен емеспін,
Сыйынған жалғыз Алла құдайым бар.

Қара өлең қазағымның карт өлеңі,
Бабамның мұра болған салт өнері.
Кешегі Дулаттардың зар заманы,
Бүгінде де кезіп жүр ғой әр төбені.
Зиялыштар ала ауыз, бірлігі жоқ,
Қазақтың құлазып тұр мәрт өнері.
Тілімнің де тірлігі ділгір қазір,
Берсек те мемлекеттік мәртебені.

Дінімізде құлашын жаза алмай тұр,
Табылып секталардың бар керегі.
Мешіттің тамыр тартпай бәйтергі,
Шіркеудің көгеріп тұр тал-терегі.

Бұл қазақ зарлаудан бір арылмады,
Аузынды ашсаң қолқанды шаң көмеді.
Көсеп-көсеп жіберсөң көмейінен,
Запыран құсып заманым зар төгеді.

Бұл Мәлс өкпелейді-ау бұлдің десем.
Алауыз бірлігің жоқ тындың десем.
Ру-руға бөлініп, ыру-дыру,
Зиялыштың эрқайсысы бір-бір көсем.

Ал Мәке, қадіріміз қыын боп тұр,
Әр ру өзінше бір ұйым боп тұр.
Ауылдастың тайы озсын дегеннен де,
Аталас озсын деген ұғым боп тұр.
Жүзге бөлінгендердің жүзі күймей,
Трайбализм ауруы дүрілдеп тұр.
Беу, қазақ, ұр ит, соқ деп айдалап салып,
Құлактан шайтанымыз күбірлеп тұр.
Осы дерпт айттысқа да араласып,

Айтатын ақиқатқа қырын кеп тұр.
Қазақ деген бір ұлтты біріктіру,
Жүз ұлтты басқарудан қыын бол тұр.

Осыны ойлап ініңіз аландады,
Шерменде шерлі шабыт шабандады.
Сырттан келіп ешқандай жау алмайды,
Біріксен қалаңдағы, далаңдағы.
Бірлігіңен айрылма, қайран қазақ,
Түйсігінді оятып санаңдағы.
Алты бақан, ала ауыз бола берсең,
Кор ұлтқа айналасың табандағы.
Мерезді бойыңыздан сылып тастап,
Тазарсын күншілдіктің арам қаны.
Тозған қазды топтанған қарға жейді,
Араздықты қой енді арандағы.

Светқали ағамның бір сөзі бар,
Сезімімді селпіртер санамдағы.
Қазақ деген бір елге айналғанда,
Ұлы елге айналады ғаламдағы.

МЭЛС:

Айбек-ау, тап болғасын борасынға,
Әліңше қыырларды шоласың да.
Айқассаң неге дұрыс айқаспайсың,
Сен бүгін ісіп-кеуіп толасың да.
Бір теңеуді айтқанға бір сөз айтып,
Жатпайды деп айтасың ол асылға.
Үстіңе ақ шапанды кигендіктен,
Әрине ақ тұйғын бол шоласың да.
Ал ертең қара шапан киіп алсаң,
Сен сонда қара тұйғын боласың ба?

Сен елге ақын болсаң көпірсің ғой,
Демеспін сөз білмейтін дәкірсің ғой.
Үрыстай ынтымағы бұзылмайтын,
Қылыштай жетесінен жетілсін ой.

Жұзге бөліп жатқан кім бар сені
Біздерді қаратпайтын бетіңсің ғой.
Сен жүрттың жан жарасын қаси берме.
Әрине әуелі Алла кешірсін ғой.
Кайдағы-жайдагыны еске салып.
Сен өзің жұзге бөліп отырсың ғой.
Танкімен жан біткенді жаныштаған,
Ол күндер бірте-бірте алыстаған.
Аспанда аждағамен айқасатын,
Талғатың қаршығадай қарыштаған.

Қажымұқан сайып қыран самолеттің
Тағдырын бір қазаққа табыстаған.
Алақан жайып атақ сұрамаган,
Бар ма екен Бауыржаннан намысты адам?
Ей, Исатай Сүйеубаев Маңғыстаудан,
Отан үшін от кешіп алыстаған.
Көнілін көрерменнің бүтіндейін,
Сынғырлап сынық қонырау жарытпаған.
Жаратты сөзбен жауды жайрататын,
Біздің ақын-жазушы қалыспаған.
Ақынның ағасы бар, Асқар ағам,
Мұнай бер деп қаламын тағы ұстаган.
Кавказ бен Карелия арасында,
Үн қосқан сарбаздарға салып таған.
Әзілхан Нұршайықов Баукең жайлы
Аңыз бен ақиқатты анықтаған.
Ғасырдың көзін көрген Дихан бабам
Ананың аманатын сақ ұстаган.
Жұбанның “Кекті жүрек” деп жазғаны,
Снаряд болып жауды жаныштаған.
Шығыстың ұлдарына хат жазатын,
Бұлқышов Баубек деген барыс балаң.
Құланбай Көпішовтің очеркінде,
Қырандай Сағат ұшып қалықтаған.
Мұзафар, Сағынғали сардарларын,
Еңсесін бұрынғыдай тік ұстаган.

Жеңешемнің жеткізген сәлеміндей,
Әбүдің “Ақша бұлты” қалықтаған.
Майданда жырдың туын желбіретіп,
Қасым Аманжоловтай нар ұстаған.
Туғызған батырлар мен ақындарды,
Мен қаңарман қазақпын қайыспаған.

АЙБЕК:

Ақынға жарасады білікті екпін,
Мэлс аға, тепкішекті біліп тепкін.
Айтып жатқан ойынды айдалаға,
Байқаймын онды-солды бұрып кеттің.
Айтып отқан түсінбей сөз астарын,
Таныта алмай отырсын дұрыс екпін.
Жастардың тіліменен айтқан кезде,
Сөзді бұрып айдалаға қуып кеттің.
Соғыста ардагерді айтады ағай,
Сонда да ақ шапанды байқады ағай.
Ардагерлер жасаған ерлік дедің,
Асты-үстін шолып аға, жай шалағай.
Одан да ала алмаған пенсияны айт,
Отан соғыс тарихын қайталамай.

Озған ғой Түркіміздің бірлігі жыр,
Шаңырағы көп аспан, тұндігі күн.
Сол түркінің бүгінде ұрпағы азып,
Шайтанатқа айналды жұнді-жыбыр.
Опа таппай жалғанның базарынан,
Оңалмады-ау қазақтың тірлігі бір.
Еліме қаңғып келген келімсектің,
Ақ таңы атып, көгінен күн құліп жүр.
Батыс жақтың қаңсығы таңсық болып,
Айрандай ұйыған елді бұлдіріп жүр.
Жастарымыз наркоман шұбырынды,
Алқакөл сұлама боп, жын қуып жүр.
Тас құдайға табынған шоқындылар,

Исламның діңгегін сындырып жүр.
Мұнай, темір пайдалы қазбалардың,
Қайда кетіп жатқанын кім біліп жүр?
Жерімнің астын сатып, үстін сатып,
Үкімет жігерімді құм қылыш жүр.
Шет елде не бір талай Бейбарыстар.
Көкелеп елін аңсап шыңғырып жүр.
Аты барда заты жоқ қазақ тілі,
Орыс тілдің қолына су құйып жүр.
Ал біздің ел басқарған азаматтар,
Ағылшынша үйрен деп күлдіріп жүр.
Сайқал қофам сорпасын сорға төккен,
Қазактың қасірет пен кіндігі бір.

Ұлықтар думан қуыш есіріп жүр,
Көрпені кеңге салып көсіліп жүр.
Жер сатқан, жетім сатқан шенеуніктер,
Қазактың қай мереін өсіріп жүр?
Ал енді елді ойлайтын еңселі ерлер,
Тар қапас абақты да өкініп жүр.
Халықтың қазынасын қымқырғандар,
Құмпійп, ықылыш атып кекіріп жүр.
Қызметте бюрократ ағаларым
Демократ атандып лепіріп жүр.
Бір-бірден партиясын құрып алыш,
Ұшпаққа шығарам деп көпіріп жүр.
Біздің кейбір депутат көкек құсан,
Партиядан партияға секіріп жүр.
Биліктің тұтқасында отыргандар,
Жамбасы креслодан тесіліп жүр.
Парламент те әйтеуір қуыршақ қой,
Құлқынның қамын ойлап бекініп жүр
Елді ойламау түгілі ана тілдін,
Жаназасын шығарыш өшігіп жүр.
Тас мандай талабы жоқ бұл қазактың
Тағдыры саunalарда шешіліп жүр.

Келіспей қоғамыңың бас терілері,
Жылбыс қылық танытты жас перілері.
Мәңгүрттік мекеніне апарады,
Тоңмойын топастықтың тас керуені.
Сайлаудың да науқаны жақындағы,
Үміткерлер ал, енді, шаш теңгені.
 Тағы да қалталылар сайланады,
Сценарийдің табылса сәтті өрнегі.
Елдің мұнын тыңдайтын ешқайсы жоқ,
Ауыз ашсам тұрады тап бергелі.
Біздің қоғам – осындай сазбет қоғам.
Қазақ деген ұғымды жат көреді.
«Цементпен гrimделген бетон беттер»,
Саяси сахнаңың актерлері.

Не деген біздің қоғам сор басты еді,
Сор қазақпен мәңгілік жолдас па еді?
«Электронды әділ сайлау» өтед дейміз,
Оған да бақыт құсы қонбас тегі.
Мөлдір жәшік қоямыз деп жатырмыз.
Ол жәшікте алғысқа толмас тегі.
Сайқалдықты менгерген сүм саясат,
Оған да араласпай қоймас тегі.
Айтыстағы телефон дауысындей,
Жершілдік, жікшілдікті жоймас тегі.
Тарихта әділ сайлау болған емес,
Байқаймын әлі де сол болмас тегі.
Әйтпесе болыс болып Абай атам,
Шоқандар аға сұлтан болмас па еді!?

МЭЛС:

Көнілін қайтейін деп басып көптің,
Ау, Айбек, алдымызда тасып кеттің.
Бірімізді біріміз түсінбесек,
Қайтеміз абройойын шашып көптің.

Сен маған қуасың ғой деп айтасын,
Жүргендей талтаң басып тасып көптің
Сауалына жауабын қайтарайын,
Айтады әңгімені ашық деп кім?
Ар жағын өзің ойлап біле берші,
Сен қып отырғасын қашып кеттім.

Айналайын, Айбегім,
Сөзден бүгін үйіріп,
Жыр шоқпарын иіріп,
Көрінесің сапанай.
Мәтел таба аласың,
Дәлелдейтін мақал-ай.
Ұрттап қойып кеседен,
Қолың жауға қаңар-ай.
Сахнада батырсың,
Дей алмаспын жапал-ай.
Актер дейсің саяси,
Оны жазып мақалай.
Актерлерді Айбекжан,
Ана менен атаға айт.
Батыр болсан, аттарын,
Ел алдында атап айт.
Ағайын мына айтысты,
Көретүғын қызық дер.
Жұртқа өлең ұсынған,
Жырдың өзін жүзік дер.
Шын қаңарман болсаң сен,
Саясаттың қамалын,
Қас батырдай бұзып бер.
Рахымжанның ұрпағы.
Шекарасын шындықтың,
Шебер тілмен сыйып бер.
Өзің айтқан актердің,
Мұрынынан жетелеп,
Тізімдерін жазып бер?!

АЙБЕК:

Байқасам, бұл Мәлстің айласын-ай,
Сөз айтып жақындайды, жай қасыңа-ай.
Саяси актерлерді тізіп берсем,
Бұл халық қалағанын сайласын-ай.
Ал Мәлс сұрағыңа жауап берем,
Құлақ түріп тындасан жайғасып-ай.
Бірақ та ана жаққа кетіп жатсам,
Бірге менімен көтергін пайдасын-ай.
Сезінсе саясаттан жатып ызғар,
Алмайды қазақ деген атымыз нәр.
Қарқарадай қарт Бұхар болмасақ та,
Дабыра ақын деген атымыз бар.
Тікелей эфирінді пайдаланып,
Үш ауыз ханға айтатын датымыз бар.
Алланың да аузында заңының да,
Үш ауыз дат айтуда хақымыз бар.
Замананың зарлы үнін ханға айтуда,
Ақиқатын ашатын дәтіміз бар.
Датымыз шекпендіге ұнамаса,
Міне бас, асыңыздар, атыңыздар.

Датымның біріншісі тілім жайлы,
Ислам ілім тұтқан дінім жайлы.
Орысша, ағылшынша сөйле деген,
Бүгінгі тірліктері үғым жайлы.
Тіл өшсө күні қоса өшетінін,
Шенеуніктер неліктен үғынбайды.
Парламентте осыны ашып айтпай,
Бостан-босқа бас изеп шыбындайды.
Күні ертең Ғаламдасу басталғанда,
Тілің өлсе болмай ма күнің қайғы.
Бір намазды бес қазақ бес түрлі оқып
Дінімнің де жағдайы бүгін қайғы.
«Колорадо коңызындай» миссионерлер,
Елім де сайран салып жымындайды.
Осыны заң жүзінде тоқтатпасақ,

Сектадан секта туып құлышындейды.
Үйте берсек бар қазақ шоқынды боп,
Тас құдайдың жанында қыбырлайды.
Нұраға, тіл мен дінді көтеріңіз,
Қызыған темір сұыса ұрылмайды.
Әйтпесе сырғып аққан уақыттың,
Керуені кері қарай бұрылмайды.

Датымның екіншісі жерім жайлы,
Жерім деп еңреген елім жайлы.
Өзгениң бодауында кетіп жатқан,
Асқар тау, бел мен белес, көлім жайлы.
Жерді сату елді сату екендігін
Ұкпайтын ел басқарған ерім жайлы.
Тірідей айырылған жер анадан,
Тірі жетім атанған шерім жайлы.
Нұраға, осы жайлы ойланыңыз,
Әйтпесе кешкелі түр елің қайғы.
Күні ертең жаңандану зұлматында,
Болмайды ма бір сүйем жерім қайғы.
Егінінді себетін жер түгілі,
Өлігімді көметін көрім қайғы.

Датымның үшіншісі Ауыл жайлы,
Ауылда сорлап отқан қауым жайлы.
Жабайы тірлік кешкен бауыр жайлы.
Ұкіметтен ауылдар құдер ұзген,
Құдайдан басқа ешкімге жалынбайды.
Екі жыл “Ауыл жылы” дегелі де,
Бітірген ісі жоқ, құр дабырлайды.
Екі-үш қана ауылды сылап-сипап,
Бәрі де жақсы деуден жаңылмайды.
Өзіңіз аралап бір көрмесеңіз,
Ұкіметтің ауыл деп басы ауырмайды.
Жасалған көз боятын көріністі,
Сіз кеткен соң қайта жинап қабылдайды.
Нұраға, ауылдарды көтеріңіз,

Сонда ғана жанданып арындейдь.
Үш жыл науқан дегенді тоқтатпасак,
Сорымыз одан сайын қалындейдь.

“Үш жылы” баяғыша “бесжылдық” бол,
Сорымыз одан сайын қалындейдь.
Жетпіс жыл орнамаған коммунизм,
Үш жылдың қырқасынан табылмайды.

Шерлі жыр, шындықты айтсам шешілерсіз.
Нұр аға, ақиқаттың десі дерсіз.
Осы үшеуін тезірек қолға алыңыз,
Әйтпесе капы қалып өкінерсіз.
Онсыз да балағыңнан тістеуші көп,
Күні ертең уақыт өтсе кешігерсіз.
Алаштың аспанына бақ қондырған,
Елдің қамын ойлаған есіл ерсіз.
Қазакты тығырықтан алыш шығар,
Ұлтымның айбары мен сесі де Сіз.
Ақиқат Сізден гөрі жақын маған,
Қаттырақ айтып жатсам, кешірерсіз?
Өз үйі де абақты ойлы адамға,
Абақтыдан абақтыға көшірерсіз.
Бес күндік қызығы жоқ бұл жалғаннан,
Ертерек есімімді өшірерсіз!

Мэлс ең ешкімдерден жеңілменен,
Еңіреп елім деген, жерім деген.
Телефонмен дауыс беру бастағалы,
Өлеңнен де құн кетті өрімделген.

Айтыстарда тіл емес, пұл сөйлеген,
Қазақтың әркімі айтты төрінде өлең.
Айттар болсан, Мэлс аға, осылай айт,
Ұлтқа жақын шынайы көңілменен.
Әйтпесе ерінбеген өлеңшіге,
Шөпте өлең, шөңге менен шөгір де өлең.

МЭЛС:

Айбек-ау, ақын болдың анық айтқан,
Саз қосып домбыраға салып айтқан.
Мен бірақ саясатты түсінбеймін,
Осылай ел алдында қалғып айтқан.
Фамилиясын айт деп ем датқа кеттін,
Осы ма шындығыңыз жарып айтқан.
Әрине өз өнерін өзінде ғой,
Аталы сөзді жұртқа тауып айтсан.
Сен құсап сырттан жүріп сыйырламай,
Датты ханның қасына барып айтқан.

Мен деген ойланғанда ормандаймын,
Қалайша ел алдында толғанбаймын.
Орақтай қызыл тілім қылпылдаса,
Жорғадай ел алдында тайпалаймын.
Әр ақынның өзіндік мәнері бар,
Демессің бізге айтылған сол қандай күн.
Жалған намыс не керек сахнада,
Мысалы жанарынан солғандай күн.
Айтар сөзді мен өзім білемін ғой,
Мен сенің басыңменен ойланбаймын.

Шөптің басын қозгайды,
Желкілдетіп жел ессе.
Жел тұргандай жырласын,
Өлеңнен дауыл тұргасын.
Ақынның сөзі керек пе?
Айналайын, ағайын,
Алдыңдағы соны екше.
Алқалаған әлеумет,
Алдыңа сенің келеді,
Азаматтың ішінде,
Ат басындаш шөп өссе.
Ханның бағы артады,
Халықтың қамын жеп өссе.
Хан бұрылып қараған

Би бұрылып сұраған
Азаматтар тең өссе.
Мәжілістен мән кетер,
Сенатыңдан сән кетер,
Депутат болам, деп өссе.
Алла Пугачеваны
Алматыға шақырап,
Белін буған бектердің,
Корадағы қойы өссе.
Жетіге бөліп тапсырған,
Жарнамасын жапсырған,
“Тарлан” деген сыйлық бар,
Екпіні қатты ерекше.
Сегізінші сыйлық деп,
Құдайдан келген бүйрық деп,
Он балалы анаға,
Он мың доллар беретін.
Жігіттердің ойы өссе.
Иса, Мұса, Дәуіт пен,
Мұхмабеттей пайғамбар,
Отыз үш мың сахаба,
Сөзімде қандай жалған бар?
Ойланып қарап, он екше,
Арландар мен Тарландар,
Сол сыйлықты алғандар.
Доллардан туган жоқ шығар,
Анадан туды емес пе!
Қазағым батыр халықсың,
Қабырғадан қан кешіп,
Толарсақтан саз кешіп,
Ерлік еткен ерекше.
Қазағым ақын халықсың,
Қылыштай тілін қайраған.
Ат беріп, атан сайлаған,
Сүлейлердің сөзі өтсе.
Тарпаңдығың және бар,
Алашқа ақыл салмаса.

Шылбырынан ұстама,
Шыңғысханның өзі өтсе.
Жалқаулығың және бар,
Соның бірі өзіммін,
Алтын беріп жатса да,
Тұра алмайтын кезекке.
Аңқаулығың және бар,
Кәрістерге баrasың,
Орыстардың көзі өтсе.
Бала қылып басқалар,
Бауырына басады,
Бөлтіріктен бөрі өссе.
Мысырдың басын игізген,
Құсыңың көбін шүйгізген.
Мәмлүкке дәурен сүргізген,
Бейбарыстай ер өссе.
Онтүстік Қазақстанда,
Қазығұрттай мекен бар.
Кемесін тауға тіреген,
Нұх пайғамбар өтем бар.
Қазығұртта қаз басқан,
Қаз басса да аз басқан.
Омарқұлдың баласы,
Сабыр деген шер өссе,
Қүйеуі қайтыс болғасын,
Бахрайым анасы,
Рахымды ағам деп,
Пана болар маған деп,
Қасына көшіп барыпты,
Зәру болған көмекке.
Содан кейін сол бала
Рахымов Сабыр боп,
Жазылыпты дерекке.
Ойлап, қара, ағайын,
Болашақ генерал
Батыр болар Сабыр ғой.
Өзімсініп өзбектер,
Жатың болар Сабыр ғой.

Құралайдай анамыз,
Осылай деп сөз етсе.
Сол Құралай анамыз,
Көк базарда теңселіп,
Қол жайыпты терекше.
Сабыр қазақ батыры,
Сақтау керек елес те.
Өзбекке керек батырын,
Казакқа керек емес пе?!

АЙБЕК:

Айбекке назарынды салмасаң да,
Ақындардың айтқанын жалғасаң да,
Мәлс аға, өзіңіз айтқандайын,
Жұмақтық бәрі жақсы бармасам да.
Мәлс ағам қай жақта қыдырып жүр,
Генерал деп сөзін мен жалғасам да.
Өзіңіз бен өзіңіз айтыса бермей,
Болар еді бізбен бірге самагасаң да.
Айтысып отырған боп көрінейік,
Айбек, деп айтып қойшы анда-санда.

Жұртымның алғаннан соң нәр батасын,
Бүгінде өрлегендей тауға тасың.
Халқымның шапалағы демеу болсын,
Мұсаның ұстағандай сәнді асасын.
Үніме қосылады деп отырсам,
Ботадай әлтек-тәлтек жар басасың.
Елдің мұнын қосылып жырлайық та,
Қайтеміз бұл жалғанның далбасасын.
Біржандай ақиқатты батып айтсам,
Етекке Поштабайдай жармасасың.

Тілімнің тұмар болып тастақ әні,
Айыра білейікші ақ-қараны.
Әдебиет, мәдениет, руханият,
Бәрі де тілден, аға, басталады.

Ағылшынша білмесең қызмет жоқ,
Деген сөз жайлап кетті Астананы.
Елбасы да кешегі жолдауында,
Қолдады дәл осындай бастаманы.
Көре береді екенсің жүре берсен,
Биліктің таусылмай тұр «мәссағаны».
Ағылшынша білмесең қызмет жоқ,
Табаныңың айрылады төс тағаны.
Ағылшынша білмесең қой бағасың,
Құйрық маймен асырап аш баланы.
Қара қазақ мал бағып, арба сүйреп,
Шала қазақ елінді басқарады.
Социалистік қагиданы қатаң ұстап,
Кейбіреу әлі күнге тас қаранды.
Кеңестің кулі сіңген кесеулерге,
Қарап тұр қазағымның қас-қабағы.

Тілімің тағдырынан жаным жүдеп,
Тәнірім неге сонша сарынды деп,
Қазақша білмей тұрып өзге тілде,
Сайрағанға қайнайды қаным да көп.
Ағылшынша сөйлесе мәңгүрт деудің
Орнына қолпаштаймыз дарынды деп.
Үкімет шетел жаққа шықса-дағы,
Ағылшынша тілін бұрайды танымды бол.
Қазақты қай ұшпаққа шығарады.
Қазақ тілін білмейтін полиглот

Мемлекеттік тіл деген желеу екен,
Қазақ тіл өз елінде неге бөтен?
Басқа түгіл біздің шала қазақтардың
Үйрөнгісі келмеуі неден екен?
Құні ертең ажал жетсе сол мәңгүрттер,
Иманын қай тілде айтып өледі екен?
Атам қазақ таяқты аюға да,
Намазды үйретеді деген екен.
Мәңгүрттерге қамшымен тіл үйретсек,

Осыған мойынсұнып көне ме екен.
Бабамыз тілі шықпаған жас балаға,
Итаяққа су құйып береді екен.
Бізге де парламенттен бастап енді,
Итаяқтан су ішкізу керек екен.

Созбайтын жақын түгіл жатымызды,
Сөздерінде нәрлі ойлар жатыр ізгі.
Түнгі клубқа “Қызы Жібек” деп ат қойыпсыз.
Бұдан алыш қашпассыз басыңызды.
Қызы Жібектің ары үшін қүйінемін,
Әйтпесе, андымаймын табыңызды.
Азат күнге осындағы масқараға,
Неліктен жібердіңіз ақыңызды?
Кешегі кеңестің кер заманында,
Қисынсыз есім таптап қақымызды.
Колхозбай, Совхозбаймен, Мэлс, Марлен,
Сиязбектер қаптады құжатымызды.

МЭЛС:

Жыр теңізін сапырсам,
Шабатымды шақырсам,
Бүкіл қазақ жүретін,
Біраз жерге баармын.
Жайып салып жанымды,
Қоздыратын қанымды,
Алдарында аңқылдал,
Біраз жерге баармын.
Махамбет деп сен мені,
Өсірдің бе, бұл қалай,
Өшірдің бе, бұл қалай?
Естіп қалды құлағым.
Әуелден жазған мандайға,
Жыр құйылған тандайға,

Мэлс деген атпен де
Біраз жерге баармын.
Қызыл тілім жосыла,
Өлеңімді заулатшы.
Айтқанға түсінбекеннің
Атынан түсіре аунатшы.
Көрерменнің көңілін,
Жауңар сөзге жаулатшы.
Сен де, Айбек, мен құсал,
Ағайынды бауратшы.
Бұл майданға түспесін,
Отырайық сәл жақсы.
Енді ағаң құйыла
Әуеніне салмақшы.
Күлдір-күлдір кісінетіп,
Курең тайдың ішінен,
Бұрылғанын алмақшы.
Сирағынан сілкілеп,
Бөлтіріктің апанға,
Тығылғанын алмақшы.
Қанды ауыз жебенің
Құрылғанын алмақшы.
Сөзбенен шарпып айтысқан,
Тарихында тартысқан.
Бұрынғы өткен атаның
Үйримдарын алмақшы.
Әжесінің жолына
Сары майдай сақтаған,
Балқаймақтай баптаған,
Куырғанын алмақшы.
Тәуелсіздік алған соң,
Тәй-тәй басқан баланың
Туылғанын алмақшы.
Сыйынғаны бір Бекет,
Бұйырғанын алмақшы.

Осылай деп жыр төксем,
Айбек қалай қалмақшы,
Қасыңа келіп сұлу қыз,
Шай құйып беріп отырса,
Он саусақты жүгіртіп,
Олай бұлай ойнатши.
Бізде де сондай қарындас,
Тегі бөлек сол жақсы.
Екі сағат жетпейтін,
Қасыңдан ұзап кетпейтін,
Шай құятын қыздардың
Зырылдағын алмақшы.
Бәрін айт та бірін айт,
Тыптырлатып Айбектің
Тығындарын алмақшы.

АЙБЕК:

Өзіңше өз шаманды шамалайсың,
Несіне бұл ініңді табалайсың?
Мұстафа ағамыздың анасы отыр,
Сән беріп ортамызда данадай шын.
Мейіріңен айналдым қайран ана,
Құшағына енермін баландай шын.
Мәлс болса толғауын тағы айтты.
Неліктен ана жаққа қарамайсың?
Пір Бекет сенің де атаң, менің де атам,
Меншіктең өзің ғана даралайсың.
Жұдырықтай Айбекпен айтыстым деп
Аруақтарды несіне мазалайсың?

Атыңыз оғаш екен Мәлс деген.
Ұлтыңың үғымыммен келіспеген.
Атаңыздың еш қандай шатысы жок,
Орыс, еврей, грузин, неміспенен.
Әз басыңа онан да алмайсың ба?

Адайды есім қылып Берішпенен.
Төрт кәпірдің бас әрпін арқалатыш,
Атынды қойған екен теріс неден?
Оларың, Мэлс аға, қазақпенен,
Байқасақ ештеңе алып беріспеген.
Соңғы екеуі қазақты қойشا қырып,
Бабалардың моласын тегістеген.
Солардың зардабынан өзің айтшы
У бар ма сен ішпеген, мен ішпеген?
Өзгерді ауыл, көше аттары да,
Осылай түзеледі кеміс деген.
Махамбет деп атынды өзгертеік,
Тірліктен қапы қалмай ел істеген.
Төрт коммунист өкпелер деп жүрсің бе?
Тұмысында жеті атаң көріспеген.
Мэлс деп есімінді ту еткенсіз,
Көңілін коммунистің гүл еткенсіз.
Барлық ауыл, қалада ескерткіш бол,
Қол шошайтып тұрушы еді گүр еткен күш!
Иншалла, азаттықты алғаннан соң.
Қалмады соларынан бір ескерткіш.
Кешегі социализм заманынан,
Сақталған Сіз ғанасыз ірі ескерткіш.
Маркс, Энгельс, Ленин, Сталинге,
Мәңгілікке койылған тірі ескерткіш.

МЭЛС:

Айбектер өлең айтса өндіргендей,
Сөзіне қалың елді сендергендей.
Костюмді қара жігіт не деп кетті?
Өзінді келісімге көндіргендей.
Екеуі ана жаққа аттанады,
Көңілін көрерменнің бөлдіргендей.
Қайтейін атам қойған атымызды,
Айтыста талай мені жеңдіргендей.

Сен менің қамынды ойлап не қыласың,
Басыма қара бұлтты төндіргендей.
Айбекжан, басымызды ауырттың ғой.
Төрт кәпірді арқалап сен жүргендей.
Жүргесін тұғырына қонып көптеп,
Көрермен отырындар болып көппен.
Мына бір дауыс беру қызық болды-ау,
Көрсөңші қыздарды да өріп кеткен.
Костюмді ана жігіт жүгіреді,
Тұскендей ез-өзіне сеніп көктен.
Жүргттың бәрін екеуміз дүрліктірдік,
Біз бе екен бұл айтысты ерікті еткен.
Әрине, Мэлс деген атымыз бар,
Мен-дағы тұскем жоқпын келіп көктен.
Әңгіме атымда емес затымда ғой,
Құдайым өлең жырды беріп төккен.
Әй, төрт кәпір деп несіне айта бердің,
Жүргендей соның бәрін келіп көптен.
Айбекжан, мен мұсылман болғаннан соң
Төртеуі де мұсылман болып кеткен.

Дәстүрін даламыздың жатқа білген,
Мақтансан ұлтын сүйген мақтан ұлмен.
Кешегі менің батыр бабаларым,
Тұлпар мініп ту алып топқа кірген.
Ерлігі білекте емес жүректе де,
Ойланбай Отан үшін отқа кірген.
Аспаннан тұскен бізге төрт кітап бар,
Айтайын білгенімді ақ көңілден.
Мен оларды ғылымның жүйесі деп,
Сол кезден тұрғызғанмын сапқа бірден.
Түркілердің көз салсаң тарихында,
Жасампаз кезендерін жаттадым мен.
Ескендір Зұлхарнайын беті қайтқан,
Жолығып Сыр бойында Сақтарыммен.
Теңдік бар жерде ғана елдік бар деп,

Күлтегін күмбірлеген асқақ үнмен.
Алтын тақты ұсынған ағасына,
Білгені көтерем деп шаш бауымен.
Найзасында намыстың оты жанған,
Тоныкөк табысқандай жас қауыммен.
Қарасор түрік дейтін қағанды айтқан,
Фердауси «Шахнамада» басқа күймен.
Сен алып Ер Тоңғаны білесің ғой,
Шарбыттың көтергендей шашбауын мен.
Құмму алғаш билеген Тұман екен,
Ел болып баталасқан басқа ауыл мен.
Тұманның ұлken ұлы Мұде дейді,
Белге берен білекке шоқпар ілген.
Астына тақ, басына бақ қонғасын,
Көк жалда еңірепті көкпар ілген.
Дүнху монғол, Хунну біз болғанда,
Сақтармен туысқандық сапта жүрген.
Хуннулардан Дунхулар жер сұрапты,
Мұде хан ала қой деп, такта құлген.
Содан соң сұрап сұлу келіншегін,
Одан да ұсынышты жатқа бірден.

Үшінші келіп одан жер сұрапты,
Тағаның айналыпты тасқа бірден.
Ұрпактың несібесін бермеймін деп,
Аспанға бір қарғытып атқа мінген.

Айбек жан, сөйлемейсің аруақтанбай,
Сөзінде сары алтындай салмақ қандай.
Сенің де дауысынды санап жатыр,
Кептесін деп білейік құр мақтанбай.

Ал енді саған бердік сөз кезегін,
Өлеңнен жасын ұстап жайды атқандай.
Қашанғы сіз отыра бересініз,
Кремльді күзеткен солдаттардай.

АЙБЕК:

Айтысқа қалай, ага, жағымды едін,
Байқаймын әдебиеттен тәлімді едің.
Ежелгі әдебиеттен сабак берем,
Ондайды үйретпегін жаным менің.
Баңқу-Маңқу бірдеме айтыныз ғой,
Малынды сен іздедің бе, неғыл дедің?

Мэлс деп атыңызды шақ қойғандай,
Сөз айтайық халайық лап қойғандай.
Затыңызға атыңыз сай келмейді,
Тұлпарға Есенбай деп ат қойғандай.

Ағасы қатты болды-ау кесіміңіз,
Аға бол алдан самал есіліңіз.
Тілекtes болғаннан соң айтқаным ғой,
Жаныңа қатты тисе кешіріңіз.
Ініңіздің ілтипат тілегі бұл,
Ініңе жабылмасын есігіңіз.
Махамбеттен неліктен қашқақтайсың,
Ұқсайды, байқап тұрсаң пошымыңыз.
Жоқ, әлде, Фурмановтың көшесіндей,
Иесін күтіп жүрме есіміңіз?

Ініңе байқап тұрмын кең болдың ғой,
Өзімнен дей алмаймын кем болдың ғой.
Төрт кәпірді мұсылман кылдым дейсің,
Осы жерден ағасы жем болдың ғой.
Көрге барып исламға қабылдайтын,
Мэлс «суперпайғамбар» сен болдың ғой.

МЭЛС:

Жыр төгіп отырғасын байтақ елге,
Кәрейік сары уыздай шайқап елге.
Несіне қазығынды айналасың,
Алдыңан керілгендей қайта керме.

Сөз қылдың пайғамбардың есімінде,
Оныңды отыр мына байқап ел де.
Қасиетті есімге «супер» қосып,
Шайтанның әңгімесін айта берме?!

Көп жайдың баян қылып бетін ашсам,
Ағайын сөйлеп кетсек кешір, астам.
Тисе терек, тимесе бұтаққа деп,
Бос сөздің біздер үшін несі мақтан.
Ертісім ер мінезді күркіреген,
Есілім қыз мінезді есіп аққан.
Баяғы аталарым ат суарған,
Еділ менен Жайығым қосып аққан.
Таулардың талқан қылып босағасын,
Жетісу мақсатына жетіп аққан.
Туына ту, суына су қосылған,
Қазақты айырмағай осы бақтан.
Айбекжан, сен інімсің ізімдегі,
Ететін дүшпан күліп, досы мақтан.
Көкшетау облыстың орталығы,
Ән-жырмен тандары атып кеші батқан.

Өзбектің жеріндегі ағайындар,
Көше алмай Көкшетауға басы қатқан.
Үкіметтің сыйырлап құлағына,
Қайтеді осыларды қосып айтсан?

Өзің біл қосып айтпай, шошып айтсан,
Сізден келген бүйректы орындаимыз,
Сен мені айыптама тосын айтсам.
Афинаға дұрыстап дайындалсын,
Тағы да баян қылып осыны айтсақ.
Күймендей күмбірлейді өлеңің де,
Билердей билік құрып шешіп айтсан.
Қазақ деген кең қолтық халық еді,
Есіркеп, жаурағанға есік ашқан.
Қысырактың қымызын күрпілдетіп,

Толтырып тай қазанға етін асқан.
Ет піскенше бұл да бір ермек қой деп,
Шақшадан насыбайды шекіп атқан.
Айтпақшы мен ұмытып барады екем,
Өлеңді төгемін деп, жосып айтқан.
Екеумізге ел қарап отырғанда,
Сақтасын секреттен, шокырақтан.
Халықтың қаңарманы сен болдың ғой,
Мен болдым әңгімені бостау айтқан.
Путинге “көше” береді деп естідік,
Құтты болсын айтайық осы бастан.

Ақынын халқым қалай желгізбейді,
Қалайша шырайыңды енгізбейді.
Арқада да асқар тау ағалар бар,
Путинге көше атын бергізбейді.
Көкшетауға оралмандар көше алмаса,
Оларға да қындықты көргізбейді.
Әйтеуір, мына бізben айтысқандар,
Үкіметті бізге айтып, төрді іздейді.
Үкіметтің жаласын маған жаппа,
Ол сені, Мәлс бүгін женгізбейді.

Күнім азап, таңдарым жарық бол тұр,
Қалайша иманымыз арыс бол тұр.
Бес жұз мың қазақ өтіп өзге дінге,
Кәпірдің жалған жолын танып бол тұр.
Осыларды мұсылманға енгіз аға,
Әйтпесе қазағымыз гаріп бол тұр.
Азғантай тын-тебен беріп қойса,
Қармақ қапқан балықтай қарқ бол тұр.
«Таурат» пенен «Інжілді» уағыздап,
Ұлттымыздың бетіне салық бол тұр.
Байқасаңыз, ағайын, кейбір қазак,

Тарысы піскендерге тауық боп тұр.
Соларға хақтың жолын нұсқамасақ,
Діншілдіктен дінсіздік қауіп боп тұр.

Қазақтың тас маңдайы мәңгі қотыр,
Елімде өзге діндер салды топыр.
Алматыда екі жұз сектасы бар,
Миссионерлер осылай лаң қып отыр.
Санаңа мәңгүрттіктің торын құрып,
Өрмекшідей шырмалап шандып отыр.
Осыны көрсе-дағы көрмегендей,
Үкімет бәрімізді таң қып отыр.
Өзге дінді жіберіп бетіменен,
Исламның басқан ізін аңдып отыр.

Ұлттымыз неден бүгін ұтылып тұр?
Миссионерлер сайрандап құтырып тұр.
Асыңды ішіп, тілгілеп кигізінді,
Су ішкен құдығына түкіріп тұр.
Парақорлық, жемқорлық, нашақорлық,
Корлықтардан күніміз тұтылып тұр.
Иманға ұйып отырған ауылдарда,
Дүмшелерім дүр болып ісініп тұр.
Ислам мен иманды хақ жол емес,
Жаназа шығару деп түсініп тұр.
Қазір де бес қазақтың бірі қажы,
Қажылықтың беделін түсіріп тұр.

Амантай көкемдердің қажылығы,
Исламның абыройын түсіріп тұр.
Ал енді Қасимандай нағыз қажы,
Ұлтына иман сұрап қысылып тұр.
Біздің қоғам осындағы науқас қоғам,
Қан қысымы көтеріліп ысынып тұр.

Ініңіз осыны ойлап өкінеді,
Өзіңнен бір сұракты өтінеді.
Орал жақта дін жайына көз салсаңшы,
Мекіреніп жей бермей Бекірені.
Облысыңың әкімін естіп жүрміз,
Зекет пен садақадан кекіреді.
Жергілікті газетпен арпалысып,
Аяққаптай болып жүр көкірегі.
Машинадан машина ауыстырып,
Желге шашты ел берген несібені.
Сөйте тұрып намазға келмейді екен,
Барар ем көлік жоқ деп өкінеді.
Ресторанға барам деп әйеліммен,
Газетке сұхбат беріп көпіреді.
Иманға сәлде, шапан қажет жоқ деп,
Өзінше «закон» айтып лепіреді.
Орталық көшеңізде шіркеулерің,
Батпақтағы мешітке жекіреді.
Тұнгі клуб қаптаған Оралында.
Алла үйіне орын жоқ несібелі.
Жоспарлаған мешітін Қырымбектің,
Жер жоқ деп, анда-мұнда көшіреді.
Ресторанда сайрандал иманың жүр,
Мешіттің жайы қашан шешіледі?
Шырынбектен сырғақтап құтылып ең,
Нақты жауап бергейсің осы жолы?

МӘЛС:

Айбекжан, алыс пенен жақынды айт та,
Сейткенде намысыңыз шатырлайт та.
Өлеңнің жолы менің ұстағаным,
Сондықтан сағасынан сатырлайт та.
Шырынбекке бергенмін мен жауабын,
Тұсінген адам оны макұлдайт та.
Ислам қағидасын білесің ғой,
Молланың әнгімесін ақынға айтпа?

МҰХТАР ҚУАНДЫҚОВ ПЕН РИНАТ ЗАЙЫТОВТЫҢ АЙТЫСЫ

МҰХТАР:

Сұлу сөз ой-орманға жасырынбай,
Жарқылдасын аспанның жасыныңдай.
Дүбірлеген тұлпардың тұяғынан,
Даланың иленеді тасы құмдай.
Ағалар мен аталар армысындар,
Арқардың алшы тұрған асығындей.
Аналар мен жеңгелерге сәлем бердім,
Ардақ тұтып барлығын асылымдай.
Жұздеріңнен жаңалық көріп тұрмын,
Жаңа шыққан ой толы басылымдай.
Деп келіп елім менің осы мұндай,
Өздеріңмен жұздесер осы сәтке,
Асығып зорға жеттім ғашығымдай.

Қызыл тіл сөз сөйлерде абайлашы,
Ауылын ақиқаттың маңайлашы.
Ақын жыры қашанда елдің мұны,
Шындық ізден ағарған самай шашы.
Көз алдына келтіретін қоғамының,
Домалап бара жатқан қалай тасы.
Баса алмай жырға деген ел екпінін,
Айтыста ізден отыр себеп-сырын.
Қағаз түгіл дыбыспен дауыс беріп,
Танытып жатыр халық зеректігін.

Алты Алаштың баласы асқақ елсің,
Жауға қату болғанмен досқа кенсін.
Айтысқа атсалысқан жанкүйерлер,
Ортаңнан біздей дарын жастар өнсін.
Телефонның нөмірін теріп отырган,
Ел еңбегін қалайша босқа дерсің.

Тоқсан жеті теңгесін аямаған,
Ағайын тоқсан жеті жасқа келсін.

Ринат, досым, армысың талайларды,
«Торпедо» секілді боп талқандаған.
Таулы жерде барыстай жортандаған,
Жазық жерде жүйткіп тарпаң болған.
Қазақи қалжың мәнін ұқтырамын,
Құрдас деп назарынды салсаң маған.
Екі келі тартатындай қос құлағың,
Пілдікіндей секілді боп салпандаған.
Осындай маңыз тартқан құрдасымның,
Осындай кейпін көріп аң-таң қалам.
«Әкуіме» көрімдік берсе екен деп,
Сүндеттеген баладай талтандаған.

РИНАТ:

Ұғынсақ ұлылардың ұлағатын,
Шын ақын атанаармын шың алатын.
Жалпылап құлағыма тиіскенмен,
Қайсың бар құлағымды жұла алатын?
Бұрынғы бабалардың барлығын да,
Нысана болған екен сыр алатын.
Қазбекке қаздікіндей дауыс берген,
Қаңқылдан көмейінен нұр ағатын.
Балуан Нұрмагамбет болса-дағы,
«Шолақ» деп ұрпақ аңыз қылады атын.
Кешегі көк бөрілі көкжал Барак,
Бір бабам күші бойдан дүр ағатын.
Домалак, Мұрындайын аналар бар,
Солар ед елді төрге шығаратын.
Құдайға мың раҳмет құлақ берген,
Менің де жағдайым бар қуанатын.
Несіпбек ағамыздың айтуынша,
Ел қойған құрметті атым – Құлақ ақын.

Бісіміллә барша сөздің мәнін берген,
Сағынып қауышқанда танымды елмен,
Армысың, қаумалаған көрерменім,
Ел барда бір тазарап жаным шерден.
Бар ма екен айтыстың бір жанкуйері,
Өнерге малы түгіл жаның берген.
Балаңа құлағың түр байтақ дала,
Арайлы азаттықтың таңын көрген.
Қиқулап қамшы бассаң шабысыма,
Айбатым алпыс есе ағын селден.
Сәттерде Алла қолдап бабам келген,
Аяйтын ұл емеспін барымды елден.
Бас иіп сәлем бердім дара жұртқа,
Данадан дала деген тәлім көрген.
Ассалаумағалейкүм, Қазақстан,
Қазақтың жалғыз ұлы Тәңірберген.
Бола ма ұлылардың көшін көрмей,
Шабыттың жекпе-жек деп шешілгендей.
Қабанбай, Боранбай деп ұран салсам,
Келеді енді маған кесір нендей?
Тентектің ісін қылу ойымда жоқ,
Өз отын өзі келіп өшіргендей.
Атадан адам болып туылған соң,
Тұрмаспын мәнсіз қимыл мешіндердей.
Шуласын мынау жұрттың шаттанғаннан,
«Құ басы» Қабанбайдың көсілгендей.
Толагай сөз айтайын топ алдында,
Алтайды Алатауга көшіргендей.
Өшпейтін із қалдырса ұлтына бай,
Болайық біз өлеңнің ғүрпіна бай.
Елді ойлар азамат деп айтпас бізді,
Елім, деп сүйегіміз сырқырамай.
Бармысың Мұхтардайын дара құрдас,
Сен де енді құшағыңды жұртыңа жай.
Жағаңнан алмай сенің келе сала,

Жағайын қалжыңменен ұртыңа май.
Ол рас әзілменен қатарлассақ,
Бұзылар ағайынның шырқы қалай?!

Ал, құрдас барыңды сал, нарыңды сал,
Көкбарды тақымынан жұлқылағай.
Жекпе-жек, жекпе-жек боп жарытпайды,
Артта шаң, мандайда тер бүрқырамай.

МҰХТАР:

Кенеліп отырғасын жай қосындей,
Қанжығаға шабытты байласын ба-ай.
Құлағына тиісіп кетіп едім,
Ойпырм-ай, бұл Ринаттың айласын-ай.
Қайта жақсы артыңды да естисің ғой,
КамАЗдардың «боковой» айнасындей.
Тәуір сөзді түсірсе тілге құдай,
Көңілге нұр жүгіреді, тілге шырай.
Темір тақым, сом білек Ринатпен,
Талайлар тартысуға үркеді ұдай.
Өзіңменен шыққасын аянбаймын,
Өзінде болмаса да бір кегім-ай.
Доңыз жылы туылған құрдастарды,
Күшіктей таластырган ит өмір-ай.

Кеуденіді тік, басыңды биік көтер,
Өнерің өр тұлғанды биіктетер.
Сымбат пен сыпайылық деген ұғым,
Ринат бір өзіңе атқа сыйып кетер.
Қырғи қабақ, құмай көз келбетінді,
Көрген қыздың жүрегі күйіп кетер.
Ғашық болып әп-сәтте сүйіп кетер,
Шымырлап тұла бойы үйып кетер.
Сені көріп, сұлуды былай қойып,
Суалған кәрі сиыр иіп кетер.

Сүйенген шайырлардай қаламына,
Лайықтап сөз сөйлеймін заманына.
Жаман тұс көріп шыққан мұттәйімдей,
Қорқыныш ұялап тұр жанарыңа.
Жеті атаңың аруағын шақырарсың,
Айтыста дем берсін деп қадамыңа.
Арыстан да кетеді інге кіріп,
Айқасқанда кезіксе адамына.
Содан кейін ойбайлап жүрмегейсің,
От тиген қарауылдай сабағына.
Атаң Зайт, әкеі Рифқат, өзің Ринат,
Заманыңың сай туған серісің.
Тұп нағашың татардан болғаннан соң,
Әзірге байқалған жоқ теріс ісің.
Ұйғырдың да жиені Ринат досым,
Шыңжыңдық құдалардың өрісің.
Татар мен ұйғыр, қазак – ұш ұлт қаның,
Бір жүрекке сыйғызған перісің.
Интарнационалды Қазақстанның,
Жетпіс жылдық идея жемісің.

РИНАТ:

Атым бар әкем қойған Ринат деген,
Жасымнан сайысуға ширақ денем.
Азаттық жаршысы боп осы күні,
Қазақтық қасиетімді сыйлап келем.
Болғанда жаным қазак, қаным қазак,
Талпындым жүректерге құймаққа өлең.
Алыптың бір есімін алмасам да,
Халықтың ақ батасын жинап келем.
Аузыңнан абайсызда ақтарылған,
Мен сенің шошымаймын аттаныңнан.
Татар мен ұйғырды да шұбырттың-ау,
Кәдімгі у секілді асқа құйған.

Қаймана қазағымның бір баласын,
Ниетің неткен жаман жатқа қіған?!

Сінірсек дүйім жұртқа бірігіп нәр,
Баса алмас бізге бөгет тығырық тар.
Асау жыр үйір ойдан бұғаулансын,
Шындықтың шалмасына ілініп дәл.
Мұхтар деп аяулы есім қойған екен,
Бергендей ата-анаңа бір үміт, әл.
Байқасам Мұхтарлардың барлығында,
Қасиет бар қазағым жылы құптар.
Жасқанбай «Абай жолын» айшықты еткен,
Асқандай Әуезовтен ұлылық бар.
Дастандай тарихынды жазып берген,
Алдында Мағауннің үгіліп қал.
Болмысы басқалардан дара тұрған,
Өлеңде Шахановтай бір ұлық бар.
Өнердің саңылағы Өтебаев,
Аттасың ол да сенің мұны ұғып қал.
Бойында Құлмұхамбет ағамыздың,
Бабадан сарқыт болған ірілік бар.
Мұхтар-ау, байқайсың ба мына сенін,
Атында Мұхтар деген ұлы құт бар.
Сондықтан сайысуға келген кезде,
Қалмассың шабан аттай сүрініп дәл.
Келгенде елден бұйрық сөйле деген,
Шабыспен желден жүйрік, жүтіріп қал.

Мұхтар-ау, байқалсын бір байыпты ісін,
Жұздірші өлең деген қайықты шын.
Жаңағы мен атаған барлық Мұхтар,
Ерекше елге құшақ жайыпты шын.
Біреуі «бір атандың баласы» деп,
Бір еңбек жазған екен салып күшін,
«Алаштың ардагері» деген атты,

Кітапқа екіншісі қойыпты шын.
Үшіншісі «Қорғансыздың күні» деген,
Әлемін әдебиеттің байытты шын.
Қайсысы қай Мұхтардың жазғаны еді,
Таба алсаң Мұхтарлыққа лайықтысың?
Ал, егер таба алмасаң өз обалың,
Алдында Мұхтарлардың айыптысың.

МҰХТАР:

Көрінбесін дәл осындай жайың қатаң,
Несіне айттар сөзді уайымдатам.
Мұхтар деген ырымдаған есімімді,
Ұлыларға құшағымды жайып жатам.
Шаханов ағам менің айтқандай-ақ,
Солай айтқанын осы орнына қойып жатам.
Өзім талай ұлыларды мойындарым,
Енді өзімді соларға мойындарам.

Мәреке мойынымды созамын деп,
Айтыстың жарысында озамын деп.
Халық үшін туылған асыл жігіт,
Елінің көп жарасын жаза білмек.
Сен сені отқан жоқпын таза күндең,
Ер намысын ойлайтын өз арым деп.
Бүйрекің нағашыңа бұрганменен,
Жүрегің соғып тұрсын қазағым деп.

Бұгін менен естіген сан ақпардың,
Маңызын ұғынуға талаптандың.
Ұйғыр деп нағашынды айтып едім,
Шампандай атылуға аз-ақ қалдың.
Ұйғырға жиен болсаң несі айып,
Олай деп саған сөзін сабактар кім.
Қонаевтың жары да татар болған,
Көрсөң егер тарихтың талдап паркын.

Әуезов Мұрат та татар жиені ғой,
Ел жүретін бірісіне балап нардың.
Кімнен тусаң одан ту, мұддесі үшін,
Күрессен болғаны да қазақтардың.

Биылғы жыл Ресей жылы қазактағы,
Айтқанға ақауы жоқ ғажап бәрі.
«Еуразиялық одақ» деген,
Үстем ұлттың саяси сөз ақпараты.
Көксейтінім менің тек бір-ақ нәрсе,
Сақталсын ол қазақтың азат таңы.
Бодандықтың қымыты жауыр болған,
Желкеңді жүрмесе екен қажап тағы.

Суық қол жармасқандай жағама кеп,
Құлдық сезім дерт емес, жаман әдет.
Кенесары бабамның басын іздел,
Денесі жер астында салады әлек,
Шошимын ханның басы доңыз басқан,
Кәпірлердің топырағында қала ма деп.
Петерборда бабамыз жатқан сынды,
Үрпактарым ойлан деп тобаңа кеп.
Айқайлаған дауысы құлағыма,
Естілгендей орысқа жолама деп.
Осылай жыр теңізін тасытқанда,
Заман көші біз үшін асыққан ба?
Құрт тастайтын көк шыбын көп заманда,
Агайын ауызынды ашып қалма?
Қазекем момын қой да, орыс қасқыр,
Көнбейтін байлап қойып жасытқанға.
Достығы қалай болсын, қасқыр залым,
Кой етін жеп көрген ғой ашыққанда.
Сен туралы сан түрлі ойға қалам,
Бірақтан жанынды ұғу қайда маған.
Қалмақтан бір, қазақтан алты қыз ап,

Абылайхан елге құшақ жайған адам.
Тарихты тамтүмдай білер болсан,
Жауап айтшы осынау жайға маған.
Абылайдың баласы Қасымханды,
Билер неғып хан қылышпай сайламаған.

РИНАТ:

Ақпарың, сенің Мұхтар мол сияқты,
Болмайын бүгін саған сор сияқты.
Нағашы жайын неге қазбаладың,
Емес біздер үшін ол да ұятты.
Қасымды хан қып егер сайламаса,
Билер өзі ұстанған жол сияқты.
Содан туған Кенесары ханды білсөн,
Қазақ үшін туылған зор сияқты.
Мен де, қайран Мұхтар-ау, немере едім,
Көңілім қазақ десе көл сияқты.
Жүрек түгіл бар жаны қазақ дейтін,
Мен де бір қазақ едім сол сияқты.

Болды ма нағышылық аңдығаның,
Бұл Мұхтар неге мәнсіз салды ұранын.
«Мұхтармын», «Мұхтармын» деп айтқаныңмен,
Бір сұрақ қойып едім мандығадың.
Үш кітап оқыласаң қайран, Мұхтар,
Несіне айтысам деп қалжырадың?
Айтысқа келмей жатып осындайсын,
Білмеймін не болады арғы жағын.

Ау, бұл өзі тосылмайтын шақ екен шын,
Мұхтар-ау парызыңыз дәл өтелсін.
Қазақтың үш Мұхтарын танымасаң,
Сен әлі сарыауыз бала екенсің.
Әуезовтің «Қорғансыздың құнін» білмей,
Білмеймін қай ұлыға тәу етерсің?!

«Бір атанаң баласын» жазған Мұхтар,
Мағаундей ағамыз нар екен шын.
Құл-Мұхамбет жазған «Алаш ардагерін»,
Мұны да құрдас көзің және көрсін.
Оп-оңай бір сұракты таба алмасаң,
Сен енді қай биіктен дәметерсің?
Е, айтпақшы сен экономист емес пе едің,
Сондықтан да бұл сыннан нақ өтерсің.
Білімі болмаса көсемситін,
Шенеунік бола салар жан екенсін.

Ау, Мұхтар-ау, ел сенімін ұлсын ақтар,
Десек те бүгін әлде бір сынап қал.
Жұмадан бастап жауған ақжауындей,
Төгейін тандайымнан жыр шумақтар.
Нөсерлеп жер айызын қандырғандай,
Бұл Ринат болған жайды қылсын ақпар.
Жақында телеарнаның барлығынан,
Елбасы ерлік қылды әділ ақпар.
Көрменнін сұрағына жауап берді,
Дегендей мені де бір шын сынап қал.
Бір шалдар ауылына шақырды да,
Талай істер айтылды жыршы мақтар.
Бәрі де сылап-сипап сөйлей салды,
Лаулай алмай қалды ғой шыншыл оттар.
Қашама бұрасам да түсе алмадым,
Телефон дегенің бір қырсық-ак дәл.
Мен түгіл бүкіл Семей жете алмапты,
Сонан соң деді маған бір сыр ақтар.
Елімнің көкейінде қалып қойған,
Әлі де қойылмаған мың сұрак бар.

МҰХТАР:

Қиқуын мына елдің көріп тұрмыз,
Екеуміз біраз жайды шолып тұрмыз.

Сен де маған жауап берген жоқсың, Ринат,
Осыны мына ел де көріп тұр ғой.
Екеуіміз бір-бірімізге жауап бермей,
Сонымен бірде-бір болып тұрмыз.
Келеді айтқан сөзді андап қалғым,
Келмейді мына саған салмақ салғым.
Сөз реті келген соң қойып едім,
Қасымханды хан қылып сайламаған,
Айтайын сол жайында талдап парқын.
Әкесі баҳадұр хан болғанымен,
Қызынан туылды деп қалмақтардың.
Ринат досым назарын салса маған,
Қалайша шындықты айтпай жалтара алам.
Ұлы Абай, Шәкәрім, Мұхтарлардың,
Тұып өскен жерін айтып арқаланам.
Шыңғыс таудың етегі көк желекті,
Мекен еді берекесі тарқамаған.
Байқошқар ауылның бар ағашын,
Әкімдерің отауды жөн санаған.
Табиғаттың жүрегіне жара салып,
Шыңғыстаудың шырайын балталадаған.
Әкімдерің еңбеккор адам екен,
Күнде ағаш кесуден шаршамаған.
Жыр тұлпарым жүйіткіп таңымдағы,
Мінеки Сіздің жаққа жақындағы.
Ормандарың өртенгені аз болғандай,
Бұл сүмдышқ та бас алмай тұр отымды әлі.
Абай туған топырақты қорлағандай,
Туған жерінің көкжелегін жапырғаны.
Шәкәрімді сақалынан айырғандай,
Қайындарды балталап жатырғаны.
Әуезовтің суреттеген жайлаулары,
Енді тұр өкінішті татырғалы.
Храпуновтай емес деп біздің әкім,
Сен жүрсің бе, мактаумен әкімді әлі.

РИНАТ:

Мұхтар-ау, коймапсың-ау балалықты,
Мен сенен күтіп едім даралықты.
Қайдағы орманды айттың, қайран құрдас,
Бір шындық айтсын саған бала құтты.
Шұбартауда мен туғалы бір тал жоқ қой,
Біледі жалпақ жазық дала құтты.
Сен айтқан барлық орман Бесқарағай,
Болмасын бұл айтқанға сана күпті?
Айтатын дәлелінді айшықтағын,
Қай лаухи, айтты саған жақалықты.
Демеймін бүгін өнер асып кетед,
Шамасы келсе Ринат тасып кетед.
Әкімнің мына менде екеуі бар,
Демегін елге Ринат ғашық етед.
Біреуі ана отырған Марат ағам,
Айтысты апта сайын ашып кетед.
Ал енді қалғандары Семей жақта,
Мен келсем барлығы да қашып кетед.
Айбатты бір ой айтсаң ақындарша,
Жарар ед бүгін сөзің макұлданса.
Орманды айтып жатырсың дей алмаймын,
Мен оған, сенің Мұхтар хақың қанша.
Қайтемін қайран орман Семейдегі,
Басы жоқ шенеуніктен тақымдалса.
Сол жерге түк істемей тыныш отырған,
Барып айт Премьерге дәтің барса.

МҰХТАР:

Мен өзім адалдыққа жар болайын,
Жырларын төгетүғын нар болайын.
Бұл құлақ менде бар деп мақтанасың,
Софан қосар тағы да тән болайын.
Естімей жүрмін дейсің ормандарды,
Ринат көкейіңе дәл қонайын.

Осындай ойрандарды естімеген,
Күдай берген құлағыңа бар болайын.

Айтып ем бір жақсылық бола ма деп,
Ринаттың отырысы оңа ма деп.
Премьерге айт деп маған ысырады,
Өзі көміліп жатқандай жалаға көп.
Шығысының мұн-мұқтажын айта
алмаған,
Ринат ақындықтан садаға кет!
Жерім жоқ мына саған аян деген,
Алашқы құшағымды жаям деп ем.
Дәлел болса мен айтайын есімдерін,
Ол әкімнің есімі Саян деген.
Кемедегі адамның жаны бір ғой,
Айқасқан қос ақынның сәні бір ғой.
Бірақ та ол әкімді танымайсың.
Айтқаныңа қарағанда бәрібір ғой.
Семейдің айналайынан ұлысынан,
Мен саған жала жауып отқан жоқпын,
Әкімнің бәле іздеп қуысынан.
Шындықты айтам, өйткені ақиқатты,
Артық көрген жігіт едім тұмысынан.
Орыс тілін білмейді деп Дәуітбайдай,
Азаматты шығарыпты жұмысынан.
Қазақша сөйлегені жазығы ма,
Соншама айырардай ырысынан.
Басқа-басқа Абай туған төріміздің,
Шошиын дедім, Ринат, мұнысынан.
Рухани астанасы Алашымның,
Орыс тілінің шыға алмай тұр уысынан.
Жігітсің елге саулық тілегендей,
Тек қана халыққа арқа тірегендей,
Шығысыңың мұн-мұқтажын сен жырлағын,
Құлағыңды салпаңдатып жүре бермей.

РИНАТ:

Алдыңа шықтық агайын,
Тағы да міне тыныстап.
Алдыңа қайта келгенде,
Сөз бастайын дұрыстап.
Айналайын, құрдасым,
Алыспақ болсаң алыспақ,
Жұлыспақ болсаң жұлыспақ.
Шоқпар да болсаң шоқпармын,
Шоқпарың сынса тағы да,
Шығармын қарсы қылыштап.
Кешегі өткен Бекзаттай,
Жиырма бір жасымда,
Соғайын сені бұрыштап.
Айналайын, Мұхтарым,
Шындықшыл болсаң егер де,
Болып жатқан жайды айтқын.
Жаңағы айтқан тал-қайың,
Ол үш жыл бұрынғы әңгіме.
Райыңдан енді қайтқайсың,
Тілекшіл болсаң сен Мұхтар,
Абайдың ұлы еліне,
Бақ пенен Қызыр бір күні
Келсін деп неге айтпайсың.
Шуағы бір Алланың,
Енсін деп неге айтпайсың.
Облыстың атағын
Қайтадан сол Семейге,
Берсін деп неге айтпайсың.
Жоғарыдағы үкімет,
Мына отырған халықтын,
Сырларын да әрқашан,
Ұқсын деп неге айтпайсың.
Казинодағы кәрістер,

Базарда жүрген түріктер,
Ұқсын деп неге айтпайсың.
Ғалымжандай бір аған,
Зарыққанша тұрмеде,
Шықсын деп неге айтпайсың.
Ауылдың мынау жылында,
Үкімет түгіл ауылға,
Барсын деп неге айтпайсың.
Алматыға назарын
Салсын деп неге айтпайсың.
Алматымды жұтатқан,
Алма ағаштарын бұтатқан,
Храпуновтай әкімді,
Алсын деп неге айтпайсың.
Айтысқа келсең әйтеуір,
Әркімді бір даттайсың.
Даттағаның немене,
Бер жағын ғана айтып ап,
Ар жағына батпайсың.
Дегені бар қазақтың.
Болар елдің баласы,
Бірін-бірі мақтайдын.
Болмас елдің баласы,
Бірін-бірі даттайтын.
Кезім жоқ қой әрқашан,
Достығымнан аттайтын.
Алланың жалғыз құлыш едім,
Екі дүниеде әрқашан,
Қазақы қанын сақтайтын.

МҰХТАР:

Тұлпардай терін алыш таң асыраған,
Кеудемде жыр жүрегім аласқұрған.
Айтысып Қарлығашпен өткен жолы,

Қауырсын жұлып бердім қанатымнан.
Сынасып Сара қызбен сахнада,
Секілді қыз бұрымы таратылған.
Ал, енді Ринатпенен айтысам деп,
Кірпік ілмей түніменен таң атыргам.
Семейдің ақындары мың жасасын,
Мұхтардың бақытына жаратылған.
Сен айтсаң жарларыңды ілкімді қып,
Көкейде қаптамайды бір түрлі үміт.
Ағайын қос ұлыңды демеп жібер,
Қос ұлыңды жіберіндер жүлқындырып.
Жүйріктей және дағы жүлқындырып,
Сіздерді біз кетейік сілкіндіріп.
Ринаттың реңі қашып, зар қағады,
Жырыммен алған кезде қылқындырып.
Мен сенің дегеніңе көне алмаймын,
Он жерден отқанменен шырқың кіріп.
Ал енді арқаланып келгеннен соң,
Кетейін тереңінен жыр тұндырып.
Өтіп жатқан айтысымыз бір күнгілік,
Ринатжан азық болсын мың күнгілік.

РИНАТ:

Ол рас екі балаң төрге мінді,
Ешқашан тақпаушы едім ерге мінді.
Шабайын шамам келіп жатқанынша,
Толтырар шапалақпен ел кемімді.
Өзімнің сөзімді кеп өзіме айттың,
Көрмеппін дәл өзіңдей мен керімді.
Өзіндік тауып жеген бір асың жоқ,
Жүрген соң шұқылап-ай көргенінді.
Жалғанға жаным менің құмар емес,
Мен әлі тілім үшін қылам егес.

Он үшке толса-дағы бозбала елім,
Дұрыстап оның тілі шағыр емес.
Қытайша сайрап жүрген қазақтарға,
Қастерлі ана тілі жұғар емес.
Қазақтың тілі жылап жатқандығын,
Тас бауыр қаны жоқтар ұғар емес.
Жақында бір заң шықты сұры жаман,
Қылатын болашақты сірә да елес.
Үш тілді қатар білсін депті үкімет,
Болып тұр біздер үшін бұл да белес.
Қансырап жатса-дағы қазақ тілі,
Тоқпағы жоғарының тынар емес.
Туа сап жаттайтындей жаны қалмай,
Ағылшын, орыс тілі құран емес.
Бірнеше тіл сыйдырар бір ауызға,
Қазақтар қара шұбар жылан емес.

МҰХТАР:

Сумандама, Ринатжан, сумандама,
Сен емессің ақын болып тұған дара.
Олай-бұлай шайқалтып сахнада,
Тұлкінің қүйрығындей бұлаңдама.

Сенаттың заңмен құпташ шешімдерін,
Сатылды қаситетті есіл жерім.
Ұлттық тілің дауысқа түскен кезде,
Көрдік-ау қанатынның кесілгенін.
Ақпарат министрінің назарына,
Түссе екен ұсыныс бол осы үндерім.
Мәжілістің сайлауы басталарда,
Көрейік көкелердің кесілгенін.
Тіліңе қарсы шыққан осылар деп,
Көшенің бойындағы жарнамаға,
Баттитыш жазып қойсын есімдерін.

АЙБЕК ҚАЛИЕВ ПЕН АМАНЖОЛ ӘЛТАЕВТЫҢ АЙТЫСЫ

АМАНЖОЛ:

Жырменен жазып жүрген жан жарасын,
Ұлы едім тұғыр тұтқан сар даласын.
Ақжолтайлап алдыңда сөз бастайын,
Жолымның сәтті қылғай Алла басын.
Маңғазданып қарайды тау құлжасы,
Басса да меңіреулі жар жағасын.
Табан етін тас тілген жолбарыстын,
Жазады қаңтардағы қар жарасын.
Ер түркінің бұтағы бабам қазак,
Ат үстінде өткізген арда жасын.
Ер Тарғындай ер болсын деген анам,
Халқын ойлап сүйеген талға басын.
Ғаламнан ғаділетті жол іздеген,
Армысың қалың елім, арлы Алашым.

Елден үміт үзбедім ес білгелі,
Өнерден өгейсітпес ешкім мені.
Алла берген несібем өнер еді,
Өмір атты өрілген бес күндегі.
Ұлтымның жүрегіне жеткен өлең,
Талай ғасыр өтсе де ескірмеді.
Қасиетті халқымның арқасы ғой,
Дауысымның саңқылдан естілгені.
Жүректен жарып шыккан жырларымның,
Келіп тұрмын кіндігін кестіргелі.
Ерекше жараптандай жаның нұрдан,
Алты Алаш үміт күтер жалынды ұлдан.
Шашуымды шашайын дәстүрменен,
Келгенде боз жусанды сағым қырдан.
Осылай өмір деген өте берер,
Жастық, шақ артта қалып сағындырған.

Тойыңыз құтты болсын, Амангелді,
Алпыс жастың асуын бағындырған.

Дархансың Сары Арқаның даласындей,
Мәуелісің Жетісу ағашындей.
“Отан” партияң халқыма қамқор болсын,
Әлихан аталардың “Алашындей”.
Ұлтын сүйген тұлғалы қайраткөр бол,
Байтұрсынның кеменгер баласындей.

Күлдір-күлдір кісінетіп күлікті өрден,
Тетелесіп шығып ек ұлық белден.
Жолы бөлек Айбек-ау інім едің,
Сәлемін орнынан тұрып берген.
Жөн сілтейтін алдыңнан аған едім,
Сұрасаң бір бүйрекін жұлып берген.
Жалған коңыраулардың әсері ғой,
Женісті екеумізден бұрып берген.
Мінеки құдай қолдап қайта шықтық,
Ол тілеу болғаннан соң ғұрыпты елден.
Қатар қанат қағайық, кел екеуміз,
Егіз аққу ұшқандай тұнық көлден.

АЙБЕК:

Біссіміллә, сөз бастадым жарық құттан,
Алланың әз есімін қалып тұтқан.
Ассалаумағалайкум, Қазақстан,
Қыраның қанат қомдап алысқа ұшқан.
Өткен жолы жеңіліп Мэлс ағамнан,
Өргеніп күйініштен налып шыққам.
Сәкендей ағамызға мың раҳмет,
Газетке ақиқатты жазып шыққан.
Ақиқатты сүйетін Алты Алаштың,
Алдына қайта мені алып шыққан.

Қабыл ал сәлемімді арда, қазақ,
Жұдырықтай жүректен жарып шыққан.

Аманжол, ағам едің ардақтаған,
Бағасын асыл сөздің салмақтаған.
Кешегі серілердің сарқыты едің,
Бір болса сендей болар аруақты адам.

Бір туған бауырыңыз болғаннан соң,
Жатырсың жылы сөзді арнап маған.
Ағайынды қонырқаз шыққаннан соң,
Ақ сөзімді айтартмын талғап саған.
Кезіккен Батыраштың балтасына,
Құлагер ек шашасын шаң қаппаған.
Айластың мұны бір деп қазақ айтқан,
Қос мұнлықты бұл күнде ар жақтаған.
Алайда белдесуге келгеннен соң,
Жараспас сен жақсы деп жалбақтаған.
Сөздерді сен де естідің, мен де естідім,
Біздерді жаттанды деп тармақтаған.
Сондықтан суырып сап айтысайық,
Сөздерді қоя тұрып, бар жаттаған.
Билікке дат айттың не, хат айттың не,
Зарынды тын dampайды заржақ қогам.
Қапталдағы үш найзаны жырлап көрші,
Танытып ақындықты ардақты ағам.
Әйтпесе көк мылжың таусылмайды,
Дөңгеленіп біткенше қаңбақ далам.

АМАНЖОЛ:

Жаралған тұла бойы парасаттан,
Айтулы інім едің дара шапқан.
Бір сынайын дедің бе, Аманжолды,
Сұрағың найза болды-ау жаңа тапқан.
Толғанып тосын сауал қойсан-дағы,

Құрмассың қарсы алдыннан қара қақпан.
Сол найзаны қолға алыш батырларым,
Қастасқан дүшпанына қан асатқан,
Аяулы ақ жаулықты аналарым,
Ақ найзаға сүйеніп бала тапқан.
Сол найзаның арқасы біле-білсөн,
Сақтаған бізді талай алапаттан.

Найзасыз елестетпен ер бабамды,
Найзагер қып өсірем бел баламды.
Құлтегін, Еділ патша, Бейбарыс бол,
Жаулағам ақ найза ұстап мен ғаламды.
Шашақты сол найзаның арқасында,
Аталар қорғап қалған кен даламды.

Ағайын екеумізге үцілгендей,
Жайым жок сұрағынан сүрінгендей.
Найза жайлы сұрақты қойғаныңмен,
Толғай алар ма екенсің інім мендей,
Жүрсінге сол найзаны ұстасаңыз,
Болмай ма Ер Махамбет тірілгендей.

Найзалы ұл күзеткен қақпа бекем,
Найзалы ер жайғасқан атқа бекем.
Найзаға сап болсын деп атам қазақ,
Тұзу өскен қайынды шапқан екен.
Дүшпанымның сауытын сөксінші деп,
Ұшына болат темір қаққан екен.
Боз айғырдың кекілін кесіп алыш,
Желбіретіп басына таққан екен.
Ақ найзалы қазақтың бір баласы,
Болғанымды әр қашан мақтан етем.
Сұрағаңың найза болды-ау сенің маған,
Жауабымнан білінер менің бағам.
Ер науан Наурызбайдың атын койған,

Тербеліп өсіп жатыр сенің балаң.
Ақжолтай Ағыбайдың атын берген,
Ержетіп келе жатыр менің балам.
Екеуі де назадай жігіт болсын,
Жауларымнан қорғайтын елімді аман.

Бек шақта басылмасын жарқылыңыз,
Екеуіміз де қазақтың алтынымыз.
Шашубай, Жамбыл, Қайып, Нұрхандардың,
Өнерін жалғастырған сарқынымыз.
Қалқанды саған енді жырла десем,
Жетер ме оған Айбек қарқыныңыз?
Қысылмай қадау-қадау ой айтарсың,
Шыдаса табаның мен балтырыңыз.
Алты найза секілді сахнадағы,
Бауырым болсын лайым алты ұлыңыз!

Бахадұр бабаларым тең алысты,
Найзаласып аланда кек алысты.
Үш найзага қарап мен елестетем,
Ақ Арыс, Жан Арыс пен Бек Арысты.

Ақ найза жарасад-ау құлікті ерге,
Найза ұстап қадам бастым үміттерге.
Бірліктің ұлы қасиет екендігін,
Ғажап қой өмір сүрсе, біліп пенде.
Мығым тұрады екен-ау қара жерге,
Үш найзаның бастары біріккенде.

АЙБЕК:

Аманжол айтыс десе желдетеді,
Ол сөйлесе тынады желде тегі.
Найза жайлы толғанып, тебіреніп,
Әдемі әуенімен тербетеді.
Қалқан жайлы жырла деп інісіне,

Неліктен бүгін ағам кер кетеді.
Несиеге қалдырмай сол қалқанды,
Өзің-ақ жырлай салсаң нең кетеді.
Найза мен қалқан деген егіз ұғым,
Жауынгер қазағымның келбеті еді.
Қарыз болып қалмайын сізге бүгін,
Сөзімді күтіп отыр елде тегі.
Алдында Аман аға қалқан жайлы,
Мынау інің өлеңін өрлетеңі.
Сыныңыздан сүрінбей сырғып өтіп,
Сырлы сөздің тасқынын селдетеді.
Қалжа жеп “қыбы” қанған келіншектей,
Маңдайын Аманжолдың терлетеңі.

Маңдайың, ал Аманжол, шың терлесін,
Ініңіз қалқан жайлы жыр тербесін.
Қалқаным әз Алатау аскаралы,
Шыңдарын еміреніп бұлт емгесін.
Бір қалқаным Алтай мен Тарбағатай,
Одан асып Қытайдың құрты өрмесін.
Бір қалқаным Каспий мен Ақжайығым,
Мақтанышпен айтайын сыр пернесін.
Бір қалқаным Қостанай, Қызылжардың,
Орманынан өзің де гүл тергесін.
Төрт қалқаным төрт жакта тұрган кезде,
Төрт құбылам тең болып ұлт өрлесін.
Бір қалқаным мына отырған ел емес пе,
Ол барда көгімізден күн сөнбесін.
Бір қалқаным Елбасым Нұрсұлтандай,
Биікке Қазақстан жұрты өрлесін.
Бір қалқаным Айталыңдай депутаттар,
Қорғаштап басып журген тіл пернесін.
Бір қалқаным тілменен дін емес пе,
Ғаламдасқа оятар ұлт зердесін.
Бірлігімді білемін бір қалқан деп,

Жахандану басталса шын тендесім.
Қалқанымыз тесіліп іш жағынан,
Үш найза бір-біріне сілтенбесін.
Жаратқан мейірімнің нәрін беріп,
Ылайым қона берсін әр үйге құт.
Ол рас құдай бізді қуантқан ед,
Былтырғы жыл ізбасар сәби беріп.
Ақжолтай Наурызбай деп атын қойды,
Ырымдал жақсылықтың шамын көріп.
Ағыбай, Наурызбайлар өтпеп пе еді,
Азаттық деп ел үшін жанын беріп.
Солардың ерлігімен достықтары,
Бүгінге жетпеп пе еді аңыз болып.
Екеуміздің ұлымыз дос бол өссін,
Бабалардың көрмей кеткен бағын беріп.
Олардың болашағы қалай болар,
Сол жайында толғанышы зар иленіп.
Осыларды ойласам ұйықтамаймын,
Қайғыдан қабырғама қан иленіп.

Балаларды кейінгі болашақ деп сенеміз,
Келешегін солардың қай жағдайда көреміз,
Осы жайлы толғашы, артыңа тастап терең із.
Күн ертең олар ержетіп сұрақ қояр терлетіп,
Сол кезде айтшы, Әужеке, қайырламай ма
кемеміз.
Қорқатын жалғыз құдайдан айбының қайда
дегенде,
Не қалды кеннен, мұнайдан, байлығым қайда
дегенде,
Иманды ұлдың ғашығы дініміз қайда дегенде,
Ұлтымыздың асылы тіліміз қайда дегенде?
Кешегі өткен ғаламат кегіміз қайда дегенде,
Бабадан қалған аманат жеріміз қайда дегенде?
Намысқа қалай көнеміз, ұяттан қалай өлеміз,
Не деп жауап береміз, қай тесікке енеміз?

АМАНЖОЛ:

Сезімді жүректегі жасырмаймын,
Жаңбыр жырды селдетпей басылмаймын.
Қалжаның сорпасымен шатастырма,
Құланның етін жеген батырдаймын.
Адамды алмастырған құмай жарық,
Күн ұяға батады-ау бір айналып.
Қасым ақын айтқандай ұрпақ жайлы,
Күніне жүз ойланам мың толғанып.
Бәрін неге шетелге саттындар деп,
Несібесін ұрпақтар сұрайды анық.
Тұбі жауап беретін сәт келеді,
Уақыт арба жылжиды шыр айналып.
Осы жайлы бүгінгі шенеуніктер,
Дұрыстап көрсөн қайтеді бір ойланып.

Бұл менің сөзім емес жай бүгінгі,
Көтердім ақындарға сай жүгімді.
Халқын сүйген қайраткер аз болып тұр,
Саясатшы көбейіп маймыл үнді.
Құлдір-құлдір кісінеп оқыранған,
Азаматтар қайдасың айғыр үнді.
Айбек-ау өзің айтқан сол заманда,
Ұрпаққа түсіндірем қай мұңымды.
Шет елдерге саттық деп қалай айтам,
Қайда деп, сұрап болса байлығымды.

Дөңгеленген дүние шарайнада,
Бұл жайлы айтып өткен талай дара.
Өзіміздікі дей алман өз малымды,
Қан жылап сынағандай Абай дана.
Жерді неге саттындар десе балам,
Жауабын қайтарамын қалай ғана?

Еркінсіп асағанмен бүтін майды,
Депутаттар, болмасын түбің кайғы.

Қалай жауап береміз Айбек інім,
Сұраса дінім менен тілім жайлы?

Шендінің майланғанмен бір бармағы,
Ел еншілі деуіңе тіл бармады.
Ұрпактарым бақытты болса екен,
Екі мың отызыншы жылдардағы.
Елімнің қамын ойлар қалқаны едің,
Шалқыған боз далада шалқар едің.
Ақаң менен Жақандай ұлды берген,
Аман ба, Торғайдағы дархан елің?

АЙБЕК:

Тос деп ем жауабыңа құлағымды,
Көмейден ағыл-тегіл жыр ағылды.
Берем деп қалай жауап, Айбек інім,
Өзіме қайта қойдың сұрағымды.
Ұрпакқа біз қарабет болмау үшін,
Басынан тазалағын бұлағыңды.

Торғайдың айтар болсам сырын мұнды,
Саясат былғап кеткен тұнғымды.
Басталған 93-те Торғайдағы,
Ақтабан таусылмай тұр шұбырынды.
Қостанай, Астанаға шұбырған көш,
Жүрекке қанжар болып сұғылулы.
Көрмеген он жыл жарық ауылдардың,
Бүгінгі толған топан мұны күнді.
Пайдасы ауыл жылдың тимей жатыр,
Шығарсам ақиқат деп шын үнімді.
Ресейден елге әкеліп қойған едік.
Күтем деп болашақтан ұлы күнді.
Міржақып сүйегінің айдалада,
Қалғаны шырқыратар шыбынымды.
Ауылы Міржақыптың тарап кетті,

Жұртында иттер қалды құры мұнды.
Әр жерде шыр-шыр еткен бір топ торғай,
Тыңдайтын жан жоқ сенің шырылынды.
Үнінді бір құдайға жеткізбесем,
Кеше гөр шырқыраған құлышынды.
Ақаңмен Міржақыпты туған Торғай,
Сен көрген қасіретті кім ұғынды.
Торғайға жағдай жасап берем десе,
Мен қазір қияр едім ғұмырымды.
Әй, бірақ менің жаным кімге керек,
Қайғыдан күрт жеп жатыр жұлышынды.

Тілеймін Торғай төрге өрлесін деп,
Қындық енді кайтіп келмесін деп,
Ыбырай, Ақаң, Жақаң жаққан шырак,
Тағдырдың дауылымен сөнбесін деп.
Торғайдың мұны менен зарын айттым.
Өзгенің бастарына бермесін деп.
Қындық-қассіретті Торғай көрген
Қазақтың өзге жері көрмесін деп.

Торғай да, Торғай, Торғаймын.
Жүректе тұнған мол қайғым.
Мұңымның мәнін ұғатын,
Жырымның нәрін ұғатын,
Сырымның зарын ұғатын,
Тыңдаушы жұртый кез келсе,
Сейле деп маған сөз берсе.
Толғау да, толғау, толғаймын.
Үш жүздің асыл нәрі деп,
Айтқанда сөзі дәрі деп
Абылай таққа мінгенде,
Батасын берген бағадүр,
Шақшақтың ұлы Жәнібек
Арыстан туған Торғаймын.

Алты алашқа күн болған,
Күннен тамған нұр болған.
Ахмет пен Міржақып,
Данышпан туған Торғаймын.
Әбдіғаппар хан бастап,
Аманкелді ол қостап
Ақ патшаның өзін де,
Торықтырған Торғаймын.
Әскерін итше сабылтып,
Қайратынан қағынтып,
Айбатынан арылтып,
Зорықтырған Торғаймын.
Әлихан құрган Алаштың
Ордасы болған Торғаймын.
Азаттық үшін күресте
Төлбасы болған Торғаймын.

Еміренген елім деп,
Еміренген жерім деп.
37-дегі қырғынға,
Асыл берген Торғаймын.
Эрмитажға Кейкінің
Басын берген Торғаймын.

Сыrbай, Гафу, Кеңшілік,
Әдебиеттің күні кеше,
Төрін де ойған Торғаймын,
Орнағанда азат күн,
Тенгесіне қазақтың,
Қолын қойған Торғаймын.

Өз тұсында екі рет
Өкімет болған Торғаймын.
Облысым жабылып,
Тынысым да тарылып,

Көрінгеннің ермегі,
Жетімек болған Торғаймын.

Тарихым міне осылай,
Паракталған Торғаймын.
Қостанай, Ақмолаға
Жесір әйел секілді
Екі көзім жәутендең
Қарап қалған Торғаймын.
Тасынғандар басынып,
Масыл болған Торғаймын,
Басынғанға ашынып,
Батыл болған Торғаймын.

Ашынғаннан ашылып
Ақын болған Торғаймын.
Ақиқатын айтайын
Қорқатұғын нем қалды,
Қорқа-қорқа әркімнен,
Батыр болған Торғаймын.

Құдірет-Кәрім бар болса,
Жаратқан ием жар болса.
Жүрт не десе о десін,
Облыс болмай қоймаймын!

Осылайша, Әужеке,
Торғай жайлы жырладым,
Қарап босқа тұрмадым,
Тұып өскен елімнің
Айтып өттім жайын да.
Айналайын, Әужеке,
Сізді де бір сынайын,
Шақырып енді қайымға.
Жасын үлкен ақынсың,
Қайымың болса пайымда.

АМАНЖОЛ:

Өткен күн өкінгенмен оралмайды,
Ұшқан құс бірлік болмай қона алмайды.
Сарпековтей нашарды сайласандар,
Тақау манда облыс бола алмайды.

Айтыстың шақырдың ғой қайымына,
Мен де қарсы келмеймін пайымыңа.
Қайымның дариясында жүземін деп,
Ілесе алмай жүрмеші қайығыма.
Айбек-ай айтысуға бекем едің,
Келеді ағаң болып жетелегім.
Өзің айтқан Торғайдан парламентке,
Депутат болып жатсан нетер едің?

АЙБЕК:

Ол рас айтысуға бекем едім,
Дейсің-ау келіп отыр жетелегім.
Жетекті тазы ешқашан түпкі алмайды,
Жетектен қай тұлкіге жетер едің?
Депутат болсам егер, Аман аға,
Өзің де осы жерде не етер едің?
Үйтемін, бүйтемін деп жұртты алдамай,
Қолымнан келген істі етер едім.
Тапталып табандарда жатқан тілді,
Тұғырға ең әуелі көтеремін.
Ойлаған ұлттың қамын ағам едің,
Тұлғанды өзгелерден жекеледім.
Әдемі келбетіңмен салыстырсақ,
Әужеке, қыздан зият бетер едің.
Гүлжанның орнына құдай қалап,
Министр бола қалсан не етер едің?

АМАНЖОЛ:

Тұлғанды өзгелерден жекеледің,
Министр болсам егер не етер едім?
Отырған әкелерге жағдай жасап,
Ел-жүртүмды риза етер едім.
Көп балалы анаға жәрдем беріп,
Қазақтың көбейтер ем бөпелерін.
Осы айтқанның барлығы болмай жатса,
Өз еркіммен орныман кетер едім.
Храпунов жезденің орнына
Өзінді әкім қылса не етер едің?

АЙБЕК:

Тұлғамды өзгелерден жекеледің.
Дейсің әкім болсан не етер едің?
Жоғары қызыметті қимадың ба,
Тілегім төмендеу ме өте менің?
Тұрғанда министр боп Аманжолым,
Жұмақтай Алматыны етер едім.
Жаптырып заправка атаулыны,
Табар ем табиғаттың бөтен емін.
Дұрыстап, жол біткенді тақтайдай ғып,
Жақсы істің табар едім төтерегін.
Сайн мен Сейфуллинде тұрғандардың,
Бәріне жұмыс тауып берер едім.
Жанында жетім бұрыш жүргендердің,
Бәріне бір-бір пәтер әперемін.
Аманжол министр боп тұрған кезде,
Қаржыға басым ауырмас өте менін.
Осылай ару қала Алматыны
Аялап кадіріне жетер едім.
Сіз сұрап жатырған соң айтқаным ғой,
Келмейді бос мылжыңмен тепелегім.
Алаштың арын ойлар арманымды
Келмейді бос киялмен некелегім.

Ақын болғым келеді, ақын болғым,
Әкім болғым келмейді көке, менің.

АМАНЖОЛ:

Соңымнан еріп шыққан тетем едің,
Ел алдында, демеймін бөтен едін.
Әкімдік министрден тәмен емес,
Сондықтан қомсынасың бекер ерім.
Тәубе деп еңбек еткен дұрыс болар,
Бастығы болсаң-дағы мекеменің.
Министр де, әкім де боламыз деп,
Терлөттік көкелердің шекелерін.
Қайыммен әзілдеген сөзімізді,
Шын көріп қалмасынышы көкелерім.

БАЛҒЫНБЕК ИМАШЕВ ПЕН РИНАТ ЗАЙЫТОВТЫҢ АЙТЫСЫ

БАЛҒЫНБЕК:

Хабарда салған еліме,
Финалға ақындар шықты деп,
Келгенде көрермен, армысың,
Қадамыңа құт тілеп.
Ақындарға қараған,
Арыстанға балаған,
Жүректері түкті деп.
Ауылда нағыз көрермен,
Айтысқа бәрі өлермен.
Біреуді айтар ұтты деп,
Біреуді әдейі жықты деп.
Көз салып бізге отырсың,
Қайсысы кімнен мықты деп.
Залда отырған халық та,

Бұрынғыдан да тіпті көп.
Сіздер көптен күткесін,
Біз коялық нүктесін,
Жекпе-жек осымен бітті деп.

Армысың асқақ Алатау,
Бармысың, Қазақстаным!
Сәлемді беру сұннет деп,
Халқымды мәңгі құрметтеп,
Пайғамбар жолын ұстандым!
Талабыңнан шықсам деп,
Талабымды ұштадым.

Ақынынды қоздырар,
Алқа топтан оздырар,
Тақымынды қысқаның.
Қазағым ұлттым ұлысым,
Бәрінде менің туысым.
Сөзімнің ұқсан ұстамын.
Қабан жырау әулие,
Тәрбие жолын нұсқадың.
Сарқыты жеткен Сүйінбай,
Бақтыбай, Жамбыл, Сүйімбай,
Солардай сөзге ұстаным,
Әуелі Алла, бір Құдай,
Сонан соң елдің тілеуі,
Қалықтап көкке ұшқаным.

Мен айтысқа алғаш ұшқанда,
Туған күні болатын,
Жыр алыбы Жамбылдың.
Көз алдында халықтың,
Жүз жасаған алыптың,
Жырындай болып, жаңғырдым.
Айтысқанда Сарамен,

Тұған күні болатын,
Алдындағы Балғынның.

Сара қыз мені құттықтап,
Мен сақалыммен қытықтап,
Сахнада сән құрдым.
Кездескенде Мэлспен,
Тұған күні еді Пушкиндей,
Поэзиядағы алыптың.
Еркін Жаппар ағамның,
Тұған күні қатар кеп,
Аринасы толды ән-жырдың.

Амангелді Дінұлы,
Тұылышты бүгіні.
Мен айтысқа шыққанда,
Той болады әрбір күн.
60-қа келген ағамыз,
Өлеңмен шапан жабамыз.
Аман да келіп сау жүргін,
Тұған күн болған сайын мен,
Халқымды жырмен таң қылдым.
Көмбенің алдын шаң қылдым.
Бәріне женіс сыйлаған,
Қиянатқа қимаған,
Жазуы шығар тағдырдың.
Айналайын ағайын,
Жұздескенім өзіңмен,
Жазуы шығар тағдырдың.
Балғынбекті тағы да,
Ақтық сынға алғыздың.
Сахнада тағы бір,
Сүгірдің әнін салғыздың.
Кезегін беріп ал енді,
Тыңдайық сөзін балдыздың.

РИНАТ:

Жақындаپ бұл қалғаны көмбे ме еді,
Балғымбек ақ тілегін селдетеді.
Осы ойда Нұртайдайын ағаныз да.
Алланың бір жасына келген еді.
Оны сен қалай білмей қалдың екен,
Жараспас бұл қасиет ерге тегі.
Бүтінде болса-дағы қайнаған ғой,
Құттықтай салсаң күйеу нең кетеді?

Біссіміллә, болған екен сөз басы үлгі,
Қикуың шабытымды қозғасынды.
Шапалақ соғатұғын халқым қайда,
Пейілі балқытатын қорғасынды.
Ассалаумағалайкүм, ағайын-жұрт,
Танимын бір өзің деп жолдасынды.
Ақ бата қылып жатсаң бұл балаңа,
Әр сөзің сапарымды ондасын да.
Алдыңа жүйрік балаң қайта келді,
Білесің алмастайын тозбасымды.
Шапқанда шаң боратып қазақ үшін,
Өлең қып парлатайын көз жасымды.

Іздеген балаң едім өнімді өлең,
Кезім жоқ ел дегенде егілмеген.
Семей мен Аягөздің жалғызымын,
Қарайды маған елім сенімменен,
Ұстассам Боранбайлап жүз ақынмен,
Намысым ешкімге де берілмеген.
Жырым – нұр бір Алладан тамған маған,
Қырық жыл айқасында өлімменен.
Жасқанар Балғынбектен мен емеспін,
Ақынмын “атомға”да женцілмеген.

Көргенде жездем дейін баталы ұлды,
Салайын балдыз болып шатағымды.
Жолыңнан адастырып, айландырып,
Басыңа кигізейін шапаныңды.
Өзіңсің сау басыңа тілеп алған,
Құрметті “Жезде” деген атағынды.
Жұлықсам құлағыңнан еркелікпен,
Демессің балдыз мені қапа қылды.
Құрайын қырық жерден қақпанымды,
Жұлайын бір-бір талдан сақалыңды.

Алматым Айтыс үшін мәңгі мекен,
Сақалды қарсыласым Балғын еken.
Сұлбасы айнымаған бай баласы,
Тұлғасы елестетер нарды бекем.
Нар деп мен мақтап жатсам асқақтама,
Дем асар мендей нардан ол кім еken.
Мен едім шұбартаудың бір көкжалы,
Нар болсаң өркешіңнен карғып өтем.

Ал ендеше екеуміз,
Қанаттанып самғалық.
Ағайын жұрт қол соғып,
Таңдай қақсын таңданып.
Жездемнің бірі сен едің,
Қарамайтын паңданып.
Айлаңа бірақ қалмаспын,
Осы күні алданып.
Жекпе-жектің басында,
Айтыспаймын деп менен
Сараға қаштың сандалып.
Бәрібір келдің алдыма,
Қырандайын қомданып.
Баратып жерің қалмады,

Алғаның дұрыс қамданып.
Шымшыласам өзіңмен,
Жарылмассың шамданып.
Қармағыма түстің бе,
Есілде жүзген нән балық.

БАЛҒЫНБЕК:

Сақалыма жабысып,
Осы ма маған сыйлығың?
Қарсы қойған Нұртайға,
Қандай жаман пиғыльың.
Жүруші едім мен сені,
Топтан озған жүйрігім.
Атаңа емес бұл күнде,
Алашқа күллі сыйлысың.
Көз алдымда дауыл бол,
Нөсер бол мейлің қүй бүгін.
Қара құйын дауылмын,
Арнасы қатты ағынмын.
Мойындайтын жігітпін,
Алланың ғана бүйрүғын.
Жүрмейді маған билігің.
Анадан алтау тусаң да,
Белінді бекем бусаң да,
Сақалдың жолы киелі,
Айылыңды жи бүгін.
Он алты ақын ішінен,
Қалдық екі кандидат.
Төртінші рет жарыстын,
Төрде отырып жан кинап.
Елге бердік билікті,
Телефонмен балл жинап.
Сұраған жезден жолықты,
Барыңды енді салып бақ.

Алдына көпшіліктің келген кезде,
Мен емес жұрт құмарын қандырмайтын.
Балдызым бүгін маған қарсы шықса,
Мен емес намыс отын жандырмайтын.
Апай төс атан жілік Балғымбекпін,
Сен түгіл сенен зорға алдырмайтын.

Сен едің Семейдегі дарабоздай.
Бәйгеден жүйрік келсін шабан озбай.
Қарлығаш, Әсем, Сара, Фархат, Ринат,
Айтыстан қалмайсындар сабак аздай,
Сүрелеп бесеуінді Сиязбек жүр,
Тіркеген бес вагонды паравоздай.
Қарағым балағымнан тістей берме,
Онсыз да балтырымда жарам аздай.
Крыловтың шырылдауық шегірткесі
Деймісің шындық айтты ала жаздай.
Теренен суырып айт ақиқатты,
Айдыннан балдыр тартқан бала қаздай.

Жөні келсе, балдызжан,
Қайнағамды мақтаймын.
Мақтаймын да қашанда,
Ел сенімін ақтаймын.
Білесің ғой айтыста,
Жұрсінді ғана даттаймын,
Өз іші де біледі,
Бекерге жала жаппаймын,
Ырылдаймын, қаппаймын,
Жұрсіннен жақсы таппаймын.
Сақ болсын деп сұқ сөзден,
Айтыс сайын қақсаймын.
Ал сен айтыс сайын мақтайсын,
Оныңа кінә тақпаймын.
Шапан жауып, ат мінгіз,

Қолынды бүгін қақпаймын.
Мақтағандар бұлдірер,
Осы сөзді мақтаймын,

Мактап жүріп жылатқан,
Сайлаудан да құлатқан,
Куларды қалай ақтаймын.
Тура айтамын туысқа.
Түспесін деп куысқа.
Мақтанудан сақтаймын,
Сүрінгенде сүйеу боп,
Түңілгенде тіреу боп,
Ырқыма көнбей жүрсе де,
Сыртынан сендей саттаймын.

РИНАТ:

Балғымбек, жөн шаба алсаң көрінеді,
Тұрғанда Алматының сеніп елі.
Сыртынан сатқанымды бұл Жүрсін де,
Қай жерде қай ауылда көріп еді?
Сақалдың жолы үлкен деп айтасың-ау,
Нұсқайды ол сөзінің жөні нені?
Адамды маймыл деген Маркстің де,
Сақалы иегінде толып еді.

Озғайсың, ал жездеке, құтың әрі,
Демессің балдыз менен ұтылады.
Менен де зор адамдар жеңбеді деп,
Сөйлейсің басқаларды нұқып әрі.
Кейбіреу түйедейден құтылдым деп,
Біздейін түймедейге тұтылады.
Қасыңа келген жоқ қой басқа бала,
Сен мені айдалаға тастама, аға.
Қаншама айтсан-дағы қатты-қатты,
Ринат сөзіңізден жасқана ма?!

Келген соң Алматыға шындық дейсің,
Тығылған бейкүнәдай тас қораға.
Балғымбек, шыныңды айтшы сен неге осы,
Үндемей жүре бердің Астанада.
Астана күннен-күнге жайнап жатыр,
Той түгел қойнауында қайнап жатыр.
Мысалы, кеше ғана Арқа жакта,
“Астана күнін” жұртың тойлап жатыр.
Ол жерге шетел жақтан әртіс келіп,
Жасанды бұлбұл құсап сайрап жатыр.

Қазақтың миллиондаған ақшасына,
Осылай қанжығасын майлап жатыр.
Ал енді ауылдағы ағайындар,
Маңдайдан сорғалаған қара терден,
Айлықты аламын деп ойлап жатыр.
Балғынбек, неге астана әлі күнге,
Ауылдың тағдырымен ойнап жатыр?

БАЛҒЫНБЕК:

Не жаман, бұл қазақса сайлау жаман,
Кандидатты оққа әкеп байлау жаман.
Ринат, ел алдында дұрыс айттың,
Халықтың тағдырымен ойнау жаман.
Электронды дауыс беру қалай болар,
Әзірге қасқыр да аман қой да аман.
Көрпелері жетсе де көсілуге,
Серкелері сертінен тайған заман.
Есіктегі еліміз еншісіз кап,
Төрелер астанада тойған заман.
Сен ерді қашан саттым деп отырсың,
Есіңе түсірейін, ойлан, балам.
Той жасап Тоқтасынов Төлен деген,

Ринатқа ән айтқызып қойған заман.
Сәбильянов отқа түскен Нұртай аған,
Топқа түсіп үш рет сайланбаған.
Төлен өтсе шығыны төленген ғой,
Сайлау деген осындай майдан балам.
Төлениңде мақтайсың, Нұртайды да,
Қос майданда соғысқан қандай жаман.
Сара емес, Абайдың ақынысың,
Мен сенің қылышыңа кайран қалам.
Барыстай балдызыма жөн болады,
Мысықтың мысығына айналмаған.

Ринат, сен әлі жассың, кекілдісің,
Халыққа жас болған соң өтімдісің.
Астанада үндеңей жүресің деп,
Сол сөзбен сүрінед деп отырмысың.
Әр сөзімді аңдығанға қарағанда,
Балдыз емес абысыным секілдісің.

Сақал деген болды ғой бітпейтін жыр,
Мен сені әзіл сөзбен үптеін бір.
Сақалға емес жүрекке байланысты,
Ізгілікке апарар құт дейін бір.
Әйтпесе дінді бұзған дүмше молда,
Өтірік уағыз айтып жұрт жиып жүр.
Анқау елге арамза молда болып,
Жылтыр беттер жұртты жеп быттып,
Сақалдың дінге қандай қатысы бар,
Сақал тұғіл мұрты жоқ мұфтиің жүр.
Сақалмен кімдер бүгін санасып жүр,
Көсе болған мұфтиге жарасып жүр.
Тура жолдан тайған соң талай қазақ,
Өзге дінге адасып, шырмалып жүр.
Оларға уағыз айттар молдалар жоқ,

Барлығы пітір жинап таң асып жүр.
Бүгінгінің Мекке барған молдалары.
Тек қана жаназага таласып жүр.
Ағалар елдік дейді, бірлік дейді,
Бірліксіз баяны жоқ тірлік дейді.
Бес жұз мың қазақ өтті басқа дінге,
Үлкендер бұған неге дүрлікпейді?

Миссионерлер зиялды мемлекетке,
Қайырлы іс қылуға кірдік дейді.
Маркстен ілім алған атеистер
Миссионердың сөзіне құлдық дейді.
Имам жок уакытымен уағыз айттар,
Жайбасар жатқаныңды дін күтпейді.
Мода қуып Меккеге барған қажы,
Молда болып жүргенмен дым бітпейді,
Ішінде мысықтардың бәрі мешкей,
Шіркеуде шыбынға да шыр бітпейді.
Ол рас Семей жақта той деген көп,
Балғынбек айта білші ойлы өлең тек.
Айтайын жағдайын кандидаттың,
Көрсетіп көзіменен көрген ел көп.
Өз ағам ажал үсті жатқан кезде,
Хал сұрап па едің сен менен кеп.
Сол кезде қиналғаннан акша таптым,
Фәнидің жазғандығы сол ма екен деп.
Әйтпесе өзің келіп көмек берсөң,
Мен саған ешқашанда қой дегем жоқ.

Бір өзің болғандайын дара құнды,
Сен маған қарсы койдың жана кімді?
Дін жайлыш толғанасың елге келіп,
Ашқандай жүректе бір парагынды.
Сен сонша діншіл болсаң айт, Балғымбек
Тастадың не себептен намазынды?

Зор болса исламның келешегі,
Бұл ойды Ринат бүгін елесе еді.
Бұлайша ойлы болып көрінгенмен,
Санаңнан сенің талай жел еседі.
Намазды орта жолда тастап кеттін,
Күндеді деме мұнша неге сені.
Бір барып қайта қайтып кететіндей,
Ислам қайын жүртүң емес еді.
Бұл Балғын айтыс сайын толушы еді,
Жоқ-ау деп келешекте оның щегі.
Айтыстан бір күн бұрын бұл жездеміз,
Семей деп жаксы түстер көруші еді.
Семейді ертең күні облыс боп,
Қалады деп тағы да жүруші еді.

Ойланбай он бес дауыс бере салып,
Менің де көнілім соған толушы еді.
Бірақ та облыс болған Семейім жоқ,
Ринат тек жақсыға сенуші еді.
Әй, тегі, саған сенген мен де ақымак,
Бұл Балғын кашан жақсы оңушы еді.
Тегінде үкіметтің ауылында,
Қай кезде қандай шындық болушы еді?!

Тексерейік, Балғынбек,
Тәуіп болған ісінді.
Қарсы алдымда отырсын,
Бейне бір молда мұсінді.

Ашық менмін балдызың,
Тап демеймін ішімді.
Осылай сөзді бастасам,
Ұйқасыннан шумақтың,
Балғымбек бәрін түсінді.

Ал енді саған айтайып,
Өзімнің көрген түсімді.
Мен де өзімді жырласам,
Келмейді саған қауіп бір.
Аякөзде той болыш,
Жасанып битімдей тауым тұр.
Қарсы алдында со кезде,
Қол соғып үлкен қауым тұр.
Сол қауымнан Ринат,
Бір бақытын тауып тұр.
Басқа түгіл көгімде
Мандайыма шуақ ауыш тұр.
Айтақындағы ағам кеп,
Аяғыма етік кигізіп,
Үстіме шапан жауып тұр.
Осындай түсті жырласам,
Ішінен маржан теріп көр.
Балдызыңа енді жауапты
Дұрысынан беріл көр.
Шынымен болсаң көріп кел,
Осы түсімді жорыш бер?

БАЛҒЫНБЕК:

Ау, Ринат, өзгермейтін қағидам бар,
Бойында сенің-дағы ар-иман бар.
Ол рас, намазға мен жығылғанмын,
Мешітке тартқандықтан әр имамдар.
Бірақ та бір жағымда уахабистер,
Бір жағымнан кеп қалды талибандар.
Солардың ниетінен шошып қалдым,
Менің-дағы бойымда зор иман бар.
Қарағым, иман менің жүрегімде,
Тілімде қулқу алла, кәлимам бар.
Балдызым бар сырымды біліп алды,

Жырыңмен дүрліктірдің ұлы залды.
Тойға барып нәпақа таптым дейді,
Ринат өзін өзі іліп алды.

Көмек берсең қайда қалдың деп отыр ғой
Балдыздар мойнымызға мініп алды.

Сен өзің Семейді айтпай тұра алмайсың,
Әр кезде Қабанбай деп ұрандайсың.

Қабанбай бар қазақтың әулиесі,
Ұлтқа ортақ тұлға екенін ұға алмайсың.

Куандықов біліпті құлығынды,
Тұлқінің құйрығындағы бұлаңдайсың.

Өскен елің Семеймен кіндігі бір,
Өскеменді аузыңа бір алмаймың.

Баламер Сахариев ағаңыз бар,
Шыңымен талас өскен шынардайсың.

Оралхан Әр Алтайдың Кербұғысы,
Қарайсың күмәнменен бұған қайсың.

Атбегі Кітапбаев Башайың бар,
Сен қазір сол баптаған құнандайсың.

Қалихан қара сөздің боз жорғасы,
Әр сөзін таң асырып тұмарлайсың.

Қасым ағаң қайсарлықтың қолтаңбасы,
Қолда барда қадірін біле алмайсың.

Төлеген Тоқтаровтай батырың бар.
Қыльышы болсаң оңай сына алмайсың.

Көкжал Барак бабаңыздай,
Қолыңа неге, қалқам, ту алмайсың?

Академик Ахметов, Аманжолов,
Ғылымын зерделесең суалмайсың.

Сөзіне ұлыларды қосып айтсан,
Кияны көзбен шолар қырандайсың.

Әй, саған, айтты не, бір айтпады не?
Той үшін толғау айттар жыраудайсың.

Байқаймын балдызыма білім керек,
Айқаймен айды аспанға шығармайсың.

Балдыржан, ар дейтін бір ұғым бар ғой,
Семейдегі балдыздар құлындар ғой.
Семейің 2005-те ашылады,
Айтатын әр сөзімде шыным бар ғой.
Семейге бұл Балғынбек бетен емес,
Менің де журегімде мұным бар ғой.
Сен-дағы түс жоры деп отырсын,
Алдын ала жасаған жырың бар ғой.
Айтақын шапан жауып жатса егер,
Ринат үйленетін түрің бар ғой.

РИНАТ:

Әр сөзін бұл Балғынбек сүйгізеді.
Байқатпай Ринатқа да тигізеді.
Шапан жапса үйленесің деп айтасың,
Бұл ойыңыз шын ізгі еді.
Бірақ та түсінбедім онда маған
Неге Айтекең темір етік кигізеді?

Болғандай әрбір айтқан сөзі нұсқа,
Өзі мәнді сөйлейсің, өзі нұсқа.
Өскеменді жырламасам айып етпе,
Онсызда жалтақтаймыз облысқа.

Бар қазактың даласы менің елім,
Жарап еді бұл Балғынбек соны да ұқса.
Ұлыларды Семейімде мерт қылғаны,
Ұлықтарың қорқақтау қолы қысқа.
Бәрі бір сол Семей тарихына оралады,
Кейбір қазақ тарих іздеп сабылысса.

Дейсің бе уәдемен ел алдаймын,
Мен өзің сөз аңдысам дем алмаймын.
2005-дегенді айтып өттің,

Дегендей төрт түяқты тең алмаймын.
Елбасының аузынан естіп пе едің,
Мен бірақ ондайынды көре алмаймын.
2030, 2005 қаптап кетті,
Шынымды айтсам, цифрларға сене алмаймын.

Ер бар ма бұл қазақтың көшін ұстар,
Құбыжықтай қателерден шошыныс бар.
Мысалы, көтерілмей казақ тілі,
Болмай қалды оған ешкім осы құстар.

Тіл көтеру үш-ақ жыл демеп пе еді,
Үкімет уәдесінде тосылыс бар.
Тегінде бұл заманда қазағының
Қанында зерттелмеген қосылыс бар.
Әйтпесе қарға болып қарқылдай ма,
Таранып төрде отырған тоты құстар?

Махамбетше шыңғырып
Шындықты айтар күн туды.
Қайран қазақ тілінің
Жанарапна мұң тұрды.
Балғынбек, айтшы осыны,
Сіз жақтағы агалар,
Бұзады неге шырқымды?
Қолдау таппай ешкімнен,
Қайран қазақ тілінің,
Жағасы да жыртылды.
Айтып-айтпай немене,
Дінімізді де бұлдірді.
Тіліміз де қырқылды.
Айта беретін сен құсан,
Төрде отырған бастықтың
Уәделері бар, мың түрлі.

Ей депутат, ағалар,
Сіздерді халық сайлап па еді,
Қандырып ал деп ұйқынды?
Әтеш құсап ән салып,
Келтіресің күлкімді.
Қайран қазақ қайтейін,
Халық сенген қойлардың,
Күсегені бір түрлі.

БАЛҒЫНБЕК:

Ринат, шындықты айттың қаша алмайтын,
Мұгедек болдық алға баса алмайтын.
Кешегі Әз Тәуkenің заманында,
Шалағай шала зандар жасалмайтын.

Жалпыға “Жеті жарғы” жетіп жатыр,
Мәңгілік қартаймайтын жасармайтын.
Ал бізде жетпіс жеті депутат бар,
Заң толы қағаздардан бас алмайтын.

Жеті жұз жетпіс жеті заңымыз бар,
Қоғамға еш өзгеріс коса алмайтын.
Мемлекеттік тіл болып жазылса да,
Қазақ тіл тамыр жайып өсе алмайтын.

Әйтпесе не болыпты он бес жылда,
Өзге тілден өзіне көше алмайтын.
Үнсіз депутаттар бар парламентте,
Сканвордтан басқа еш нәрсе шеше алмайтын

Қандастар келіп жатыр арғы жақтан,
Азаттық олар үшін мәңгі мақтан.
Әз елім өзегімді талдырмас деп,
Үміт қып көкірекке шамды жаққан.

Қазактың кәсіпкери Оразамбай,
Қытайдың іскерлікпен тау құлатқан.
Ішінжанда алтын тағып ардактапты,
Шыққан соң бар мақсат пен бар мұраттан.
Қалдарбек Найманбаев Қытай барып,
Құрыпты оралманға қанды қақпан.
Біріккен кәсіпорын ашамыз деп,
Қаржыны тартқан екен әлгі жақтан.
Қажымхан Мәсімовты таныстырып,
Су ішкен болған екен “бал бұлақтан”.
Кәсіпорын түгілі сайтанда жоқ,
Сақалын саудаға сап салбыратқан.
Мол қаржыны қалтаға басып алыш,
Қаңғыртып қандасымды қалжыратқан.
Әділдікті табам деп Орекен жүр,
Көз ілмей әрбір атқан танды баққан.
Министр Мәсімовтың мысы басып,
Сот сорақы болып тұр занды баққан.
Баласының беделін пайдаланып,
Әкесі оралманды зар жылатқан.

Ринат сөзден сабақ ала білді,
Мен сенің қайтармайын талабынды.
Серттен тайған кезі жоқ Елбасының,
Байқап ат билік жаққа садағынды.
Ел алдында дәл қазір мен сұрайын,
Қалдарбек кімге қылдың мазағынды?
Қаңғыртып жылаттың ғой қазағынды.

Қажымхан Мәсімовтің мәрттігі ғой,
Ореке жыртқан сенің балағынды.
Ай сайын құшақ-құшақ хат жазады,
Елбасы ести ме деп, нала-мұнды.
Елбасы оның бәрін көрмейді ғой,
Әйтпесе қақ жарап еді қара қылды.

Айтысқан он алты ақын «дорогойын»,
Ішінде Ринат еді «молодайын».
Бастады жекпе-жегің «один-один»,
Көрдіндер «без правил супер бойын».

Қарлығаш, Сарам-ай,
Серіктей ағам-ай,
Аманжол, Мэлспен,
Шырынбек, Рустем,
Мұхтар-ай Ермек-ай,
Айбек-ай Арман-ай.
Дәuletкерең дауылпаз,
Оразалы ортеке,
Әбілқайыр арғымак,
Балғынбек бар Имаш-ай,
Шамаң жетсе сыйлас-ай.
«А я тебя убью Ринат-ай».

Қарағым, айналайын, «черный көзім»,
Аман ба, Семей менен Аяқөзің?
Мен едім ақындарда «тяжеловес».
Таяқты жейсің бүтін жалғыз өзің.

Қарлығаш, Сарам-ай,
Серіктей ағам-ай.
Аманжол, Мэлспен,
Шырынбек, Рустем,
Мұхтар мен Ермек-ай,
Айбек пен Арман-ай.

Дәuletкерең қимас-ай,
Оразалы сыйлас-ай,
Әбілқайыр Ринат-ай,
Балғынбек бар Имаш-ай
«Все равно тебя, люблю, Ринат-ай».

Қарағым, айналайын, «черный көзім»,
Аман ба, Семей менен Аяқөзің?
Мен едім ақындарда «тяжеловес»,
Таяқты жейсің бүгін, жалғыз өзің.

Қарлығаш, Сарам-ай,
Серіктей ағам-ай,
Аманжол, Мэлспен,
Шырынбек Рұстем,
Мұхтар мен Ермек-ай,
Айбек пен Арман-ай,
Дәuletкереj қимас-ай,
Оразалы сыйлас-ай.
Әбілқайыр, Ринат-ай,
Балғынбек бар Имаш-ай,
«Все равно тебя люблю, Ринат-ай!»

РИНАТ:

Айтысқа қосар ақын үлесің бай,
Балғынбек, бұл көрсеткен Ринатқа күресің қай?
Орысша қосып сөйлеп өлеңіңе,
Миықтан паң қарап та күлесің жай.
Ағайын көрдіңдер мег тіл қорғайтын,
Астана ақынының жалған-ай түрі осындай.
Сен жаңа жайын айттың оралманның,
Ұғады әр нұсқасын әrbіr мәnnің.
Балғымбек, ендеше атап мен айтайын,
Елім деп кеше күні оралған кім?
Жерім деп бауырларың сағынып кеп,
Дырдай бол туған жерде тоналған кім?

Егер де басы істесе біздің үкімет,
Соларға ерекшелеп сый бөлмей ме?
Ең болмаса Мұстафаның анасына,

Алматыдан дені дұрыс үй бермей ме?
Әр нені қозғай бергіш, қайран жездем.
Шындықты Ринаттан үйренбей ме?

Балғымбек, тағы біраз толғайсың ба,
Алмақсың енді мені, жездеке, қандай сынға?
Жаңағы орысшаңа өкпем бар-аяу,
Сен осы әр сөзінді талғайсың ба?
Жат тілді әкелем деп сахнаға,
Жағам деп бұл қазаққа ойлайсың ба?
Немене бояушы деп айтқан сайын,
Бір күні сақалыңды бояйсың ба?
Шығарсың жүргегімнен бір ырғақ жыр,
Болса егер ел дегенде үнімде нұр.
Тілім деп Нұртай менен Амангелді,
Ағалар айтыс жасап зырылдаپ жүр.
Тұрсынбек Кәкішов пен Құл-Мұхамбет,
Тілді қалай көтерем деп шырылдаپ жүр.
Ал жездем болса келіп бір-екі ауыз,
Білетін орысшасын шығындаپ жүр.
Білмеймін бұл алаштың ақынының,
Ауызын кімдер бүгін тығындаپ жүр?
Ел аман, жұрт тынышта айтысқа кеп,
Жаманды бұл Балғынбек ырымдаپ жүр.
Біз бүгін сөз айтайық есті-есті,
Қосқымыз келсе егер көшке үлесті.
Бас иіп алғыс айттым азаттыққа,
Біздің ел еркіндік деп көп күресті.
Бірақ та бүгініне бір қарасаң,
Көміліп қөнелерің ескің өшті.
Себебі бізге құдай кеше күні,
Амалы көп айлалы досты қосты.
Ал олар кеп атына атамыздың,
Қайдағы “ев”-ті қосты, “ов”-ты қосты.
Ілесіп молдаларға топ кресті,

Соңына төрт түліктің шошқа ілесті.
Онан соң қолымызға стакан беріп,
Денсаулық үшін деген тосты қости.
Білдірмей сұңғыланың жүрісімен,
Жаулады олар бізді өстіп-өстіп.

БАЛҒЫНБЕК:

Айтатын сыпайысын базынаның,
Айбекке дауысын берсе қазыларым.
Аманжол ағамдағы өкпелемес,
Сыйлықтық қанағат қып азырағын.
Тұранның текті жұрты қолдағанда,
Қыраннның қанатындей жазыламын.
Отырмын бақ жұлдызың өрлесін деп,
Балдызым мін-сынымды термесін деп.
Өзіңе өзің қатты таңқаласың,
Деймісің бұл жалғанда тендесім жок.
Әдейі сынап айттым орысшаны,
Рухы қазағымның өрлесін деп.
Әдейі сатираны қолданғанмын,
Бір сәүле Абай жаққан өлмесін деп.

Балдызжан, топ алдында жайнағансын,
Сен маған кінә тақпай ойланарсың.
Шешенсін айтыстарда көріп жүрдім,
Тіл-аузын талайлардың байлағансың.

Орысша сөзге қоспақ түгілі сен,
Полиглот адам болып ойнағансың.
Ақмарал, Каримамен айтысқанда,
Немісше, ағылшынша сайрағансың.

Белгілі көк мойнақтай көсілерің,
Көсілсең мерейінді өсіремін.
Ертісте туған бала болсан дағы,
Ел үшін ерке толқын осы ма едің?

Студент кундерінде білім қуып,
Менсінбей Елордаға көшіп едің.
Ал бүгін Астананы сынағышсың,
Тағайын сынады деп несіне мін.
Су ішкен құдығыңа түкірсөң де,
Шалалық сөздерінді кешіремін.

РИНАТ:

Нашар екен, жездеке, ақпарларың,
Бөтен тілден жөн болар сақтанғаның
Жетіп жатыр бағана мақтанғаның,
Кімге керек енді кеп ақталғаның?
Абай айтқан орысша
«Самородный» сары алтын.
Ол Абайдай ұлыға
Бүгін кінә тағарсың.

Сенің сөзіңе қарасам,
«Убыю» деп айтасың.
Тастамайтын жаман сез,
Өзің неткен адамсың?!
Дей алмаймын өзіңнен
Аскан едім.
Мінезінді Балғымбек,
Таста керім.

Қаласынан кетсем де,
Отаныма,
Ұмытпаймын ешқашан,
Астана елін.

Сөйлегенді орысша,
Дейсің жақсы білемін.
Ол әзілдін айттысы,
Жетсін тағы тілегім,

Айтпақшы мен сол кезде,
Астанада жүр едім.
Сен бүгін де ерекше,
Толып жұрсің.
Өлеңменен көп жерді,
Шолып жұрсің.
Экс-астана тағы да,
Секс Астана,
Деп Алматы бәлесін
Көріп жұрсің.
Өзің ұшқан қала ғой.
Бұл Алматы.
Сен де саңғып ұяна,
Не ғып жұрсің?

Мақамына салып ап,
Бөріктінің
Аманжолдың шәкірті
Болып жұрсің.
Мына қарыны қампайып,
Екі аяғы талтайып,
Отырысын жалпайып.
Басына бөрік кигізсе,
Айнымаған Әлтаев.

БАЛҒЫНБЕК:

Алла десем жетеді дауысым айға,
Жарқылдасам жасындај жау шыдай ма?
Ақпан айда басталған аламаның,
Мәресіне кеп жетті маусым айда.
Қалқайды деп айтасың,
Сен де қалқам, балдызжан,
Жан емессің құлақсың.
Тайдың ба деп сертінен,

Қойдыңыз ғой сұрақ сіз.
Әр арнаға құятын,
Арнасы жоқ бұлақсыз.
Сен де талай әуенге,
Саласың ғой, балдызжан,
Жігіт пе едің тұрақсыз?

Балдызжан, неге ойнайсың, қарынменен,
Ойланып сөйлесеңші сабырменен.
Берік кисе Әлтаевтан айнмайсың,
Осы ма халыққа айтқан мәлімдемен.
Бұл балдыз Балғынбекті санап қойды,
Жездем ғой деп құлағын бұрап қойды.
Екеуміз бетімізге келе берсек,
Ал сонда ел сенімін кім актайды?
Мен сені сүріндіргім кеп тұрған жоқ,
Батыраш пиғылды ағаң ұнатпайды.
Семейім махаббаттың символы бол,
Халқымның жүрегінде тұрақтайды.
Қозы Қөрпеш Баян сұлуды білетіндер,
Сезімін ол қай жүректің тулат қойды.
Еңлік-Кебек аңызын естіген жан,
Ешқашан қызын енді жылатпайды.
Қалқаман мен Мамырды туған Семей,
Ұлардай енді ұрпағын шулатпайды.
Қызын ап күйеу бала болғаннан соң,
Семейім сені маған сынатпайды.
Сен секілді ұлдарын ұнатқанмен,
Қыздарын қыл көпірге құлатпайды.
Бұл өзі айтыс еді бірде көрер,
Көмбеге сен шығарсың бірге келер.
Сен маған түсінді бір жорыттың ғой,
Түс жорып ел алдында білген өнер.
Мен саған да бір жұмбақ айтайыншы,
Соны тапсан жезден саған жүлде берер,
Ол өзі оңай жұмбақ таба алмасаң,

Орныңнан Ринат балдыз тұра жөнел.
Балдызым дұрыс тыңда, екі ғайып,
Бір жаққа көшіп барады бірдеңелер?

РИНАТ:

Жарты сағат қарынды термелейсің,
Қоятында Балғынбек, еркелейсің.
Менің саған айтқаным мысал еді,
Мен не деймін құдай-ау, сен не дейсің?
Бар еді ғой ерекше,
Елге ұнайтын жалының.
Қазақтарда бір сөз бар.
Кей ақылды адамдар,
Көрсетеді дарының.
Кей ақымақ адамдар,
Көрсетеді қарының.
Сен үйленбей тұрғанда,
Басқаша еді порымың.
Енді міне қарасақ,
Бөлектенді орының.

Мен саған бір сөз айттайын,
Семейден дауыс сұрадың.
Жықпасын деп сол ұлын
Талды қорған құлатпас,
Дәл өзіндей зор ұлын.
Біз берген нәрсе аз ба еді.
Қыс сайын өзің жейсің ғой,
Шұбартаудың соғымын.

БАЛҒЫНБЕК:

Бұл салған ел алдында әнім еді,
Ринатжан, сен бастадың тағы нені?
Әу бастан уызыма жарығанмын,
Толықтығым халқыма мәлім еді.
Қыз берген Шұбартауга соғым деген.

Білесің не тұрады жаңым енді.
Білесің мына отырған ел-жұрттымда
Теңізді тамшысынан танып еді.
Балғымбек доп-домалақ доп болғанда,
Ринаттың добы мынау жарық еді.
Бағана бірдемелер көшті дедім,
Әр жаққа бұра берме әңгімені.
Ринат басқа жаққа бұрып кеттін,
Ол көшіп бара жатқан “бәдік” еді.
Бәдік көшіп барады некесіне,
Көшейін мен елімнің төтесіне.
Білмесең көштің жайын мен айтайын,
Барда жабыс шенеуніктің шекесіне.
Көш “бәдік”, сайтандардың соңына көш,
Сайтанға ергендердің соңына көш.
Халықтың бар байлығын тонап алған,
Пара алған жемқорлардың колына көш.
Көш бәдік, тұра бермей тағы да көш,
Пәрменсіз парламенттің занына көш.
Бұл жерде орысша айтқан ештеме емес,
Тіл білмес қазактардың жағына көш.
Көш бәдік, ел қонбайтын күздарға көш,
Қазақтың салт санасын бұзғанға көш.
Қазақтың бәрін сатқан үкіметтен,
Көшеде арын сатқан қыздарға көш.

Өлеңде бәдік, бәдік, бәдік, бәдік,
Жібердім адреспен табыт салып.
Ринат, енді саған көшіп едім,
Отырмын бір бәдікті алып қалып.

РИНАТ:

Айтайыншы Балғынбек,
Көшіре берсен бәдікке,
Қазақта мынау уайым көп.
Айтысында елінің,

Жекпе-жегінде төрінің,
Парламент пен үкіметті
Айта беретін жайым жок.

Өлеңнің мініп жүйрігін,
Талайды жерді өтейін.
Қанаттанып айтыста,
Шындарға биік жетейін.
Зарлатқан талай ақынды,
Заманды енді не етейін?
Жекпе жектегі финалды,
Кек бөрішелеп қиналмай,
Мына отырған қазаққа,
Бір рух беріп кетейін.

Жалпақтама жүрді деп
Жамандардың қасында,
Тәуелсіздік алдым деп,
Тасыма жұртым тасыма.
Еңкеймес еңсең және бар,
Үкіметтен жасыма.
Осылай болса лайым-ей,
Бақыт та қонар басыңа.

Мен қазақ деген өр елдің
Бүгінде көші түзелді.
Опасыз дүшпан енді кеп
Бұктіре алмас тіземді.
Көрместті көрген қазақпыз,
Бермestі берген қазақпыз,
Бақытты ғұмыр кешуге
Міндеттіміз біз енді.

Мен мен едім-ай мен едім,
Көзі бір өткір жебемін,

Мәскеуде айтыс болса егер,
Жүрсін аға, мені алып бар.
Айтайын оның себебін.
Орыстарға сәлем айтыңыз,
Жетпей жатса бәйгесі.
Бас жұлдесіне айтыстың,
Басын тіксін Кененің.
Сол айтыста бас жұлде,
Алам деп уәде беремін.
Бабамның басын алып кеп,
Еліме қайта көмемін.
Зарлап жатса хан-бабам,
Мен оған қалай көнемін.

Ал, Балғынбек, жездеке,
Доғарғын бәдік сөз енді.
Ұнатпайды мынау ел,
Көп сөйлейтін ездерді.
Қазағым деп жырлайтын,
Ғажабым деп жырлайтын,
Көтеретін еңсемізді,
Осы айтыста кез келді.

БАЛҒЫНБЕК:

Сен өзің арлан ба едің, тарлан ба едің,
Ринат, биік еken барған жерің.
Куанып отыр бүгін Аяқөзің,
Бала бол сенің асыр салған жерің.
Мәскеуге алып бар деп отырсың ғой
Жұлдені осы бастан қамдар ма едің.
Ринаттың талабынан айналайын,
Қайтарам деп отырған хандар кегін.
Қарағым, айналайын, бағың жансын,
Кыз сағақ, бота тірсек, сандал керім.

АМАНЖОЛ ӘЛТАЕВ ПЕН КӘРИМА ОРАЛОВАНЫҢ АЙТЫСЫ

АМАНЖОЛ:

Армысын арда қазақ, ұлттым аман,
Ақ жол деп, сыр сандықтың құлпын алам.
Тәуелсіз көк байрағын желбіреткен,
Қалың ел Қазақстан жүрттым аман.

Тұған ел, тұған жерді ойға алғанда,
Әр қазақ қабырғасы сырқыраған.
Көзіңе ата-жүрттың елестесін,
Даусымды естігенде шүрқыраған.
Сәлем ғып сағынышты жыр әкелдім,
Далаңың жусанындай бұрқыраған.

Сөзіме құлақ салып пейіліңмен,
Қандастарым қарайсың мейіріммен.
Ақындарым келді деп аңқылдаған,
Ағайын, айналайын, пейіліңнен.

Мәскеулік бауырларды көрген кезде,
Бүйрекім бүлкілдейді-ау бүйірімнен.
Сарыарқа, Алтай, Атырау, Жетісу, Сырдың,
Қабыл ал, ақ сәлемін сүйінүмен.

Ұлытау, Қаратай мен Көкше, Баян,
Бір сәлем Алатаудай биігімнен.
Мауқыңызды басқалы келіп тұрмыз,
Алыстау жүргенінде үйіріңнен.

Түркінің рухы бар үнінде өктем,
Далаңың перзенті едім жырын төккен.
Отыз алтыншы жылды Жамбыл бастап,
Москваның төрінде дүбірлеткен.
Солардың артындағы ұрпағы едік,
Алпыс сегіз жыл салып бүгін жеткен.

Тұрмасын азат күнде сана қашып,
Тағдыры қос халықтың маған ашық.
Әмірдің бұралаңы болғанымен,
Кек сақтаған жоқ едік табаласып.

Қазақ-Ресей ежелден көрші елміз,
Жүрейік құдалардай араласып.
Інің емес тең тұрған құрдасың бұл,
Мәскеу саған кеп тұрмыз дара басып.

Ұлы едім арғымағын тұмарлаған,
Қызды ауылға жеткенше құмарланам.
Алғаш рет Мәскеуге келгенімде,
Болдың-ау, сахнада сыңар маған.

Ал ендеше, бастайын айтысуды,
Қыран құс қызыл көрсе тұра алмаған.
Жұзінен нұр, тілінен жыр төгілген.
Кәрима, есенбісің, сыландаған,

Тізгінін босатайын күреңімнің,
Ажары неткен ашық реңіңнің.
Бүршігін жаңа жарған қыз-қайындарай,
Ақтығы көз тартады-ау білегінің.
Жанаарымыз түйісіп кеткен сайын,
Лұпілі жиілейді-ау жүрегімнің.
Ернінді дірілдетіп сөз басташы,
Қып-қызыл күмбезіндей Кремльдің.

КӘРИМА:

Амандасу - сөз басы,
Алқалы топ армысың.
Айтыс деп келген ағайын,
Ұғатын сөздің жарғысын.
Ақындар шықты алдыңа,
Тұргызып сөзбен тау-мұсін.

Москвалық бауырлас,
Ел-жүртүм есен-саумысың?!

Қызы едік ағайын,
Қызыр қонған текті елдін.
Москваның төрінде,
Айтуды мұны бақ көрдім.

Оңтүстіктің елінен,
Жолдауды сәлем сәт көрдім.
Түркістаннан киелі,
Сіздерге сәлем ап келдім.
Айтыс деген, ағайын,
Бабадан қалған мұрағат.
Біржан-Сара айтысы,
Ұрпаққа жеткен аманат.

Сүйінбай менен Құлмамбет,
Сөз қалдырған саралап.
Москваны жырлаған,
Жамбылдан қалған дара бақ.

Сарқыты болып солардың,
Жас ақындар алдында,
Көрсетсін өнер жаңалап.
Тәуелсіз ел боп тасымыз,
Жатыр өрге домалап.
Екі елдің бұл бірлігі,
Бұған да еттік қанағат.

Отбасыңызды ағайын,
Қызыр жүрсін жағалап.
Төл өнерін қазақтың,
Келіпсіздер бағалап.
Ықыласыңызға разымыз,
Айтыс деп келген жамағат.

Ал, Аманжол, армысын,
Дәмін көп татқан жеңістің.
Айтысамын деп сенімен,
Пойызбенен селкілдеп,
Жол жүріп келдім мен үш күн.

Аспандап маған қарамай,
Самолетпен сен ұштың.
Менен бұрын кеп алыш.
Көшербаев ағаңмен,
Білмеймін нені келістің.
Шыныңды айтшы Мәскеуде,
Менімен қалай көрістің.

Бір ақын керек болған ғой,
Керуеніне көктің де,
Шекарадан Аманжол
Әуелетіп өттің бе?
Ұшақпен ұштың сен өзің,
Мені тастап кеттің де.
Жарылыс деген бұл елдің,
Білесің барын дерптің де.
Самолетің жарылмай,
Аман-есен жеттің бе?

АМАНЖОЛ:

Халықпен сабактасқан мұрат бағы,
Түркінің оғланы едім қыраттағы.
Ақын қызбен айтысқа шыққан кезде,
Қылыштай жарқылдайын қынаптағы.
Ұлбике, Сараларға қонған өнер,
Кәrima, бір басыңа тұрактады.
Дауысың неткен ғажап керім еді,
Періштенің үніндей жұмақтағы.

Байқасаң Мәскеудегі ағайын бек,
Ақын бол кәдесіне жарайын тек.
Әдейі ұшақпенен бұрын келдім,
Кәрима, сені күтіп алайын деп.

Қыз бен жігіт жолығысса сыр шығады,
Аспанға айдан бұрын Күн шығды.
Өзіңмен отарбамен бірге келсем,
Күлімдеп қарсы алдыңнан кім шығады?

Кәрима, хан қызындай бағалы едің,
Қазығұрт етегінің маралы едің.
Мен болсам маңдайыңнан еппен өпкен,
Арқаның мамырдағы самалы едім.
"Самолетің жарылса не етер ең?" - деп,
Таптын-ау назданудың маған ебін.
Шымкент қызы тоқыған көк кілемді,
Бұктеп ап аэропортқа барап едім.
Самұрық самолетке жайғасып ап,
Сұнқардай самғап қанат қағар едім.
Ұшақты жанкештілер жарам десе,
Тәуекел деп, секіре салар едім.

Кілемшеге жақсылап жайғасып ап,
Төменге жүлдyzдайын ағар едім.
Қызыл аланға кілеммен қалқып қонып,
Бәрібір сені күтіп алар едім.

Кәрима, жадырашы, түнермегін,
Өлеңнің ұсынайын гүл өрнегін.
Москва өзенінде серуендесем,
Маң-маң басып қайыққа мінер ме едің.
Останкино басына алып шықсам,
Биіктен тілеуінді тілер ме едің.
Кешке қарай Мәскеудің көшесінде,
Менімен қол ұстасып жүрер ме едің.

Осы айтқанның барлығын орындасам,
Өкпе-назды ұмытып, күлер ме едің?
Аманжол, мырза жігіт екенсің деп,
Қалқатай, қадірімді білер ме едің?

КӘРИМА:

Ұлытаудың ұланы,
Аманжол ақын дара ед.
Жанаарқадай отаның
Еркелетер әлі бала деп.

Қарағандыда, Аманжол,
Қатайған сенің қанатың.
Білімің алған саналы ед,
Ал, қазір Астанадасың,
Қызметің де бағалы ед.

Енді келіп сен мені,
Отырсың-ау. Аманжол,
Мәскеуден күтіп алам деп.
Елші болып осы елге,
Кетпесеніз жарап ед.

Сөзге қосты, Аманжол,
Қазақы әдет-ғұрыпты,
Оңтүстіктің кілемін,
Қыр-сырын жақсы ұғыпты.
Ал қытайлық кілемге,
Көңілі бол тұр күдікті.
Кілеміне мінсең қытайдың,
Көтере алмас мені деп,
Ақтай алмайды деп үмітті.
Самолеті жарылса,
Қазақы қол кілемге,
Сапалы деп мініпті.
Сол кілемге мінсе егер,

Өлмейтінін біліпті.
Білмейтіні жердің астында,
Көргем жоқ сендей жігітті.

Сеніміңе өзіңің,
Сай болармын, Аманжол.
Қыдыртамын деймісің,
Ойланармын, Аманжол.
Мәскеудің кешін келіп тұр
Пайдаланғың, Аманжол.
Қазақстанда қыдыртсан,
Қайда қалдың, Аманжол?

Домбыра қолға алған соң,
Сөйлер сөзге өткірсің.
Жиырма бірінші ғасырға,
Аманжол енді бет бұрсын.

Ұшағым кетсе жарылып,
Кілеммен ұшам деп тұрсың.
Қиялданып сен өзің,
Қай ғасырдан кеп тұрсың?

АМАНЖОЛ:

Кәrima, шын сөзіңе бағынамын,
Көп көрмесем өзінді сағынамын.
Толқынды Москвандың өзенінде,
Есілдің толқыны бол ағыламын.
Шымкенттің көк кілемі тұрған кезде,
Қытайдың кілемшесін не қыламын?

Тәуелсіз ел ақыны біздей болсын,
Жақсы сөз артта қалар іздей болсын.
Айттысты Москваға алып келген,
Қырымбек, елші болса сіздей болсын.

Қайтпасын Қазақстан бек күшінен.
Жақсылар өрге басар текті ісімен,
Онсыз да әлемдегі барлық ақын.
Бейбітшілік елшісі деп түсінем,

Сұлудың құзіреті жанар ма екен,
Көңілің айтқаным толар ма екен.
Киелі Қазығұрттың аққу құсы,
Мәскеудің төріне кеп қонар ма екен.
Қазақтың бар даласын аралатсам,
Мәскеуде қыдырығандай болар ма екен?

КӘРИМА:

Арқасында айтыстың,
Мәскеудің көрдік арайын.
Куаныш жатқан қазақтың,
Және де көрдік маңайын.

Қыдыртам деген, Аманжол,
Сөзінді қабыл алайын.
Көрсін деп айтқан ниетін,
Досым деп қабыл алайын.

Останкиноң қарайын,
Мұнараңа да барайын.
Күнде келіп жатқам жоқ,
Бір қыдырып қалайын.
Ықыласына разымыз,
Мәскеудегі ағайын.

Москвандың өзінде,
Он мындаидай қазақ бар екен.
Қырымбектей ағамыз,
Соларға бұл күн пана екен.

Ақсақалдардың басшысы,
Қайдар аға өзі іскер,
Өзі ұйымшыл жан екен.
Орталығы жастардың
Атауы оның "Сана" екен.

Омардай ағам жазушы,
Он алты баланың әкесі,
Көп ішінде дара екен.
Тогыз бала алған асырап,
Пейілі кең жан екен.

Ал Тұрсынай апамыз,
Ақ жаулықты ана екен.
Жәнібектей ағамыз.
Қоғамында "қазақ тілінің"
Шын жанашыр жан екен.

Абылайханың тағы бар,
Қауымдастырында қазақтың,
Жүк көтерер нары екен.
Мәскеудегі қазақтар,
Ауызбіршілік сіздерге
Атадан қалған заң екен.
Сүттей ұйып отырған,
Бір Алла өзі жар екен.

Алыста жүрсө қазағым
Күнін кешпей қарғаның,
Көк байрақтағы белгідей
Қыран құстай самғағын.

Ауылдан алыс кетсе де,
Ата дәстүрді жалғадың.
Отбасыңызда, ағайын,

Арайлап атсын таңдарың.
Оразаның айында,
Нұры жаусын Алланың.

Сәкеннен қалған кешегі,
Сұлулықты сақтаған.
Біржан салдан да кешегі,
Серілікті де ап қалған.
Осы келбетін айнытпай,
Үйіңіздегі жарыңыз,
Ақмарал қалай балтаған.

Сізді көрсем, Аманжол,
Көркінізге көз тоймай,
Жас баладай шаттанам.
Эрмитажда тұратын,
Ескерткіш пе деп қалам.
Ақылыңа бірақ көркің сай,
Аталы сөзге тоқтаған,
Қазақтағы өзіндей,
Жігіттерменен мактанам.

АМАНЖОЛ:

Хауаның белгісі бар қолдарында,
Сараның әуені бар толғамында.
Кәрима, қыдыр десен қыдырайық,
Адаспай Россияның орманында.

Ақын қызы, бағаласаң атым берік,
Мәскеуге келіп жеттім атым желіп.
Ұлбикенің өнерін жалғастырған,
Сен-дағы ақын қызы ең затың берік.
Алыстан ескерткіштей қызықтамай,
Қолыңмен сипасайшы жақын келіп.

Жан емен төріңізге сынай келген,
Ақынмын адал жырын бұлай келген.
Оразаның айында ақ тілеумен,
Аттандым Арқадағы ұмай белден.
Ежелден араласқан көршім едің,
Ресейдей құт қашпасын шырайлы елден.
Россияны басқарған ұлықтардан,
Аманат тілегім бар сұрай келген.

Үмітім қудігімді жасырса екен,
Көршіге қарап көніл тасынса екен.
Қазақ балаларына Мәскеудегі,
Қазақша екі-үш мектеп ашылса екен.
Еділім жанға жақын бұлақ еді,
Ен тоғай екі жағы құрақ еді.
Кешегі Қазтуғандай асыл бабам,
Кетерде өксіп-өксіп жылап еді.
Кең байтақ Россия бұл күндері,
Миллиондаған қазактың тұрағы еді.
Тілі, діні, дәстүрі жоғалмасын,
Ол оның тамыры, көзі, құлағы еді
Қазақша газет-журнал, телеарна,
Олардың шешілмеген сұрағы еді.
Осыған бір көмегін берсе екен,
Путиндей ел басқарған қырағы ери.
Білеміз мақсатымыз бір екенін,
Бұл сөзді Ресей саған сыр етемін.
Жанарыңа ап шапанымның бір етегін,
Ресейде туған менің бауырларым,
Өзінің біліп өссін кім екенін.

КӘРИМА:

Еңбегі сіңсе еліне,
Ел мақтанар ерменен.
Отанды қорғау жолында,
Қаншама қазақ ерлекен.
Дұрыс айтты Аманжол,

Бір мектепті бер деген.
Ал қазақтың қыздары,
Атағы көкке өрлеген.
Әлия мен Маншуктер,
Отан үшін жан беріп,
Соғыста кеше ерлекен.
Сәбира мен Ләззаттар,
Тәуелсіздіктің құрбаны,
Қызы да болса ер дер ем.
Сөзінді қоштап өзіңің,
Айтқаның мұны жөн дер ем.
Батырларын қазақтың,
Ұмытпасын осы елдей,
Бір мектеп болса қазақша
Әлия атын бер дер ем.
Қазақтың қайсар қыздары,
Намысты қолдан бермеген.

Он бір ақын бір келіп,
Жол-жөнекей ән салып.
Жүрсек те үш күн, Аманжол,
Дей алмадық шаршадық.
Бірақ сен жоқ болған сон,
Даусынды біздер аңсадық.

Бізден бұрын кеп алып,
Ақындарды сен шықтың,
Әкімдер құсап қарсы алып.
Жүргеніңе де рахмет,
Елшілікте біз үшін,
Елиші болып жар салып.
Ұлық болсаң қаншалық,
Кішік бол деген соншалық.
Тәкаппарлығың-ау бұл сениң,
Қарайтын қыздар тамсанып.
Тамсандырмай мені де,
Берсеңші бір ән салып.

АМАНЖОЛ:

Мен жоталы жолбарыс ем,
Тырнақтарым батпасын.
Еліктей болып жолға шықтың,
Қауіптерден сақтасын.
Сарыарқадан келгеннен соң,
Жезкийтей желейін.
Кәрима қызың сұраған соң,
Бір ән салып берейін.

Сен ағашта піскен алма,
Ептең үзіп алайын.
Хаяу қыздай күшпен арбап,
Ауызыма салайын.

Дүбірлеген бұл өмірдің,
Бар қадірін білейік.
Москваның көшесінде,
Қол ұстасып жүрейік.

Сара қыздай келгеннен соң,
Сенен шығар үн болсын.
Барлық ақын самолетпен,
Келетүғын күн болсын.

КӘРИМА:

Аманжол салған қазақтай,
Болып түр қазір ән басын.
Көзі қызып жұлмақ бол,
Қазығұрттың алмасын.
Онегин болып Аманжол,
Әсем әнге салғасын.
Татьяналары орыстың,
Ғашық болып қалмасын.

АМАНЖОЛ:

Мәскеуде қанатымды жайып кетем,
Байқасам, Кәрима да байыпты екен.
Арнайы Москваға келгенімде,
Татьяна ғашық болса, айып па екен.

Осынау бек шағымда тасып-толған,
Кезім жоқ, Кәрима қызы, жасық болған.
Кешегі Сейфулланың Сәкеніне
Бір көріп Серебрякова ғашық болған.

АРМАН БЕРДАЛИН МЕН БАЛҒЫНБЕК ИМАШЕВТЫҢ АЙТЫСЫ

АРМАН:

Алла деп алдарында ән бастанда,
Айналам айтыстағы алдаспанға.
Мәскеулік қандас қазақ, аманбысын,
Сыйлас дос, сырлас болған "сары бастанға".
Ассалаумағалейкум, сәлем бердім,
"Здравствуйды" күнде еститін қандастарға.

Ұлттымды ұлықтаудың "мастері" едім.
Асыра айтам, дегенмен бәс тігемін,
Әлемге әйгіленген Қазақстан -
Тараған көк бөріден қасқыр елім.
Жаныңа жырыменен шуақ шашсын,
Алдыңа шыққан екі тастүлегің.
Бірі мен болғаннан соң он ақынның,
Тіліммен таспадай ғып тас тілемін.
Бабамның басы жатқан ұлы өлкеге,
Баланың тыңдатайын жас жүрегін.

Мәскеудің шыққаннан соң төріне біз,
Айтайық алқалы елге жөнді лебіз.
Достығы екі елдің болды негіз,
Орыс-қазақ ежелден тамыр болған.
Ол жайлы деректерді мол білеміз,
Орыстарды сыйлағандық осы емес пе,
Путиннің портретін төрге ілеміз.
Қазақстандық қазақтар біздер үшін,
Орыс-қазақ тілдері болды егіз.
Орысша шүлдірлесіп өзімізше,
Шатымыз шарт кеткенше сөгілеміз.
Қазақша түсінбейтін қазақ қызын,
Орысша әрен-әрен көндіреміз.
Мәскеуге мейман болып кеп жатқан соң,
Өнердің көрінейік төрінен біз.
Мәскеулік қандастарым, аманбысың,
Алдарына өлең болып өрілеміз.
Тағдыр бізді сіздерден шеттесе де,
Адастырмай апарар жол білеміз.
Екі арада бір автошекара тұр,
Тағдырға басты амалсыз көндіреміз.
Қанша қандас болсақ та сіздерге біз,
"Импортный" қазақ болып көрінеміз.

Жаратқан өзі бізге жақ болғандай,
Жүлдізымыз жарқырап шақ болғандай.
Екеуімізге ел отыр елеңдесіп,
Таптырмас қазынаға тап болғандай.
Салмақты, салиқалы сез айт елге,
Сақтардың қылышына сап болғандай.
Сөзіңің түрін көрмей тиіспейін,
Ойынды бастамастан шарт қойғандай.
Алдындағы асынды ап қойғандай,
Сен, әу, демей мен саған тиіспейін,
Тумай жатып балаға ат қойғандай.

БАЛҒЫНБЕК:

Апыр-ай, не деп отыр бөрікті інім,
Жағамнан алмақшы ма келіп бүгін?
Сен тимесең мен тимен деп айтады,
Мен ағаң болғандықтан еріктімін.
Сен өзің Қазақстанда жүрген кезде,
Соңынан жүгіруші едің көріктінің.
Мәсекудің де қыздарын көндіресің,
Ойыңың айтар болсаң ең ұтқырын.

Біссіміллә, жаңылдырма тілімді, Алла,
Кеудемнен жанды алсаң да, жырымды алма.
Даламнан дархандықты сініргенмін,
Құрсақтан қазақ болып туылғанда.
Тұлпардан тарпаңдықты үйренгенмін,
Шабысы жер апшысын қуырғанда.
Көк бөрі төсін емген көк түрікпін,
Тайсалман Түркістандай тұғыр барда.
Едігеден бастасам ертегіге
Кетермін таусылмайтын ғұмыр барда.
Еділ мен Днепрге ел қондырғам,
Қолымда Сібір менен Қырым барда.
Игорьдың жасағындай жыр тудырған,
Баян жырау секілді ұлың барда.
Тоқтамыс та бұктірген тіzelіні,
Қынаптан алмас қылыш суырғанда.
Ескі Арбатта атасам ескі аруақтар,
Қолдағандай бас қуйқам шымырлауда.
Оразада Мәскеуге айтыс әкеп,
Дәл бүгін жақсы ырымды ырымдауда.
Құт басы осы болар қазақ үшін,
Жықпасын желбіреген туымды Алла.

Сөзімнің айтар болсам құдды бәрін,
Сағыныштан жанарды шық қыламын?

БАРМАН:

Сөзінді мына жұртың қолдайды ма,
Ағамыз енді қызық толгайды ма?
Москвандың қыздарын ғашық қылған,
Ініңіз сонда айтшы, сорлайды ма?
Мен өзі бойдақ жігіт емес едім,
Сондықтан кезігемін мол қайғыға.
Қыздары ғашық болса айып па екен,
Өйткені басқа бақыт орнайды ма?
Жарым сүйген бетімнен ару сүйсе,
Балға балды қосқандай болмайды ма?
Жігітсің жас жүректің тербегенін,
Ай, бірақ бізге жетпес сермегенің.
Өзің айтқан сол үкі біле білсөн,
Көрінер талай-талай төрден небір.
Үкіме жай отырмай тиіседі,
Арманның ақылына шөлдеген ұл.
Үкінің қасиетін қайдан білсін,
Әтештен басқа құсты көрмеген ұл.

Басымдағы шоқ үкі,
Тиек болды-ау тіліңе.
Басыңа бәле әперер,
Тілің жетер түбіңе.
Айналайын ағасы,
Үкісін айттып жоқ әлде,
Мысын басам деймісің,
Алдыңдағы Арманның.
Бұл деген, аға, үкі ғой,
Қауырсыны емес қарғаның.
Үкімді менің айтқанша,
Сыртымды менің айтқанша,
Мәскеуден тапқан тұрағын,
Жұртымды неге айтпайсың?
Тарыдай бол шашылған,

Ұлтымды неге айтпайсың?
Қара бұлт болып қаптаған,
Соғысты неге айтпайсың?
Төрін бізге ұсынған,
Орысты неге айтпайсың?
Кезек берем өзіңе,
Ақын болсаң осыны,
Өлеңге қосып байыптайсың.
Айта алмасаң амал жоқ,
Ертең кешке пойызбен,
Алматыға қайтқайсың.

Айналайын, ағайын,
Мен, мен едім, меммін деп,
Шаттанып жүрген шығарсың.
Бұлтқа басың тиер деп,
Босқа әуре болып құларсың.
Қамынды жасап ертерек,
Қалқанынды қолға алып,
Қамалынды құрарсың.
Екпіні қатты жел едім,
Жүк артып саған көрейін,
Қайратың болса шыдарсың.
Шыдамасаң амал жоқ,
Құрт кемірген теректей,
Теңселіп барып құларсың.
Қайратынды байқайын,
Керемет болсаң көрейін,
Көлеңкеңнен озып көр.
Сонан кейін өзің біл,
Қыларынды қыларсың.
Сапанды байқап көрейін,
"Советский" болсаң шыдарсың,
"Кытайский" болсаң сынарсың.

БАЛҒЫНБЕК:

Ай, бала, тізгініңді тартып көрем,
Мәскеудің аспанында қалқып көрем.
Үкіне тиген жоқпын айналайын,
Кремль жүлдізынан артық дегем.

Білеміз ғой қарағым,
Бұл үкінің құты мың,
Киесі саған жар болсын.
Сол басындағы үкінің,
Тура сөзді бұратын,
Мың болғыр сенің тұқымың.

Ай, үкілі бөрік саған жарасып жүр,
Ақмола Көкшетаудың арасы бір.
Сол үкінді тағып ап Мәскеу келіп,
Қыз біткен сені көріп таласып жүр.

Мен бұны "айналдым" деп мақтап едім,
Інішек ойларымен адасып жүр.
Бірақ та Москвада байқап жүргін,
Кім келіп тағдырына бал ашып жүр.
Саған қыздың құс артқанын көріп алыш,
Артыңдан "тақыр бастар" қыр асып жүр.
Ай, бұл Арман босқа мені күйгізбесе,
Дүшпанға аға басын игізбесе.
Үкі деген жамандық болмайды ғой,
Басынды сенің көкке тигізбесе.
Мен байғұста бөрік те жоқ, үкі де жок,
Лужков кеп қепкасын кигізбесе.

Жүрегінде намысы оттай ұлдар,
Мен бүгін сеніміңді ақтайын бар.
Бір ұлкен мерекеге бес күн қалды,
Ақ түйе қарнын жаар ақ тойың бар.

Тоқтамыс, Едігенің ерліктерін,
Балалардың есіне сап қойындар.
"Чистые пруды" демей елшілікке,
"Абайдың тұнығы" деп ат қойындар.

Саны аз болса да қаны қазак,
Мәскеулік ағайынды мақтайын дәл.
Қарагайлы орыстың орманында,
Аз ғана, аман болшы, ақ қайындар.

Бұл інім, тарихты айт деп жарлық қылған,
Сен едің Мәскеуді де таң ғып тұрган.
Білесің Керей менен Жәнібек хан,
Ең алғаш Қазақ деген хандық құрган.
Мұнда да Жәнібектей азамат бар,
"Қазақ тілі" қоғамында салдық құрган.

Болмақ еді Алашорда ұлтыма құт,
Кер заман көнбей қойды ырқына түк.
Әркениетке жеткізер өркендерді,
"Қызыл үкімет" өлтірді қырқып алып.
Қызылға қызықтырып бұл анданы,
"Коммунизм" дейтүғын түпкі бақыт.
"Күн көсем" түнді күнге жауып тастап,
Шындықты жерге көмді шырқыратып.
Алдында саясатты айтып бүгін,
Қайтейін, сай-сүйекті сырқыратып.
Деген бар аман елге ақ таң атар,
Екен гой бақ-ырыстың кілті уақыт.
Бүгінде Астанада бостандықтың
Бәйтерегі келеді бүршік атып.
Қырымбекке нұр жаусын Сіздерменен,
Қауыштырған құлышнадай шүрқыратып.
Ақындар өлеңдерін төгіп кетті,
Жусанның ісіндей бүрқыратып.
Алдымдағы Мәскеулік ағайындар,
Алдыңна арайлы таң тұрсын атып.

АРМАН:

Сен мені жаман жанға балама тек,
Жаныма жуытпаушы ем жаман әдет.
Қыздың берін ғашық қып жүрсің дейді.
Осылай ағам келіп салады әлек.
"Тақыр бастан" қорқатын мен емеспін,
Сенемін дәл өзіндей ағам бар деп.

Балғынбек, балпаң басып келдіңіз бе?
Не өнер көрсетесің енді бізге.
Тұріңізге қарап мен таң қаламын,
Бұрынғы қарап тұрмын бетіңізге.
Қауғадай сақал қойып журуші едін,
Алланың бар екенін көрдіңіз бе?
Ал, енді сақалыңды алып тастап,
Білмеймін басқаларға сендіңіз бе?
Жок, әлде, Дәuletкерең досыңызға,
Екі-үш жылға "прокатқа" бердіңіз бе?

БАЛҒЫНБЕК:

Біздер едік "сақалды" атанғандар,
Ешкім бізге деген жоқ қатардан қал.
Балғынбек жай әншейін басып қойды,
Алдында талай-талай сапарлар бар.
Балғынбектің сақалы болмағанмен,
Дәuletкерең, Жүрсіндей сақалдар бар.
Айтыста сақалымды алмай шықsam,
Жармасады сен сияқты "нахал" балдар.

Жүрегі Москвандың Кремль ғой,
Бұл сөзге ел құлағын түреді ғой.
Ресейдің жүрегінің төріне кеп,
Ақындар жырдан кілем іледі ғой.
Жыр алыбы Жәкем де аунап түссін,
Ақындар сыйынатын пір еді ғой.
Оразмұхаммедпенен Мәскеу келген,

Қызырғали Жалайри ірі еді ғой.
Парижді де сандалтып әнмен қырған,
Әміредей атамыздың үні еді ғой.
Ғарышта да шырқалса Абай әні,
Талғаттай қазағыңың ұлы еді ғой.
Енді айтыс Мәскеуге келіп жатса,
Бодандықтың босаған шідері ғой.
Жиырма жыл сол айтысты өлтірмеген,
Жүрсіндей жолбарыстың жігері ғой.
Барымызды салайық енді ортаға,
Бұл өзі басқа түскен сын еді ғой.
Тірегі ақын болған Алашымның,
Тілегін тәңір берген күн еді ғой.

Көңілдің бақшасында қаулайды арман,
Тіліңнен айналайын балдай болған.
Маған сеніп отырған бұл ініммен,
Жарамас жағаласып жаудай болған.
Мен болғанда қасында жеке батыр,
Сенің үкің Оқжетпес таудай болған.
"Импортный" бұл Арманнан айналайын,
Саханың "шаманынан" аумай қалған.

АРМАН:

Ағама Мәскеуге кеп жолықтым да,
Ағасы сөзімізден жөн ұқтың да.
Сақалыңды айтып ем ашуланба,
Сөзімізден жоқ әлде, торықтың ба?
Ресейдегі орыстар шатастырып,
"Террорист" деп айттар деп қорықтың ба?

Ойыма мынау елді қанық етем,
Ойымнан өрнекті өлең салып өтем.
Жаңағы айтқан Кремльге барып едім,
Аумағы айтарлықтай алыш екен.
"Ленин - көсем, біз - ұлан" деп жырлаушы ек,

Сондықтан Ленинді танып өтем.
Әйтеуір, Ленин деген аты ғана,
Сен емес, мен секілді арық екен.
Торқадай топырағы болмаса да,
Байғұстың жатқан жері жарық екен.

Адамзат ұлы қор балмас,
Аузына алса Алласын.
Айналайын, ағайын,
Алдыңа келдік біз бүтін,
Айтыстың бұрып арнасын.
Көрейік деп келгенбіз,
Мұндағы қазақ баласын.
Жалғайық деп келгенбіз,
Орыс пен қазақ арасын.
Орыс пен қазақ балдары,
Екатерина патша мен
Абылай ханның достығы.
Ұрпақтарға жалғассын.

Жеріне келіп жатқан соң,
Орысты енді мақтайын.
Тарихта жарқын жара боп қалған,
Жараны тырнақ жатпайын.
Айналайын, орысым,
Көрші болған қонысын.
Жер бетін жеті айналып,
Өзіңен артық таппаймын.

Ломоносовтай ұл туыш,
Өзіңе тенденс елдерге,
Сана болған халықсын.
Пушкиндей туып ақынды,
Поэзияда мәңгілік
Дара болған халықсын.

Есенқұлдай ағама
Нағашы болған халықсын.
Империя атанып
Діні бір тілдес елдердің
Ағасы болған халықсын.

Тіліңнің туын көтеріп,
Білімнің шамын жағыпсын,
Азбуканы үйретіп,
Шырақ болған халықсын.
Арақ ішуді үйретіп,
"Шумел камыш" деп әндептіп,
"Брат" болған халықсын.
Храпуновтай ағама,
Қыздарымды әперіп,
"Сват" болған халықсын.

Өзіңе бүгін келген сон,
Қайтемін босқа кінә артып,
Келген жоқпын осында,
Кету үшін сын артып.
Қайран да, қайран қазаққа,
Орыстан басқа кім артық.
Қаптаған қара қытайдан,
Бұрқыратқан "табагын",
"Самогон" ішкен арағын,
"Мас" орысым мың артық.

Көре алмас дүшпан бөлмесін,
Жүздеген жылдар дос болған,
Орыс пен қазақ іргесін.
Жерімізге кеп бүгін,
Еш жамандар журмесін.
Мұрынды жігіт мен едім,

Бір жеріңе мұрыным,
Батып кетіп жүрмесін.

Осылай айтсақ жақсының,
Нұры да әрі таси ма.
Айтыстың туын көтерген,
Москваға әкелген,
Сіздерге шаттық әперген,
Жүрсін ағам міне отыр,
Сізге "большой спасибо!"

БАЛҒЫНБЕК:

Отырмын бауырымды тарланым деп,
Өнінді және отырмын жалғағым кеп.
Мәскеуде "террорист" боп көрінем деп,
Сақалды қорыққаннан алғаным жоқ.
Бұл жерде рухынды көтеріп ап,
Жарылсам жанкешті боп арманым жоқ.

Он саусағым бір баспай,
Жүрмін қалай жер баспай.
Мәскеуге келгендे,
Ән бастадым осылай.

Өуелі Москваға Жамбыл кепті,
Калинин көрсетіпті бар құрметті,
Жәкеңнің аруағын аунатсын деп,
Әкелді осы жолы Балғынбекті.

Он саусағым бір баспай,
Жүрмін қалай жер баспай.
Мәскеуімнің төрінде,
Ән саламын осылай.

БІРЖАН СӨКТАЙ МЕН САРА ТОҚТАМЫСОВАНЫҢ АЙТЫСЫ

БІРЖАН:

Е, Алла, бағым менен бабымды оңғар,
Шашайын шашуымды жанымнан бар.
Мәскеудің сынға түстім сарайында,
Айтам деп алыстағы ауылдан хал.
Армысың отандастар кеп қалды деп,
Жүргегі қуаныштан жарылғандар.
Бейбарыстай өзге елдің топырағында,
Боз жусанның иісін сағынғандар.
Тұп атамыз түркінің төріндегі,
Түгел жұрттың сәлемін қабылдандар.

Бәйгесін қарайғанға бермес тегін,
Кермені кесіп өтер кер бесті едім.
Жанары жәутендеғен жарты жүрек,
Аяулы москвалық жерлестерім.
Аландал ата жұртқа жүрсіндер ме,
Ақсүйек төре санап төрде өскенін.
Дәрісі сағыныштың менде болса,
Бәріңе үлестіріп бермес пе едім?

Арманы жоқ Жүрсіннің,
Өткізді айтыс шет елде.
Мырзатай ағам марғасқа,
Уақытын бөлмес бекерге.
Мына жақта Қырымбек,
Желкілдеген туың боп,
Бөліссін деп көнілін,
Көпір боп жүр екі елге.

Бұл жерде Сара бар ма шықсын бері,
Іздеген келіп түрмyn Біржан сері.
Көрікті қыз, жігітке көз суғарыш,
Тарқасын көрерменнің тұнған шері.

Құйындағай екпініме шыдайсың ба,
Тұйғындағай іліп кетсем қырдан сені?
Сытылып кететіндей санылаудан,
Мықты ма достарыңың құрган шебі.
Сегіз найза қадайын сегізкөзден,
Кәнеки, кім құтқарап тыңнан сені.

Қоңыр күз, кәрі шаңар тұр мұнарлап,
Сезімді тұтқындаған қылбұраулап.
Биік биік ғимарат, бетон үйлер,
Аяғымның астында інжу Арбат.
Еділ ағып барады есінеген,
Ерке тасқын жанында күлгін аунап.
Құлын мүшен қойлекке жасырыныш,
Икемсіз қымылдайды құлдырандал.
Бал ашып қиялилау болашаққа,
Адасып кетсек, шіркін, тұнді қармаг.
Ал, енді кезегінді ала бергін,
Сарадан қалған асыл жырды жалғап.

САРА:

Алла деп басқан алға бар қадамым,
Кірлетпей адалдықпен ар жалауын.
Мәскеудің сахнасынан жеткізейін,
Бабамның айта алмаған арман әнін.
Тәуелсіз Қазақстан ұрпағымыз,
Құрсауынан құтылған зар заманның.
Киелі атамекен жерден сәлем,
Ақ жырын ақындары арнаған күн.
Қазағымның таулары көк тіреген,
Аласармас арманы әр баланың.
Ертіс, Есіл сулары мөлдіреген,
Еркелеп сүйетұғын жарқабағын.
Сарыарқа самалындағай есілейін,

Сағынышын жеткізіп сар даламның.
Ай қабақ, күміс кірпік қызың келді,
Жас тұған ботасындай аруананың.
Армысың, ұлттың атын ұлықтаған,
Ұл-қызы жырын ұққан нар бабамның.
Қасиетін арттырған Алашымның,
Қай жерінде жүрсе де шар ғаламның.
Бармысың тілегі бір қандастарым,
Өшірмес қазағымның мәнгі алауын.

Жусан исі аңқыған жұпар далам,
Қойнауынан ырыс пен құт аумаған.
Айбынды Алатауым сәлем айтты,
Басында жұлдыз қонып, бұлт аунаған.
Қасиетті Қаратай қазағыма,
Бұзылмас шеңбер еді құрсаулаған.
Шеттегі ұл-қызыма сәлем айт деп,
Аманат арқалатты ұлтым маған.
Әр Алтайдың сыздайды карт жүрегі,
Әлі күнге сіздерді ұмыта алмаған.
Тарбағатай тауынан сағыныш бол,
Қыранның қанатымен жыр самғаған.
Көзайым бол сіздермен көріскенде,
Ән адыра қалмай ма шырқалмаған.
Ажарынды ашайын жырымменен,
Назарынды, ағайын, бұрсан маған.

Сен - Біржан болған кезде, мен - Сарамын,
Ерке өскен елігі едім кең даланың.
Тағдырымыз түйісіп сәтті кезде,
Екеуімізге қадады ел жанарын.
Асығым алшы түсіп аламанда,
Шабудан шаршы топта шаршамадым.
Шықпай жатып сезгенмін бұл Біржанның,
Сілекейі шұбырып тамсанарын.

Талай жерден жол тапқам ебін тауып,
Оңай жатқан олжаны аңсамағын.
Сабырлы болсан жырдан тәж кигізіп,
Өзінді өнердегі хан санармын.
Шолақ ойлап, орынсыз қылжақтауды,
Азаматтық арына ар санадым.
Шабан аттай шоқалатап жатсаң егер,
Қолыма қара өлеңнен қамшы аламын.
Арғы жағын айтқызбай түсінерсін,
Түсінбесең бар менің қанша амалым.
Айбатына қайратың сай болса егер,
Қадірлеп, құшақ жайып қарсы аламын.

Біржандай досым сен едің,
Өсіп те қалған санаңыз.
Көп ақынның ішінде,
Сен едің ғой дарамыз.
Даралармен шарпысып,
Біраз жерге барамыз.
Қандай қақпан құрсан да,
Жетеді біздің шамамыз.
Бұл Біржанның бұйыртса,
Бір ебін әлі табамыз.
Байқап-байқап көсілші,
Ұшып кетпесін тағаңыз.
Сайтаның болса бойында,
Қағып алар Сара қызы.

БІРЖАН:

Балбырап бұлдіргендей бал-бұл ерін,
Сұлудың сиқырлайды әрі реңін.
Сайтанымды қағам деп сен отырсын,
Ізімді андығандай мәңгі менін.
Сені көріп мас болған нәпсі дүшпан,
Талмаусырап жұтқандай таңғы демін.

Бәлкім, қалқам, жалғанда сен шығарсың,
Ұлы Пушкин жырлаған Анна Керн.
Высоцкий шертетін гитарадай,
Жылы сөзбен тапқайсың жанның емін.
Ахматова жырындай атой салсан,
Әлемге паш етпей ме ақ жүргегің.
Өзің үшін дуэльге де шығар едім,
Әкелсе де қай елдің сал күреңін.
Себебі, сендей жанның жанындағы,
Тәтті болып көрінер барлық өлім.

Бүгінде заман тыныш, бесік құтты,
Бізге Алла бейбіт күнді несіп қыпты.
41-дің қырғыны қыршынынан,
Талайдың тамырларын кесіп құртты.
Одан бері оралды қанша көктем,
Қанша төбе құм болып көшіп бітті.
Қызыл қанға боялған топыраққа,
Қып-қызыл қызғалдақтар өсіп шықты.
Қыршын кеткен жастардың ормандары,
Қара жерді ғұл болып тесіп шықты.
Осында қыз берін жігіт жастарың бар,
Бәріңнің жақсы көрген достарың бар.
Бір-біріне қызғалдақ сыйлағанда,
Бір мезет бабаларды еске алыңдар.

Қара қыз қамшылатпас қара керім,
Тәтті сөз жүректердің табады емін.
Түк білдірмей түтіп жер түрің бар-ау,
Көзімнің қыығымен қарап едім.

Шымырлап тұла бойым бара жатыр,
Шыбындалап тепсінбесем жарап едім.
Мен саған әзіл сұрақ берейінші,
Жауабын оның қалай табар едің.

Алдында Жиенқұл мен Біржан тұрса,
Екеуінің қайсысын қалар едің?

САРА:

Сен едің Сара қызға жерік бала,
Араныңыз ашылды не ғып бала.
Бұрын-сонды сен маған үндемеуші ең,
Қырындайсың Мәскеуге келіп бала.
Алда-жалда оянса махаббатың,
Бекем бол өз-өзіңе берік қара.
Сен үшін барлық өлім тәтті өлім деп,
Жібердің сенімменен ерікті алға.
Мәскеуге кеп, махаббаттың құрбаны боп,
Ел аман, жұрт тынышта өліп қалма.

Мен аңсаған арманға жетемін бе,
Халқымның көнілінен өтемін бе?
Құрдасым егер маған сұрақ қойса,
Сұрағына жауап беріп кетемін де.
Егемен қазақ елім тұрган кезде,
Ешкімнің де кетпеймін жетегінде.

Қамшылап шабыт дейтін қарагерді,
Жыр пырактың тізгінін қағам енді.
Ақ таң күліп атқандай алдарыңнан,
Шаттандырып кетейін тәмам елді.
Жар болып Ұмай ана, Жанбикелер,
Қолдасын Домалақтай анам енді.
Ұлбике, Айқұмістей жыр шәрбатын
Саумалдай ұсынайын саған енді.
Айғаным, Зере, Ұлжан, Ұлпандайын,
Жайнайын сүйіндіріп тәмам елді.
Күй төккен Кремльге Дина апам мен,
Буынсыз мың бұралған Шара келді.
Шығыстың қос жұлдызы - Әлия, Мәншүк,

Кылыштың қос жүзі боп қалады енді.
Күләш, Роза, Бибігүл ән салғанда,
Мәскеуім "Бұлбұлым" деп баға берді.
Жалғаусыз қалмасын деп жақсы дәстүр,
Алдаусыз ақ ниетпен Сара келді,
Әлдилеп әнімменен бар әлемді.

БІРЖАН:

Сараның шымыр екен жыры мына,
Сараның сұлу екен сыры мына.
Мәскеуде өліп қалма деп отырсың,
Желден де бетер екен түрі мына.
Мәскеуде өлген қазақ аз емес қой,
Саражан, мен болайын ырымыңа.
Махаббаттың қозғандығы соншалықты,
Буыныш өлсем дегем бұрымыңа.

Дауыл қанша тұрса да құламассың,
Пешенеде жазылса шыдамас кім?
Өмірің мен өмірің көркем болса,
Жаратқанға мұң айтып жыламассың.
Біржанның кетпеймін деп етегінде,
Көпшіліктің алдында бір адастың.
Сараның ақындығын қалағанмен,
Тұзы аңы тағдырын сұрамассың.

Жамбыл жәкем, жарықтық тоқсандағы шағында,
Осы төрде жыр төккен айналып от-жалынға.
Калининді қуатты "қызыңды..." деп сыйапты,
Асаулық керек осындей ақын деген қауымға.

Не істепеген жігітке кеуденdegі қос алма,
Қыз кезінде қаттылау, келіншегінде бос алма.
Қанша тәтті болса да пайдасы жоқ оншама,
Адам мен Хая анаты жұмақтан күған осы алма.

САРА:

Шошандама, Біржан-ау, шошандама,
Қолыңды сумандатпа қос алмаға.

Қағып-қағып тастасам жырымменен,
Ұшарсың домбыраңмен қосарлана.

Бір қызы едім қазактың,
Беріле қоймас теп-тегін.
Сара қыздан отыр ма,
Дәмен бар ғой көп керім.
Қырындай бердің қоймaston,
Қыз іздел мұнда келіп пе едің.
Мәскеу жаққа немене,
Ажалыңды іздел келіп пе едің.

Зүйлдайсың, Біржан-ау, зүйлдайсың,
Жымыңдайсың, Сараға жымыңдайсың.
Сұлу жүріс, сұңғақ бой, көркем келбет,
Кешегі ақындардың жырындайсың.
Оң жақтан кеп жұдырық тисе-дағы,
Білемін оңайлықпен жығылмайсың.
Мына ел өз қызындай көрсe-дағы,
Ал, сені қабылдайды ұлындай шын.
Өтірік өлемін деп, сөнемін деп,
Сезімін сұлуулардың шын ұрлайсың.
Бойдақтардың айтатыны бір ертегі,
Құдай-ау, тыңдай берем мұның қайсын.
Қазақстанда жүргенде үн демеуші ен,
Неліктен, Мәскеуге келіп мығымдайсың.
Сәті түсіп айтysa қалып едік,
Неменеге өтірік қырындайсың.
Шын сүйсен бұрын-сонды қайда қалдың,
Көктемде жаңа оянған шыбындайсың.

ДӘУЛЕТКЕРЕЙ КӘПҰЛЫ МЕН РИНАТ ЗАЙЫТОВТЫҢ АЙТЫСЫ

РИНАТ:

Сақал екен дегенде сақал екен,
Біздің жақта осындай мақам екен.
Өке тұрып ұл сөйлеу қай жерде бар,
Маған баста дегенің шатақ екен.

Жасқанатын жайым жок,
Қандастардың алдында.
Қол бастайтын жігітсің,
Сөз бастай алмай қалдың ба?

ДӘУЛЕТКЕРЕЙ:

Біссімілә, жүйрік жырмен желейін кеп,
Өленмен өскен жанмын мерейім көп.
Мәскеудей мәртебелі елге келсек,
Отырмыз нөсер жырды төгейін деп.
Мен емес сөз бастаудан қорқатын,
Ойлама бала мені өгей ұл деп.
Шәкіртім болғаннан соң кезек бердім,
Дәл бүгін шаманды сенің көрейін деп.

Айтыстың ақ жолында ақау көрмей,
Бәйгеден бар жүйрігің қатар келгей.
Тарыдай шашыраған қазақ едік,
Шарлаған Жер әлемді жаңангердей.
Ассалаумағалейкүм, Мәскеу елі,
Тәнірім, сіздер бұзар сапар бергей.
Ата жұрт алтын бесік есте болар,
Тағдырды көрсөң-дағы қатал мендей.
Тұған жер топырағы ыстық болар,
Боздалап бозінгенін бота емгендей.

Төркініммен келгесін тәкпелейсің,
Аузынан ақындықпен от өргендей.
Мәскеудің төріне келіп жыр қалдырсақ,
Майқы биден қалып кеткен мәтелдердей.
Тоты құстай түрленіп тоқсан жаста,
Жырынан жаңылмаған Жәкемдердей.
Астанадан келгесін ақ сөйлейтін,
Сағынышты жырымнан саф өнгендей.
Саумал жырды сапырып сөз саптайын,
Сарыарқамды көшіріп әкелгендей.

Қара өлең қасиетін біз білгесін,
Биікке жетізermіз жырдың көшін.
Ринат, іргемдегі інішегім,
Айттыстың арбасына бір мінгесін.
Мәскеумен Қазақстан дос болыш жатса,
Достықтың домбырасы күмбірлесін.
Ринат, інішегім қасымдағы,
Қазағым үшін туған ұлмын десін.
Ал, енді залда отырған барлық қазак,
Құдай үшін туып қалған құлмын десін.
Аған енді береді кезегінді,
Әрі қарай жалғап жібер тізгіндесім.

РИНАТ:

Біссімілә, деп сөз бастап Москва да,
Әніммен жайнасын рас бұл ара.
Ағайынды көргенде шет елдегі,
Өлеңімді шашайын жас бұлама.

Әлия мен Мәншүгім жанын берген Москва,
Бауыржандай атамыз қанын берген Москва.
Қазақстан аямай малын берген Москва,
Егіні мен консерві барын берген Москва.

Түйін екен ендеше, түйін екен,
Айтыс деген құдайдың сыйы деген.
Өз бойымыз болғанда бір-ақ қарыс,
Ұзындармен айтысқан киын екен.
Көрсетейін сонда да,
Бір ұшқынын от тілдің.
Кремльдің қасында,
Москвада салынған,
Елшілігің бол тұрмын.

ДӘУЛЕТКЕРЕЙ:

Ринат, сен биікке өрлердейсін,
Киікті көзге атқан мергендейсін.
Ұзындардың қасында қысқамын деп,
Отырың бойымызды тергердей шын.
Биіктіктің қадірін қазақ білер,
Аласа болғаннан соң сен көрмейсін.
Жерді теуіп, тепкілеп, сахнаны,
Билеймін деп қол-аяқпен ербендейсін.
Мәскеуге айтысты емес, сен Ринат,
Сайқымазақтықты көрсетуге келгендейсін.

Жібертіп қарап жатсан өлеңімде ой,
Ринат сені алдардан көремін ғой.
Мысалға, шалдарымыз айтып кеткен,
Қорамсақтан сұрырылған жебемін ғой.
Терең сөзден қашпайсың енді, бала,
Зерлі өлең керек болса өремін ғой.
Алдында тоқсан түрлі толғау айтып,
Нәсерін бұл айтыстың төгемін ғой.
Шәкіртім болып маған журген кездे,
Өзінді талай жолда жебедім ғой.
Мәскеулік қандастарға барған кезде,
Арзан сөйлеп, ойнап кет демедім ғой.

Бісмілла, дөңгеленсе зырлауық тіл,
Шалғыдай қызыл тілім шындалып тұр.
Мәскеулік мәртебелі қандастарға,
Сырымды жеткізейін шындалап үткыр.
Жаңанданған заманда заңар жалған,
Кімдердің қас-қабағын кім бағып тұр.
Ирактың да иманы қымырандай,
Алдында АҚШ деген шырмауық тұр.
Азаматтың барлығын соғысқа айдал,
Қазанаттың қадамы шырмалып тұр.
Ашық күнде теңізден дауыл тұрып,
Кейбір елдің кемесі құм қауып тұр.
Ал менің алтын ордам Астанамда,
Бостандық Бәйтерегі бүр жарып тұр.
Қайғысыз қара суға семіреді,
Әркімдер алатындай үлгі анық бұл.
Құдайдың бергеніне тәубә деймін,
Бағымды Нұрсұлтандай ұл бағып тұр.
Он бесінде толысқан ай секілді,
Тәуелсіз Қазақстан нұрланып тұр.

Қалайша бауырымды шабан дермін,
Айтыстан талай-талай амал көрдің.
Ұзынмен айтыссаң да, қысқамен де,
Әйтеуір, сәтін тауып аман келдің.
Алдында толғау айтып, терең өлең,
Келесі кезегімді саған бердім.

РИНАТ:

Жақсы егер шапалақпен ел шырақты,
Бұл жерде тереземіз тең сияқты.
Жігіт ем сегіз қырлы, жалғыз сырлы.
Көңілім ұстаз десем кең сияқты.

Толғанып мен көрейін сен сияқты,
Сен енді билеп көрші мен сияқты.
Желісім бар азғантай, аяным жок,
Дүние, өтер кетер баяның жок.
Ағамыз Дәuletкереi айтты еken деп,
Айтпаймын тағы биді қоямын деп.
Алдына қандастардың келген кезде,
Бойымда бар өнерден аярым жок.
Жайғанда ұлы өнерге ғалам құшақ,
Ғұмырдан қымбат боп тұр маған бұз сәт.
Сөйлейін сіз айтқандай салмақпенен,
Сахнада толғандырып санамды сәт.
Намысқа тырысайын енді бүгін,
Қамысқа тіс қайраған қабан құсап.
Мәскеуге арбамен де келер едім,
Шаршамас кешегі ата-бабам құсап.

Құдайым, бізге бақыт берсін дейік,
Оны да мына халқым көрсін дейік.
Болған соң жанымыз бір, қанымыз бір,
Біз қалай ағайынды менсінбейік.
Ал енді бар бауырға толғанайық,
Оралып өз еліне келсін дейік.

ДӘУЛЕТКЕРЕЙ:

Ринат, тізгінінді бос алғайсың,
Менің де тілегімді хош алғайсың.
"Чемпион" боламын деп бұл Мәскеуде,
Демеспін неліктен жыр есе алмайсың.
"Отыз бес баллды" түгел алып қойған,
Аманжол ағаң жолын кесе алмайсың.

Тастайын тұяғымды серпіп алға,
Қазақтың айтыс деген ғұрпы барда.

Мысалға мыңдан жүйрік озған тұлпар,
Шабыты қозған кезде ұмтылар да.
Бір шаңырақ астына келсін деген,
Тілегінді қабыл етер мүмкін Алла.
Қандастар ата-жұртқа жетініздер,
Қолымызда бостандықтың кілті барда.
Бар қазақ бір шаңырақ астына кеп,
Мәре-сәре болатын күн туар ма?
Жаратқан бере салған еншімде өлең,
Мен емес ата сөзін менсінбекен.
Мәскеуде өткен айттыс ғұрпы бүгін,
Тату бол деген сөздей көршіңменен.
Аталар айтқан сөзде ақиқат бар,
"Жау жақта да бір үйің болсын" деген.

Жанғырған Сарыарқаның сәні бізде,
Кешегі сал-серінің әні бізде.
Қазақтықтың көтерген шаңырағын,
Керей мен Жәнібектің тағы бізде.
Есімнің ескі жолын еске алмасақ,
Деп айтпассың ұрпаққа тамыр үз деп.
Қасымның қасқа жолын ескермесек,
Бұл күнде болар еді халіміз не?
Абылайдың ақ туын көтермесек,
Бұндай өлең айттар ма ек бәрімізде
Сондықтан бұл қазанда Мәскеуге кеп,
Жапырақтай жыр төгем сары күзде.
Қақпақылдал сені де отырайын,
Қансонарда тұскендей қалың ізге.

Айналдым, үкі таққан бәркінізден,
Бәркінізге жарасқан көркінізден.
Бұл күнде ақын болып біз келерміз.
Аталар салып кеткен жөңкіп ізбел.

Мәскеуге бар өнерді көрсетем деп,
Еріксіз ән айтып ең еркінізден.
Билеймін және күйді тартамын деп,
Аузына жыр толтырып толқыныз кеп.
Ендеше билеп тағы жыр айтып көр,
Жаңағы айнымастан сертіңізден.

РИНАТ:

Кигенім бар басыма құндыз бөрік,
Келгеннен соң далаға бір күз келіп.
Оның несін ей Дәulet, оғаш көрдің,
Жарқырайын Мәскеуде жүлдыз болыш.

Жырла десең жырлаймын,
Биле десең билеймін,
Өз шекіртің болған соң,
Жаман сөзді түймеймін.
Жақсыларға иіліп,
Жаманға бас имеймін.
Ағам айтты екен деп,
Қырғыз құсал басыма,
Айыр қалпақ кимеймін.

Аттарыңнан айналдым, қандастарым,
Аласармас қандасым, мәңгі асқарым.
Оралыңдар еліне барлығың да,
Тарихыңың сүртіндер шаң басқанын.

Тағдыр желі әкеткен бәріміз бір желкенбіз,
Айналайын, қазағым, біздер сенің еркенбіз.
Сахнаға шыққанда өлеңдері көркембіз,
Айтатыным сіздерге қазақ бауырым
қайда деп,
"Трестердің" ішінен іздемейік ертең біз.

Қай елде де дауыл бар,
Көрген жерде ауыл бар.
Айтар сөзім осы екен,
Қайтыңыздар, бауырлар!

ДӘУЛЕТКЕРЕЙ:

Жазғаны жаратқанның жарық жалған,
Ашса екен әрдайым да бағынды Аллам!
Ринат ақ жүрегін жарып айтып,
Сіздерге қайт деп жатыр сағынғаннан.
Басыңа бөрік киіп, жұлдыз болып,
Мен сені хош көремін танылғаннан.
Құдайдың бере салған тіл мен жағы,
Сақтасын сахнада жаңылғаннан.
Қазақтар, қайда жүрсөң аман жүрші,
Айтамын сендер жайлы сағынғанда ән.
Қандастар сендер үшін қынқ еттеспін,
Бес тал сөгіп алсан да қабыргамнан.

Шәкіртім, қадамынды аштырармын,
Демеймін сұрақ қойып састырармын.
Мәскеудің төріне кеп айтып жастың,
Жиырмада жалындаған жастық әнін.
Ендеше шәкірт болсан сен екеуміз,
Сүгірге салып қайрымасын достық әнін.
Қандастарды ырза қып кетейікші,
Қанда десе әрдайым тас тұрармын.
Сөзімізді дәмді қып аяқтайық,
Метросы жабылмай тұрып Москвандың.

Ринаттай ақынға,
Аямай қолды соғындар.
Қазақ десе әрдайым,
Мына бізде көркейіп кететүғын көңіл бар.

Көркейіп кеткен көңіл бар,
Астананы айтайын,
Қазақтың әр кез Сарыарқа даласында төрім бар.
Қазақтың елді басқарған,
Нұрсұлтан сынды ерім бар.

Ал Мәскеудің төрінде,
Біздер айтқан өлең бар.
Осы сөзіме мән бергін,
Өлең бар жерде қазақ бар,
Қазақ бар жерде өнер бар.
Ақындарың сіздерге,
Арайлы жырын арнасын.
Алыстан жетсе сағыныш,
Қанаттары талмасын.
Қырандай біздей үлдарды,
Мәскеудің мынау төрінде,
Сіздердей қазақ анғарсын.
Осыменен тоқтайын,
Шәкіртім менің жалғасын.

РИНАТ:

Әмірін қылса ұстазым,
Құзырлық етпей не дейін.
Осынау елдің алдында,
Жарқырап бір сәт өтейін.
Қандастарымның бәріне,
Сүгірдің салыш әніне,
Барымды беріп кетейін.
Сөйлеуге бізге ағайын,
Сахнанда бүгін құзыр ет.
Баршаңызға құдайым,
Берсін енді нығмет.
Алауласын аузымда,

Қызыл да тілім қызыл от.
Қызыл да тілім қызыл от,
Сіздерге етсін қызмет.

Келеді ме екен осылай,
Салиқалы сөздің сарасы.
Жалпайып жатқан күтеді,
Сендерді қазақ даласы.
Кешегі өткен тарихта,
Аруақты болған бабасы.
Балаларым қайда деп,
Сыбырлайды екен самалға,
Тастары мен ағашы.
Айналайын, қандастар,
Біздерге бір сәт қараши.
Қазақстан деген нар елдің,
Біздер едік баласы.
Қолына алса домбыра,
Тосылмастан бір түнге,
Жырлауға жетер шамасы.

Өлеңменен сұртейін,
Жүргіңің айнасын.
Ағайынға осынау
Тигізсін Ринат пайдасын.

Ертеңгі мынау айттысты,
Қазақстан деген жер көрер,
Қазақтар деген ел көрер.
Қиқулап тағы да шулайтын,
Қолдарын соқпай тұрмайтын,
Қазақтарым, қайдасың!

Барша жүрттың алдында,
Жатқандай болдық той тойлап.

Тамсансын енді жұртыймыз,
Ақындарына "пай-пайлап"!
Осымен біз де доғардық,
Шығарып сал балаларыңды,
Барынды салып айқайлад!

ДӘУЛЕТКЕРЕЙ:

Қазақ ғұн мен түбірі сақтың ұлы,
Мен едім Дәuletкереj Кәптің ұлы.
Сіздерге кеп шын сәлем бергеннен соң,
Деп ойлармын бақытты таптым ірі.
Шәкіртіммен айтысып Мәскеуге кеп,
Көтерілген секілді бақ тұғыры.
Аузымнан түсіп қалған інішегім,
Бұл да құдайдың бір сәтті күні!



МАЗМҰНЫ

Мұхтар Куандықов пен Қарлығаш Әубәкірова.....	3
Арман Бердалин мен Сара Тоқтамысова.....	20
Аманжол Әлтаев пен Ермек Жұматаев.....	32
Мәлс Қосымбаев пен Шырынбек Қойлыбаев.....	54
Оразалы Досбосынов пен Ринат Зайытов.....	82
Балғынбек Имашев пен Сара Тоқтамысова.....	113
Аманжол Әлтаев пен Мұхтар Куандықов.....	129
Мәлс Қосымбаев пен Балғынбек Имашев.....	151
Мәлс Қосымбаев пен Айбек Қалиев.....	182
Мұхтар Куандықов пен Ринат Зайытов.....	215
Аманжол Әлтаев пен Айбек Қалиев.....	232
Балғынбек Имашев пен Ринат Зайытов.....	246
Аманжол Әлтаев пен Карима Оралова.....	275
Арман бердалин мен Балғынбек Имашев.....	288
Біржан Сөктай мен Сөктай мен Сара Тоқтамысова.....	300
Дәүлеткерей Кәпүлұ мен Ринат Зайытов.....	308

ҚАЗИРГІ АЙТЫС

3-кітап

Редакторы Н. Айтұлы

Көркемдеуші редакторы Б. Жапаров

Техникалық редакторы С. Жапарова

Компьютерде терген Р. Жеңісқызы

Басуға 20. 10. 06. кол койылды. Пішімі 60x90/16. Офсеттік басылым.

Қағазы оғсеттік. Қарып түрі «Times». Баспа табағы 20,0.

Шартты бояулы беттаңбасы 20,4. Есептік баспа табағы 19,5.

Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 3802

Тапсыруышының диапозитивтерінен Қазақстан Республикасы «Атамұра корпорациясы» ЖШС-нің Полиграфкомбинаты, 050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев кошесі, 41-үй.

ISBN 9965-642-10-9



A standard one-dimensional barcode is positioned within a white rectangular area. The barcode consists of vertical black bars of varying widths.

9 789965 642104



KUL TECIN